



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Государственный университет имени Шакарима города Семей

Мектеп және колледж оқушыларына арналған  
**«ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ»**  
IV қалалық ғылыми конференция  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**



**ПРОГРАММА**  
IV городской научной конференции  
**«ШАКАРИМОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**  
для учащихся школ и колледжей



2 наурыз 2019 ж.

**ISBN 978-601-313-022-4**

**УДК 373.1(06)**

**М 46**

**Бас редактор:**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің ректоры тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Г. Ескендіров**

**Редакция алқасы:**

**Ж.Т. Мукаев** – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры, PhD докторы

**Е.П. Евлампиева** – ғылыми кітапхана басшысы, биология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Мектеп және колледж оқушыларына арналған «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» IV қалалық ғылыми конференция материалдары.** – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2019. – 175 б.

Өздерінің зерттеу нәтижелерін төмендегі бағытта жүргізен конференция қатысушыларының: инженерлік, аграрлық, физикалық және математикалық, жаратылыстану, педагогикалық, экономикалық және гуманитарлық ғылымдар, информатика және ақпараттық технологиялар, филология, жасыл экономика бойынша жинаққа мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің баяндамаларының тезистері енгізілді.

**Материалы IV городской научной конференции «ШАКАРИМОВСКИЕ ЧТЕНИЯ» для учащихся школ и колледжей.** – Государственный университет имени Шакарима города Семей, 2019. – 175 с.

В сборник включены тезисы докладов школьников и студентов колледжей, отражающие результаты собственной исследовательской деятельности по основным научным направлениям: инженерные, аграрные, физико-математические, естественные, педагогические, экономические и гуманитарные науки, информатика и информационные технологии, филология, зеленая экономика и др.

**© Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2019**

## СЕКЦИЯ № 1: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ (БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ)

### СЕКЦИЯ: ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ (БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ)

**Б. Әділжапаров, А. Турусбекова**

№22 мектеп-лицей, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Н.М. Бегалина, химия және биология пәнінің мұғалімі

#### КОФЕ ҚҰРАМЫНАН КОФЕИН МӨЛШЕРІН ЗЕРТТЕУ

Жер бетінде өмір сүріп жатқан миллиардтаған адамдар өздерінің таңертеңгілік асын кесе шайдан не болмаса кофе ішуден бастайды. Неліктен олай? Әрине, арайлап атқан таңды көтеріңкі көңілмен қарсы алып, жаңа басталған күнде сергек болып, еңбек етуге дайын болуға деген ұмтылыс екенін барлығымыз жақсы білеміз. Адамға сергектікті беретін кофенің құрамындағы негізгі алкалоид- кофеин. Кофеин біздің ағзамызға зиянды әсер ететін өте улы зат ретінде кеңінен таралған көзқарас тым асыра сілтеп айтып жіберген теріс түсінік екеніне тиісті әдебиеттерді жан-жақты оқып, танысып, көз жеткізуімізге болады. Негізінде, ағзаға сергектік беретін, белсенді қимылдауға деген құлшыныс тудырып, энергетикалық талпыныс беретін әртүрлі шайлардың жапырақтары мен кофенің дәндерінің құрамындағы негізгі өте маңызды зат - кофеин. Тіпті кофеиннің не екенін білмей тұрып-ақ біздің заманымызға дейін өмір сүрген ерте дүниедегі адамдар кофе ағашының дәндерін, шайдың жапырақтарын дәрі-дәрмек ретінде кеңінен қолдана білген. Кофеинді 1819 жылы неміс дәрігері әрі химигі Ф. Рунге ашты.

Кофе ағашы(coffea, араб. – кахва) – салпыстар тұқымдасына жататын аласа жасыл ағаш не биік ірі бұта. Қолдан өсірілетін түрлерінің биіктігі 3-6 м. Жапырақтары қалың, түсі қою жасыл, гүлі ақ, хош иісті. Жемісі – қызыл не қара көк, үлкендігі шиедей қосарланған дән. Кофе – тропиктіккофе ағашыныңтұқымы (кофе бұршағы немесе дәні), сондай-ақ олардан дайындалатын өзіндік дәмі бар жағымды хош иісті сусын. Көк шайдың жапырақтарында 4 %-4,5%, қара шайда 1,5-2,5% кофеин болады. Өнеркәсіпте кофеинді өсімдік шикізатынан алынған тиофилинді метилдеу арқылы алады. Кофеин химиялық зат ретінде химиктер ертеден зерттеп келеді. Кофенің өзіне тән ерекше бағалануы оның құрамында алкалоид кофеиннің, ароматты заттардың және хлорогенді заттардың болуымен түсіндіріледі. Тіпті Д.И.Менделеевтің заманында қуырылған кофенің құрамында 25% клетчатка,14-15% ақуыз бен майлар,4% күл(минералды заттар) және 3% судан тұратыны белгілі болған. Үй жағдайында «ерімейтін кофені» қайнатқанда ерітіндіге кофе ұнтағының барлық массасының төрттен бір бөлігі ерітіндіге өтеді. Кофенің құрамында гетероароматты қосылыстар:әрбір кеседе 1мг-дай болатын, 300-ге жуық заттар болады.

Кофе мен шайдың құрамында болатын кофеиннің (1,3,7-триметилксантин) ( $C_8H_{10}N_4O_2$ ) – наркотик зат, ксантиндер тобына жатады. Алайда шайдың құрамындағы теofilлин және шоколадтың құрамындағы теобромин де ксантиндерге жатады және олардың құрылысы мен биологиялық қызметі бойынша кофеиннен айырмашылықтары бар. Химиялық құрамы бойынша бұл наркотик заттар өте ұқсас болғанымен адам ағзасына тигізетін физиологиялық әсері әртүрлі. Солай бола тұрса да химик мамандардың көпшілігі кофе, шай, шоколадтың құрамында кофеиннің мөлшері баршылық екенін мойындайды. Кофе мен шайдың құрамында (1-3%), колада, какаода суда жақсы еритін, спирт пен суық суда нашар еритін түссіз кристалдар түзеді.Кофеинді көп мөлшерде шай өнеркәсібінің қалдықтарын суда ерітіп, содан кейін дихлорэтаннның көмегімен бөліп алады. Судың құрамынан ұзын, иілгіш, жібек тәрізді инелер түрінде тұндырып алады. Дәмі ашты болып келеді. Салыстырмалы үлкен мөлшері улы болып келеді. Кофені қуырғанда күрделі химиялық түрөзгеріс жүреді. Ең алдымен дәндегі суы буланып кетеді және жартылай органикалық заттар ыдырай бастайды. Қанттар карамельге айналады да кофе дәндері қоңыр түске өзгереді. Суда ерімейтін полисахаридтер суда еритін

қарапайым көмірсуларға айналады. Тригонеллин деген зат бұзылып никотин қышқылы түзіледі. Хлороген қышқылы айырылғанда жетпістен астам ароматты заттар түзіледі де олар кофеге тән қайталанбайтын аромат пен тек кофеге ғана тән болатын дәм береді. Кофені қуырғанда көмір қышқыл газы түзілгендіктен кофе дәндері ісінеді, газ ароматты сақтайтын консерватордың қызметін атқарады. Кофеиннің осындай мөлшері ерімтал кофенің екі қасығында болады (бір қасықта – 2,5 г еритін кофе болады). Міне, осындай кофенің мөлшерін біз мөлшері 200 мл суға яғни бір стакан суға саламыз. 1000 мг: 150 мг = 7 стақандай болады. Сондықтан, бір сөткеде ішетін кофенің мөлшері 7 стақаннан артық болмауы қажет. Кофеиннің зәр шығаруды күшейтетін, сөйтіп қан айналу мен қысымды реттей отырып, организмді уланудан (интоксикациядан) сақтайды. Кофемен салыстырғанда адамның шайға деген тәуелділігі аз болады. Құрамында кофеин мөлшерінің көптігіне байланысты табиғи кофеден жасалған сусындар орталық нерв жүйесін қоздырады және сергітеді. Кофе ұнтақ күйінде тез бұзылады, хош иісін жоғалтады, сондықтан ұнтақ кофені, қуырылған кофе дәндерін қақпақты шыны не қаңылтыр ыдыстарда сақтаған жөн.

### Әдебиеттер

1. А.А.Баев, Г.Г. Винберг, Г.А. Заварзин и др. – 2-е изд., /Биологический энциклопедический словарь/ Москва: 1989 г.
2. А.И. Бусев, И.П. Ефимов./ Словарь химических терминов. – М: 1971 г. –с. 10
3. Левина Л.С Научно-методический журнал "Химия в школе". – г Чехов, 2000г.
4. Левина Л.С Научно-методический журнал "Химия в школе". – г Чехов, 1995г.
5. Досон Р. И, Эллотт.Д./Справчник по биохимии – М: 1971 г. – с. 126
6. М. Михайлов Домашняя энциклопедия "Все для дома". – 1993г.
7. Машковский В.И. "Лекарственные средства", – Москва, 1993г.
8. Раков Э.Г. Журнал "Химия №30". – г. Москва, 1999г.
9. Пашинский В.Г. Растения в терапии и профилактике болезней. – Томск: изд-во Томского университета, 1989 – С.183

### Г. Бекмұхаметова, Р. Хасенов

№22 мектеп-лицей, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Н.М. Бегалина, химия және биология пәнінің мұғалімі

### МИНЕРАЛДЫ СУЛАРДЫҢ АҒЗАҒА ӘСЕРІ

Табиғи минералды ауыз сулардың құрамында әр түрлі химиялық қосылыстармен элементтер, металдар, сонымен қатар ауырметаллдардың белгілі мөлшері бар. Судың ластануы осындай әр түрлі химиялық заттардың әсерінен болуы мүмкін. Фенолдардың, ауыр металлдардың, пестицидтердің, синтетикалық белсенді және басқа да химиялық заттардың бір уақытта кездесуі олардың сапасы мен судың ластануын бақылауда қиындықтар әкеледі. Судың табиғатта кездесуі мен тазарту әдістерін ашып көрсету басты мақсаттарымыздың бірі болып табылады. Минералды су түрлері мен олардың пайдасы жайлы көп әңгіме қозғалмақ. Осылайша біз өз өміріміздегі минералды сулардың алатын орнын біліп, пайдасымен танысып ой түземіз. Таза су мөл-мөлдір, иісі және дәмі жоқ. Оның тығыздығының ең жоғарғы мәні 4°C- та болады. (1г/см<sup>3</sup>). Мұздың тығыздығы сұйық судың тығыздығынан төмен, сондықтан мұз судың бетіне қалқып шығады. Су 0°C -та қатады және қысым 10<sup>13</sup> Па болғанда 100°C-та қайнайды. Ол жылуды және электрді өте нашар өткізеді. Су-жақсы еріткіш. Судың жақын туыстарды – күкіртексутек, селенсутек, телесутектердің қайнау және балқу температуралары 0°C төмен газ тәрізді заттар. Заттың қайнау және балқу температураларына оның салыстырмалы молекулалық массасы әсер ететіні белгілі, ол өскен сайын қайнау және балқу температуралары артады. Төрт заттың ішінде салыстырмалы молекулалық массасы ең кішісі – су, бірақ оның балқу және қайнау температуралары керісінше ең жоғарғысы. Егер су осы заттар бағынатын

жалпы заңдылықтарға бағынады деп есептеп, көрсетілген қасиеттердің өзгеру барысына экстраполяция жасаса, онда су – 70°C қайнап, – 90°C шамасында қатар еді. Судың бұдан едәуір жоғары температурада балқитыны және қайнайтыны белгілі. Бұл аномалияны су молекулаларының бір-бірімен ілінісуге қабілеттілігімен түсіндіруге болады. Судың бір молекуласындағы оттегі атомы судың басқа молекуласындағы сутек атомын өзіне тартады. Су молекулалары арасындағы мұндай байланысты сутектік байланыс деп атайды. Оның есебімен молекулалар бір-бірімен байланысып, бірнеше молекулалар біріккен үлкендеу бөлшектер түзеді. Олар судың жеке молекулаларынан ауырлау болғандықтан судың булануын қиындатады, демек оның балқу және қайнау температураларын жоғарылатады. Су – қатқанда ұлғаятын алғыз зат. Сондықтан, мұздың тығыздығы сұйық тығыздығынан аз. Міне, мұздың судың бетінде қалқып жүретіні осыдан. 1дм<sup>3</sup> судың 4°C кезіндегі массасы-1000г, ал 1 дм<sup>3</sup> мұздың массасы-916 г яғни, қатқан су өзінің көлемін оннан бір бөлікке арттырады. Судың бұл аномалиясын температура төмендегендегі оның молекулалары арасындағы сутектік байланыс санының артуымен түсіндіруге болады. Мұздың кристалдық торының құрылысы шілтерге ұқсайды. Мұзды балқытқанда тетраэдрілік құрылым бұзылады, су молекуласы кеңістікте тығыз орналасады да, осыдан тығыздығы артады. Температураны одан әрі жоғарылатқанда молекула аралық тебілу күштері әсер етеді де судың тығыздығы кемиді. Бізге судың сұйық күйі таныс. Бірақ судың температурасы оның аномалдық қасиеттері болғандықтан, жердің жағдайына оның сұйық және қатты күйлерге де – аномалия, қалыптысы – тек газ тектес күйі. Таза су мөп-мөлдір, иісі және дәмі жоқ. Оның тығыздығының ең жоғарғы мәні 4°C- та болады. (1г/см<sup>3</sup>). Мұздың тығыздығы сұйық судың тығыздығынан төмен, сондықтан мұз судың бетіне қалқып шығады. Су 0°C -та қатады және қысым 1013<sup>25</sup> Па болғанда 100°C-та қайнайды. Ол жылуды және электрді өте нашар өткізеді. Су-жақсы еріткіш.

Судың жақын туыстарды – күкіртексутек, селенсутек, телесутектердің қайнау және балқу температуралары 0°C төмен газ тәрізді заттар. Заттың қайнау және балқу температураларына оның салыстырмалы молекулалық массасы әсер ететіні белгілі, ол өскен сайын қайнау және балқу температуралары артады. Бұл аномалияны су молекулаларының бір-бірімен ілінісуге қабілеттілігімен түсіндіруге болады. Судың бір молекуласындағы оттегі атомы судың басқа молекуласындағы сутек атомын өзіне тартады. Су молекулалары арасындағы мұндай байланысты сутектік байланыс деп атайды. Оның есебімен молекулалар бір-бірімен байланысып, бірнеше молекулалар біріккен үлкендеу бөлшектер түзеді. Олар судың жеке молекулаларынан ауырлау болғандықтан судың булануын қиындатады, демек оның балқу және қайнау температураларын жоғарылатады. Су-қатқанда ұлғайатын алғыз зат. Судың бұл аномалиясын температура төмендегендегі оның молекулалары арасындағы сутектік байланыс санының артуымен түсіндіруге болады. Көптеген химиялық процестер су қатысында жылдамдайды, яғни су өршіткі рөлін атқарады.

### Әдебиеттер

1. Акулов К.И., Буштуева К.А. Коммунальная гигиена. Москва – 2001 жыл
2. Румянцев Г.И. Жалпы гигиена. Москва 1990, 67-74 бет
3. Габович Р.Д. Гигиена 1983 ж. 36-40, 121-123, 284-285 бет
4. Пивоваров Ю.П. Руководство к практическим занятиям по гигиене. 1983ж. – 93-95
5. Гончарук Е.И. Руководство к лабораторным занятиям по гигиене. Медицина 1990 ж 119 бет
6. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1 том. Алматы 1998 ж. – 449, 450, 549 бет.
7. Хомченко Г.П. химия жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған Алматы «Рауан» 171-180 бет.
8. Химия мектепте №2, 2010 ж. 58-60 б. 8-11 б. №4, 2009 ж. 75-76 б. №6 2006 ж. 9. Основы аналитической химии (под редакцией Ю.А. Золотова) М: «Высшая школа», 1996 2 кн.
9. Крешков А.П. Основы аналитической химии М: «Химия» 1970 ж 2 кн. СанПиН 4.1.1.1.2.6
10. Үйсімбаев Б.С. Шығыс Қазақстан облысының географиясы. Семей, 2000 ж., 55-59 б.
11. Кәкімжанов З.Х. Жер асты сулары. 15-16, 18 б. Атамұра 2007 ж.

**В.Д. Коркина**

КГУ «СОШ №1 им. Н.Г. Чернышевского» г. Семей  
Научные руководители – О.Н. Сускина, учитель химии КГУ «СОШ № 1  
им. Н.Г. Чернышевского», А.Н. Кливенко, PhD, старший преподаватель кафедры химии и  
химических технологий ГУ им. Шакарима г. Семей

## **РАЗРАБОТКА СТРУКТУРООБРАЗОВАТЕЛЕЙ ПОЧВЫ НА ОСНОВЕ ИНТЕРПОЛИМЕРНЫХ КОМПЛЕКСОВ**

Актуальность исследования: проблема улучшения почвенного плодородия на данный момент является актуальной. В настоящее время почвы испытывают большие механические воздействия. В результате этого нижние слои почвы сильно уплотняются, а верхние слои распыляются, поэтому нарушается их структура, резко снижается их водопроницаемость и противозэрозийная стойкость. Применение композитов на основе природных полимеров, таких как хитозан и альгинат натрия, благодаря их биоразлагаемости и нетоксичности, открывает возможность ввести в сельскохозяйственный оборот низкопродуктивные земли.

Цель исследования: создание экологически чистых и устойчивых к неблагоприятным факторам внешней среды структурообразователей почвы на основе интерполимерных комплексов.

Задачи исследования:

1. Получить интерполимерный комплекс на основе хитозана и альгината натрия.
2. Определить состав интерполимерного комплекса хитозан-альгинат натрия кондуктометрическим методом и методом динамического лазерного светорассеяния по величине  $\zeta$ -потенциала.
3. Изучить деформационно-прочностные характеристики интерполимерного комплекса хитозан-альгинат натрия.
4. Исследовать эффективность полученных интерполимерных комплексов как структурообразователей почвы на примере вегетационных опытов с редисом.
5. Разработать экологически чистый и устойчивый к неблагоприятным факторам внешней среды интерполимерный комплекс на основе хитозана и альгината натрия.

Гипотеза: если интерполимерный комплекс на основе хитозана и альгината натрия улучшает плодородие почвы, то его можно использовать в качестве структурообразователя почвы для введения в сельскохозяйственный оборот низкопродуктивных земель.

Объект исследования: объектами исследования являются интерполимерные комплексы на основе хитозана и альгината натрия. Предмет исследования: деформационно-прочностные характеристики и противозэрозийные свойства интерполимерных комплексов на основе хитозана и альгината натрия.

Методы исследования: 1. Метод кондуктометрического титрования. 2. Динамическое лазерное светорассеяние. 3. Метод гравиметрии. 4. Определение механической прочности пленок на основе ИПК.

Новизна исследования: впервые получен структурообразователь почвы на основе природных биоразлагаемых полимеров – хитозана и альгината натрия, а также в условиях вегетационных опытов испытана его эффективность.

Выводы:

1. Получен интерполимерный комплекс на основе хитозана и альгината натрия с различным соотношением полимеров.
2. Определен состав интерполимерного комплекса хитозан-альгинат натрия кондуктометрическим методом и методом динамического лазерного светорассеяния по величине  $\zeta$ -потенциала. Состав комплекса в системе хитозан альгинат равен [1]:[4], что подтверждается методами кондуктометрии, ДЛС.
3. Изучены деформационно-прочностные характеристики интерполимерного комплекса на основе хитозана и альгината натрия. Самым прочным оказался состав комплекса 2:8.

4. Исследована эффективность полученных интерполимерных комплексов как структурообразователей почв на примере вегетационных опытов с редисом.

5. Разработан экологически чистый и устойчивый к неблагоприятным факторам внешней среды интерполимерный комплекс на основе хитозана и альгината натрия.

Установлено, что интерполимерный комплекс на основе хитозана и альгината натрия в соотношении 2:8 улучшает плодородие почвы, а значит, его можно использовать в качестве структурообразователя почвы для введения в сельскохозяйственный оборот низкопродуктивных земель.

**К.А. Швылова**

КГУ «СОШ № 12» г. Семей

Научные руководители – О.Б. Малышкина, учитель химии,

О.Б. Журавкина, учитель биологии

### **ЭФИРНЫЕ МАСЛА И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЧЕЛОВЕКА**

Эфирные масла – это смеси летучих, душистых веществ, раньше они назывались благовониями. Вырабатываются эфирные масла не у всех растений одинаково, в наибольшей степени это выражено у эфиромасличных растений, которые в изобилии произрастают в г.Семее.

Самыми знаменитыми и часто используемыми эфирными маслами чаще всего являются эфирные масла хвойных деревьев: сосновое, еловое, пихтовое. Лечебные свойства соснового масла известны давно. Ещё в древности его использовали при кровотечениях, открытых ранах, ожогах различной степени тяжести и обморожениях. Им лечили суставный ревматизм, цингу [1].

Согласно современным исследованиям, к основным свойствам соснового масла ещё добавилось его жаропонижающее, противовоспалительное и антисептическое действие. Эфирное масло ели применяется при затяжных бронхитах и пневмонии, снижении защитных сил организма, холецистите, умственном и физическом переутомлении, ранах, гнойничковой сыпи, выпадении волос, перхоти, для профилактики простуды и гриппа [2].

В научном проекте указан способ получения соснового масла методом перегонки водяным паром. В результате проделанной работы получили эфирное масло хорошего качества, о чем свидетельствует проба на бумаге [3].

Были проведены исследования влияния эфирного масла сосны на уровень заболеваемости школьников ОРВИ. Для проведения исследований были взяты два класса начальной школы, т.е. где дети находятся в течение всего учебного дня 4 «А» класс – экспериментальный и 4 «Б» класс – контрольный. Целью исследования было изучить влияние действия эфирного масла сосны на уровень заболеваемости школьников ОРВИ.

Сосновое масло было разлито в кристаллизаторы и поставлено на подоконники в кабинете № 105, где занимается 4 класс «А». В кабинете № 103, где занимается 4 класс «Б», данная методика не применялась.

Результаты исследования: в результате проделанной работы получили эфирное масло хорошего качества, о чем свидетельствует проба на бумаге. В результате исследования получили следующие результаты. В классе, где проводился эксперимент, уровень заболеваемости был гораздо ниже, чем в контрольном классе. На первой неделе исследования разница уровня заболеваемости учащихся ОРВИ между экспериментальным и контрольным классом была следующая: 4 «А» 0 % заболевших, 4 «Б» 4 % заболевших. На второй неделе исследования разница уровня заболеваемости учащихся ОРВИ между экспериментальным и контрольным классом была следующая 4 «А» 4,5 % заболевших, 4 «Б» 17 % заболевших. На третьей неделе исследования разница уровня заболеваемости учащихся ОРВИ между экспериментальным и контрольным классом была 4 «А» 14% заболевших, 4 «Б» 29% заболевших.



Работа показывает актуальность проблемы сохранения здоровья школьников немедикаментозными методами. В результате проведенного опыта было получено эфирное масло сосны. Именно это масло было использовано для проведения эксперимента в школе. Для этого были выбраны два класса из начальной школы, так как учащиеся находятся там в течение всего учебного дня. Один класс был экспериментальный, то есть тот в котором ставилось эфирное масло, другой – контрольный, в котором учащиеся находились в обычных условиях. Исследования, проведенные в экспериментальном и контрольном классе, показали, что динамика заболеваемости учащимися ОРВИ имеет существенную разницу (6% заболевших учащихся в 4 «А» и 16% заболевших учащихся в 4 «Б»). Согласно исследованиям эфирное масло сосны следует использовать как вспомогательное средство при профилактике вирусных инфекциях.

### Литература

1. Артамонов В. «Зеленая лаборатория планеты» М.; Агропромиздат, 2003, с.56-58
2. Малахов А.И., Семикин В.В., Быков В.А., Голубев В.П., Калинина Н.Г., Осипова Е.В. / Биомедицинские технологии. Вып. 11, Москва, 2009, с.73-77
3. Макаруч Н.И. Фитонциды – ионизаторы воздуха // II-я Международная конференция по медицинской ботанике, Тезисы докладов, Киев, 2014, с.231-232

### Ә.С. Төкеш

«Гуманитарлы-экономикалық колледж» мекемесі, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – А.С. Балыкбаева, химия пәнінің оқытушысы

### ХИМИЯНЫ ДАМУДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСТЕРІ

Химия ғылымы қазіргі жаратылыстану ғылымдарының маңызды бір саласы ретінде материя қозғалысының химиялық формасын, анығырақ айтсақ химиялық процестердің заңдылықтарын зерттейді. Осы тақырып студенттердің білім негіздерін терең игеруіне, пәнге деген қызығушылығын арттыруға және болашақта қандай да бір мамандықты таңдауына игі есерін тигізеді.

**Қазақстандық химик ғалымдар** – Қазақстанда химия ғылымының дамуына аянбай еңбек сіңіріп, аттары әйгілі болған ғалымдар көп. Солардың ішінен *Е.Н. Әзірбаев, Ә.Б. Бектұров, Б.А. Бірімжанов, М.А. Горяев, М.Т. Козловский, С.Р. Рафиков, Д.В. Сокольский, О.А. Сонгина, М.И. Усанович, Т.К. Шомбалов, Ш.Б. Батталова, Б.А. Жұбанов, Е.Е. Ерғожин, Г.Д. Зақұнбаева, А.Ш. Шәріпқанов*, т. б. химия ғылымы докторларының осы ғылым саласына қосқан үлесі зор [1].

**Михаил Ильич Усанович**, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы болған, дүние жүзіне белгілі ғалым. 1938 жылы М.И. Усановичтің ұсынысы қабылданып, «*Қышқылдар мен негіздердің теориясы*» ғылымға енді. Оның негізгі ғылыми жұмыстары ерітінділер теориясына арналды.

**Батырбек Ахметұлы Бірімжанов** – тұз түзілу теориясының авторы. Б.А. Бірімжанов – Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, химия ғылымдарының докторы болған, табиғи тұздармен тыңайтқыштардың физикалық химиясы және технологиясын зерттеген ғалым. «*Жалпы химия*» оқулығының авторы.

**Михаил Тихонович Козловский** – аналитикалық химия саласында еңбек еткен әйгілі ғалым, орасатазаметалдар алуда үлкен үлес қосқан химия ғылымдарының докторы, «*Амальгама химиясы мен амальгамды металлургия*» бойынша ғылыми жаңа бағытта зерттеулер жасап, оның негізін қалады.

**Әбікен Бектұрұлы Бектұров**, Қазақстанда химия ғылымының негізін салушы, Республика Ғылым академиясын алғаш ұйымдастырушылардың бірі, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, профессор, минералды тыңайтқыштар өндіру жөніндегі әйгілі ғалым Әбікен Бектұрұлы Бектұров болды.



**Закүмбаева Гауһар Дәуленқызы** қазір Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, органикалық катализ және электрохимия институтын басқарған. Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесіндегі VIII топ элементтерінің адсорбциялық қасиеттерін толық зерттеп, соның нәтижесінде ацетилен және оның туындыларын гидролиздеу үшін жоғары белсенді және талғамды ершіткілер алды.

**Ерден Нығыметұлы Әзірбаев** – Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы, органикалық химия саласында– ацетилен және көміртек оксидінің химиясы, азот, фосфор, күкірт, селен, қалайы және қорғасын қатысатын органикалық қосылыстар синтездеу саласында еңбек еткен ғалым. Ол 500-ге жуық жаңа қосылыстар синтездеген болатын.

**Болат Ахметұлы Жұбанов** – Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Нью-Йорк Ғылым академиясының мүшесі, химия ғылымдарының докторы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстандағы тұңғыш үлкен молекулалы химия кафедрасын ұйымдастырушы, сол салада жаңа полимерлер синтездеген дүниежүзіне әйгілі ғалым. Оның алған жаңа заттары медицинада дәрі-дәрмек ретінде әртүрлі ауруларды (туберкулез, жүрек ауруы, ісік, т. б.) емдеуге қолданылуда.

**Надир Каримұлы Надировтың** сіңірген еңбегі зор. Н.К. Надиров – Қазақстан Ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, Қазақ ССР-і Мемлекеттік сыйлығының иегері. Батыс Қазақстанда мұнай фракцияларын өзгертіп, мұнай өнімдерін жаңарту, крекингін кешенді зерттеу Н.К. Надиров еңбектерінің негізгі бағыты болып саналады. Фитохимия институтының ғалымдары (А. Әдекенов, т. б.) қазіргі кезде табиғи өсімдіктерден дәрі жасау, олардың экологиялық тиімділігі мен сіңімділігінің жоғары екенін ескеріп, көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде 20 түрлі фитопрепараттар дайындалды, оның ішінде ісікке қарсы – «Арглабин», жараға – «Биалм», «Алхидин», «Глидеринин», қабынуға – «Аллапинин», т.б. ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы – пестицидтер шығарып, өнімін фармакология, медицина, ауыл шаруашылықтарына ұсынды [2].

**Михаил Семенович Панин** өзінің педагогикалық жолын Н.К. Крупская атындағы Семей мемлекеттік педагогикалық институтының кафедрасында аға оқытушы лауазымынан бастады. Химиялық технологиядан курс оқып, көп ұзамай кандидаттық диссертациясын қорғады. Диссертация тақырыбы: «Қоршаған ортадағы ауыр металдар мен радионуклидтер».

1971-1988 жылдары арасында химия кафедрасын Панин М.С. басқарды.

1980-1990 жылдары М.С. Паниннің басқаруымен химия кафедрасында бүкіл Қазақстанға және шет елдерге танымал ғылыми мектеп құрылады [3].

Қорыта келгенде, химия ғылымына үлес қосқан ғалымдар туралы мен талай мәлімет білдім.

Осы мәліметтерді пайдалана отырып, сабақтан тыс іс шараларда «Білгір химик», «Жүзден жүйрік», «Химия әлеміне саяхат» сияқты танымдық ойындарда студенттер осы аталған ғалымдардың еңбектерін және ғылыми көзқарастарын өмірімен тығыз байланыстарады.

### Әдебиеттер

1. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстандық\\_химик\\_ғалымдар](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстандық_химик_ғалымдар)
2. Химия: Усманова М.Б., Сақариянова Қ.Н. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық, 2-басылымы, өңделген, толықтырылған. – Алматы: Атамұра, 2009. – 288 бет.
3. <http://semgu.kz/fakultetter/fakultet-zhoninde-zhalpy-malimetter/ximiya-zhane-geografiya-kafedrasyy/>

## **Б. Құмаршанов**

«Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – А.А. Ерғалиева, биология пәнінің мұғалімі

### **АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ ТАЗАЛАУ ӘДІСТЕРІ**

Су – Жер бетіндегі маңызды заттардың бірі. Су тіршілік көзі, сусыз өмір жоқ. Судың біздің планетамыздағы тіршілік көзі болып табылуға мүмкіндік беретін, ерекше қасиеттері бар. Қазіргі кезде табиғи сулардың ластану салдарын жою және тазалығын сақтау мәселелері ерекше маңызды болып тұр [1,4].

Ағынды сулардың ластануы табиғат пен оларды ластайтын шикізаттың қайнар көзіне байланысты. Ағынды сулар өндірістік және тұрмыстық деп бөлінеді. Тұрмыстық ағынды сулар көше қалдықтарымен, жуғыш құралдармен, сондай – ақ экскременттармен ластанған. Суда олар суспензиялы қатты және ұшқыш зат күйінде кездеседі. Суспензиялы қатты заттардың басым көпшілігі целлюлоза тектес, ластағыш органикалық компоненттерден, май қышқылынан, көмірсудан, ақуыздан тұрады. Ағынды суларда соңғы аталған өнімдердің ырырауы нәтижесінде жағымсыз иіс пайда болады [2,5].

Механикалық әдіс Механикалық әдістер – ерімеген қалдықтары бар суларды өртүрлі торлардан, сүзгілерден, электрден өткізіп, бір жерге жинап, тұндыру арқылы тазалайды [3]. Химиялық әдіс Қалдық суларға химиялық реагенттерден қосып еріген және ерімеген заттарды бөліп алу кейбір заттарды ертіп зиянсыз ету арқылы тазалайды [6].

Физико-химиялық әдіс Физико-химиялық әдістер ағынды суды майды дисперсті, каллоидтық және еріген заттардан тазарту үшін қолданылады [6].

Табиғатты, қоршаған ортаны ластанудан қорғау мен табиғи ресурс ретінде тиімді пайдалану мақсатында қайтарылып қолдану үшін ағынды су құрамындағы ластағыш заттардың түрі мен мөлшеріне қарай өртүрлі әдіспен тазаланылады [2].

Биологиялық әдіс Бұл әдісте әсіресе тұрмыстық қалдық суларды тазалауға пайдаланады. Органикалық қалдықтар микроорганизмдер көмегімен зиянсыз түрге айналады. 250 мың халықы бар қалаға 15-20 гектар жерге 6 биологиялық сүзгі жасап, астындағы қабатына қиыршықтас немесе ірі құм төсеп үстіне биологиялық заттардан жұқа жапқыш сияқты қабат жасап, оған көзге ілінбейтын ұсақ организмдерді орналастырады. Ластанған суды осы организмдер мен қиыршақ тас қабаттарынан өткізіп тазалайды [6].

Биологиялық тазалау әдісінің екінші түрі – аэротанктер. Олар темір беттоннан сұйық зат құятын ыдыс (резервуар) түрінде жасалады, ішіне тұнба балшық, лай салып оттектен өмір сүретін, көзге ілінбейтін ұсақ организмдерді орналастырып, солар арқылы қалдық суларды ағызып тазалайды Биологиялық жолмен ағынды суды тазалау үшін ластағыштарды ыдырататын, өздерінің қорректенуіне, өсуіне және көбеюіне пайдаланатын микроорганизмдер немесе оларды өз бойына сіңіретін өсімдіктер қолданылады. Биологиялық тазалауға қатысатын организмдерге әр түрлі бактериялар, балдырлар, саңырауқұлақтар, ең төмен сатыдағы жәндіктер, құрттар және басқалар жатады [1].

### **Әдебиеттер**

1. Экологиялық биотехнология: ағылшыннан аударма / К.Ф. Фостер, Д.А. Дж. Вейз. – Л.: Химия, 1990.
2. Заядан Б.К., Экологиялық биотехнология. Алматы, 2013 жыл
3. Қ.Ә. Әлімбетов Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері. Алматы, Экономика, 2000 жыл
4. А.Баешов. Экология негіздері. Түркістан, Яссауи университеті, 2000 жыл
5. Ә.С.Бейсенова. Экология. Алматы, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы.
6. С.Каженбаев. Табиғат қорғау. Алматы, 1992 жыл 7. Ғ.Сағымбаев. Экология негіздері. Алматы, 1995 жыл

Л.М. Айтказина

№ 39 ЖОББМ КММ, Семей қ.

Ғылыми жетекшілері – Г.З.Тасқынбаева, математика пәнінің мұғалімі

Г.Рахимжанова, биология пәнінің мұғалімі

## АЙЫРЫМДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНДА ҚОЛДАНУ

Айырымдық теңдеу арқылы түрлердің популяциясын, оған әсер етуші сыртқы күштерді математикалық символдармен өрнектеп, физикалық, биологиялық әсерін теңдеу арқылы өрнектеп жазу қарастырылды. Егер өмірдегі практикалық есептерді математикалық тұрғыдан модельдеп, оны қолдану арқылы шешімін табуды меңгерсек, онда табиғат құбылысындағы әртүрлі нысандарды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туады. Арифметикалық және геометриялық прогрессиялардың анықтамаларына көңіл аударып, мысалды қарастырайық: Қояндар саны туралы Фибоначчи есебін қарастырамыз. Бұл есепте бір жұп қояннан бір жылда тарайтын ержеткен қояндар санын анықтау талап етіледі. Әр бір ержеткен қояндар жұбы ай сайын жаңа жұпты дүниеге әкеледі және жаңа туған жұптың бір ай ішінде ержететіні белгілі. Бұл есептің қызығы оңай табылатын шешімінде емес, бастапқы уақыт мезетінде  $u_1$ , бір айдан кейін  $u_2$ , екі айдан кейін  $u_3$ , т.с.с.  $n$  айдан кейін  $u_{n+1}$  болатын ержеткен қояндар санын көрсететін тізбекте. Шындығында да,  $u_1 = 1$ . Бір айдан кейін жаңа туған жұп қосылады, бірақ ержеткен қояндар жұбы бұрынғыдай, яғни  $u_2 = 1$ . Екі айдан кейін көжектер жұбы ержетіп, ересек қояндар жұбы  $u_3 = 2$  болады. Сонымен қатар, алғашқы  $u_1$  жұбы тағы да екі көжек жұбын дүниеге әкеледі. Үш айдан кейін ержеткен қояндар жұбы  $u_4 = 3$  болады.  $n-1$  айдан кейінгі ержеткен қояндар жұбының саны  $u_n$ , ал  $n$  айдан кейін  $u_{n+1}$  болсын. Осы уақытта алдыңғы  $u_n$  жұбы тағы да  $u_n$  жұп көжекті дүниеге әкеледі, сонда  $n+1$  айдан кейін ересек қояндардың жұбының саны мынандай болады:

$$u_{n+2} = u_{n+1} + u_n$$

Бұл екінші ретті қайтымды теңдеу. Бұдан  $u_4 = u_3 + u_2 = 3$ ,  $u_5 = u_4 + u_3 = 5$ ,  $u_6 = u_5 + u_4 = 8$ ,  $u_7 = u_6 + u_5 = 13$ . Сонымен біз мынандай тізбек алдық:  $u_1 = 1$ ,  $u_2 = 1$ ,  $u_3 = 2$ ,  $u_4 = 3$ ,  $u_5 = 5$ ,  $u_6 = 8$ ,  $u_7 = 13$ . Мұндағы әр бір мүше оның алдындағы екі мүшесінің қосындысына тең. Бұл тізбек *Фибоначчи тізбегі* деп, ал оның мүшелері *Фибоначчи сандары* деп аталады. (6) теңдеу Фибоначчи тізбегінің *екінші ретті қайтымды тізбек* екенін көрсетеді. *Екінші мысал қарастырайық* Бактерия популяциясы алғашында 1000 особь болсын және әрдайым сағатына 50% өсу қарқынымен ұлғаяды. 10 сағаттан кейінгі популяция өсімінің санын табу керек. *Шешуі.*

$x_n$  шамасы  $n$  сағаттан кейінгі популяция санына сәйкес келсін. Есептің шарты бойынша  $x_{n+1} = 1,5x_n$  және  $x_0 = 1000$ . Демек,  $x_1 = 1,5 \cdot 1000$ ,  $x_2 = 1,5^2 \cdot 1000$ ,  $x_3 = 1,5^3 \cdot 1000$ , т.с.с. Жалпы шешімі  $x_n = 1,5^n \cdot 1000$ . Ал 10 сағаттан кейінгі популяция өсімі мынаған тең болады:  $x_{10} = 1,5^{10} \cdot 1000 = 57665$ . Табиғаттағы белгілі бір түрлердің популяциясының сыртқы ортаның әсерінен, өмір сүрудегі бәсекелестік салдарынан, түрлердің бір-біріне әсерінен бамуы не құруы айырымдық теңдеулер арқылы сипатталатына көз жеткіздік.

### Әдебиеттер

1. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра 7-сынып. 8 сынып. Алматы: Атамұра, 2003
2. Мұқаева Р., Ыдырысова Р. Алгебра 9-сынып. Алматы: Рауан, 1995. – 304 б.
3. Математические методы в биологии и экологии
4. Фомин С.В. 'Математика в биологии – Москва: Знание, 1969
5. Математические проблемы в биологии \Сборник статей под редакцией Р. Беллман. Перевод с английского под редакцией С.В. Фомина – Москва: Мир, 1966 – с.280

## Е.Б. Түсіп

№ 38 мектеп лицей, Семей қ.

Ғылыми жетекшілері – У.К.Қалдыбаева, химия пәнінің мұғалімі  
Э.Б.Асанова, биология пәнінің мұғалімі

### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ

«Ғасыр індетіне» айналып отырған сүйектің бор кеміктенуі, тез сынғыштығына әкелетін негізгі фактор, ағзаға кальцийдің жетіспеушілігіне әлеуметтік-экономикалық жағдайдың, әсіресе, жас ұрпаққа оның жетіспеушілігінен туындайтын әсерін химия және математика пәндерін байланыстыра отырып анықтау. **Кальцийді анықтау.** 5 мл сүтті пипеткамен өлшеп титрлеу колбасына құйып, үстіне 90 дистилденген су және 5 мл 2М NaOH ерітіндісін қосады. Бюреткадан 3,5 мл комплексон III ерітіндісін колбаға құяды, 2 минуттан кейін ерітіндіге шамамен 0,04 г мурексид және натрий хлоридінен тұратын құрғақ қоспаны қосады. Ерітінді күлгін түске боялады. Содан кейін бюреткадан ертіндіге тамшылатып комплексон III ерітіндісін күлгін түс пайда болғанша қосады.

Титрлеу нәтижелері:

1) Дәл титрлеу

$V_1 =$

$V_2 =$

$V_3 =$

$$V_{\text{орт.}} = V_1 + V_2 + V_3 / 3$$

2) Кальцийдің мөлшерін ( $\omega$ , % (мас.) келесі формуламен есептейді:

$$\omega(\text{Ca}^{2+}) = (V_{\text{компл}} \cdot 0,97 \cdot 100) / V_n \text{ мұндағы,}$$

$V_{\text{компл}}$  - комплексон III ерітіндісінің сүтті титрлеуге жұмсалған көлемі, мл ;

2- 1 мл 0,05 моль/дм<sup>3</sup> комплексона III ерітіндісіне сәйкес келетін  $\text{Ca}^{2+}$

ионының мөлшері, г;

$V_n$  – зерттелетін сүттің көлемі, мл ;

0,97 - сүттің көлемін массаға айналдыру коэффициенті

3) Келесі формуладан кальцийдің массасын анықтаймыз, мг

$$\omega(\text{Ca}^{2+}) = \frac{m(\text{Ca}^{2+})}{m(\text{сүт. сынамаcы})}$$

мұндағы:  $m(\text{сүт. сынамаcы}) = V(\text{сүт}) \cdot \rho(\text{сүт})$

$\rho(\text{сүт})$  - сүттің майлылығына байланысты тығыздықтары

Қорытынды: Біз зерттеген сүттердің нәтижесі бойынша «Айналайын» 6% кальцийдің массасы – 2,22% , «Зорькин Луг» 2,5% кальцийдің массасы-1,25%, «Зорькин Луг» 3,2% кальцийдің массасы – 4,46%, «Зорькин Луг» 6% кальцийдің массасы-4,46% болды. Біздің зерттеуіміз бойынша «Зорькин Луг» 3,2% пен «Зорькин Луг» 6%-ында кальцийдің массалық үлесі бірдей болды.

## А.Т. Төлеуқанова

КҚМК Геологиялық барлау колледжі Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Ш.А.Касымжанова, биология пәнінің мұғалімі

### ШЕТТЕН ӘКЕЛІНГЕН ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ ПАЙДАСЫ БАР?

Ұлулар(Gastropoda) – денесі буылтықсыз және өте жұмсақ болғандықтан, бұл топтағы жәндіктер былқылдақденелілер деп аталады. Алып Ахатин ұлуы немесе Африка ұлуы (лат. Achatina fulica) – омыртқасыздар, моллюскалар типі, бауыраяқтылар класы, өкпелі бауыраяқтылар класс тармағына жатады. Ахатин ұлуларының жұмсақ денесі бас, тұлға, аяққа бөлінеді және қатты бақалшағы бар. Ахатин ұлуларының өзіндік биологиялық ерекшеліктері бар.

Африкалық ахатин ұлулары дүниежүзі бойынша тізімге енген 100 инвазионды зиянды жәндіктердің бірі. Оның бірден-бір себебі ұлулар қант қамысы, өсімдіктермен және жеміс-жидектермен қоректенеді. Африкадағы негізгі ауылшаруашылығында өсірілген жемістерді құртып жіберген және олар жұмыртқаларын кез-келген жерге жұмыртқалайды. Бұл табиғатқа үлкен зиян алып келеді Қазіргі кезде ахатин ұлуларының таралу аймағын қатаң қадағалау-карантин Европа, Америка, Ресей елдерінде ерекше бақылауға алынған.

Қазақстанға да келіп жеткен алып ахатин ұлуларының жұмыртқаларының кез келген жерде шашылуы биологиялық ластануға, биологиялық түрдің кеңінен таралуы табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуы неге әкеліп соғатынын болжау қиын емес.

Сонда бұл жәндікті Қазақстанға әкелудің маңызы неде?

Қазақстанға әкелудің бірден бір себебі: Африка ұлуы «керемет косметолог» – деген атпен ерекшеленуінде. Ол косметолог және жақсы үй жануары бола алады. Бұл алып Африка ұлуы өзінің ерекше құпиясымен әлемге танымал. Жануарларды жақсы көріп, үйінде асырайтындардың сәніне айналған. Африка ұлулары Франция мен Германия елдерінде де косметология саласында ұлулардан жасалған нәрлендіретін кремдер ретінде де қолданылып жүр. Ал Бразилияда олардың сілекейлерінің асқазан ауруына ем және де тыртықтарды оңай жазып шығаратындығына зерттеу жүргізіліп жатыр.

Қорытынды: Ахатин ұлуының шырышының адам ағзасына тигізетін пайдасы өте көп. Солардың бірі-адам бет терісінің әжімдерін және өлі жасушаларды кетіруге қолданылады. Бұндай емнің түрін-ұлу терапиясы деп атайды. Шырыштың құрамында А,Е,С дәрумендері бар. Адамның іс-әрекеті табиғатқа жан-жақты әсер етеді.Адамның өзінің іс-әрекеті арқылы табиғатта бір-біріне үйлесімді жүріп отыратын заңдылықтарға әсер етіп,кейде олардың бұзылуына жағдай жасайды.Сол себепті де экологиялық немесе табиғи тепе-теңдік құбылысын, табиғат заңдылықтарын қатаң сақтау қажет.

Жердегі ең көне тасбақа немесе құрлық тасбақасының табиғи мекендейтін орны – Орталық Азияның шөлдері. Олар өсімдіктермен қоректенеді. Қыста олар ұйқыға батады. Толық жетілу он жасқа дейін болады. Жаңа туылған тасбақаның ұзындығы 30 мм. Бір қызығы, олар дүниеге келгенде, олар дереу жерге түсіп, қыста, көктемде олар еркіндікте жүре алады. Тасбақалардың Қазақстанда 2 тұқымдасы: тұщы су тасбақалары және құрлық тасбақалары. 38 түрі мен түр тармағы қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының “Қызыл кітабына” енгізілген.

Тасбақа символы нені білдіреді? Тасбақа – ұзақ өмір сүру символы ақылдылық және тапжылмай алға жүруді білдіреді.Әр елде тасбақаны қасиеттеп әр-түрлі етіп бағалайды.

Жануарлар әлемінде өте ертеден тіршілік етіп келе жатқандықтан Қытайлар үшін тасбақа – бүкіл әлем символы.Олар тасбақаның ағашты шірітпейтін бір ғажайып күші бар екеніне сенеді.Қытайда тасбақадан дәрі-дәрмектер жасап,оның қалқаншасынан бал ашады екен.

Азия елдерінде тасбақаның етін,жұмыртқасын тағамға пайдаланатын себебі иммунитетті көтереді деп сенеді.Тасбақа майын сабын дайындауға, неше түрлі косметикалық заттарды дайындауға пайдаланады.

Ал Үндістер тасбақаның миын күш-қуат беретін эликсир ретінде пайдаланған.Тасбақаның үлкен көлемде болғандығын Индияда соғыс кезінде қалқан,кейбірін күрке ретінде пайдаланғандығынан білуге болады.

Ал біздің қазақ елінде тасбақаның ауызына шөп тістеп алып бара жатқанын көрген адам байлыққа кенеледі деп сенген.Түс жоруға байланысты егер түсінде тасбақаны көрсе, сол адамның өмірі түбегейлі өзгереді деген тұжырым бар деп сенген.

Комбоджаның тұрғындары жануарлардың әсіресе тасбақа, сиыр мен жыланның емдік қасиеттеріне қатты сенеді екен. Комбоджо тұрғындары су тасбақасын емдік шара үшін қолданады екен.

## **ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЖОҒАРҒЫ ТЕМПЕРАТУРАЛАРҒА ТӨЗІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ**

### **Зерттеу мақсаты:**

1. Биотаның тұрақтылығына табиғи және антропогендік ықпал ететін экологиялық факторлармен танысу.
2. Өсімдіктердің жоғары температураға төзімділігін анықтауды; түрлі өсімдік жасушаларының цитоплазма ақуыздарының коагуляциясының температура басын анықтау.

### **Зерттеу кезеңдері:**

**1 кезең.** 2017 жыл Зерттеліп отырған мәселеге қатысты әдебиеттермен және көздермен таныстық. Жинақталған материалдар маңыздылығына байланысты жүйеленді.

**2 кезең.** 2018 жыл зерттеу жұмыстарын жүргізу.

1.Температура – жер бетіндегі негізгі экологиялық факторлардың бірі. Ол табиғи зоналармен нақты жағдайларға (жанартау әрекеті, ыстық су көздері, жылу энергетикалық қондырғылардың шығарулары) байланысты кең диапозонда ауысады. Өсімдіктердің әр түрлі бұл факторға әртүрлі қарайды. Кейбір өсімдіктер жоғары температураларға төзімді болады. кей өсімдіктер төзімсіз болып келеді.Жұмыс ағаш өсімдіктерінің әртүрлі жергілікті аймақта өсетін түрлерімен жүргізіледі. Бұл жұмыс ағаш түрлерін жоғары температураға төзімділік дәрежесі бойынша қоюға, өте төзімді ағаштарды анықтауға көмектеседі. Әдіс тірі жасушалардың экстремальді температура әсерінен зақымдануының басын анықтауға негізделеді. 2.Ыстық құрғақ климат жағдайында, қала экожүйелерінде ағаштардың құрғауы жиі кездеседі. Мұндай құрғаулар көшелердің жарықтанған, күн жақтарында байқалады, себебі суалмасу тез жүргізіледі, суару жүргізілмейді. Бұл жапырақтардың тургорлығын, қоңырау төзімділігін жоғалтуымен, сарғаюымен және некроздың пайда болуымен сипатталады.Ұсынылатын жұмыс күкірт қышқылының қасиеттеріне сәйкес жапырақ жасушасының құрғауын сипаттайды. Антропогендік ластану жағдайында өсімдікке устыица арқылы түскен күкіртті газ жасуша протоплазмасында күкірт қышқылына (ылғал тартқыш гигроскопиялық зат) жапырақтың тургорлығын жоғалтып, жасушаны зақымдай немесе өлтіре айналады.

### **II.Зерттеу бөлімі:**

#### **№1 Өсімдіктердің жоғарғы температураларға төзімділігін анықтау**

**Жұмыс барысы:** Зерттеу басында су моншасына 5 бірдей жапырақтан тұратын зерттелетін шоқты саламыз. Жапырақтарды 40°С температуралы суда 30 мин.ұстаймыз Берілген әдістеме бойынша жұмыс жүргіземіз. Нәтижелерді кестеге бұрғылттану жоқ « – », әлсіз бұрғылттану « + », 50% дан жоғары бұрғылттану «+ +», тұтас бұрғылттану «+ ++» шартты белгіленіп кестеге толтырамыз.

Зерттеу объекті	Жапырақтардың зақымдану дәрежесі				
	40°С	50°С	60°С	70°С	80°С
қарағаш	-	+	++	+++	++++
қара	-	+	++	+++	++++

**Қорытынды:** 40°С – Өзгеріс жоқ, 50°С – Әлсіз, 60°С – Бұрғылттану, 70°С – Жоғары бұрғылттану,80°С – Тұтас бұрғылттану. Яғни,өсімдік жоғарғы температураға төзімсіз.

#### **№2 Түрлі өсімдіктер жасушаларының цитоплазма ақуыздарының коагуляциясының температура басын анықтау**

##### **Жұмыс барысы:**

Берілген әдістеме бойынша жұмыс жүргізіледі.«+» белгісімен жасушадағы плазмолиздің барын, «-» белгісімен жоқ екендігін белгілейді. Плазмолиздің бар екендігін – тірі жасушалар, жоқтығын – өлі жасушалар көрсетеді.

Өсімдіктің аты	Температура, °С					
	48°С	50°С	52°С	54°С	56°С	58°С
қарағаш	+	+	-	-	-	-
қайың	+	+	-	-	-	-

**Қорытынды:** Екінші тәжірибелік жұмысымда мен түрлі өсімдіктер жасушаларының цитоплазма ақуыздарының коагуляциясының температура басын анықтадым. Тәжірибе нәтижесі мынаны көрсетті:

48°С-50°С да тірі жасушалар шамалы болды, ал 52°С, 54°С, 56°С, 58°С тірі жасушалар жоқ болды яғни тірі жасушалар температура жоғарлаған сайын жоғалады. Сондықтан өсімдіктер сарғаяды.

### №3 Түрлі өсімдіктердің жасушаларының құрғауға төзімділігін анықтау.

Қала көшелерінде кездесетін, бірақ таза зоналарда өсетін түрлі ағаштардың жапырақтарын алады. Жапырақтан 2-4 см<sup>2</sup> болатын пластинкалар кеседі және оларды 1:1 қатынаста сұйытылған H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> үстіне эксикаторға салады. Пластинкаларды 2-3 сағат мөлшерде ұстайды және соңынан тіліп «бейтарап қызылмен» бояйды. Бұл жағдайда тек тірі жасушалардың санын ғана емес, судың қандай мөлшерінде төзімділік жоғары екенін білуге болады.

**Қорытынды:** Үшінші тәжірибелік жұмысымда мен өсімдіктің құрғауға төзімділігін анықтадым. Тәжірибе нәтижесі мынаны көрсетті: Өсімдікте тірі жасушалардың жоқтығына байланысты құрғауға төзімсіз деп қорытындылаймын.

### №4 Өсімдіктердегі ақуыздардың коагуляциясына төмен температуралардың ықпалы.

а) 2-3 г қарағаш немесе қайың (аязға төзімді) жас жапырақтарын, қара тополь (суыққа төзімді) немесе бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын келіде 4мл сумен үгітеді, езеді. Келідегі ерітіндіні 6мл сумен шайып, ерітіндіні сүзгіш қағазда фильтрлейді немесе центрифугалайды. Алынған жасыл хлорофилл-протеид ерітіндісін сынауыққа құяды. Бөлме өсімдіктерінде қыста ақуыз нашар түзіледі, сондықтан ілмені 3-5 г дейін алады. Барлық сынауықтардағы ерітінділерді «қар-мұз» қоспасында қатырады, оларды әр 5 минут сайын қарап тұру керек.

*Келесі шартты белгілерді пайдаланмыз.*

1. Қату басында (мұз кристалдармен гомогенді масса) – «+»
2. Бөлшектеп қату (мұз кристалдарының көпшілігі, бірақ тұтас қабат емес) – «++»
3. Толық қату (мұздың тұтас қабатының пайда болуы, пробирканы аударғанда су төгілмейді) – «+++»

Нұсқа	Уақыт минутпен					
	5	10	15	20	25	30
тополь	-	-	+	+	++	+++
қарағаш	-	-	+	+	++	+++

**Қорытынды:** Мен төртінші тәжірибемде өсімдіктің төменгі температураға төзімділігін анықтадым. Тәжірибе нәтижесі мынаны көрсетті:

5-10 минутта өзгеріс жоқ, 15-20 минутта қату басында, 25 минутта бөлшектеп қату, 30 минутта толық қату

### ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ:

Тәжірибе барысында өсімдіктердің жоғарғы және төменгі температураға төзімділігін анықтап шықты. Нәтижесінде өсімдіктердің жоғарғы және төменгі температураға төзімсіз екеніне көзім жетті. Өсімдіктің қоршаған орта үшін маңызы өте зор. Ал осы температураның жоғарлауы немесе төмендеуі әсерінен мыңдаған өсімдіктер зардап шегіп жатыр. Температураның жоғарлауына немесе төмендеуіне себепкер факторлар мыналар:

- Өнеркәсіптен шығатын әр түрлі газдар атмосфераға кері әсерін тигізіп климат өзгеру
- Парниктік газдардың әсерінен озон қабаты тесіліп ультракүлгін және инфрақызыл сәулелер жер бетіне өтіп климат күрт өзгеруі.



- Орманды кесу, жанартау атқылау

**Оның алдын алу үшін мына шараларды ұсынамын:**

- Парниктік газдар шығатын әр түрлі тұрмыстық заттарды қолданыстан алып тастау;
- Өнеркәсіптерді экологиялық тұрғыда шартты көрсеткіштерін бақылап отыру;
- Кәсіпорын,автакөліктерге арнайы фильтрлерді орнату;
- Орнатылмаған жағдайда қатаң түрде салық төлету;

**Әдебиеттер**

1. Баешова А.Қ. «Өндірістік экология негіздері»
2. Сулеев Д.К.,Экология и природопользование. Учебник. – Алматы.Ғылым, 2004
3. Справочник инженера-эколога т. 1, 2 М, Недра, 1999г.
4. А.И.Булатов және басқалары, Инженер экологтың анықтамалығы, 1,2,3,
5. Н.А.Бирюкова. Экология негіздері. М. Владос, 2004
6. А.И.Федорова, А.Н. Никольская. Экология және қоршаған ортаны қорғау бойынша практикум М. Владос, 2003

**М.Е. Тұрлыбеков**

ШҚО әкімдігінің ББ «Геологиялық барлау колледжі» КҚМК  
Ғылыми жетекші – А.К. Оспанова

**БИОИНДИКАТОРЛАРДЫ АНЫҚТАУ. АҒАШТАРДЫҢ АВТОКӨЛІКТІҢ ШЫҒАРЫНДЫ ГАЗДАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТӘЗІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ**

**Мақсаты:** 1.Семей қаласының түрлі аудандарында өсетін ағаштардың антропогендік фактор әсерінен өсуінің бұзылуының дәрежесін бағалау. 2. Экологиялық факторлар әсерінен орман фитоценозының бұзылу дәрежесін бағалау. 3. Атмосфералық ластануды қарапайым қарағайдың генеративті ағзаларының сипаты бойынша анықтауды үйрену.

Автокөліктердің қалдық газдары қазіргі кезде қала экожүйесінде шығарылатын зиянды заттардың жалпы мөлшерінің 60-80% алады. Қалдық газдардан автотрофтар (жасыл өсімдіктер) және гетеротрофтар (адам және жануарлар) зиян шегеді. Алайда кейбір өсімдіктер атмосфераны зиянды қоспалардан тазалайды.

Қалдық газдардың құрамына иіс газы, азот оксидтері, күкіртті газ, қорғасын қосылыстары және түрлі канцерогенді көмірсутектер сияқты зиянды заттар кіреді.

**Зерттеу бөлімі:**

**1-тәжірибе. Ағаштардың жағдайы бойынша орман фитоценозының бұзылу дәрежесін анықтау.**

Кесте1 – Сыртқы белгілері бойынша ағаштар жағдайын бағалау шкаласы

Балл	Ағаштар жағдайының сипаттамасы
1	Өсуі көлемі нормаға сәйкес, сыртқы зақымдану белгілері жоқ, сау ағашар.
2	Әлсіреген ағаштар. Крона әлсіз торлы, жеке бұтақтары кепкен. Жапырақтары мен инелері сары түсті. Қылқан жапырақты ағаштардың діңінде қатты ағулар, кейбір бөліктерінде қабықтары жансызданып, өлген.
3	Күшті әлсіреген ағаштар. Крона қиықтанған, ұшы құрғақ, бұтақтары кепкен. Жапырақтары ашық-жасыл, инелері бұрғыл түсті және 1-2 жыл осылай болып тұр. Жапырақтары ұсақ, бірақ үлкен де болады. өсуі азайған немесе тоқтаған. Өздік ағуы күшті. Қабығының көп бөлігі жансыз.
4	Кебуге айналған ағаштар. Крона бойынша барлық бұтақтары кепкен. Жапырақтары ұсақ, жетілмеген, ашық-жасыл, сары түсті; жапырақтары ерте түсуі байқалады. Инелері (хвоя) жалпы санының 60% зақымданған. Өсуі тоқтаған.
5	Кепкен, құрғақ ағаштар. Кронасы құрғақ. Жапырақтары жоқ, инелері сары немесе бұрғыл, түсіп жатыр немесе түсіп қалған. Қабықтары қабыршықтанып түсуде немесе түсіп қалған. Діңіне ксилофагтар (ағаш жегіштер) орныққан.

Визуальді анықтаулар мен формула бойынша есептеулердің нәтижелерін кестеге толтырамыз

Кесте 2 – Аралас орман ағаштарының жағдайын бағалау

Ағаш түрі	Ағаш саны	Ағаштар жағдайы	Түр жағдайының коэффициенті
1 қайың	5	2 2 2 3 4	2,6
2 қарағаш	5	2 2 3 3 4	2,8
Зтополь	5	2 2 2 3 3	2,4

Орман ағаштарының жағдайын бүтін коэффициентін (к) анықтау

$$K = \frac{K_1 + K_2 + K_3}{R}$$

Мұндағы  $K_1, K_2, K_3$  – ағаш түрлерінің жағдайының коэффициенті,  $R$  – ағаш түрінің саны

Келесі градацияны пайдаланып, орман ағаштарының жағдайын бағалаймыз:

$K < 1,5$  – ағаштар сау,  $K = 1,6-2,5$  – әлсіреген ағаштар,  $K = 2,6-3,5$  – күшті әлсіреген ағаштар,  $K = 3,6-4,5$  – кебуге айналған орман,  $K > 4,6$  – құруға айналған орман

2,0-2,5 коэффициенттері жағдайында ағаштар қауіпті жағдайда деп бағаланады, атмосфералық ластауды азайтып, осы орман алаңында аббаттандырудық шаралар кешенін жүргізгенде қалпына келтіруге болады. Коэффициент 2,5 тен асқанда өте қауіпті деп танылады, орман ағаштарының құлдырауына әкеледі.

**Есептеу:**

Берілгені:

формуласы:

$K_1=2,6; K_2=2,8; K_3=2,4$

$$K = \frac{K_1 + K_2 + K_3}{R} = \frac{2,8 + 2,4 + 2,6}{5} = 1,56$$

**Қорытынды:** Тәжірибе барысында ағаштардың сыртқы белгілері бойынша жағдайын анықтадым. Тәжірибе нәтижесі мынаны көрсетті:  $K=1,56$ , яғни оны берілген коэффициенттермен салыстыра отырып ағаштың әлсірегенін анықтадым.

**2-тәжірибе. Қаланың түрлі аудандарында өсетін ағаштардың өсу жағдайын анықтау.**

Кесте 3 – Түрлі ластанған зоналардағы ағаштардың экологиялық жағдайлары

Зерттеу зоналары есептеу көрсеткіштері	Ағаштар нөмірі										Көрсеткіштердің ортақ мәні	
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10		
Өндіріс орнының қорғаныш зонасы												
а)	20	15	10	15	20	10	20	15	20	10	15,5	
б)	10	20	15	10	15	10	20	20	20	10	15,0	
в)	15	10	20	15	30	30	40	20	40	20	24,0	
Қала сыртының зонасы												
а)	1	1	1	1	2	2	3	1	2	1	1,5	
б)	20	5	0	50	55	60	45	80	20	5	34	
в)	10	2	0	15	30	25	15	20	5	0	12,2	

**Қорытынды:** Екінші тәжірибеде мен қаланың түрлі аудандарында өсетін ағаштардың өсу жағдайын анықтадым. Тәжірибе нәтижесінде мен екі жағдайда өсуін анықтап көрдім, яғни өндіріс орны мен қала сыртындағы ағаштарды тәжірибе объектісі ретінде алдым. Тәжірибе нәтижесі мынаны көрсетті:

Өндіріс орнындағы ағаштар өте күшті ластанған, ал қала сыртындағы ағаштар сәл ластанған.

**Қарапайым қарағайдың белгілері комплексі бойынша ауа ластануының биоиндикациясы.**

Кесте 4 – Түрлі зоналарда қарапайым қарағайдың қылқан инелерінің зақымдануы мен құрғауы.

Қылқанды ине жағдайы	Участок №1		Участок №2	
	Қылқан ине саны	Жалпы санынан қылқан ине %	Қылқан ине саны	Жалпы санынан қылқан ине %
Зерттелген инелер	79	100	147	100
Зақымданған ине				
1-ші класты				
2-ші класты			+	
3-ші класты	+	+	+	+
Инелердің құрғауы				
1-ші класты				
2-ші класты				
3-ші класты	+	+	+	+

**Есептеу :**

$$\text{Бер: } Q = \frac{3B_1 + 2B_2 + B_3}{B_1 + 2B_2 + B_3} = \frac{3 \cdot 3 + 2 \cdot 7 + 10}{3 + 2 \cdot 7 + 10} = 1.2$$

**B<sub>1</sub>-3**

**B<sub>2</sub>-7**

**B<sub>3</sub>-10**

**Т/к: Q-?**

**Қортынды:** Үшінші тәжірибемде мен қарапайым қарағайдың белгілері комплексі бойынша ауа ластануының биоиндикациясын анықтадым. Тәжірибе нәтижесі мынаны көрсетті: қылқан инелердің өмір сүру ұзақтығы 1,2 жылға тең болды

#### Әдебиеттер

1. Справочник инженера-эколога Т. 1, 2 М, Недра, 1999г.
2. Е.А. Перегуд "Быстрые методы определения вредных веществ в воздухе" М, Химия, 1970г.
3. А.И. Булатов және басқалары, Инженер экологтың анықтамалығы, 1,2,3, б.

#### Д.А. Тоқтархан

ШҚО ӘББ «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі – Л.С. Мухамеджанова, экология пәнінің мұғалімі

#### СЫРЫ БЕЙМӘЛІМ ӨСІМДІК

Өсімдіктер әлемінің адамзат үшін де, жан – жануар үшін де пайдасы зор. Ол оттегін бөлуші, ол – табиғат көркі, ол – дәрілік препарат, ол – мал азығы. Бірақ өсімдік ерекшелігін білмеген жанға оның пайдасы мен зияны бірдей. Сондықтан да әрбір өсімдікті жыға тану баршамыздың міндетіміз.

Менің туған жерім Қарабұлақтың табиғатында да тылсым сырлар, құпиялар жетерлік. Мен өз туған жерім Қарабұлақ ауылында өсетін әрбір өсімдіктің, жан – жануар, аң – құстың пайда болу тарихын, атын, қолдану аясын, бәрін – бәрін білгім келеді. Туған жерімнің әрбір бұтасы, әрбір аңы таныс болса да, биолог – ғалымдар, оқушылар, ауыл тұрғындары үшін құпиясы мол боп тұрған ерекше бір өсімдік назарымды аударды. Бұл өсімдіктің ерекшелігі сонда, ол туралы еш жерде ешбір дерек, ешбір мағлұмат, тіпті аты да жоқ. Өсімдік ауылдың шетінде, сазды жерде, киіз үй секілді домаланып өскен.

**Өсімдіктің сыртқы көрінісі:**



Мен ғылыми жобамның негізгі тақырыбына айналған бұл өсімдіктің биологиялық сипатын анықтауды басты мақсат етіп алдым. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін зерттеу жұмысыма

төмендегі әдіс – тәсілдерді қолдандым. Зерттеу жұмысымдағы әдістерді пайдалана отырып, ауыл тұрғындары Байғалиев Бекен, Жақсылықов Кенжеш, Зағыпарова Қарлығаш, Қайролда ақсақалдан сұхбат алдым. Сұхбат барысында бұл өсімдіктің 1990 жылы болған зұламат жер сілкінісінен кейін ауылдың шетінде, жолды бойлай пайда болғанын аңғардым. Ал қазіргі таңда бұл өсімдік күннен – күнге көбейіп, құлашын жайып келеді. Қарасаң көздің жауын алатын қазақтың киіз үйі секілді домаланып, өсіп тұрған таңғажайып өсімдікке кім қызықпасын! Оның көбейуі сонша, бұл өсімдіктің ендігі таңда ауыл ішін бойламауына кім кепіл! Ауыл тұрғындары бұл өсімдікті «Итсигек» деп атағаннан кейін, сан кітаптардың бетін парақтай отырып «Итсигек» туралы материалдарды іздестірдім [2, 3, 4].

Осындай мәліметтерден кейін ендігі кезекте бұл өсімдіктің тұқымдасы шығар деген оймен, бірнеше бұталарын алып, жеке – жеке қарастырдым. Міне қызық! Бір өсімдік болса да, бұталары әр түрлі. Анықтап қарасаң, бір бұтағы көкпекке, ал енді бірі шеңгелге ұқсайтынын байқайсың «Мұндай да болады екен – ау» деп, көкпек пен шеңгел туралы деректерді қарастырып салыстырдым.

Бұл өсімдік Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылынан бастау алып, Сәтбай елді мекеніне дейін өрбіген. Тас жол бойымен есептегенде шамамен төрт километр жерді алып өскен. Сол, себепті біз зерттеу барысында Сәтбай елді мекеніне барғанымызда, Шилібаев Қамбар мен Әліпбаев Батырханның сөздері біздің бақылағанымызды нақтылай түсті. Олар бұл өсімдіктің тек сазды, сортаң жерлерде шеңгелмен бірге өсіп тұратынын айтты. Осындай ерекшеліктеріне сүйене отырып, бұл өсімдікті шеңгелмен селбесіп өседі деген қорытындыға келдім.

Зерттеу барысында ауыл тұрғындарының бірі әрі ауыл бағбаны, дәрілік өсімдіктерді жинайтын Қайролла ақсақал бұл өсімдікті білетінін, Қытайда бұны «Қараматау» деп атайтындығын, сонымен қоса емдік қасиеті бар екендігін айтты [1]. Осы әңгімеден кейін энциклопедиядан «Қараматау» деген өсімдік жайлы қарастырып [5]. Ендігі кезекте, белгісіз өсімдік пен қараматау екеуін салыстырдым. Салыстырсам, екеуінің мүлдем ұқсамайтын ерекшеліктері бар. Жүргізілген зерттеулерімде осы өсімдік өсетін жердің топырақ құрамын анықтаумен айналыстым, себебі бұл өсімдік ауылда жаппай тек сазды жерде ғана өсуде. Топырақ құрамын анықтау.

Топырақты дистильдеген суға араластырып, сүзгі қағазбен сүзу арқылы мөлдір ерітінді алдым. Оның құрамындағы катиондар анықтау үшін жалын түсін пайдаландым. Жіңішке мыс сымын спирт шамына қыздырып, тазартып, анықталатын ерітіндіге батырдым. Сол кезде жалын түсі күлгін түске және сары түске боялып жанғанын көрдім. Олай болса ол ерітіндіде  $K^+$ ,  $Na^+$  бар екенін дәлелдейді. Келесі, анықталатын ерітіндіден біраз мөлшерде алып оған  $BaCl_2$  тамызғанда ақ тұнба түзілді. Бұл сульфат ионы болғаны. Бірінші кезекте ерітінді ортасын анықтап алуды басты мақсат етіп алдым. Ол үшін анықталатын ерітіндіге лакмус қағазы мен фенолфталеин ерітіндісін пайдаландым. Индикатор түсі өзгерген жоқ. Олай болса орта бейтарап. Ерітіндіге күміс нитратын қосқанда ешқандай өзгеріс байқалмады. Бұл  $Cl^-$ ,  $Br^-$ ,  $PO_4^{3-}$  ионының жоқ екендігін көрсетеді.  $CO_3^{2-}$  ионын анықтау үшін ерітіндіге қышқыл ертіндісін ( $HCl$ ) қосқанда  $CO_2$  газы бөлінбеді, яғни қайнау реакциясы жүрген жоқ. 100 гр. топырақты өлшеп алып, кептірдім. Қайтадан өлшедім, сонда 77 гр. топырақ қалды. Топырақтың құрамынды 23 гр. су болғаны. 77 гр. топырақты қыздырғаннан кейін өлшегенде 64 гр. қалды. 13 гр. қарашірік болғаны. 64 гр. топырақты суда қайта – қайта шайқадым. Қалған 11 гр. бұл құм. Осылай қолымда бар реактивтер мен топырақ құрамын анықтадым. Ал зерттеу жұмысымдағы өсімдіктің таралу аймағы Қарабұлақ ауылынан Сәтбай елді мекеніне дейін 4 км. жерге дейін таралған. Зерттеу қорытындысы бойынша әзірге өсімдікті «Шөмешөп» деп уақытша атағанды жөн көрдім.

### Әдебиеттер

1. М. Қожабеков – «Дәрілік өсімдік»
2. Қ. Сыбанбеков «Биология ғажаптары»
3. Р. Әлімқұлов «Өсімдік табиғат қазынасы»
4. Қ. Сыбанбеков «Жабайы өсімдіктер»
5. Қазақ Совет Энциклопедиясы

## **ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫН ЗЕРТТЕУ. ХИМИЯЛЫҚ ЛАСТАҒЫШТАРДЫ АНЫҚТАУ**

Қар – қоршаған ортаның қаншалықты ластанғанын байқап зерттеуге болатын ең ақпараттық және ыңғайлы индикаторларының бірі. Адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде қарға түсетін түрлі ластағыштар еріген кезде топыраққа еніп, онда жиналады.

Қарды зерттеу тәуліктің жарық уақытында жүргізілді. Одан әрі зерттеу үшін қар жамылғысын кесіп, әр түрлі тереңдікте температура өлшенді. Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, қар жамылғысының терең қабатындағы қардың температурасы жер бетіне қарағанда жоғары. Қар жамылғысы толық болмаған жағдайда топырақ толығымен қатып қалады. Бұл қандай да бір өсімдіктердің абсолютті болмауына әкеп соқтырар еді.

Қар құрылымын, тығыздығын және құрамын зерттеу үшін кесіктің барлық тереңдігі бойынша сынамалар алынды. Тәжірибелі учаскеден алынған қар үлгілері ыдыстарға орналастырылды. Оларды бөлме температурасында қар толық ерігенше қалдырылды. Үлкен тереңдікте алынған қар үлгілерінен көп су алынды, бұл төменгі қабаттағы қар тығыз екенін көрсетеді. Қардың тығыздығы көптеген факторларға байланысты: өз салмағының астында отыруы (қар жамылғысының қалыңдығынан), жел кезінде тығыздалу, жылым кезінде өзгерістер, сұйық жауын-шашынның түсуі, күн райы, жыл мезгілі және рельеф. Қар абсолютті таза болмағандықтан (әсіресе жолдың бойында) біз қардың механикалық және химиялық ластанғанын зерттедік. Ол үшін арнайы методикалық нұсқаулықтардың көмегімен қар суының органолептикалық және химиялық қасиеттерін анықтадық. Талдауды титриметриялық, гравиметриялық әдістер арқылы жүргіздік.

Органолептикалық қасиеттерінің нәтижесі бойынша таза сынама иісі 1 балл – «өте әлсіз», ал ластанған сынама иісі 3 балл – «білінеді». Температурасы бірдей 16°С. Таза сынама түсі мөлдір, ал ластанған бұлыңғыр түсті. Қар сынамасының мөлдірлігіне келетін болсақ, таза сынама – 15 см анық көрініс, ластанған сынама 10 см. Құрғақ қалдық таза сынама 0,036, ластанған сынама 0,108 мг. Химиялық қасиеттері анықтау барысында таза сынаманың құрамындағы хлор ионы = 266.25 мг, ал ластанған сынамада = 443,75 мг.

Жалпы қаттылықты анықтау барысында таза сынама 0,3088мг, ластанған сынама 0,37мг нәтижесіне қол жеткіздік.  $Fe^{2+}$  таза сынама 0,05 мг/л, ластанған сынама 0,15 мг/л. Мыс пен қорғасынды анықтау барысында еш нәтижеге қол жеткізген жоқпыз. Талдау барысында ластану нәтижесі шекті мүмкін концентрациядан аспайтынына көз жеткіздік.

Жұмыс нәтижесі бойынша қорытынды:

1. Колледж жанындағы учаскеде механикалық және химиялық ластағыштар, соның ішінде ауыр металл иондары қауіпті концентрацияларда (ШМК-мен салыстырғанда) табылған жоқ.
2. Жақын маңдағы автожолдағы қар сынамасындағы механикалық қоспалардың, хлорид – иондардың, сондай-ақ қорғасын мен темір иондарының жоғары құрамы анықталды, бұл автомобильдердің пайдаланылған газдарының әсеріне, көктайғақпен күресу үшін химиялық реагенттерді және адам қызметінің өзге де нәтижелеріне байланысты.
3. Қар жамылғысында болатын химиялық ластағыштар еріген кезде топыраққа түседі, жылдан жылға оған жиналып, өсімдік және жануарлар организмдеріне енеді. Адам ағзасында жинақтай отырып, қан айналымы қызметінің, ми қызметінің, зат алмасудың, аллергиялық реакциялардың бұзылуларын тудыруы мүмкін.

Ұсыныстар

1. Ауа ластануының алдын алу үшін авто көліктердің өндірісін өзгерту арқылы электрокар көліктерін қолдану.
2. Ескі авто көліктерге қалада жүруге рұқсат бермеу немесе эксплуатация жасау.
3. Зауыт фабрика немесе өндіріс құрылыстарын қала сыртына салуға негіздеу.

4.Қалада бар зауыттардан шығатын зиянды шығарындылардың мөлшерін азайту және ТҚ ережесін толық орындауын қадағалау.

5.Жүк көліктеріне бөлек жол салу мен қатар дизель отынға тиым салу.

### Әдебиеттер

1. Астафуров В.И. Основы химического анализа
2. Асеева З.Г., Харьковская Н.Л. Анализ воды из природных источников

### Ә.М. Қуанышева, Е.Д. Серикбосынова

№22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі Семей қ.  
Ғылыми жетекшілері – Байтемирова Г.Т. математика пәні мұғалімі,  
Юсбекова Г.М. химия пәні мұғалімі

## ХИМИЯ ЕСЕПТЕРІН ГЕОМЕТРИЯ ФОРМУЛАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ШЕШУ

**Зерттеу жұмысының өзектілігі:** жаратылыстану ғылымдарының есептерін шешу үшін математикалық білімді қолдану, математика ұғымдарының жаратылыстану пәндерінің әртүрлі салаларындағы мүмкіндіктерінің жоғары екендігін көрсетеді.

**Зерттеудің мақсаты:** жаратылыстану ғылымдарының бірі химия пәнінің есептеріне геометриялық әдістерді қолданып шешу.

**Күтілетін нәтиже:** осы зерттеу барысында геометриялық теоремалардың химиялық мағынасын, оларды дәлелдеуде геометриялық әдісті қолданып үйрендік.

Мысал Ерітінді 100 грамм тұздан 400 грамм тұз тұрсын. Сонда  $m = 100 + 400 = 500$

болады. Ерітіндідегі тұздың концентрациясы  $a = \frac{100}{500} = \frac{1}{5} = 0,2 = 20\%$ , ал судың концентрациясы

$b = \frac{400}{500} = \frac{4}{5} = 0,8 = 80\%$  болады.

Енді осы айтылғанның геометриялық кескінін жасайық.

Ұзындығы бір бірлікке тең болатын АВ кесіндісін алайық. А және В заттарынан көптеген қоспа жасауға болады, олар бір бірінен салмағы немесе концентрациялары бойынша ғана айырықшаланады.



Әрбір қоспаға АВ кесіндісінен бір К материалдық нүкте сәйкес келеді. К нүктесін  $KA=b$ ,  $KB=a$  болатындай етіп аламыз, мұндағы а мен b қоспадағы сәйкес А және В компоненттерінің концентрациялары. К материалдық нүктесінің салмағын қоспаның салмағына а тең деп есептейміз. Басқаша айтқанда, К нүктесі (А,а) және (В,b) екі нүктенің, яғни (А,аm), (В,bm) нүктелерінің де ауырлық центрін береді. Сонда К нүктесі осы екі материалдық нүктенің бірігуі болады:  $K=(A,p)+(B,q)$ .

### Әдебиеттер

1. Аносов В.Я. Начертательная геометрия в применении к химическим диаграммам
2. Александров А.Д. О геометрии. Математика в школе, 1980,1. В 3. 56 – 62с.
3. Александров Д.А. и Швайченко И.М. Методика решения задач по физике в средней школе: Пособие для учителей. – Л.: Учпедгиз, 1948. 240 с.
4. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия. М.ВШ., 1988г.
5. Дубнов Я.С. Ошибки в геометрических доказательствах. Москва: Физматлит, 1961. – 70с.
6. Шоқыбаев Ж. Бейорганикалық және аналитикалық химия. Алматы: «Білім», 2003ж

**А.Б. Акембаева, С.Е. Жеңісқазина**  
№47 ЖОББМ, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – А.Ж.Кумашева, география пәні мұғалімі,  
Г.К. Смагулова, химия пәні мұғалімі

## **СИНТЕТИКАЛЫҚ ЖУҒЫШ ЗАТТАРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ**

Бүгінгі күні химия халық шаруашылығының барлық салаларында, күнделікті тұрмысымызға кеңінен қолданылып отыр. Соңғы кезде жедел қарқынмен дами бастаған өндіріс салаларының бірі – тұрмыс химиясы. Тұрмыс химиясының негізгі мақсаты – үй-ішін, жиһаздарын, көрпе-төсекті, киім-кешектерді, мебельді, қабырғаларды тазалайтын, жуатын құралдар, косметикалық препараттар дайындап шығару.

Біздің ғылыми жоба да сіз синтетикалық жуғыш заттардың пайдасы мен зиянын кеңірек білетін боласыздар. Мысалы Persil компаниясы арнайы сезімтал теріге және тері аллергиямен ауыратын адамдар үшін өнім жасау үшін, компания «Хенкель» Анти-демікпе және аллергиялық аурулар неміс қауымдастығымен күш біріктірді. Жаңа Persil Sensitive ұнтағы тек жууға қабілетті емес, сонымен қатар барлық тері түрлерінде қолданыла алады. Біз әр адамның терісі өзгеше болатынын білеміз. Бірақта кейбір адамдар тері аллергиясы мен ауыратындары да бар. Олар химиялық ұнтақтарды ұстаса өз денсаулығына қауіп төнеді. Осыны кейбір компаниялар алдын ала қарастырып, ойлаған. Ал кейбіреуі оны тіпті ойламағанда. Жәнеде кейбір ата-аналар артында жазылған шарттарды оқымайды. Сол шарттардың ішінде былай жазылады: «балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыздар» деп жазылған. Бірақ өте кішкентай әріптермен жазылған.

Тұрмыста пайдаланылатын химиялық заттар – қазіргі уақытта дамыған өндірістің өніміне айналып отыр. Үйдегі тазалық жұмыстарында оларды пайдаланбау мүмкін емес. Бірақ та біз оларды пайдаланар алдында, біздің денсаулығымызға келтіретін зияны туралы ойлана бермейміз. Мысалы, қазіргі тұрмыста пайдаланып жүрген кір жууға арналған ұнтақтарда полифосфаттар бар, ал олар адам денсаулығына, қоршаған ортаға аса зор зиян келтіреді. Беттік активті заттар (БАЗ), хлор, көмір қышқыл газы, азоттың оксидтері, фенол, формальдегид, ацетон, аммиак, ағартқыштар, ароматизаторлар – осы химиялық заттар, біздің күнделікті тұрмысымызда қолданылатын (кір жуғыш ұнтақтарда, киім тазартқыштарда, ыдыс, ванна, туалет тазалағыштарда) парфюмериялық заттар құрамында кездеседі. Бұл заттардың барлығы да биологиялық жағынан белсенді. Ешкімге құпия емес, қоршаған ортаның осы заттармен ластануынан, халықтың арасында мынандай аурулар көптеп кездеседі: аллергия, бронхит, түрлі тері аурулары. Тағы бір айта кететін жәйт, осы тұрмыстық химия заттарын мөлшерден тыс пайдаланудың әсерінен пайдалы микрофлора ластанады. Ғалымдардың айтуынша, планетамызда аллергия ауруының көбейіп кетуі шамадан тыс химиялық заттарды қолданудың әсерінен, адамның иммундық жүйесін бұзылған деп отыр.

Қорытындылай келе, мынандай жұмыстар жасадым. Кір жуғыш ұнтақтарды зерттедім. Олардың құрамын, қасиетін, компоненттерін, адам денсаулығына және қоршаған ортаға әсерін анықтап жаздым, кір жуғыш ұнтақтардың қандай стандартқа сәйкес болу керектігін және олардың құрамына анализ жасадым.

Менің зерттеу жұмысым дүкендегі кір жуғыш ұнтақтарды таңдауға, сондай-ақ олардың құрамындағы фосфаттарды өндірістен алып тастау керектігінің тағы бір дәлелі болмақ. Неге?

Сауалнама алынған барлық оқушылар үй тазартуда тұрмыстық химияны пайдаланады. Көпшілігі жарнамаға, таныстарының айтуымен пайдаланады және оның құрамына мән бермейді. Сол пайдаланылатын химиялық заттар құрамында, адам денсаулығына зиянды заттар бар екені анықталған, мәселен: 1) Доместос, Ас, Прил құрамында хлор бар екені анықталған, 2) Апрель, Пемос, Ариэль, Тайд, Миф, текс, Дося, Лотос, Аист, Аистенок, Персил, Хенко құрамында фосфаттар бар екені анықталған. Ол кір жуу кезінде судың кермектігін азайтып, кірді жақсы ашуға көмектеседі. Бірақ, батыста дамыған елдерде осыған пара-пар, қоршаған ортаға зияны жоқ, экологиялық жағынан таза компоненттер – цеолиттер қолданылуда.



## Әдебиеттер

1. Олонцев И.Ф. Производство СМС и ТБХ в 2000 году: цифры и комментарии // Бытовая химия. – 2011. – № 5. – С. 6-7
2. Бочаров В.В. Эколого-гигиеническая оценка ПАВ – основы СМС и ТБХ // Бытовая химия. – 2012. – № 10. – С. 4-7
3. Олонцев И.Ф. Анализ рынка СМС и ТБХ в России // Бытовая химия. – 2014. – № 1. – С. 4-7
4. Зотова Е. Большая стирка // Новости торговли. – 2015. – № 6. – С. 58-60

**А.А. Аркеньева, Д.Б. Нурмухаметова**

№47 ЖОББМ, Семей қаласы

Ғылыми жетекшісі – А.Ж. Кумашева, география пәні мұғалімі,

Г.К. Смагулова, химия пәні мұғалімі

## АКУПУНКТУРА ТЕРАПИЯСЫ

Адам баласы есте жоқ ерте кездерден бері өзінің денсаулығы үшін үздіксіз іздене, күресе отырып, сырқатты емдеудің алуан түрін ойлап тапқаны медицина тарихынан жақсы мәлім. Сондай адам ақыл-ойы кемеңгерлігінің бір белгісіндей ежелден келе жатқан емдеудің бір түрі – ине шаншу және қыздырып емдеу тәсілі. Оны емдеу тарихында, әсіресе халықтық тәуіпшілік тарихында өте ерте заманнан-ақ нәтижелі қолданылып, ұрпақтан-ұрпаққа ұштасқан тәжірибе барысында жетіліп, кемелденіп, жаңа қырлар қосып қорланып отырған. Қазіргі таңда бұл мәселе күннен күнге өзекті болып саналады.

Акупунктура (лат. ацүс – ине және пүнцтұра – егу), чжень-цзю терапия, игнипунктура (лат. игнүс – от) – дененің жұмсақ тіндерінің белгілі бір нүктелеріне арнайы жасалған инелерді шаншу арқылы емдеу әдісі.

Инемен емдеу әдісінің қашан, дәл қай дәуірде пайда болғанын кесіп айтуға негіз боларлық тарихи дерек әзірше жоқ. Бірақ алғашқы иненің қанша сенімсіз көрінгенімен, тастан жасалғаны даусыз. Бұл сөзіміздің дәлелін көне қолжазбалардан табамыз.

Осы жоба арқылы қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген инемен емдеу терапиясы жайлы жан-жақты қарастырдық, сондай-ақ оның емдік қасиеттері де бар екенін анықтадық.

Инемен емдеу – адам денесінің белгілі бір нүктелеріне арнайы ине енгізетін дәстүрлі Қытай медицинасында негізгі бағыттардың бірі. Бір рет пайдаланатын инелер биологиялық белсенді нүктелерге енгізіледі. Адам денесінде терінің астында әртүрлі тереңдікте 600 астам нүкте бар. Инемен емдеу организмнің меншікті қорғаныс функциялары мен оның қорғаныс қасиеттерін күшейтетін және организмді ауруға қарсы күрестіретін арнайы заттарды жандандырады. Сондықтан бұл тәсілдің жанама әсері жоқ және ол аурудың белгісін ғана емес, себебін де кетіреді.

Алғашқы инені жалпы адам денесінің неғұрлым сезімтал, нәзік нүктелеріне егу керек. Инені денеге егу үшін ең алдымен сол жерді саусақпен басып, одан кейін теріні йодпен майлап, спиртпен сүртіп, содан соң барып инені шаншу керек.

Инемен емдеу кезінде науқас адамның ағзасына қалай әсер ететінің қадағалап отыру керек. Егер ине шаншылған нүктенің орны ауырсынатын болса, ауру адам одан қорқып қалуы мүмкін. Бұлай болмас үшін ине шаншу кезінде дененің ұйып, қызатынын және басқа да белгілерінің болатынын адамға алдын ала ескертіп қойған жөн. Кейде ине шаншыған кезде дене тітіркеніп, электр тогы соққандай болады, аяқ қолы мұздайды.

Инемен емдеуді бұлшықеттердің құрысқанын, ауырғанды кетіргенде қолданады, жүйке жүйесінің қызметін ретке келтіреді, неврологиялық ауырғанды кетіреді, организмнің инфекция мен вирустарға төзімділігін жоғарылатады, буындардың күйін жақсартады, қызару процессіне тосқауыл болады, бұлшықет тіні мен терінің күйіне қолайлы әсер етеді.

Шеткі нерв жүйелерінің дертін емдеу кезінде жалпы нүктелерге ине егу жақсы нәтиже береді. Арқалық және дененің мүше құрылысы сияқты жерлерге ине егу ойдағыдай болады. Егер ине рецепторларға дұрыс тимесе, онда адамның ауырсынуы мүмкін, мұндай болмауы үшін инені

іждағаттап егумен бірге, ауру адамның жағдайын бақылаған жөн. Егер адам мазасызданатын болса, онда инені сәл сол жаққа жылжыту керек. Сонда адамның ауырсынуы бірден басылады.

Инемен емдеудің адам денсаулығына пайдалы екенін ғылыми тұрғыда түсіндіріп, тиімді қолдану түрлерін ұсындық. Зерттеу жұмысының нәтижесінде қазіргі уақытта акупунктура әдісі кеңінен қолданылып жатқаны анықталды. Қазақстан жерінде жеке меншікті клиникалардың ішінде 343 клиника акупунктурамен айналысатыны анықталды. Статистика бойынша науқас адамдардың 75% сауығып кеткені анықталды.

### Әдебиеттер

1. В.Д. Молостов "Иглоотерапия и мануальная терапия". М., 2006г, 236 с.
2. Джозеф М. Хэлмс "Энергетика иглоотерапии: клинический подход для врачей". 2007г, 126 с.
3. Макеев А.В. Альтернативная терапия. 2013 г, 116 с.
4. Джонас В.Б., Левин, Дж.С, "Основы альтернативной медицины". Балтимор, 2014г, 137 с.
5. Молостов В.Д., «ИГЛОТЕРАПИЯ: Практическое пособие по энергетическому лечению болезней.» 2009 г, 178 с .

### А.Б.Зайтова

«Электротехника колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі – И.Е.Алшимбаева, химия пәнінің оқытушысы

### СИНТЕТИКАЛЫҚ ДӘРІЛІК ЗАТТАР

Менің зерттеудің мақсаты синтетикалық дәрілерді зерттеу, сондай-ақ синтетикалық препараттардың оң және теріс қасиеттерін анықтау болып табылады. Бұл жұмыста теориялық материал мен эксперименталды тәжірибе негізінде мен ацетилсалицил қышқылын зерттедім: құрамы, құрылысы, оның органикалық заттар сыныбына жататындығы анықталды. Оның қоспаға және азық-түлікке әсері бойынша эксперименттер жүргізілді.

Мен ракурстағы күрделі органикалық қосылысты тек химия ғана емес, медицина да қарастырдым.

Жұмыстың өзектілігі қазіргі медицинада синтетикалық дәрілерді қолданудың практикалық маңыздылығы болып табылады. Бұл жұмыс химия мен биологияның жобалық аясында жүзеге асырылады. Жоба зерттеу элементтері бар ақпараттық ретінде саралануы мүмкін. Дәрілік препараттардағы химиялық заттардың құрылымы бар фазалардың синтездеу процестерін зерттеу және олардың адам ағзасына әсері өзекті болып табылады.

**Зерттеу объектісі:** синтетикалық заттар, олардың қасиеттері, құрылысы, адам ағзасына әсері.

**Зерттеу пәні:** синтетикалық дәрілер; препараттарды синтездеу процестері; синтетикалық препараттардың адам ағзасына әсері.

**Зерттеу мақсаты:** синтетикалық дәрілердің негізгі түрлері мен қасиеттерін зерттеу; қол жетімді препараттардан синтетикалық дәрілердің жанама әсері немесе тиімділігі.

Гипотеза:

Ацетилсалицил қышқылының пайдалы қасиеттері оны денсаулық мәселелерінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Міндеттер:

- 1) зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу.
- 2) синтетикалық дәрілермен тәжірибелік эксперименттер жүргізу, нәтижелерді талдау.
- 3) Синтетикалық препараттардың оң және теріс қасиеттерін анықтау.

Зерттеу әдістері:

- 1) әдебиеттерді және басқа да көздерді талдау.
- 2) эксперименттік жұмыс.
- 3) бақылау.

Ғылыми жаңалығы:

- 1) ацетилсалицил қышқылының пайдалы қасиеттері туралы жаңа білім алынды.

- 2) араластыру реакциясы көрнекі түрде көрсетілді.
- 3) тәжірибелік жолмен аспиринаң антисептикалық қасиеттері дәлелденді.

Қорытынды

Осы жұмыс барысында мен синтетикалық дәрілердің құрамын, химиялық құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін, сондай-ақ олардың ағзаға әсерін зерттедім. Химия, биология және медицина саласындағы ой-өрісін кеңейтті. Жаңа білім негізінде келесі қорытындыға келді:

1. Ацетилсалицил қышқылы органикалық қышқылдар класына жатады.
2. Аспириннің химиялық қасиеттерін және оның құрамында көрсетілген препараттардағы құрамын анықтау бойынша эксперимент өткізді.
3. Аспирин өзінің қасиеттерінің арқасында медицинада да, көптеген құрамдастырылған препараттардың құрамында да кеңінен қолданылады. Тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданылады.
4. Барлық пайдалылығына қарамастан, аспирин адамға теріс әсер етуі мүмкін.
5. Сауалнама нәтижесі бойынша:
  - колледж студенттері мен оқытушылардың көпшілігі үй дәрі қобдишасында аспирин бар (аспирин бар дәрілер);
  - студенттер көбінесе бас ауруы кезінде аспирин қабылдайды, ал оқытушылар мен ата-аналар температура жоғарылағанда (суық тию кезінде);
  - студенттердің көпшілігі аспиринаң (аспирин бар):
  - оқытушылар, ата-аналар аспиринаң (аспирин бар дәрілердің) зияны туралы біледі, бірақ көпшілігі оны қабылдайды.

**А.М.Толеханова**

КГКП «Электротехнический колледж»

Научный руководитель – И.Е.Алшимбаева, преподаватель химии

### **КӨМІРСУЛАРДЫҢ ТІС ЭМАЛИНЕ ӘСЕРІ**

Уже в древние времена были различные взгляды на возникновение кариеса зубов. Кариес – это разрушение твердых тканей зуба, приводящее к образованию полости. Так, по мнению Гиппократ (460-377 годы до нашей эры), причина болезни заключалась в «дурных соках», приносимых кровью из больных органов (печени, желудка и других). Гален (131–211 годы) считал, что нервы зуба регулируют питание, от избытка которого возникает воспаление, а от недостатка – хрупкость и ломкость зубов.

*Целью нашего исследования является:изучить биохимическую сущность кариеса зубов и влияние углеводов на зубную эмаль.*

Для осуществления поставленной цели мы определили следующие задачи:

- Изучить литературу по данной проблеме.
- Изучить биохимические процессы, лежащие в основе кариеса зубов.
- Проанализировать факторы, влияющие на кариес.
- Найти эффективные способы защиты зубов от кариеса.
- Предложить более доступные гигиенические требования по профилактике кариеса зубов для школьников.

Колориметрическим методом было установлено, что 30 % учащихся имеют зубы с низкой кариесогенностью, а 70 % – высокую.

По результатам I и II частям эксперимента можно сделать вывод, что молочная кислота образовалась в тех пробирках, в которых были взяты пробы у учащихся с высокой степенью кариесогенностью зубной эмали.

При исследовании рН слюны учащихся с высокой степенью кариесогенностью зубной эмали было установлено ,что после приема карамели, рН понижается до критической отметки

3-4 в интервале от 20 до 30 минут. Восстановление pH=7 после «Dirol» происходит в этом же временном интервале 20-30 минут

Работая над темой «Влияние углеводов на состояние зубной эмали» мы использовали следующие исследовательские *методы*:

– *теоретические*: анализ литературы, анализ понятийно-терминологической системы;

– *эмпирические*: анкетирование, изучение и обобщение материала, эксперимент;

– *математические*: вычисление с применением математических формул, графические.

В результате работы мы изучили вопрос о сущности кариеса и факторах, влияющие на данный процесс.

*Кариес* – процесс разрушения зубной эмали, который проходит в три стадии:

– расщепление углеводов под действием стрептококков до образования молочной кислоты;

– молочная кислота деминерализует эмаль зуба и открывает путь микроорганизмам в глубокие слои эмали;

– протеолитические бактерии проникают в эмаль и с помощью ферментов разрушают органическую субстанцию зуба, появляется дефект.

– молочная кислота образуется при действии стрептококков зубной эмали на глюкозу и была обнаружена реактивом – хлоридом железа (III);

– pH слюны понижается до критической отметки 3-4 в интервале от 20 до 30 минут, а восстановление pH=7 после «Dirol» происходит в этом же временном интервале 20-30 минут;

– глюкоза является кариесогенным фактором, который понижает pH слюны до критической отметки;

Анализ меню показал, что содержание макроэлементов в продуктах питания, необходимых для здоровья зубов абсолютно недостаточен: фосфора в 5 раз меньше нормы, а кальций в 4 раза. Витамин С практически отсутствует.

Анкетирование студентов, показало, что дефицит кальция восполняется за счет домашнего питания, 69% ответили, что часто употребляют молочные продукты.

Было проведено анкетирование среди студентов с целью определения уровня соблюдения гигиенических правил по борьбе с кариесом. 57% студентов ответили положительно на вопрос о том, что чистят зубы один раз в день, 44% – не посещают стоматологический кабинет, при этом в колледже покупают сладости каждый день – 80%.

**Ж.Д. Нығыметханова, І.А. Манапова**

№22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицей, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Г.Т.Саяхова, биология пәнінің мұғалімі

### **МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ОҚУ ТӘЖІРИБЕ ҮЛЕСКІСІ**

Адам – табиғатпен егіз. Сондықтан да, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау, оған қамқор болу адамзат баласы үшін маңыздылығын жойған емес. Егер сіз табиғатқа қамқорлық жасасаңыз, оны табиғат үшін емес өзіңіз үшін, келешек ұрпақ үшін жасалған сауапты іс деп түсінгеніміз жөн. Біз – тумасынан табиғатты сүйіп өскен, қоршаған ортаға үлкен ілтипатпен қараған халықпыз. Өкінішке орай, ғылым мен техниканың ғаламат жетістіктері және шапшаң дамуы, адамзаттың табиғатты тонауы, биосферадағы жаратылыстың тепе-теңдік заңдарын бұзды. Мұның соңы азынаған желге, улы жаңбырға, ормандардың мезгілсіз қурауына, ауа райының бұзылуына, қоршаған ортаның әр түрлі улы қосылыстармен ластануына әкеліп соқтырды. Міне енді осы экологиялық апаттан қалай құтылуға болады? Қазақстан Республикасының Конституциясында *қоршаған ортаны қорғау* әрбір азаматтың абыройлы *мақсаты* болып саналатыны атап көрсетілген. Осыны негізге ала отырып экологиялық білім мен табиғат қорғауда біздің мектептің оқушылары мен ұстаздары өз үлесін қосуда.

### **Мектеп маңындағы оқу-тәжірбие үлескісіндегі оқушылар еңбегін ұйымдастыру**

Оқушыларға жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыруды айқын, анық, қисынды, нақты құрылған жоспар бойынша жүргізу керек. Мұндай ауқымды педагогикалық мүмкіндік тек мектеп маңындағы оқу-тәжірбие үлескісіне іске асырылады.

1. Ең алдымен үлескі аумағын ұйымдастырудың, себудің, отырғызудың ойластырылған педагогикалық жоспары құрылу керек. Оқушылар мектеп үлескісінде өздерінің биологиядан алған теориялық білімдерін тірі өсімдіктер мен жануарлармен жұмыс істей отырып тереңдетіп бекітеді.

2. Олар ауыл шаруашылық өсімдіктерін өсіру әдісі мен күтіп баптау туралы түсінік ала отырып, белгілі бір жүйеде жұмыс істеуге дағдыланады.

3. Үлескеде жұмыс істей отырып оқушылар ұйымдастырушылыққа, ұжымда жұмыс істеуге, еңбек мәдениетіне, эстетикалық сезімге, өсімдіктерді көбейту арқылы табиғатты қалпына келтіруге қажетті дағдылар меңгереді.

4. Мектеп оқу-тәжірбие үлескісінде күзде және көктемде 5-7 сыныптарда практикалық жұмыстар, сабақтан тыс тәжірибелерді қою және фенологиялық бақылаулар жасалады. Таратпа және көрнекілік материалдар дайындауға болады.

Оқу-тәжірбие үлескісіндегі бағдарлама бойынша оқытылатын өсімдіктер болуы керек. Олар: егістік, көкөністер, дақылдар, жеміс-жидек, декоративті және жабайы өсімдіктер. Осыған сәйкес әртүрлі бөлімдер болуы керек: егістік, көкөністік, жеміс-жидектік, декоративті, биологиялық. Әрбір бөлімде өсімдіктер коллекциясы және тәжірбиелерге арналған орындар бар.

#### **Мектеп үлескісінің жеке бөлімдері.**

Егістік бөлімінде: бұршақ, асқабақ, астық, күрлелігүлділер, орамжапырақ, алабота, шатыршагүлділер, лалагүлділер мен зығырлар тұқымдасымен танысады.

Жеміс – жидектер бөлімінде: алма, құлпынай, таңқурай, шие, қарақат, мойыл, долана өсірілген.

Дендрарий бөлімінде: көгалдандыру мақсатында ағаштар мен бұталар таңдап алып өсідік.

Мәселен: аққайың, сирень, қарағаш, көк терек, терек, алма, шие, мойыл, итмұрын отырғызылған.

Дәрілік өсімдіктер бөлімінде: дәрілік түймедағы, қырмызыгүл.

Гүлбақша бөлімінде: хош иісті, эстетикалық мәні бар әртүрлі гүлдер қазтамақ, барқытгүл, цинния, флокс, рудбекия, шырайгүл, лалагүл, сальвия, канна, портулак, агератум сынды гүлдерін өсіреміз.

*Бастауыш сыныптар бөлімінде:* оқушылар өздері қалаған өсімдіктерді өсіреді. Өсімдік мүшелерімен танысады. Мектебіміздің алдында орналасқан гүлзарлар жаңашыл сипатта орналасқан. Гүлзарлардағы егілген өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін ғана емес, сондай-ақ бояуларымен, көркемдеу тәсілі ұштасқан. Күңгірт түстер ашық түстермен жақсы үйлескен, ашық қызғылт ашық көкпен, қызыл ақпен жақсы үйлесім тапқан. Ал мектеп алдында орын алған су бұрқақтың адамның бойында ерекше сезім туғызады, сонымен қатар адамның шаршағанын басатын тамаша бір дем алатын орын. Оқу-тәжірибе телімі мектептің көпшілігінде бар. Оларды ашық аспан астындағы жасыл зертхана деп атауға болады. Тәжірибе алаңы оқушы үшін қызықты жұмыстар мен зерттеулерге толы. Алаң ішінде әртүрлі бөлімдер орналасқан. Сондықтан мектептің оқу-тәжірибелі телімі оқушыны *табиғатты сүйеге*, биологиялық білімін шыңдауға, шыдамдылық пен төзімділікке де тәрбиелейді.

Мектебіміз жыл сайынғы өтетін қала мектептері арасындағы көгалдандыру жұмысында жыл сайын «Бас жүлде» иеленеді. Бұл біздің жұмысымыздың нәтижесі.

#### **Әдебиеттер**

1. Доспехов.Б.А. Методика полевого опыта. М., 1985 г.
2. ҚұрманбаевС.К. Мектеп жанындағы учаскелерде көкөніс дақылдарының тұқымын өсіру, Семей 1995, б 18
3. Падалько М.А. Уроки ботаники на школьном учебно- опытном участке.М., 1984 г.

## Кажі Ислам

«Электротехника колледжі » КМҚК, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – А.А. Ерғалиева, биология пәнінің мұғалімі

### ТРАНСГЕНДІ ЖАНУАРЛАРДЫ АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Трансгенді ағзалар әр түрлі биологиялық активті биотехнологиялық заттарды синтездеу және бағалы белгілері бар жануарлардың жаңа тұқымдарын алу үшін қолданылады. Трансгенноз әдісімен бөтен генді эукариоттық жыныс клеткаға енгізіп, оның жұмысын бақылау арқылы генетикалық инженерияның көптеген мәселелерін айқындауға болады, өйткені мұнда трансгенді эмбрионның жатырдағы даму ерекшеліктерін зерттеу мүмкін болады. Тасымалданған гендер генетикалық аппаратымен құрылымды ірі функциялы байланысқандықтан бұл процесс жағдайындағы генетикалық рекомбинацияға әкеледі. Жануарлар селекциясының негізіне де өсімдіктердегідей тұқым қуалайтын өзгергіштік пен сұрыптау жатады. Жаппай және жеке сұрыптаулар жануарларға да тән. Алайда жануарлар селекциясының өз ерекшеліктері бар.

Олар: жануарлар тек жыныстық жолмен ғана көбейеді; жануарларда ұрпақ саны көп бола бермейді және әрбір жеке даралардың өзінің селекция үшін маңызы болуы мүмкін. Жануарлар селекциясында оның түрлі белгілері мен қасиеттерінің арасындағы байланыстар ескеріледі. Мысалы, ірі қара малдың сүттілігі оның дене бітіміне, қан айналу және тыныс алу жүйелерінің жақсы жетілуіне, т.б. байланысты. Сондықтан малдың тұқымын асылдандыру үшін жаппай сұрыптаудың осындай тәсілі қолданылады. Осылайша бірнеше белгілері бойынша сұраптай жүргізу арқылы біздің елімізде ірі қараның етті бағыттағы-қазақтың ақбас сиыры және сүтті бағыттағы-қырдың қызыл сиырлары шығарылды. Жануарлардың әр түрлі тұқымдары сыртқы орта жағдайларының өзгерісі мен азықтандыруға бірдей жауап бере бермейді. Мысалы, ірі қараның етті тұқымдарына құнарлы азық берілсе салмағы артады, ал сүтті тұқымдарда сүті молаяды.

Сол сияқты жұмыртқалағыш леггорн тауықтарына жемді жақсы берсе, салмағы онша өзгермейді, бірақ жұмыртқалағыштық қасиеті артады. Жануарлар селекциясында қолданылатын будандастыру әдістері. Жануарлар селекциясында өсімдіктер селекциясындағыдай будандастырудың үш түрлі әдісі қолданылады: туыстық, туыстық емес және алыстан будандастыру. Туыстық будандастыруда бастапқы форма ретінде бір-біріне туыстығы жақын жануарлар немесе ата-анасы мен ұрпағы алынады. Будандастырудың мұндай түрі организмнің бойындағы кейбір рецессивті гендер арқылы анықталатын белгі-қасиеттерді гомозиготалы жағдайға келтіру үшін қолданылады. Рецессивті гендердің әсері гетерозиготалы жағдайда білінбейтіндігі Мендель заңдарына байланысты екенін білесіңдер. Ал жақын туыс жануарлардың гендері құрамы жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Сондықтан олардың ұрпағы көбінесе гомозиготалы жағдайда болады. Сонымен туыстық будандастыру селекцияда рецессивті гендер арқылы анықталатын шаруашылық жағынан тиімді белгі-қасиеттерді тұрақтандыру үшін қолданылады. Мал шаруашылығының бұл саласы егіншілігі суармалы және таулы-далалы аймақтарда дамыған. Мұнда ірі қараның, жоспарлы әулиеата, қара –ала, алатау тұқымдары өсірілуде және сүттілігі төмен мал табындары голланд, голштин, швиц бұқаларының ұрықтарымен ұрықтандырылуда. Соңғы жылдары сауын сиыр шаруашылығы біркелкі өнеркәсіп аймақтарына шоғырландырылып, өркендетілуде. Өнеркәсібі мейлінше дамыған қалалар мен аудандар маңында сүт барынша көп өндірілуі қажет. Ол үшін малазығындық жүгері, арпа, бұршақ тұқымдас дақылдарының егіс көлемін кеңейту қажет болды. Өнеркәсібі дамыған аудандарда жайылымдардың аз болуына байланысты сауын сиырға қажетті азықтың 1/3 бөлігінің дәнді дақылдардан, табиғи шөп пен жайылымнан, ал 2/3 бөлігінің екпе шөптердің есебінен өндірілгені жөн. Өр ауданда өндірілетін сүт мөлшері қала халқының тығыздығына сәйкес болмай отыр. Сүтпен қамтамасыз ету үшін қаланың әрбір он тұрғынына сол маңдағы фермарларда жылына кемінде 4000 кг сүт беретін бір сиырдан келуі тиіс. Осы жағдайда ғана сүт басқа жерлерден тасымалданбайды, көлденең шығын болмайды. Өнеркәсіп кеңінен дамыған ірі қалалар маңындағы фермарларда сауын сиырлардың үлес саны барлық малдың

70-80 пайызынан кем болмауы тиіс. Сиыр санын көбейтумен қатар олардың сүттілігін де арттыру керек.

Қазақстанда өсірілетін сүт бағытындағы сиыр тұқымдарының тұқымдық қасиеттері барынша пайдаланылмай келеді. Озат шаруашылықтардың тәжірибесіне қарағанда дұрыс азықтандырылып, күтімге алынған жағдайда әулиеата, қара-ала, алатау, симментал тұқымдарының әр сиырынан жылына 4500-6500 кг сүт сауылатыны мәлім. Осылай ету үшін облыстардың, аудандардың, шаруашылықтардың экономикалық, табиғат жағдайын, малының тұқымын, дайындалатын мал азығының мөлшерін, фермалардағы жұмыстарды механикаландыру дәрежесін ескере отырып, сауын сиыр шаруашылығын дамыта түсу қажет. Облыс шаруашылықтарында өндірілетін сүттің басым көпшілігі II-III тоқсандарда өндіріледі де қыс айларында сүт азайып, өнімнің өзіндік құнының жоғарылауына әкеліп соғады. Сүттің тоқсан сайын бірқалыпты өндірілмеуі, фермерлер еңбегін тиімді пайдалануға да мүмкіндік бермейд.

Отандық бірінші шығарылған етті тұқымды ірі қара мал қазақтың ақбас сиыры 1950 жылы апробацияланған. Тұқым жергілікті қазақтың сиырын герефорд тұқымы бұқаларымен күрделі будандастыру нәтижесінде алынған. Нарықтық экономикаға көшкенге дейін республикада бұл ірі қара мал тұқымының саны 1 млн. 144 мың жетті, оның ішінде 440 мың басы сиыр. Қазіргі кезде қазақтың ақбас сиыры тұқымының саны 650-700 мың бас шамасында. Қазақтың ақбас сиыры тұқымы республикамыздың барлық облыстарында ғана емес, Ресейдің Орынбор, Саратов облыстарында да кеңінен таралған. Ол аймақтардың табиғи-климаттық жағдайына тез бейімделуімен, жоғары ұдайы өндіру ерекшелігімен, жайылымда тез семіру және сапалы бордақылануымен сипатталады. Ұрғашы және еркек бұзаулары 8 айлығында енесінен ажыратқан кезіндегі тірілей салмағы 180-220 кг тартады. Табиғи жайылымда қосымша жем берілмей бағылған төлдері 800-900 г дейін тәуліктік қосымша салмақты көрсетеді. Ал 12 айдан 15 айға дейінгі бордақыландары 980-1200 г салмақ қосады. Осы кездегі олардың 1 кг тәуліктік қосымша салмаққа жұмсалатын азық 6,2-7,7 азық өлшемін құрайды. Асыл тұқымды шаруашылықтарда бұл тұқыммен жүргізілетін селекциялық зерттеулер малдың тез жетілгіштігі мен өсу қарқынын арттыруға бағытталған. Тұқымның генеалогиялық құрылымында қазіргі кезде 12 зауыттық із басы бар, оның 6-уы жаңа. Бұл із басылардың бұқаларынан алынған төлдер 15 айлығында 425-457 кг жетеді. Бордақылау кезінде бұқашықтары 1200-1400 г дейін тәуліктік қосымша салмақ қосады. Бұл тұқымды алуға қазақтың ақбас сиыры, шароле және абердин-ангус секілді үш етті ірі қара мал тұқымы қатысты. Жаңа тұқым малының бойында жергілікті табиғи-климат, азық жағдайына бейімделу қабілеті бар. Жаңа тұқым аса сапалы еттілікті қазақтың ақбас сиырынан, тез.

Өсімтал, еті мол әулиекөл етті ірі қара мал тұқымын өсіру өзгеріс алып келді. Бұл тұқымның төлдері жайылымда семіруі жағынан қазақтың ақбас сиырынан кем түспейді. Сондықтан, бұл тұқымның төлі Қостанай облысынан басқа жерлерде де үлкен сұранысқа ие болуда. Бұл тұқымның осы оң қасиетін қолдау мақсатында ғалымдар өзгерген экологиялық жағдайға байланысты селекциялық үдеріске ғылыми негізделген іріктеу түрлерін жүзеге асыру үшін еншілес табын құру жолын ұсынды. Қазіргі таңда ет өндіру, әсіресе сиыр етін өндіру Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешеніндегі келешегі мол салаларының бірі болып саналады. Оған ең алдымен Қытайдың күн сайын өсіп отырған нарығы мен олардың азықтану құрылымдарының өзгеруіне байланысты, құрамында ақуызы мол өнімдерге деген сұраныстарының артуы себепші болып отыр деп айтуға болады. Бұл ретте Қазақстанның ұсына алатын сапалы да, экологиялық таза өніміне деген сұраныс аса зор. Бұл істің болашағының зор екенін біздің басты бәсекелестеріміз – Ресей Федерациясы да жақсы түсініп, етті ірі қара мал шаруашылығын дамыту бағдарламасын белсенді түрде іске қосып отыр. Қытай, Оңтүстік Корея, Жапон елдері 10-15 жылдан соң міндетті түрде Ресеймен жұмыс істеп, азық-түлікті, соның ішінде сиыр етін бізден сатып алатын болады, себебі бұл елдердің халқының саны күнбе-күн өсуде, ал сол халықты толығымен азық-түлікпен қамтамасыз етуге бұл елдердің өз қорлары жоқ. Ал біз болсақ, барлық азық-түлікті өзіміз өндіріп, технологияны дамытып, сапасы жоғары азық-түлік шығара аламыз, бірақ бізге басқа елдердің нарығына шығу қажет. ДСҰ (дүниежүзілік сауда ұйымы) бізге көмек көрсетіп жатырған жоқ, бірақ бірте-бірте мемлекеттің, мемлекет басшысының, үкімет басшыларының және Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен бұл



елдердің нарығының есігі бізге де ашылады деген үміттеміз Сиыр етін өндіруге жұмсаған инвестициясы 60 млрд. теңгеден астам қаржыны құрайды. Өндірісінің ағымдағы көлемі 40,5 мың тонна сойыс салмағын құрайды. Компания әлем бойынша Блэк Ангус ірі қара мал тұқымының мамандандырылған мал басын меншіктенушілердің ең ірілерінің бірі болып саналады.

### Әдебиеттер

1. Интернет желісі
2. [https://studopedia.su/20\\_56734\\_transgendik-zhanuarlar.html](https://studopedia.su/20_56734_transgendik-zhanuarlar.html)
3. <https://baribar.kz/student/4040/transgendi-zhanuarlar-aludynh-manhyzy>

### С.Д. Урзаканова

Назарбаев Интеллектуальная школа г.Семей  
Научный руководитель – Ж.М. Бейсембаева, К.Т. Омарбаева, Ж.К. Молдабаева

### РАЗМНОЖЕНИЕ СУККУЛЕНТОВ: ТЕХНОЛОГИЯ, ОПТИМАЛЬНАЯ СРЕДА ДЛЯ РОСТА

Впервые получив суккулент в виде подарка я очень заинтересовалась этим видом растения. Мой руководитель предложил украсить коридоры «каменными розами» в рамках озеленения общежития. Так мы начали работу над проектом «Размножение суккулентов: технология, оптимальная среда для роста». Должно быть вы впервые слышите об этих растениях? Суккуленты – некоторые пришельцы чуждые умеренно прохладному поясу, на котором мы с вами живем. Да и внешне они буквально завораживают своим каким-то неземным видом. Толстые листья, наполненные водой, цвет которых может варьироваться от холодно-голубого до огненно-красного [1].

Цель, которую я поставили перед собой – выяснить какая среда наиболее оптимальна для размножения суккулентов. Мой объект исследования – суккуленты в общежитии, а точнее несколько их разновидностей. Предполагаемая гипотеза: Мнение о неприхотливости суккулентов ошибочно. Суккуленты требуют особое внимание: определенный состав почвы, температуру и полив. И задачи поставленные передо мной:

- 1)определить виды имеющихся у нас суккулентов.
- 2)узнать какая среда обитания является характерной для суккулентов в дикой природе.
- 3)Определить основные правила ухода за суккулентами.
- 4)провести эксперимент по выращиванию суккулентов различного вида в разных средах обитания.

Итак, первым делом я начала поиски по просторам интернета о видах суккулентов и способах их размножен. Ссылки, которые я использовала вы можете видеть на следующем слайде. В последствии я выявила, что у меня имеются следующие виды: эхеверия Дерриберга, эхеверия Шо, Пахифитум Солнечный, Черный Принц, Пулидонис, Толиманская и Агавоидная. Затем начала работу над их размножением.Так как я любитель я выбираю весьма простой способ размножения этих комнатных растений – вегетативный метод. Я срезала пару листочков от имеющихся у нас взрослых суккулентов. При выборе листочков важно обратить внимание на то чтобы он был здоровым и вполне «мясистым». Затем я положила срезанные листочки на подоконник в комнате, чтобы они подсохли, в течении 1-2 недель. Далее положила некоторые листочки на почву, а некоторые оставила на блюде. Чтобы в последствии выяснить, где суккуленты будут развиваться быстрее, продуктивнее и качественнее. Для посадки лепестков я использовала специальный грунт для кактусов.

Комфортная температура летом для суккулентов 20°- 25°, это должно быть солнечное место, но зимой у них — время покоя и рекомендованная температура 8°-10°. Полив только отстоянной водой под корень, не задевая растение, летом это 1 раз в неделю, зимой — 1 раз в месяц [2].

Все время роста суккуленты стояли на южном окне. Суккуленты не любят холод и много воды, поэтому я старалась убирать их с окон в пасмурные и холодные дни. Однако мне не

всегда удавалось полностью защитить их. Так, в процессе выращивания у меня погибло около 15 ростков.

Самыми первыми появились почти одновременно у всех – корни. Листочки отличались тем, что некоторые из них имели развитую корневую систему, а некоторые так и не пустили корни. Так же я заметила, что одни из суккулентов так и не дали ростков, возможно, потому что растение пустило слишком большие корни. Уже через две недели мои «детки» начинали подрастать. Местами появлялось по 3-5 листочков в 3-4 мм. По мере их роста я поливала их чуть реже, боясь, что они начнут гнить. Когда суккуленты достигли размеров в 1-2 см, я поливала их через день.

Предположенная мной гипотеза подтвердилась. В результате проделанной работы я выяснила, в какой среде хорошо размножаются суккуленты. Суккуленты особенно не переносят обильный полив и холод, они любят рассеянный свет. В ходе работы выяснила, что особенно хорошо вегетативным способом размножаются следующие виды суккулентов – агавоидная, толиманная и эхеверия що, хотя и занимают долгое время. Пожалуй, не у каждого садовода хватит терпения ухаживать всего лишь за маленьким ростком в течении почти года. Однако я получила наслаждение от проделанной работы. Потому что мне было интересно следить за тем как из простого листка вырастает грациозная «каменная роза». Я получила бесценный опыт в выращивании этого вида растений, который могу применить в будущем.

### **Литература**

1. <http://www.vashsadovnik.com/page/10-interesnyh-faktov-o-sukkulentah>
2. <https://iriska.club/dom-sad/rasteniya/komnatnye-rasteniya/sukkulenty-vidy.html>
3. <http://cvetoshki.ru/?p=7403>
4. <https://dachadizain.ru/cvety/komnatnye/sukkulenty-domashnie-sostav-grunta.html>

### **А. Айтанова, Д. Акпанов**

КГКП «Геологоразведочный колледж» УО ВКО  
Научный руководитель – М.Б. Бекмухамбетова

### **МЫ В ОТВЕТЕ ЗА ТЕХ, КОГО ПРИРУЧИЛИ**

Нас заинтересовала эта тема так как мы хотим донести до общества то, чем опасны бездомные животные и как с этим бороться.

Эта тема является актуальной по сей день, потому что общество не понимает всей глобальности этой проблемы. Поэтому мы поставили перед собой цель: ознакомить людей с опасностью, которые несут в себе бездомные животные.

Бездомные животные – домашние животные, не имеющие хозяев, чаще всего это бродячие собаки и бездомные кошки.

В разных странах на улицах каждого города есть бездомные животные. Это – яркий показатель человеческой жестокости и безразличия по отношению к «братьям меньшим». Ведь чаще всего на улице оказываются самые распространенные домашние питомцы: собаки и кошки.

Почему животные становятся бездомными?

По оценкам зарубежных специалистов, можно назвать несколько основных причин, по которым традиционно домашние животные в таком огромном количестве становятся бродячими:

1. Потерявшиеся домашние любимцы.
2. Животные, выброшенные на улицу.
3. Низкий уровень стерилизации.
4. Недостаток приютов для животных.

Проблемы создаваемые бездомными животными для человека:

1) Бешенство. Собаки являются основными носителями этого смертельного для человека заболевания.

2) Агрессия. Собаки, сбившись в стаю, могут проявлять агрессию, защищая свою территорию.

3) Гельминты. В фекалиях бродячих собак огромное количество личинок, которые высыхают и легко переносятся по воздуху. Организм взрослого человека уже достаточно крепок и менее подвержен их вредоносному воздействию, чем организм ребенка.

4) Паразиты. Заражение эктопаразитами, в первую очередь блохами, является наиболее вероятным. Причём совсем не обязательно трогать собаку, ей достаточно потереться о вашу одежду или даже просто постоять рядом

Инфекцией могут наградить и другие домашние, а также дикие животные. Заражение людей происходит в результате тесного контакта с инфицированной слюной или при укусах и нанесении царапин. За 2015 год выявлено 190 случаев подозрения на заболевание бешенством среди животных, из них диагноз подтвержден лабораторно в 72. Один случай заболевания человека зарегистрирован в Аягозском районе ВКО.

Случаи нападения бездомных животных:

– В апреле 2016 года в микрорайоне «Акбулак» города Алматы бродячие собаки насмерть загрызли трехлетнюю девочку.

– В городе Актобе участились случаи нападения бездомных животных на людей.

– В феврале 2016 года было зафиксировано 5 случаев нападения собак на прохожих.

– В Петропавловске на уничтожение и отлов бродячих животных выделено 12 млн тенге.

– В 2017 году в Астане госпитализировали 9-летнюю девочку, пострадавшую от нападения бродячих собак. Ребенок получил обширные, скальпировано-рваные укушенные раны лица, шеи и головы

– В ВКО участились случаи нападения бродячих собак на козульт. Всего за несколько дней в Восточно-Казахстанской области зафиксировано два случая нападений бродячих собак на козульт. В одном из них, к сожалению, самку, беременную тремя детёнышами, спасти не удалось.

Способы борьбы с бездомными животными.

В Казахстане единственный метод борьбы с бездомными животными – метод дистанционного введения пневматическим оружием фармакологического препарата, предназначенного для ограничения подвижности и дальнейшего усыпления. При попадании в организм животного происходит всасывание в кровь в течение 1-2 минут. В данном случае животному не наносятся телесные и другие виды повреждений. Этот метод – эффективный и бескровный.

Приют «4 лапы», который находится по адресу: посёлок Восточный, 13 линия в нашем городе, осуществляет приём и помощь бездомным животным, а также даёт крышу над головой. Этот приют является единственным известным нам на данный момент в г.Семей. Тел: +77478191163 Люда. +77776213143 Лейла. Также все желающие могут помочь приюту.

И в заключении мы хотим сказать, что люди должны серьезнее относиться к проблеме бездомных животных.

Мы хотели донести до общества всю опасность бездомных животных для здоровья человека. Для того чтобы улучшить жизнь наших братьев меньших, всем нам нужно быть добрее, то есть оказать помощь бездомным животным. Это не значит, что мы студенты, не можем оказать помощь, пусть у нас нет денег, но у нас есть душа. Ведь помощь - это не только деньги! Берегите себя и своих близких!

## Литература

1. <https://informburo.kz/novosti>
2. <http://www.zakon.kz/4665468>
3. <https://mk-kz.kz/articles/2017/11/01/>
4. <https://yvision.kz/post/399089>
5. <http://gbdou10.ru/wp-content/uploads>
6. <http://school180.edusite.ru/DswMedia>
7. Книга «Животные и человек» Васильев.М.В

## **СЕКЦИЯ № 2: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ (ГЕОГРАФИЯ, ЭКОЛОГИЯ)**

### **СЕКЦИЯ: ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ (ГЕОГРАФИЯ, ЭКОЛОГИЯ)**

**Н.Ә. Аблятова**

"№22 жалпы білім беретін орта мектеп лицей", Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – Бегалина Н.М., химия пәнінің мұғалімі

#### **АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Арал теңізі бұрын көлемі жағынан дүниежүзінде төртінші теңіз болып саналған еді, оның табиғат қоры өте бай, ал Арал маңындағы табиғат ортасы гүлденген және биологиялық тұрғыдан өте бай өлке еді. Аралдың бірегей оқшау болуы және әртүрлілігі ешкімді де бей-жай қалдырмады. Теңіздің осындай атауға ие болуы да таңқаларлықтай емес. Себебі «Арал» деген сөздің өзі түрік тілінен аударғанда «арал» деген мағынаны береді. Сірә, біздің ата бабаларымыз Аралды Қарақұм мен Қызылқұм арасындағы ыстық шөл даладағы жайлы қоныс және құтқарушы арал деп санаған ғой.

Арал теңізі 35000 жыл бұрын Тұран ойпатында пайда болған. Арал деп осы теңізді ең бірінші атаған адам араб географы және ғалымы Ибн-Руста (920 ж.) өз еңбектерінде атап көрсеткен. Арал теңізі ағынсыз, яғни әлемдік мұхитқа шығатын жолы жоқ теңіз болып саналады. Арал теңізі Қазақстанның оңтүстігінде және Өзбекстан автономиялық облысындағы Қарақалпақстан аралығында орналасқан. Аталуының өзі «Аралдар теңізі» деген мағынаны білдіреді, себебі онда 300 аралдан артық арал бар.

Оның бассейніндегі климаттық өзгерістерге байланысты теңіздің тарихи табиғи көп жылғы тербелісі амплитуда 1,5-2 метрмен өлшенді. Судың көлемі 100-150 куб. км. өзгертілді, ал су бетінің ауданы – 4 мың шаршы. км көтерілді.

1918 жылы Ресей үкіметі Арал теңізіне сулары құйылатын екі өзен – оңтүстіктегі Амудария өзені және солтүстік шығыстағы Сырдария өзендерінің ағыстарын бұрып жіберді, себебі шөл даланы суару үшін, шөл далаға күріш, қауын, дақылдар мен мақта егу үшін сол өзен сулары пайдаланылды. Бұл Кеңес үкіметі жоспарының бір бөлігі еді, мақтаны немесе «ақ алтынды» өсіру үшін жанталасты, ал мақта кеңес елінің сыртқа шығарылатын басты өнімі болып саналды. Бұл жоспар, әрине, ең ақырында іске қосылды, себебі Өзбекстан осы күнге дейін әлемде мақтаны сыртқа шығарушы ірі елдердің бірі болып саналады.

Суармалы тоғандар 1940-жылдардан бастап ірі ауқымды көлемде салына басталды. Суармалы тоғандардың көбісі нашар салынған, судың сортаңға айналуына немесе булануына әкеліп соқтырды. Орта Азиядағы ірі Қарақұм каналында шамамен 30-75 % су далаға кетті. 1960 жылдары, судың 20 км-ден 60 кубтық километрге дейін жыл сайын теңізге құйылудың орнына жерге ағып кетіп отырды. Осылайша, теңізді сумен қамтамасыз етудің үлкен бөлігі бұзыла бастады, 1960-жылдардан бастап Арал теңізі тарыла бастады.

1960 жылдарға дейін оның ауданы 66,1 мың ш. км-ге теңесті. Тереңдігі 10-15 м, ең үлкен тереңдігі – 54,5 м. Аралдың барынша ірі аралдары – Барсакелмес және Возрождение. 1961 мен 1970 жылдар аралығында Арал теңізінің деңгейі орташа алғанда жылына 20 см-ге түсіп отырды. 1970-жылдарда орташа норма жыл сайын 50-60 см-ге төмендеп отырды, ал 1980-жылдарға қарай теңіз деңгейі төмендей берді: жылына 80-90 см-ге төмендеді [1].

Өңірдегі суармалы көп дақылды егіс алқаптарын дамыту нәтижесінде жердің сапасы нашарлай бастады, қайтарымсыз суды тұтыну көлемі артты, жаңбыры аз қуаңшылық жылдар көп болды, 80-жылдардың басында Арал теңізіне Амудария мен Сырдария өзендері суларының құйылуы мүлдем тоқталды.

1990 жылдарға қарай оның ауданы 36,5 мың шаршы км құрады (соның ішінде Үлкен теңіз 33,5 мың шаршы км құрады). 1995 жылдарға қарай теңіз тіпті су көлемінің төрттен үш бөлігін жоғалтты, ал үстіңгі бетінің ауданы жартысынан астамы қысқарды.

2004 жылдарға қарай теңіз өзінің бастапқы үстіңгі беттік ауданынан 25 % ға дейін қысқарды, бес есеге дейін артқан тұздану сол теңізге тән өсімдіктер мен жануарлар дүниесін құртып жіберді. Қазіргі кезде теңіз түбінің 33 мың шаршы километрден астамы құрғап кетті. Жағалау сызығы 100-150 километрге дейін шегініп кетті. Судың тұздығы 2,5 есеге дейін ұлғайды. Ал теңіздің өзі екі бөлікке бөлінді – Үлкен Арал және Шағын Арал. Осылайша Арал кеуіп бара жатыр.

Арал теңізінің кеуіп қалуы үлкен масштабта қоршаған ортаның қыста жылы болуына және жазда салқын болуына әкеліп соғуда, қуаңшылық пен құрғақшылық артуда, климаттың континенттілігі шиеленісуде. Тұзды құм шаң теңіз аймағындағы 15 мың га дейінгі жайылым жерді жыл сайын жұтып алуда.

Осы жерде мекендеуші сүт қоректі жануарлар мен құстар түрлері 50%-ға дейін азайып кеткен.

Осылайша, Арал маңындағы Арал теңізінің құрғап кетуіне байланысты ғаламдық сипатта халықтың денсаулығына және шаруашылықты жүргізу үшін зардаптардың шығу тегі мен деңгейі бойынша қалыптасқан экологиялық проблемалардың күрделі кешені пайда болды.

Қазіргі күні Арал маңындағы барлық аймақта тым күрделі экологиялық жағдай қалыптасты (Арал маңындағы аудан 47,2 мың ш. км. құрайды). Бұл жерде су және жер ресурстарының сапасы жойылған, экожүйенің құрамы мен төзімділігі бұзылған, қоршаған ортаның экологиялық құндылығы азайған, оның өнімділігі жоғары қасиеттері жойылған, қоршаған ортаның улануы күрт артқан, осыған байланысты ортаның медициналық-гигиеналық тұрақтылығы жойылған. Рыбацкий, Мойнақ, Әжібай, Жалтырбас, Бозкөл, Алтынкөл және Каратма шығанақтары жоғалып кеткен [1].

Жылына 300 күнге жуық өңірде құмды тұз дауылы соғады. Кеуіп қалған теңіз түбінен атмосфераға 75 млн. тонна құм мен шаң көтеріледі, ал Арал маңындағы 1 га ауыл шаруашылығы жеріне 520 кг тұз түседі, ал бұл егілетін дақылдарға орасан зор шығын әкеледі. Аралқұм шөлі егістік жердің 2 млн. гектарын жұтып алды, жайылымдық жерлердің, орман алқаптарының, басқа да өсімдіктер дүниесінің құлдырауына әкелді. Теңіздің кеуіп қалуы жалғасып жатыр, ал бұл дегеніміз теңіз суының түбінен әлі де тұзды топырақ грунттар босайды дегенді білдіреді, сол кезде Арал маңындағы ауа әлі де улы тұз бен шаңға батады. Егер атмосфералық шаң негізінен ылғалды жерлерде шөгіп жинақталуы мүмкін дегенін ескерсек, онда бұл процестен таулар да сырт қала алмайды, себебі орта азиялық өзендер мен сулардың бастауы сол таулардан алынады. Арал тұзы мен шаңы ауаға тым биікке көтеріле отырып, бұлттармен араласып кетеді, үлкен ара қашықтыққа дейін ұшады, тұзды шөгінділер ретінде шөгеді.

Арал катастрофасының зардаптары өңір аумағынан да шығып кетті.

Теңіздің кеуіп бара жатқан акваториясынан жыл сайын жанартау атқылаған сияқты 100 мың тонна тұз бен әр түрлі химикаттары мен улы қоспалары бар ұсақ ұнтақты шаң ұшады, ұшқан тұз бен шаң дауылы барлық тіршілікке келеңсіз әсерін тигізуде. Арал батыстан шығысқа қарай күшті ағынды ауа ағысының жолында орналасқан, сондықтан атмосфераның жоғарғы қабатына аэрозольдардың шығуына мүмкіндік береді, ластану әсері тым қатты күшейеді.

Тұз ағындарының іздері барлық Еуропа бойынша, тіпті Солтүстік Мұзды мұхитқа дейін ұшады.

Аралдың таяздау және соған шектес жатқан өңірлердің шөл далаға айналуын талдау 2010-2015 жылдарға қарай теңіздің толықтай жойылып кетуі мүмкін деген қатерлі болжамға әкеледі. Нәтижесінде – жаңа Аралқұм шөлі пайда болады, Қарақұм мен Қызылқұм шөлдерінің жалғасына айналады. Тұз бен әр түрлі улы заттардың үлкен мөлшері көптеген жылдар бойы бүкіл жер шарына таралады, ауаны улайды және планетаның озон қабатын бұзады. Арал маңында жаз неғұрлым құрғақ және қысқа, ал қысы тым қатты суық және ұзақ болады. Ал мұндай жағдайдан ең бірінші, әрине, Арал маңының тұрғындары зардап шегеді. Ол, бәрінен бұрын, суға деген өткір қажеттіліктен туындайды.

Демек, тұрғындар күніне 125 литр орташа норма орнына, тек 15-20 литр су ғана алады. Бірақ тек суға деген қажеттілік ғана емес, сонымен қатар әр түрлі проблемалар да туындайды. Бұл күні өңір аштықтан, жоқтықтан, сондай-ақ әр түрлі эпидемиялар мен аурулардан зардап шегуде.

Арал әрдайым теңіз өнімдерін бай жеткізушілердің бірі болған еді. Енді судың тұзды деңгейінің ащы болғаны соншалықты, көптеген балық түрлері қырылып қалды. Сол кезде аулап жүрген балықтардың қабыршақтарында пестицидтердің жоғары деңгейі жиі байқалды. Бұл әрине, Арал маңындағы тұрғындардың денсаулығына айтарлықтай әсерін тигізді, балық аулау кәсіпшілігі және балықты қайта өңдеу өнеркәсібі жойылу үстінде, адамдар жұмыссыз қалуда.

Бұрын топыраққа астық түсімін арттыру мақсатында көптеген улы тыңайтқыштар себілді. Улы химикаттармен байытылған судың тазарту құрылғыларының нашар болуының кесірінен өзен ағыстарының бойына да таралды, яғни барлық жаңа жерлерді улады. Соның салдарынан – Арал маңында өсетін қамыс, күріш, бидай құрамында әр түрлі канцерогендердің жоғары деңгейі байқалады. Өңірде ТМД елдерінің ішінде ана мен балалар өлімі жөнінен ең жоғары орында тұр (1 000 туған балаға 75). Туберкулез, астма, тиф, анемия, паратиф, гепатит, рак сияқты ауру түрлері өте көп. Бауыр мен бүйрек аурулары белең алуда [3].

Арал теңізінің жойылып кетуі туралы әр түрлі пікірлер айтылуда.

Біреулер Аралдың түпкі қабаты бұзылып, ол Каспий теңізіне ағып кетті деп айтады. Ал біреулер Аралдың жойылып кетуі Жер шары климатының жалпы жылыну өзгерісіне байланысты табиғи процесс дейді. Кейбіреулер тау мұздықтарының үстіңгі беттерінің құлдырауы, Сырдария мен Амудария өзендерін қоректендіретін шөгінділердің минералдануы мен олардың тозаңдануында деп айтады.

Алайда барынша кең таралған бастапқы нұсқа – Арал теңізі қоректенетін су ресурстарының дұрыс емес таралуы болып табылады. Арал теңізіне келіп құятын Амудария мен Сырдария өзендері бұрын су айдынын қоректендіріп отыратын негізгі күре тамыр еді. Екі өзен де өз бастауын таулардан алатыны белгілі, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан және Түрікменстан аумақтары арқылы өтеді. 60-жылдардан бастап осы екі өзеннің су ресурстарының негізгі бөлігі ауыл шаруашылығының жерін суландыруға және Орталық Азия өңірін сумен қамтамасыз етуге кете бастады. Соның нәтижесінде ағысы төмен түсіп кеткен өзен арналары жойылып бара жатқан теңізге дейін жете алмайды, құмға сіңіп кетеді. Бұл ретте бұрылған судың тек 50-60 % ғана суармалы егіс алқаптарына жетеді. Бұдан басқа, Амудария мен Сырдария өзен суларын дұрыс емес және үнемді емес бөлудің кесірінен суармалы жері бар тұтас аудандарды батпақты жерлерге айналдырып жіберді, ол жерлер пайдалануға жарамсыз болып қалды, ал кейбір жерлер су мүлдем жетіспейтін жерлерге айналды. Егін шаруашылығы үшін жарамды 50-60 млн. гектар жерден тек 10 млн. гектар ғана суарылады.

Орталық Азия мемлекеттері мен халықаралық қауымдастықтар Арал маңындағы проблемаларды шешу бойынша шешімдер қабылдауда. Алайда ол шешімдер өкінішке қарай экологиялық апаттың бастапқы себебімен күресуге емес, ең бірінші кезекте оның зардаптарын жоюға бағытталған. Мемлекеттер мен халықаралық гуманитарлық ұйымдар бөлетін негізгі күштер мен қаражаттар халықтың тіршілік деңгейін және өңірдің инфрақұрылымын көтеруге кетеді. Теңізді қалпына келтіру туралы мүлдем ұмытып кетті.

Қазіргі кезде әлемдік капиталды Арал теңізінің тағдыры емес, сол өңірдің қаншалықты табиғи қоры бар екені қызықтыратыны өте өкінішті. Бұл жердегі газдың болжамдалған қоры 100 млрд. куб. метрді құрайды, ал мұнай 1-1,5 млрд. тоннаны құрайды. Арал бассейнінде жапондық JNOC корпорациясы мен Shell британ-голландиялық компанияның мұнай мен газды іздеуі жүргізілуде.

Әлемдік инвестицияларды қатыстырып, өңірді құтқаруға болады деп ойлайтын көптеген жергілікті шенеуніктер тек өз қара бастарының қамын ғана ойлайды.

Алайда бұл Арал теңізінің проблемасын шеше алады ма екен? Бәрінен бұрын, кен орындарын қазу өңірдегі экологиялық ахуалды одан сайын шиеленістіреді.

1994 жылы 23-24 маусымда Парижде Дүниежүзілік банк, ПРООН бен ЮНЭП ұйымдастырған Арал теңізі бассейнін дамыту Бағдарламасы бойынша кездесу өтті, осы кездесуде Орталық Азия мемлекеттерінің өкілдерінің, 33 үкіметтік және агенттік және үкіметтік

емес ұйымдардың делегациясының қатысуымен Орталық Азия мемлекеттері әзірлеген жақын арада жақсарту бойынша нақты іс әрекеттер Бағдарламасы мақұлданды.

1995 жылы Орталық Азия республикаларының үкіметі, өңір мамандары мен ғылыми қоғам, халықаралық ұйымдар Нөкіс қаласында Арал теңізі бассейнінің тұрақты даму проблемалары бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің және халықаралық ұйымдардың Декларациясын қабылдады.

Ол тұрақты даму принциптерінің қатаң сабақтастығын және осындай маңызды проблемаларды шешуге назар аударуды қарастырады.

Орталық Азия мемлекеттері үкіметтері құрған Мемлекет аралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясы белсенді жұмыс атқаруда, ол экология талаптары және барлық елдердің мүдделері есебінен Арал теңізі бассейнінің су ресурстарын бірлесе басқару мен пайдаланудың барлық мәселелерін қарастырады. Бұл ретте өңірдегі бес республиканың қай қайсысы да теңізді сақтау проблемасымен бірлесе қарастырады.

Арал теңізі шамамен 50 жыл ішінде кеуіп қалды. 1987 жылы шегініп бара жатқан теңіз екі жеке су бөлікке бөлінді, Солтүстік Арал теңізі (Шағын Теңіз немесе Кіші Арал теңізі) және Оңтүстік Арал теңізі (Үлкен Теңіз немесе Үлкен Арал теңізі). Оларды қосу үшін жасанды канал да қазылды, бірақ олардың арасындағы байланыс 1999 жылы тоқтап қалды, себебі екі теңіз де тарыла бастады. 2003 жылы Оңтүстік Арал теңізі әрі қарай шығыс және батыс бассейндері деп бөлінді.

1991 жылы Қызылорда қаласында Н.Ә. Назарбаев қатысуымен Қазақстан ғылым академиясының сессиясы өтті. 1993 жылы мемлекеттердің бес басшы қатысуымен саммит өтті, сонда Президент Н.Ә. Назарбаев Аралды құтқару бойынша халықаралық қорының бірінші президенті болып сайланды [4].

Оңтүстік Арал теңізі маңызды дәрежеде Өзбекстан жағында қалды, маңызды түрде тағдыр тәлкегінде қалды.

Енді бұл да бір бірінен оншақты километрге алшақтап кеткен үшінші су айдыны. Шағын Арал — Қазақстан аумағындағы Арал теңізінің бір бөлігі.

Шағын Аралды тұзды көлдің қалған бөлігімен қосатын тар бұғазды 1992 мен 1998 жылдары арақабырға қылды, бірақ екі жолы да бекітілмеген құм бөгеті — су деңгейінің арту шамасы бойынша сумен шайылып кетті.

Қазақстан егемендігін жариялағаннан кейін Арал теңізін қайта жаңғырту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін құтқару бойынша көптеген жобалар әзірленді. 2003 жылы қазанда Қазақстан Үкіметі ұзындығы 13 км болатын жаңа әрі неғұрлым сенімді Көкарал бөгетін салу жоспары туралы жариялады, ол 2005 жылы салынып бітті. Судың деңгейі маңызды түрде артты, ащылығы біршама азайды, қазір өнеркәсіптік масштабта балық ауланады.

### **В. Карабаева**

КГУ «СОШ №12» г.Семей

Научные руководители – А.Е. Матайбеков, учитель географии,

Э.А. Жунусова, учитель истории

## **РАБОТА СО СТАТИСТИЧЕСКИМИ ДАННЫМИ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ**

Методику применения статистических методов в школьной географии рассматривали Н.Н. Баранский, Л.М. Панчешникова, А.В. Даринский, В.А. Щенев, В.П. Максаковский, Н.Н. Петрова, С.А. Сухинин и другие [1].

Овладение статистическими методами предполагает следующие умения:

- Проводить сбор статистической информации.
- Группировать объекты и явления (производить классификацию и типологию).
- Вычислять обобщающие показатели – абсолютные, относительные, средние величины.
- Выявлять различия между единицами наблюдения – вычислять показатели вариации.



- Выявлять и измерять корреляционные связи между явлениями и процессами.
- Выявлять тенденции развития явлений и процессов во времени - обрабатывать ряды динамики.
- Представлять результаты обработки статистических данных в форме таблиц, диаграмм, картограмм и картодиаграмм [2].

В 7 классе, выполняя практическую работу «Определение и сравнение в численности, плотности и динамике населения различных регионов и стран мира», единицей наблюдения будет страна, признаками регистрации станут – численность населения за ряд лет, площадь территории, материк, на котором находится страна.

В качестве примера можно рассмотреть, как высчитывается естественный прирост населения города Семей:

Естественный прирост населения высчитывается по формуле:  $EP = ((P - C) / H) * 1000$ , где EP – естественный прирост (коэффициент), P – количественное значение рождаемости (численность рождённых, чел.), C – количественное значение смертности (численность умерших, чел.), H – численность населения.

	Родившиеся			Умершие			Естественный прирост		
	всего	Жен.	Муж.	всего	Жен.	Муж.	всего	Жен.	Муж.
016	321963	156420	165543	158297	67881	90416	163666	88539	75127

Также можно рассчитать демографическую нагрузку населения

Общая демографическая (н) =  $\frac{\text{чис.населения моложе труд.} + \text{старше труд.} \times 1000}{\text{численность населения в трудоспособном возрасте}}$

$$\frac{(63857 + 34070) \times 1000}{210202} = 465,87 \text{ – общая демографическая нагрузка}$$

$$\frac{63857 \times 1000}{210202} = 303,79 \text{ – демографическая нагрузка детьми}$$

$$\frac{34476 \times 1000}{210202} = 164,63 \text{ – демографическая нагрузка пожилых}$$

В 6 классе вычисляется средняя высота по равнинным и горным точкам. В 7 классе можно вычислить среднюю численность населения стран в целом по совокупности и по материкам, по построенным группам. Также вычисляется средняя плотность по материкам и так далее.

### Литература

- 1.Максаковский В.П. «Географическая культура», М., 1998 г. с. 212-213
- 2.Петрова Н.Н., доктор педагогических наук, профессор, зав. лабораторией географического образования ИСМО РАО; Сухин С.А., аспирант лаборатории географического образования. «Статистический метод» // «География в школе». – 2004 г. – № 4. – С. 51-55

### А. Ернатов

« Электротехника колледжі » КМҚК, Семей қ.  
 Ғылыми жетекшісі – А.А. Ерғалиева, биология пәнінің мұғалімі

### ҚОҚЫС ҚАЛДЫҚТАРЫН ЖОЮ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

XX – ғасырдан бастап адамның әрекетімен жасалынған ең қауіпті мәселенің бірі, табиғи қоршаған ортаға өндірістік және тұтыну қалдықтармен кері әсерін тигізіп отыр. Адам баласы өмір сүру кезінде кез-келген ойық немесе сай жерлерге қалдықтарды тастап отыр, бірақ олар оның арты қандай зардаптарға әкелетінін білмейді.

Адам баласының кез-келген шаруашылық іс-әрекеті әртүрлі қалдықтармен биосфераны ластайды. Бұл халықтың денсаулығы мен өміріне, флора мен фауна түрлерінің қысқаруына, қоршаған ортадағы тепе-теңдікке қауіп-қатер тудырады. Кен үйінділерін, өнеркәсіп тастандыларын, қоқыстарды тек қоршаған ортаны бұзатын ластағыштар деп санауға болмайды. Олар құнды шикізат көздеріне жатады.

Дүние жүзі тәжірибесінде қатты тұрмыстық қалдықтарды залалсыздандыру және утилизациялаудың 20-дан астам түрі белгілі. Аталған қатты тұрмыстық қалдықтарды залалсыздандыру және өңдеу әдістерінің көбі өздерінің технологиялық күрделілігі мен қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеудің қымбаттылығына байланысты кең таралуын тапқан жоқ.

Қалдықтардың түрлері:

1. Пластмаса қалдықтар
2. Шыны қалдықтар
3. Қағаз қалдықтар

ПЭФ пластмассалары био негізде жасалғанымен, био ыдырау қасиетіне ие емес, сондықтан қоршаған ортаны қоқыс ретінде ластауда. Ғалымдар зерттеуі Ұлттық ғылым академиясының журналында жарық көрді. Олар енді фермент қызметін одан сайын жақсарту үшін жұмыс істемек. Аталған ұйым ғалымдарының зерттеуі бойынша, жыл сайын 8 млн пластик қалдығы теңіздерге лақтырылып, қолда Британиялық Портсмут университетінің зерттеушілері мен АҚШ Энергетика министрлігі, Жаңартылған энергия көздері ұлттық зертханасының (NREL) біріккен зерттеуі бойынша, Жапониядан бірнеше жыл бұрын табылған қоқысты қайта өңдеу орталығындағы фермент енді кәдеге жарамақ. Яғни, табиғи фермент құрамын зерттеген ғалымдар оның пластикпен немесе полиэтилентерефталатпен (ПЭТ) «қоректенетінін» айтты. Фермент *Ideonella sakaiensis* 201-F6 деп аталады. Айта кетерлігі, полиэтилентерефталат, яғни, ПЭТ деп аталатын пластик 1940 жылы жасап шығарылған, ол жыл сайын миллиондаған тоннада шығарылатын пластик бөтелкелерін жасау үшін пайдаланылады. Табиғатқа залалы: топарақта және сулы орталарда газ алмасуына кедергі келтіреді. Жануарлармен жұтылып олардың өліміне әкелуі мүмкін. Адамға зияны: пластмастар ыдырау кезінде улы заттар түзуі мүмкін.

- Шыны қалдықтар Табиғатқа залалы: сынық шыны қалдықтары жануарларда әр түрлі жарақаттар тудырады.
- Адамға зияны: сынық шыны қалдықтары жарақат тудыруы мүмкін. Шыны ыдыста қан сорғыш құрттар дамиды су жиналады.
- Ыдырау жолдары: температураның өзгеруіне байланысты баяу шыны ыдыстар сынып шашылады; шыны біртіндеп кристалданып шашылады.
- Соңғы ыдырау өнімі: ұсақ шыны қалдықтары сыртынан құмға ұқсас.
- Ыдырау уақыты: жерде – бірнеше жүздеген жылдар, тыныш суда – шамасы 100 жылға дейін.
- Қайта өңдеу әдісі: тура тәсілі бойынша қолдану немесе балқыту.
- Зиянсыз етудің ең аз дегенде қауіпті әдісі: дампқа шығару немесе көму.
- Зиянсыз ету кезінде түзілетін өнімдер: шыны ұнтағы

Ыдырау жолдары: ауадағы оттегі арқылы аз-аздап тотығады. Күн сәулелері арқылы баяу жойылады.

Соңғы ыдырау өнімі: көмірқышқыл газ және су.

Ыдырау уақыты: шамамен 100 жыл, одан да көп болуы мүмкін.

Қайта өңдеу әдісі: қайта балқыту.

Зиянсыз ету кезінде түзілетін өнімдер: көмірқышқыл газы және су

Жалпы қоқыстың 1/3 бөлігін пластикалық заттар құрайды. Қайта өңдеу кезінде ластану 40% азаяды. Қағаз қалдықтар Материал: қағаз, әр түрлі бояулармен боялған және қоспалармен сіңірілген. Табиғатқа залалы: негізі қағаз қалдықтарының зияны жоқ, бірақ қағаз сіңірген әр-түрлі бояулар зиянды газдар бөледі. Адамға зияны: бояғыш заттар ыдырау кезінде улы заттар бөледі.

Ыдырау жолдары: ұсақ ағзалар қорек ретінде қолданады.

Соңғы ыдырау өнімі: шымтезек, әртүрлі ағзалардың қалдықтары, көмірқышқыл газы және су. Ыдырау уақыты: 2–3 жыл. Қайта өңдеу әдісі: Қаптама қағаз үшін өңдеу. Зиянсыз ету кезінде түзілетін өнімдер: көмірқышқыл газы, су, күл.

Қағазды тамақ қалдықтарымен бірге жағуға мүлдем тиым салынады себебі: диоксид түзілуі мүмкін. Қоқысты қайта өңдеп пайда табу

Адамзат барда еш уақытта таусылмайтын қор – қоқыс. Ендеше полигондарда үйіліп жатқан қоқыс үйінділерін сұрыптап, жаңа өнім шығаруға әбден мүмкін. Қоқыс саласы бизнес көзіне айналуы үшін қомақты қаражатты, жақсы дайындықты талап етіп тұр. Сондықтан бұл салаға кәсіпкерлік тәжірибесі мен капиталы бар бизнесмендер араласа алады. Ең кемінде көлемі 1000 шаршы метрден асатын қойма, қайта өңдеу цехтары, жоғары температураларда өртейтін пештер, қоқыс сұрыптауыш машина, темір арқанды аспалы магнит, жүк көлігі керек. Қазірден қоқыстардың көзін жоймасақ болашақта байтақ жермиз қоқысқа толып кетеді. Ең бастысы, қазақстандықтар экология мәселесіне назар аудармайтыны қынжылтады.

### **Әдебиеттер**

1. [www.google.kz](http://www.google.kz)
2. Ф. Сағымбаев. Экология негіздері.
3. Н.Қ. Мамыров, Е.М. Үпішев, М.С. Тонкопий. Табиғатты пайдалану экономикасы.

### **Н.С. Аскерова**

ҚМК Геологиялық барлау колледжі Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – Ш.А.Касымжанова, биология пәнініңмұғалімі

## **СЕМЕЙ ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫНЫҢ АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛҒАН ЗИЯНДЫ ЗАТТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ҚАУІПТІЛІК КАТЕГОРИЯСЫН АНЫҚТАУ**

Бірінші категориялы өнеркәсіптер бірнеше зиянды заттардың қуатымен өзінің айналасында біршама ластану аймағын түзеді, бұл жердегі шоғырлану мәні санитарлық-гигиеналық нормадан ондаған есе артып кетеді.

Екінші категориялы өнеркәсіптерден шығарылған зиянды заттардың қосындысы бүкіл қаладағы шығарылған зиянды заттардың 30-35 пайызын құрайды.

Үшінші категориялы өнеркәсіптер ең көп тараған өнеркәсіптер және бүкіл қаладағы шығарылған зиянды заттардың 10-15 пайызын құрайды.

Төртінші категориялы өнеркәсіптерге шығарылған зиянды заттардың мөлшері онша көп емес, ең ұсақ өнеркәсіптер кіреді.

Семей цемент зауытының нақты өндірістік қуаттылығы: цемент өндірісі- 1 196 мың. тонн, клинкер – 957 мың. тонна жылына өндіріледі. Семей заводында ылғалды тәсілмен жұмыс істейтін клинкер өртеуге арналған 4 пеш орнатылған. Атмосфераның өндіріс қалдықтары мен ластануының негізгі көздерінің бірі-цемент өндіретін зауыттар.Күйелі түтіндерді атмосфераға бөлетін шикізат өндіретін заводтар, күйдіруге арналған пештер, клинкерлі тоңазытқыштар, диірмендер. Бұл процестің негізгі ерекшелігі ыстықауа мен ыстық газ тозаңболған материал арқылы өтеді де, газ бен шаң-тозаңның дисперсті қоспасы пайда болады. Сөйтіп заттың негізгі қасиеті шикізатқа, яғни клинкер мен цементке байланысты болады.Цемент және құрылыс материалдарын өндіретін заводтардың қоршаған ортаға зиянды әсері: атмосфераға бөлетін тозаңдар және SO<sub>2</sub>, CO<sub>2</sub> газдары.

Әсіресе пештерден бөлінетін күйелі түтіндер қоршаған ортаны ластайтын ең зиянды заттар болып, бізді алаңдатып отыр. Завод территориясында түзілетін шаң-тозаңдар көздері сақтайтын орындар- қоймаларда, транспортпен тасымалдауда, көтергіш крандармен орын ауыстырғанда, қаптарға салуда пайда болады. Бұл шаң-тозаңдардың химиялық және минерологиялық құрамы жағынан табиғи жағынан тасқа ұқсас болғандықтан, адам денсаулығына улы емес бірақ зиянды деп саналады.

Зерттеу бөлімі:

Өнеркәсіптің қауіптілік категориясын есептеу:

Берілгені:

Шешуі:

H (мұржа биіктігі)-20м

1.Мұржадан шықан CO мен H<sub>2</sub>S көлемін анықтау:

D - 0.5м/с

$V(CO)=\pi D^2/KO=3.14*0.5^2/4=0.196 \text{ м}^3/\text{с}$

KO (CO) - 4м/с

$V(SO_2)=\pi D^2/KO=3.14*0.52/3=0.261 \text{ м}^3/\text{с}$

ШМК - 5м/м

2..Бір секундтағы массалық шығарылуы:

V(CO)-0.5мг/с

$M(CO)= C(CO)*V(CO)/1000=7.8*0.196/1000=0.001\text{г}/\text{с}$

V(SO<sub>2</sub>)-1.0мг/с

$M(SO_2)=C(SO_2)*V(SO_2)/1000=1.2*0.261/1000=0.0003\text{г}/\text{с}$

n (ауысым саны)-23.Шығарылған зиянды заттың жылдық массасы анықтау:

ПДК(CO)-3.0мг/мМ (CO)=  $M*250*8*n*3600/103=14.4 \text{ т}/\text{ж}$

ПДК(SO<sub>2</sub>)-0.05мг/м

$M(SO_2)= M*250*8*n*3600/103=4,32\text{т}/\text{ж}$

C(CO)-7.8мг/м

4.Өнеркәсіптің қауіптілік категориясын анықтау:

C(SO<sub>2</sub>)-1.2мг/м

Қорытынды: Өнеркәсіптің қауіптілік категориясын анықтау барысында КОП мәні 90.72 болды. Өнеркәсіптің қауіптілік категориясының бөлу шектік шарты бойынша КОП <10<sup>3</sup>мәніне тең.Олай болса Семей цемент зауытының атмосфераға шығарылған зиянды заттарына байланысты өнеркәсіптің қауіптілік категориясы төртінші категорияға тең болды. Яғни бүкіл қаладағы шығарылған зиянды заттардың 1-5% құрайды.

### Әдебиеттер

1. Баяшова А.Қ «Өндірістік экология негіздері» (зерханалық жұмыстар жинағы)
- 2.Оқасов Б.Қ, «Құрылыс материалдары және бұйымдары оқу құралы және зертханалық жұмыстар жинағы» Семей,2017ж
3. Н.А. Нұрбаева, С.К.Мұқатаева "Экология"

### Д.Н. Молдабаева

ШҚО әкімдігінің ББ «Геологиялық барлау колледжі» КҚМК

Ғылыми жетекшісі – Оспанова А.К.

## ТОПЫРАҚ ТҰЗДЫЛЫҒЫНА ЖӘНЕ АУАНЫҢ ӘСЕРІНЕ ӨСІМДІКТІҢ ТӨЗІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

Біздің елімізде және көршілес мемлекеттерде топырақтың тұзданған аймақтары көп кездеседі. Олар құрғақ шөлейт аудандарға тән. Мұндай тұздардың өсімдіктерге әсері – олардың қалыпты өсуіне кедергі келтіретін қуатты экологиялық фактор. Топырақтың тұздануы көбінесе келесі тұздардың әсерінен болады: NaCl, Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>, Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>, MgCl<sub>2</sub>, MgSO<sub>4</sub>.

Бұл тұздар өсімдіктерге түседі және тұздың шаң, ерітінді (таңғы шық) түрлерінде, үлкен қашықтықтарға көшіп, тұзды жауын-шашын түрінде түседі. Тұзданған топырақтан топырақ ерітіндісінен өсімдіктер минералды заттарды, суды қиындықпен алады. Тұзды (көбіне NaCl) қала көшелерін мұздан тазартуда қолданады, олардың ерітіндісі топыраққа түсіп, өсімдіктерге үлкен зиян келтіреді.

Атмосфераны ластаушы көздердің ішінде кең тарағандардың бірі автокөлік транспорты болып табылады. Автокөліктердің ішкі жану қозғалтқыштары атмосфераны зиянды заттармен, шығарынды газдармен, жанармай буларымен ластайды.

Улы шығарындылардың мөлшері қозғалтқыштардың құрылысына, көбінесе жанармай механизміне байланысты. Бүгінгі таңда таңдап алған тақырыбым өзекті мәселеге айналып отыр.

### Жұмыстың мақсаты:

- 1.Биосфераны ластаушы ауыр металдардың тұздарының қоршаған ортаға әсерін анықтау.
- 2.Ағаштардың SO<sub>2</sub>ге, хлорға, амиакка төзімділігінің салыстырмалы қатарын тәжірибе бойынша тұрғызуды, биоиндикатор-өсімдікті анықтауды үйрену.

3.Өсімдік жасушасының проплазмасының плазмолизіне биогенді және биогенді емес ауыр металлдардың әсерін анықтау.

**Жұмыстың өзектілігі:**

1. Қоршаған ортаны және биосфераны ластаушы заттардың мөлшерін анықтаудың қарапайым әдістемесін пайдаланып тәжірибе жүргізу;
2. Алынған нәтижелерді ары қарай өңдеу және алдын – алу шараларын ұсыну.

Осы мақсатқа сай төмендегідей жоспар құрып, жұмыс жүргіздім: ең алдымен осы тақырыпқа сай теориялық материалдарды, әдебиеттерді қарастырып, сараладым және келесідей тәжірибелер жүргіздім: 1.Өсімдіктердің тұздарымен тозаңдануға әсері және олардың төзімділігін анықтау; 2. Өсімдіктердің күкіртті газға (А) хлорға (Б) және аммиакқа (В) төзімділігін анықтау. 3. Өсімдік жасушасының протоплазмасының плазмолизінде ауыр металлдардың тұздарын анықтау.

**Тәжірибе 1 а. Өсімдіктерді тұздармен тозаңдау және олардың төзімділігін анықтау**

Бұл тәжірибеде тұздарының желмен тасымалдануының әсері көрінеді. Әдістемеге сай барлық кезеңдердегі жұмыстар жүргізіледі.

**Нәтижесінде келесі міндеттер шешілді:**

- 1.Жапырақтардың түрлі тұздардың әсерінен бұзылуының дәрежесі және сипаты анықталады. Барлық жапырақтың ауданы бойынша пайыздық өлшемнен, көзбен көру арқылы некрозданған аудан өлшенеді. 2.Түрлі тұздармен тозаңдалған өсімдіктердің бұтақтарының суды сіңіру дәрежесі салыстырылады. 3.Түрлі өсімдіктердің түрлі тұздарға төзімділігінің салыстырмалы бағалауы жүргізіледі.

**Тәжірибе 1 б. Бұл тәжірибеде түскен тұзды жауын-шашынның жапыраққа әсері қарастырылады.**

Тәжірибе нәтижесін кестеге толтырамыз:

Өсімдік	Тұздың құрамы	Ерітіндідегі тұз %						Салыстыру % (100%)
		1	3	5	7	10	20	
Тополь	NaCl	7	19	25	32	41	88	98
	Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	10	17	23	30	38	81	99
	Тазартылған су	1	3	6	10	12	20	98

**Тәжірибе 2 Өсімдіктердің күкіртті газға (А), хлорға (Б) және аммиакқа (В) төзімділігін анықтау**

**А Күкіртті газға төзімділікті анықтау**



Күкіртті газ – ең көп таралған ауаны ластаушылардың бірі.

Күкіртті газды алу үшін сульфитті (Na<sub>2</sub>SO<sub>3</sub>) және күкірт қышқылын (H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>) қолданады.



**Б Хлорға төзімділікті анықтау**

Хлор жуғыш заттар шығаратын өндірістік орындардың қасында бөлінеді. Зертханалық тәжірибелерде Cl көзі ретінде HCl пайдаланылады. Реакция теңдеуі келесідей:



**В Аммиакқа төзімділікті анықтау**


Аммиак аз мөлшерде көптеген өнеркәсіп орындарымен ауаға шығарлады. Табиғи жағдайда – ол органикалық заттардың ыдырау өнімі: топырақтан бөлінеді. Көбінесе аммиактың көп мөлшері жануарлардың несепінен мал фермаларында көп бөлінеді. Мұндай мал кешендерінде аммиакқа төзімді ағаштардан қорғаныш жасыл ағаш жолақтар (полоса) отырғызылуы керек. [5]

**Тәжірибе 3. Өсімдік жасушасының протоплазмасының плазмолизінде ауыр металлдардың тұздарын анықтау.**

Ауыр металлдардың тұздары сулы ортада иондарға ыдырайды. Металлдардың барлық иондары 2 топқа бөлінеді: биогенді (және т.б.) және биогенді емес (және т.б.). Соңғы топтың иондарының ішінде стронций және цезий иондары органикалық заттарда кальцийді Sr-ға және К және Cs-ға ауыстырғанда биогенді ион ретінде әрекет етеді. Биогенді иондар ағзадағы және жасушадағы барлық үрдістердің айналымын қамтамасыз ететін ферменттер жүйесінің құрамына

кіреді. Сондықтан олардың ШМК-лары биогенді емес иондарға қарағанда жоғарырақ. Өсімдіктерге ауа (тозаңақтар арқ) және талшылық (шық, тұман, әлсіз жауын-шашын) жолдармен түскен биогенді ауыр металлдардың дозалары ферментті жүйенің құрамына еніп, метаболизм процесстерін қамтиды.

Мұнда көбіне плазмолиз күшейгенде кейбір жасушалардың қараюы көрінеді. Ол қорғасын тұздарының ақуыздағы күкіртсутекті топтармен реакция нәтижесінде қара дақ беруінен болады [4].



#### **Осы тәжірибелер нәтижесінде мынандай қорытындыға келеміз:**

Мен бұл тақырыпты таңдаған себебім біздің қоршаған ортамыздағы өсімдіктердің жағдайын анықтау қызықты болды. Себебі қазіргі кезде табиғи ортаның экологиялық жағдайы күннен күнге күрт төмендеуде. Оның басты себептері антропогендік фактор болып табылады. Ең басты атмосфералық ауаны ластайтын көз ол – автокөліктер. Олар пайдаланатын жанармай – бензин. Осының әсерінен ауаға және топыраққа сінетін ауыр металдар мен әртүрлі күрделі қосылыстар енеді. Оларды әртүрлі ластану мен зақымданудан қорғау шараларын төменде айта кетемін.

#### **Мынандай алдын алу шараларын ұсынамын:**

- топырақты өңдеу кезінде табиғи компоненттерді қолдану (құрамындағы химиялық заттар болмауын қадағалау);
- табиғатты қорғайтын заңдарды бұлжытпай орындау;
- қоршаған ортаның сапасын бақылау жүргізетін мекемелер қызметін ұйымдастыру;
- зиянды заттардың шекті мөлшерлерін нормалау;
- ауыл шаруашылығында зиянкестермен, арамшөптермен күресу үшін химиялық емес биологиялық әдістерді қолдану; кәсіпорындарды қаладан шет аймақтарда орналастыру;
- өсімдіктерді Қызыл кітапқа енгізу;
- қорықтарды ұйымдастыру;
- заңды түрде қорғау.

#### **Әдебиеттер**

1. Справочник инженера-эколога т. 1, 2 М, Недра, 1999г.
2. Е.А. Перегуд "Быстрые методы определения вредных веществ в воздухе" М, Химия, 1970г.
3. А.И. Булатов және басқалары, Инженер экологтың анықтамалығы, 1,2,3, б.
4. Н.А. Бирюкова. Экология негіздері. М. Владос, 2004
5. А.И. Федорова, А.Н. Никольская. Экология және қоршаған ортаны қорғау бойынша практикум М. Владос, 2003

#### **Д. Серікұлы**

КҚМК Геологиялық барлау колледжі Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – Абикенева Г.М., химия пәнінің мұғалімі

#### **СЕМЕЙ ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚАЛА ЭКОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІ**

Құрылыс, сәулеттік материалдың бірі цемент болып табылады. Цемент өндірісі дүние жүзінде 120 елде өндіріледі. Соның бірі біздің елімізде Өскемен, Семей, Қарағанды қалаларында өндірілуде.

Қоршаған ортаны ластаушы, әсіресе атмосфераға зиянды заттарды шығаратын өндіріс орындарының бірі – құрылыс және сәулет өнімдерін шығаратын зауыттар. Адамның денсаулығына зиянды әсер ететін факторлардың ішінде әр түрлі ластаушы заттар бірінші орын

алады. Атмосферадағы шаң-тозаңдар тыныс алу жолдарын тітіркендіре отыра, қабындырады. Цемент шаңының ұзақ әсері кезінде бронхит жиі дамиды. Трахеит– кеңірдектің шырышты қабығының қабынуы. Трахеиттің дамуына ауада шаң-тозаңның, улы газдардың жиналып қалуы, әсер етеді. Науқастың жалпы жағдайында көп өзгеріс болмағанымен, кейде басының ауруы, әлсіздік білініп, дене қызуының көтерілуі мүмкін. Адам ағзасына зиянды әсер етеді. Атмосферада SO<sub>2</sub> көбеюі жүрек-қантамыр, өкпе ауруларын туғызады, иммунитет төмендейді. Бронхиальды демікпе (астма) ауруының ағзада пайда болуы SO<sub>2</sub>-ның концентрациясының көбеюіне байланысты.

Азот оксидтері (NO, NO<sub>2</sub>) тыныс алу жолдарын зақымдап, қабыну тудырады, қан құрамы нашарлайды. Силикоз-силикаттық шаңмен ластану да өкпе зақымдалады. Шаң-тозаңның әсері теріге механикалық әсер етеді.Тітіркенуден қышу, қызыру, терінің күлдіреуі байқалады. Аллергия – адам ағзасына сыртқы ортаның жағымсыз әсерінен аллергиялар түзілу арқылы туындайтын аурулар. Аллергиялық аурулар әлемде кең таралған және соңғы кезде оның өсуі жиі байқалуда. Кейбір елдерде халықтың 10-20 % осы дерттен азап шегеді. Соның ішінде жиі кездесетіні – шаң тозаңынан болатын аллергия (поллиноз), есекжем (крапивница) деген түрлері. Аллергиялық аурулардың туындауына тұқым қуалауға бейімділіктің әсері де мол. Егер ата-анасының біреуі аллергиямен ауыратын болса, онда балаларының 50%, ал екеуінде болса, 75% зардап шегеді. Цементпен қатынастағы адамдардағы аллергиялық өзгерістер оның құрамындағы хром қосылыстарының болуына байланысты. Алынған деректерді салыстыра келе ластанған қала ауасының тұрғындарға әсерін зерттедік.

### **Зерттеу бөлімі**

2.1. А Қарапайым әдіспен өсімдіктердің зақымдалуын бақылау нәтижесі.

Атмосфераны ластаушы орын Семей цемент зауытының маңайындағы шырша өсімдігінің қылқан жапырақтарынан үлгі алынып , зерттеу жүргізілді.

2.1.Б Семей цемент зауытынан шыққан шаң-тозаң түйіршіктерін микроскоппен анықтау.

2.2.Семей қаласының халқының денсаулығы.

2.3. Еріген қар суының органолептикалық қасиеттерін анықтау

**Қорытынды:** Семей цемент зауытының қоршаған ортаға әсерін зерттей келе, қала экологиясын жақсарту үшін мынандай ұсыныстар ұсынамыз:

1. Цемент зауытына жақын орналасқан елді-мекендерді, өсімдік және топырақ жамылғысын қорғау үшін шекті концентрация мөлшерін (ПДК) тұрақты қадағалау.

2. Ең соңғы үлгідегі электростатикалық тұндырғыштар, сүзгілі қондырғылар (фильтрлер) пайдалану.

3. Цемент өнеркәсібінде көпсалалы, тізбекті технологиялық өнеркәсіп жобасын жасау.

4. Жылу станцияларынан шығатын соңғы өнімдер шлактарды тасымалсыз, оңтайлы, шығынсыз әдістермен цемент өндірісіне пайдалану.

5. Міндетті мониторинг жүргізу.

6. Цемент тозаңын атмосфераға бөлінуін азайту мақсатында және қазылған жерлерді (карьерлерді) қайта қалпына келтіру мақсатында рекультивациялау.

7. Зауыт маңайына шаң-тозаңға төзімді ағаштар отырғызу, көгалдандыру.

8. Шаң-тозаң ды ұстап қалу үшін, ғылыми жетістіктерді пайдалана отыра яғни биологиялық шаңсорғыштар түрлерін ойлап шығару.

### **Әдебиеттер**

1. Бешова А. Қ «Өндірістік экология негіздері» (зерханалық жұмыстар жинағы)

2.Жұмаділова З.К «Кәсіптік аурулардың диагностикасы», әдістемелік нұсқау, Семей 2009 жыл

3. Буркитбаева У.Д., А.А. Калиева «Табиғи орта жағдайын бақылау» – Павлодар, 2007ж.

**Ж. Ербуланқызы**  
Назарбаев Интеллектуальная школа г. Семей  
Научный руководитель – Ш.О.Таласпаева, Ж. М. Бейсембаева

## **ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОБСТАНОВКИ НЕСАНКЦИОНИРОВАННОЙ СВАЛКИ НА ТЕРРИТОРИИ, ПРИЛЕГАЮЩЕЙ НИШ ФМН Г. СЕМЕЙ**

В настоящее время практически все сферы деятельности человека, связанные с обеспечением его материальными благами и энергоресурсами, вызывают изменение природной среды, а значит – во многих случаях экологически неблагоприятные. В решении природоохранных задач одно из ведущих мест занимает проблема складирования и утилизации отходов. Полигоны ТБО обладают широким спектром действия на природную среду. Чрезвычайно разнородные по составу отходы при контакте с геологической средой претерпевают сложные химические и биохимические изменения. Загрязнение территорий месторасположений объектов химическими компонентами отходов производства и потребления отрицательно влияет на геохимический фон почв, почва – грунтов, на их физико-химические свойства, приводит к сокращению численности многих видов растений и животных, вызывая, как правило нарушение экологического равновесия.

Целью проекта является изучение влияния экологической обстановки несанкционированной свалки на территории, прилегающей НИШ ФМН г. Семей на окружающую среду и здоровье учащихся, развитие «зеленой» экономики и совершенствование системы управления отходами

*Методы исследования.*

1. *Проведение маршрутного исследования.*
2. *Привязка элементов несанкционированной свалки GPS навигатором (Глобальная Система Позиционирования США).*
3. *Изучение радиационной обстановки Индикатором радиоактивности RADEXRD1503.*
4. *Отбор проб грунта и определение pH в водной вытяжке.*
5. *Изучение и анализ данных по метеостанции г. Семей. Построение векторной диаграммы розы ветров.*

Маршрутное обследование территории несанкционированной свалки ТБО проводилось в июле месяце 2017г. Маршруты проходили по ходу с захватом всех существующих фрагментов свалки ТБО. Контур свалки ТБО были привязаны GPS-навигатором. Ориентировочная общая протяженность маршрутов составила 7 км. По результатам обследования было установлено следующее: территория, несанкционированной свалки, и месторасположения НИШ ФМН административно подчинена городскому акимату г. Семей ВКО. Численность учащихся в школе, на момент исследования составляет – 720 человек. Свалка твердо-бытовых отходов расположена в 100м восточнее и 250 м юго-восточнее школы. Площадь свалки – 670 км<sup>2</sup>. На территории свалки накоплено ~ 420 т отходов. Южнее и юго-западнее свалки ТБО ведется интенсивное строительство микрорайона «Карагайлы» На северной стороне свалки в 600 метрах от основного тела свалки ТБО находятся карьер по добыче песка ТОО «Силикат» и общая площадь карьера 700 м<sup>3</sup>. Глубина разработки карьера 5м. Юго-западнее свалки ТБО находится также карьер по несанкционированной добыче песка, глубина карьера 3,5-4,0 метра. На просьбу о предъявлении разрешительных документов, лицензии, координат недр пользователя (водители большегрузных автомобилей, трактористы, занятые на погрузке песка) ответили отказом. Из беседы с водителями автомобилей, разгружающих мусор, мы выяснили, что городская свалка принимает бытовые отходы на вес (за тонну), ориентировочной стоимостью 50000 тенге за машину. Легкие и объемные массы бытовых отходов принимать отказываются, в связи с этим бытовые отходы, население вынуждено вывозить на стихийные свалки. По ходу маршрутного обследования была опрошена группа людей, занимающаяся сбором пластиковых изделий (бутылки из под напитков, пластиковые канистры и др.). Рабочие собирают и сдают на переработку пластик на предприятие «Семейпластиком». Из беседы с рабочими, мы выяснили, что машин с бытовыми отходами приезжает довольно много, они



также придерживаются мнения ,что городская свалка недоступна для частного обывателя. На территории обследования, почти во всех точках наблюдения стоял неприятный ,зловонный запах.

Результаты исследований.

В рамках проекта изучен состав *твердо-бытовых отходов несанкционированной свалки*

– Максимальное количество (в %) приходится на строительные отходы: ломаный кирпич, битый шифер, штукатурка (29,8%), навоз (21,2%), шлак (15,8%), зола (12,9%); минимальные – на дерево (0,5%), бумагу (0,8%), пищевые отходы (2,3%).

– Установлено, что на расстоянии 10м от тела свалки выявлено значительное повышение рН водной вытяжки (рН=8,9) по сравнению с контролем (рН=6,6). Увеличение щелочности может быть связано с рельефом местности и выносом оснований с поверхностным и внутрипочвенным стоком с тела свалки.

– Радиационный показатель ,на территории несанкционированной свалки колеблется в пределах 0,15-0,28 мкр/ч. Максимальное значение радиоактивности, было получено на (.) наблюдения № 2 и составило-0,28мкр/час (ПДН-99 мкр/час) где, основными компонентами свалки является крупная электронная техника,показатель-0,28мкр/ч. является выше фонового значения (0,14 мкр/ч), но ниже ПДН (99 мкр/час). Превышения предельно допустимых норм на территории исследования не выявлено.

– По данным, предоставленным метеостанцией г. Семей, были построены векторные диаграммы розы ветров за период с августа 2016 по август 2017 гг. При интерпретации диаграмм ,было установлено следующее; господствующими ветрами являются ветры северо-восточного и восточного направления, максимальное количество дней с ветром приходится на весеннее-летние месяцы.

Анализируя вышеуказанное можно сделать выводы:

– Загрязнение территории,носит исключительно техногенный характер.

– Проведенные исследования требуют дальнейших мониторинговых наблюдений. Необходимо проведение хим.анализов, направленных на исследование подвижных норм микроэлементов и твердых металлов в воде и почвах в районе свалки и вниз по потоку.

– Необходима разработка и внедрение проекта по утилизации и ликвидации (перенесению) бытовых отходов в рамках "Региональной программы развития ВКО", слой почвы в радиусе 100м перепахать или снять. Работы в рамках проекта частично возложить на акимат г.Семей.

Ожидаемые результаты

В следствииликвидации свалки ТБО ,в первую очередь исчезнет запах, опасность заражения животного и растительного мира токсическими элементами, находящимися в воздухе снизится, остальные изменения в положительную сторону придется ждать несколько лет, что связано с экологической нагрузкой как на почву,подземные воды и биоту в целом.

После реализации данного проекта, предлагается продолжить наблюдения, направленных на исследование подвижных норм микроэлементов и твердых металлов в воде и почвах в районе свалки и вниз по потоку грунтовых вод предлагается данные работы осуществлять при содействии городского акимата и Назарбаев интеллектуальная школа г.Семей.

## СЕКЦИЯ № 3: ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР (ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ)

### СЕКЦИЯ: ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ (ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА)

**Д.М. Мұратова**

«Семей қаласының Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ КМК  
Ғылыми жетекші – Г.К. Жаспанова, қоғамдық пәндер оқытушысы

#### **АЛАШ КӨСЕМДЕРІНІҢ БІРІ – ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ**

Тұрар Рысқұлов адам ретінде қоғам және саяси қайраткер ретінде қазақ халқының ұлы перзенті. Ол қазақ халқының болашағы жарқын аспаны ашық болуы үшін күресіп тәуелсіздік пен бейбіт өмірді аңсап кетті. Биыл көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл. Мемлекет қайраткері қазақ жерінің экономикалық дамуына бар ерік-жігерін жұмсаған. Оны саяси жолмен, Түркістан компартиясының ішінде Ислам бюросын құрып, қолдап отырды.

Ордалы Қоңыратбаевтың пікірі бойынша Рысқұлов құрған мұсылман бюросының саяси маңызы – ол мұсылмандардың құрған жеке саяси партиясы ретінде болды. Сондай деңгейге дейін көтерген. Ол Түркістандағы мұсылмандардың өмірлік мұраттарын қорғайтын ұйым болды. Түркі елін түгел болуға үндеген қайраткердің Орта Азия мемлекеттері мен Өзірбайжанның мемлекет ретінде құрылуына зор ықпалы болған. Тұрар Рысқұлов ел басқара жүріп, бар ойын қағазға түсірген. Қандай да бір мәселеге қатысты пікірін ашық айтып, баспасөз беттерінде жариялап отырған.

Рухы мықты қайсар да өткір жас Тұрар 1894 жылы 14 (26) желтоқсанда Жетісу облысы Верный уезінің Шығыс Талғар болысында дүниеге келген. Оның әкесі қайсар да турашыл Рысқұл Жылқыайдарұлы 1905 жылы облыс әскери губернаторының досы, әрі Шығыс Талғар болысының билеушісі Саймасай Үшкөмпіровты халыққа және тікелей өз басына жасаған қиянаты үшін атып өлтірген және сол айыбы үшін 1906 жылы 10 жылдық мерзімге алыстағы Сахалин аралына жер аударуға кесілген. Әкесі тергеуде болған бірнеше ай бойы 11 жастағы бала Тұрар түрмеде болып, оның ауласындағы әртүрлі жұмыстарды атқарған, түрме бастығының атқосшысы болған. Сөйтіп жүріп хат таныған, орыс тілін біршама меңгерген. Тұрар шешеден де, әкеден де ерте айырылып жетімдіктің ащы дәмін ерте татқан. Бұл жәйт ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың шығармасы бойынша түсірілген «Қараш-Қараш» фильмінен белгілі [1].

Тұрардың өмірінде оны туған жерінен басқа жақа алып кеткен немере ағасы үлкен рөл атқарады. 1907-1910 жылдар аралығында бала Тұрар Әулие-ата уезіндегі Меркі селосында орыс-қазақ мектебін аяқтап, Пішкөк ауылшаруашылық мектебінде 1910-1914 жылдар аралығында бағбан мамандығын алып шықты. Тұрар Рысқұловтың мемлекеттік қызметі оның өмірінің аз зерттелген қызғылықты беттерінің бірі болып табылады [2].

1918 жылы күзде Т.Рысқұлов Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Аштықпен күресе отырып, халық арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою ісін ұйымдастыру, 1916 жылғы Әулие ата уезінде ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, Қытайға ауып кеткен жерінен қайта оралған босқын қазақтарға азық-түлік көмегін көрсетуге күш салады. Т.Рысқұлов Түркістан АКСР аштықпен күресу жөніндегі Төтенше Орталық Комиссиясының қызметінде жүріп орасан жұмыстар жүргізді.

1924 жылы 23-31 мамыр аралығында өткен РКП (б) XIII съезіне қатысады. Осы жылдың жаз айында Коминтерннің Монғолиядағы уәкілі болып жұмыс істейді. Тұрар Рысқұлов Монғол Халық Республикасында Коммунистік интернационалдың уәкілі ретінде тоғыз ай қызмет атқарды. Монғолияда жұмыс атқарған кезіндегі іс-әрекеттеріне байланысты құжаттар Монғол халық

революциялық партиясы (1925 жылға дейін Монғол Халық партиясы) Орталық архивінде сақтаулы [3].

Академик М.Қ. Қозыбаев өзінің зерттеулерінде Т. Рысқұловты былайша атап көрсетеді: «20-жылдары сезімтал қазақ зиялыларын ойландырып, іштей наразылығын тудырған мәселенің бірі – Орталықтың Қазақстанның жергілікті ерекшеліктерімен және ұлттық мүддесімен көп жағдайда санаса бермеу саясаты еді. Батылы жетіп, өз қара басының қамын ойламаған Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов сияқты қайраткерлер оған барынша қарсы тұруға тырысты, дегенмен осы уақытқа дейін ұлтшылдық аясында қарап келген концепция жалған екендігі, оның тек советтік Шығыс емес, әлемдік ұлт қозғалысының көсемдерінің бірі екендігі сөзсіз [4].

### **Әдебиеттер**

1. Қоңыратбаев О.Т. Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Қазақстан, 1994 ж.
2. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997 ж.
3. Кошанов А., Сабден О., Догалов А. Турар Рыскулов: государственная деятельность и экономические воззрения. – Алматы: Институт экономики МОН РК, Издательство «Арыс» 2008 ж.
4. Қазақ қалай аштыққа ұшырады: Алматы, «Қазақ университеті» 1991 ж .

### **А. Уатхан**

КМҚК «Құрылыс колледжі», Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – Балтабеков Нұрбол Болатбекұлы

## **КЕШІРІМ БОЗТАЕВ – ПОЛИГОНДЫ ЖАПТЫРУҒА ҮЛЕС ҚОСҚАН ПАТРИОТ**

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алғашқы тарихи жарлықтарының бірімен Семей атом полигонының жабылғанына 28 жыл толып отыр. Заманымыздың ақиық ақыны Олжас Сүлейменов сол тұстағы Елбасымыздың батыл қадамын нағыз азаматқа тән ерлік деп бағалаған еді. Шындығында бұл өзі егемен елдің басшысы тарапынан жасалған саяси кеменгерлік пен алыстан болжайтын сұңғыла саясаткерліктің жарқын үлгісі болды. Сол шақта 70 жыл бойы жарты әлемге үстемдігін жүргізіп келген алып империя әлі тарап үлгермегенін ескерсек, әлгіндей ерліктің мән-маңызы өз-өздігінен айқындала түседі.

Тарих үшін қас-қағым сәттей көрінетін өткен 28 жыл ішінде әлемді қоғамдастық Орталық Азияда жаңа тұрпатты мемлекеттің пайда болғандығына көздері жетіп, бейбітшілік ісін бағдаршамдай ұстанған біздің елдің үлгісіне көз тоқтатып көңіл аудару бастады.

Полигонды жаптыруға үлес қосқан патриоттардың бірі Кешірім Бозтайұлы Бозтаев (1933-1999 жж) еді. Қоғам және мемлекет қайраткері, Семей облысының бұрынғы бірінші басшысы, Қазақстан Халық Академиясының академигі және вице-президентті, Республикаға еңбек сіңірген қайраткер облыста 40 жыл бойы еңбек етіп, артында тұрлаулы істер қалдырған бірегей тұлғаның бірі – Кешірім Бозтаев. Ол қарапайым шаруаның отбасында тәрбиеленіп өсті. Әкешесі колхозда еңбек еткен. Туған жері Семей облысы Аякөз ауданының Ақшатау ауылы. 1951 жылы орта мектепті бітіріп, Қазақтың тау-кен институтының металлургиялық факультетінде оқиды. Оны тәмамдап, жолдамамен Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына қатардағы балқытушы болып орналасады. Комбинаттағы қызметі барысында экономикалық және техникалық тиімділігі зор ұсыныстар енгізіп жүрген. Бұл бағыттағы еңбегі бағаланып, 1965 жылы оған «Қазақ ССР-нің өнертапқышы» деген құрметті атақ берілген.

1967 жылы жалпы партия конференциясында партком хатшылығына сайланады. 1973 жылы Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы болып сайланған. Одан кейін екінші хатшысы болды, оған облыстың өнеркәсібі мен күрделі құрылысына басшылық ету жүктелді. Ол қызметті де абыройлы атқарған ол, облыстық атқару комитетінің төрағасына жоғарылатылды. Ал 1987 жылдың ақпанында Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне жіберілді. Жаңа, аса жауапты жұмысқа К.Бозтаевтың келуі оған үлкен

салмақ та, азаматтық борыш та түсірмей қоймады. Дәл осы уақытта оның өмірі мен жұмысы жаңа арнада өрбіді. Алғашқы қадамын ел жағдайымен танысудан бастайды. Ауылдарды аралайды, жұртпен жүздеседі. Жас кезінде ядролық қаруды сынаудың зардабын естіп-білген оған көзбен көріп, нақтырақ білудің сәті енді келгендей еді. 1987 жылдың өзінде-ақ Курчатов қаласына да ат басын бұрады. Қалаға барып танысқан К.Бозтаевқа полигон басшылары «Өте құпия» деген шрифті бар «Бірінші сутегі бомбасын ауада сынау. 1955 жыл» деп аталған деректі фильмді көрсетеді. 45 минут. Оны көргеннен кейін «жаны қатты түршігіп» кеткен екен. 1988-1989 жылдардағы жарылыстар. Әсіресе, 1989 жылғы 12 және 18 ақпанында жасалған жарылыстар жұрттың төзімін тауысты.

К. Бозтаев облыстық партия комитеті бюро мүшелерімен ақылдасады, ал 20 ақпан күні өзінің қолымен «СОКП Орталық Комитетіне Семей қаласы аумағындағы ядролық полигон туралы» деген жедел хатын шифрмен жібереді. Қазақстан Компартиясының Семей облыстық комитеті СОКП Орталық Комитетіне мынаны мәлімдейді: «340 мың халқы бар Семей қаласы аймағында 1949-жылдан бері ядролық сынаулар жүргізіліп келеді. Әуелі әуеде, ал 1963-жылдан бастап – жер астында... Арада өткен 40 жылда жағдай өзгерді: халықтың саны үш есе өсті, мал көбейді, бірақ бұл ескерілер емес. Полигонның маңы елді мекен екені де ескерілмеген. Жылына 14-18 жарылыс жасалады. Бұл ғимараттар мен инженерлік тораптарға кері әсер етуде, өйткені жердің сейсмикалық жағдайына назар аударылмаған. Поселкелер мен ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуге арнап салынған құдықтар істен шығып жатыр. 25 жыл бойғы жерасты жарылыстардың салдарынан жер қыртысы бұзылды. Әрбір үшінші сынауда радиоактивті газдың ауаға шығып, айналаға тарайтыны анықталды. 1987-жылы Семейді басып өткен газ легі сағатына 350-450 микрорентген болды. Биылғы 12 ақпанда полигоннан тысқары жерлерде радиоактивтілік сағатына 4000 микрорентгенге жетіп, желдің бағыты бұрынғысынан кенет өзгеруі салдарынан Семей-21, Шаған, басқа да елді мекендерге тарады»

Сынақшыларға қарсы күрес жүріп жатты. Бір жағында К.Бозтаев, енді бір жағында О.Сүлейменов. Екеуінің мақсаты бір — полигонды жаптыру.

К. Бозтаев СОКП Орталық Комитетінің сол кездегі Бас хатшысы М.С. Горбачевке полигонға байланысты ойын көзбе-көз айтып беруге бекінеді. СОКП Орталық Комитетінің 1989 жылғы сәуір айында өткен пленумына барғанда сәті келіп кездесіп, ойындағысының бәрін ақтарады. Анау «Бұл мәселені қараймыз» деп еді, көп ұзамай «Семей ядролық полигоны туралы» қаулы дайындалады да К. Бозтаев онымен танысады. Оған көңілі толмады, онда сынақты тоқтату мерзімі анықталмаған екен.

Кейінірек қаулы жобасында оның уақытының 1995 жылғы 1 қаңтар деп жазылғанын білгеннен кейін, 23 қыркүйекте Горбачевқа хат жөнелтеді. Артынша сынақты тоқтату мерзімін 1993 жылдың 1 қаңтарына аудару туралы ұсыныс жасалады, ал К.Бозтаев әлі де қысқартуды талап етеді.

Ақыры елдің арман-мақсаты іске асатын сәтті күн де туды. Кеңес Одағы тарап, жеке тәуелсіз мемлекет болуға жеттік. Президенттік басқару орнады. Алғашқы Президент болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. 1991 жылғы 29 тамызда ол Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды.

Осы тұста сәл шегініс жасап, К. Бозтаевтың басшылығындағы Семей облысы нендей табысқа ие болғанын айта отыру орынсыз болмас. Кешірім полигонды қалайда жабуды ғана көздеген жоқ, көпшілікті облыстың сан салалы шаруасын ілгерілетуге жұмылдырумен де құрметке бөленді. Мысалы, ол бірінші хатшы болып істеген бес жылдың ішінде: 69 мектеп, 67 балабақша, 24 аурухана-емхана, 28 мәдениет үйі мен клуб, Қазақстандағы тұңғыш Офтальмология (көзге операция жасау) орталығы, Балалар сырқатының себептерін зерттейтін орталық салынды.

Кешірім Бозтаев – Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау» туралы Заңының, ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен тұрғындарды медициналық оңалту бағдарламасының авторы.

К. Бозтаев – үш мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен, көптеген Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері.

Бұрынғы екі облыстан құралған бүгінгі Шығыс Қазақстанның өнеркәсібін, құрылысын, ауыл шаруашылығын, мәдениетін – барша саласын дамытуға сіңірген еңбегі аса зор бұл Азамат – Ұлттық қауіпсіздік мәселелерін зерттейтін академияның, Халықтық «Экология» академиясының (Мәскеу қаласы) академигі, Семей Медицина академиясының Құрметті профессоры Кешірім Бозтаев – «найзадан қол босаса қалам алып» ұрпағына ғылыми негізді бес кітап қалдырды. Олар: «Алғашқы оттан атомға дейін» (1956 ж.), «Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында шикізатты пайдаланудың тәжірибесі» (1972 ж.), «Семей полигоны» (1992 ж.), «Қайнар қасіреті» (1995 ж.), «29-тамыз» (1998 ж.). Бұлардың соңғы үшеуі – Семей полигонының тұтас тарихы.

Семей қаласының әкімдігінің №8-6 шешімімен 2000 жылдың 5-ші желтоқсан күні бұрынғы қаламыздың «Титова» көшесіне «Кешірім Бозтаевтың» есімі берілді.

### **Әдебиеттер**

1. Бозтаев К. Семей полигоны. «Қайнар қасіреті», / К Бозтаев – Алматы: Қазақстан. 1997. – 296 б.
2. Бозтаев К. 29 августа. – Алматы: Атамұра, 1998. – 164 с.
3. Бозтаев К. «Синдром Кайнара» / К Бозтаев – Алматы: 1994. – 168 с.
4. Бозтаев К. Семипалатинский полигон. / К Бозтаев – Алматы, Казахстан

**А. Амирова, Р. Скакова**

«КГУ СОШ» №12 г. Семей

Научные руководители – В.В. Сенькина, А.Б. Садыкова, учителя истории

### **ИСТОРИЯ МОЕЙ ШКОЛЫ В УЧИТЕЛЬСКИХ СУДЬБАХ**

Всё главное в судьбе человека начинается со школы, а значит – с учителя!

Как много зависит от первого учителя, с которого всё начинается, а значит, именно Учитель и есть начало судьбы любого человека.

Таких учителей по праву можно назвать духовными наставниками, которые и дают старт нашим судьбам [1].

Как известно историю делают люди. Я решила узнать об учителях нашей школы поближе. Выбор пал на одну из старейших династий учителей нашей школы – династией Соколовых. Жизнь этих замечательных людей яркая страница в летописи не только нашей школы, но и поселка Восточный [2].

Что же происходит с их судьбами после того как заканчивается их карьера? Многих ли волнует этот вопрос? Мне было важно узнать, как сложилась судьба одной из наших учителей, которая стояла у истоков создания нашей школы с самого начала.

Почему я выбрала именно Соколову Л.Ф., как героиню своей работы? Это не был случайный выбор, накануне празднования мероприятия Дня учителя в нашей школе проводился социологический опрос среди учеников, учителей и родителей о своем любимом учителе, результаты которого меня заинтересовали. При обработке итогов опроса было выявлено, что если у учеников школы это были разные учителя предметники, то интересной тенденцией оказался тот факт, что лидером среди учителей и родителей оказалась учитель русского языка и литературы – Соколова Л.Ф. (73%) [3].

Данный результат меня очень заинтересовал и я стала спрашивать у своих учителей, о Людмиле Федоровне и выяснилось, что для многих именно она стала тем примером и двигателем в их выборе стать учителями. Ведь задача учителя не только в том, чтобы воспитать и научить, передавая готовые знания, но и направить ученика на самостоятельный поиск решения в различных жизненных ситуациях. Людмила Федоровна именно тот учитель, которая делала все для того чтобы ее ученики смогли найти свой жизненный путь.

Награды, поощрения, звания: «Отличник народного просвещения Каз.ССР» (1966 г.), медаль «К 100-летию со дня рождения В.И.Ленина» (1970 г.), медаль «Ветеран труда» (1988 г.), юбилейные медали «К 50-летию Великой Отечественной войны», «К 60-летию Великой

Отечественной войны», «К 65-летию Великой Отечественной войны», «К 70-летию Великой Отечественной войны», труженик тыла.

Многолетний опыт общения с совершенно разными людьми привел к тому, что даже на заслуженном отдыхе Людмила Федоровна не смогла спокойно жить наедине со своими заботами и проблемами[4].

Судьба семьи Соколовых – это отражение судеб многих тысяч людей её поколения, которые отличались твёрдостью характера, любовью к малой и большой Родине, стремлением принести максимальную пользу обществу. В ходе своего исследования, мы систематизировали данные истории школы с её основания и по наши дни, благодаря воспоминаниям ветеранов педагогического труда, нынешних преподавателей и выпускников школы. Проанализировав материал, имеющийся в музее, мы восстановили информацию о том, как трудился ученический и педагогический коллективы, и кто руководствовал общеобразовательным учреждением.

### **Литература**

1. Соловейчик С., «Каким, должен быть учитель» статья в «Учительской газете»
2. Материалы из музея. Альбом «История нашей школы»
3. Интервью с Соколовой Л.Ф., учителями.
4. Интервью с бывшими учениками, близкими и родителями

### **Ж. Кабыкенова**

«Пригород жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Семей қаласы.

Ғылыми жетекшісі – К.М.Хасенов, тарих пәнінің мұғалімі

А.А.Аубакирова, география пән мұғалімі

## **СЕМЕЙ ӨңІРІНДЕГІ ТАТАР ДИАСПОРАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРІ**

Тәуелсіздігін алып, төрткүл дүниеге таныла бастаған қазақ мемлекеті өзінің қазына-байлығымен, қонақжай кеңпейілді халқымен, ұшы-қиыры жоқ ұлы даласымен ғана емес, түрлі ұлтпен бірлігі жарасқан берекелі тірлігімен де әйгіленді. Сіздердің алдарыңызға ұсынып отырған жұмысымының тақырыбы: «Семей өңіріндегі татар диаспорасының мәдениеті мен салт-дәстүрі» деп аталады. Алдымен диаспора терминіне анықтама бере кетейін. Диаспора дегеніміз – гректің шашырау деген сөзі, яғни саны аз ұлт өкілдерінің басқа мемлекеттерде қоныстануы. Осы тақырыпты алудағы мақсатым-татар мен қазақ халқын көп нәрсе біріктіреді. Олардың мәдениеті, тілі, дәстүрі, менталитеті өте ұқсас. Сондықтан осы жұмыс арқылы өлкеміздегі татар мен қазақ халқының тамыры тереңге кеткен достығын, салт-дәстүріндегі, шаруашылығындағы, мәдениетіндегі ұқсастығын, тәрбиелік мәнін нақты деректер негізінде ашып көрсету. Қазақстан елі бойынша татар халқы ең көп қоныстанған жер-Семей өңірі екен, саны жағынан қазақ, орыс халқынан кейін 3-ші орында тұр. Бұл тақырыпты таңдап алу себебім де осыған байланысты. Жаңалығы: Жұмыста алғаш Семей өлкесінде өмір сүріп жатқан татар халқының тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті жайлы сөз болады.

Әр халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы сол халықтың тұтастай бір келбетін жасауға қатысатын, оның тарих алаңындағы орнын айқындайтын, ұлттық бейнесін қалыптастыратын бірден-бір факторлар деуге болады. Сондықтан, қандай да бір халықтың салт-дәстүрлері мен жол-жоралғыларын оқып-білу, зерттеу сол халықты жақыннан тануға мүмкіндік береді. Бүгін біз сіздерді татар халқының болмыс-бітімімен таныстырып, олардың ұлттық ерекшеліктеріне тоқталмақпыз.

Қазақстан татарларының Наурыз мейрамын тойлаудағы қазақ халқынан өзгешелігі олар Наурыз күндері оқушы балаларын үй-үйді аралатып, күлдіргі өлең айтып көршілерін жаңа жыл мерекесімен құттықтайтын бұрынғы үрдісін қайта жаңғыртты. Үй иесі балаларды тәтті тағамдармен, кейде боялып піскен жұмыртқамен марапаттайды. «Достық пен ағайындық байлықтан қымбат» демекші, тарихымыздың деректері көрсетіп отырғандай, қазақ пен татар

халықтары бір-бірімен 400 жылдан бері араласып келеді. Тығыз қарым-қатынас арқасында біздің халықтарымыз нағыз туыстас халықтарға айналғанын байқаймыз. Біздің өлкемізде татар халықтары ертеден-ақ қоныс тепкендіктен, өз арамызда олар сіңісіп, кірісіп кеткені сонша, нағыз ұлтаралық қатынас пен мызғымас достықтың орнағаны қазіргі таңда біз үшін қалыпты жағдайға айналып кеткендей. Бұл, әрине, қатты қуантады, себебі біздің қонақжай қазақ халқының өз достарын құшақ жая қарсы алатын дәстүрінің қазіргі таңда да жойылмауының өзі үлкен бір жетістік деп санаймын. Осының нәтижесінде Семейде татар ұлттық мәдени орталықтары құрылған. Облыстық татар мәдени орталықтарының құрылу тарихына тоқталсақ, Семейдің татарлары өздерінің қоғамдық жұмыстарын тоқсаныншы жылдары, яғни еліміз егемендік алған тұста бастағанын білеміз. Олар алдымен түрлі мерекелік іс-шараларға атсалысып, өз халықтарының ұлттық құндылықтарын насихаттады. Соның айғағы ретінде, 1990 жылы осы ұлттық-мәдени орталық құрылды. Осы мәдени қоғамдық ұйымдар тіркелгеннен кейін көптеген ұлттық іс-шаралар өткізіліп, өз мәртебесіне ие болған. Тағы бір қуантарлығы, осы мәдени орталықтардың белсенділері құрылғаннан кейін бірінші күннен бастап Татарстанмен тікелей байланысты нығайтуға ерекше көңіл бөлген. Бұл біздің елдеріміз арасындағы байланысты тек тарихи жағынан ғана емес, болашақта да одан әрі жалғасын табар деген мақсатпен жасалған игі іс екені белгілі. Татар халқының өте өнерлі екендігін осы орталықтарда көркем өнерпаздар ұжымының пайда болуынан айқын көреміз. Бұл ұжым қазіргі уақытта өлкеміздің барлық ұлттық және басқа да мерекелеріне белсене қатысып жүр. Бұл орталықтың негізгі міндеті кейінгі өскелең ұрпаққа ұлттық салт-дәстүр, туған тілді үйрету. Әсіресе «Сабантой» мен «Ашық сандық жанында» атты танымдық мәдени шаралар әр жыл сайын аталып өтеді. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының татар тіліне аударылуының өзі татар халқы үшін ұлы ақынымыздың тұлғасын тереңірек ұғынуға үлкен әсерін тигізетіні анық деп ойлаймын.

#### **Әдебиеттер**

1. Алексеенко Н.В. «Этносы Казахстана» (рукопись).
2. С.Бизақұлы. Татарлар: Ұлттық сана және ортақ түрік мәдениеті // Жас Түркістан, 2003. – № 5. – 15-б.

#### **Т. Амангалиева**

«Пригород жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Семей қаласы.

Ғылыми жетекшісі – К.М. Хасенов, тарих пәнінің мұғалімі

А.А. Аубакирова, география пән мұғалімі

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ПЕН ОҢТҮСТІК АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ҚОЛДАНУ ТАРИХЫ**

Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар әлемдегі барлық халықтарда бар. Солар арқылы халықтың өмір салты, оның әдеттері, ұлттық ерекшеліктері білінеді. Салт-дәстүрлер – бұл тарихи қалыптасқан тұрақты және молынан тараған, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, әлеуметтік пікірдің күшімен қорғалынатын адамдардың өзара қарым-қатынастарынан қалыптасқан ең мол тәжірибелерінің қалпы. Салт-дәстүрлер адамзаттың өзі сияқты өте көне, ескілікті. Ғылыми жұмыстың мақсаты: Ғылыми жұмысымыздың атауы айтып тұрғандай, оның басты мақсаты қазақтардың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін зерттеу болып табылады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай «өз тарихын, салт-дәстүрін сыйламаған халық, өзін де сыйламайды». Қазақ – көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып – дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық [1]. Оңтүстік және шығыс аймақтарында дәстүріміздің қолдану тәсілдері. Үйлену дәстүрі болсын, рухани, заттық мәдениет қырлары мен жалпы дәстүрлі тұрмыстық ахуалдарға байланысты атқарылатын көптеген жосын-

жоралғылардың бүгінгі күні көп сақталған өңірі деп Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарын атауға болғандай. Жоғарыда аталған түрлі кәделермен қатар осы өңірлерде «қалта қарау», «ұн жағу», ертеректе «күйе жағу», «томбау», «сандық салу», «бақан түртер», «ит ырылдатар», «түйе құмалағынан моншақ ілу», «есік ашу», «отқа жеті түйір май салу», келін түскен күннің ертеңінде оған «шай құйғызу» сияқты тағы басқа көптеген кәделердің біразы әлі күнге дейін атқарылып келеді [2].

Ал өзіміздің шығыс өңірінде, жоғарыда айтылған себептерге байланысты халықтың саны мен құрамы жиі өзгеріп отырған. Басқа ұлт өкілдерінің біршама болуы, солтүстіктегі көршіміз Ресей Федерациясына жақын орналасуы, қазақтардың ұлттық салт-дәстүрлерін сақтап, қолдануына біршама қиындықтар тудырған болатын.

Қыз ұзату тойын салыстыратын болсақ, оңтүстік өңірлерде әлі күнге дейін қалың мал сақталуда деуге болады. Бір өзгешелігі қазір малдың орнына ақша немесе алтын бұйымдар беріледі, және де оның мөлшері әжәптәуір. Шығыс өңірде берілетін киіттің саны мен бағасы әлде қайда төменірек. Қыз ұзату тойында оңтүстікте күйеу жігіт пен оның туыстары қатыспайды. Үйге түскен келінге деген көз-қараста екі түрлі. Шығыс өңірге түскен келіннің жағдайы мен мәртебесі, оңтүстіктен әлде қайда жоғары. Тойға шақыратын адамдар санына келетін болсақ, соңғы 4-5 жылдың ішінде оңтүстік өңірлерде үйлену тойларына (ұзату тойы да) 200-400 адамға дейін шақырылып, кафе, ресторандарда жасалып, ауқатты адамдар танымал өншілер жалдап, ас та төк той өткізу орын алып барады.

Шығыс Қазақстанда ұзатқан қызының жасауы ретінде жиһаз берсе, кейде ауқатты адамдар үй (пәтер) кілтін табыс ету сияқты жоралғылар да жасалуда. Ет жақын туыстары той шығынын бөлісіп көтеріссе, тойға келген ағайындары ыдыс-аяқ, тоңазытқыш, теледидар сияқты тұрмыстық бұйымдардан той тартуын әкеліп жатады. Басқадай дос-жаран, көрші-қолаң, қызметтестері арасында әркімнің шамасына қарай ақша жинап, табыс ету қалыптасып отыр. Құдалық дәстүр, той бастар, беташар ырымдарында да өзгешеліктер бар. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз жұртының қадір – қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау – ұлтымызға, елдігімізге сын. Тындар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс – тіршілігіндегі керемет салт – ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндет атқармақ.

### **Әдебиеттер**

1. Диваев Ә.А. Сырдария облысы қазақтарының үйлену рәсімі туралы бірнеше сөз // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Арыс, 2006. – Т. 2. – 202-208-б.
2. Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Арыс, 2005. – 175-200-бб.

### **Қ.Ә. Әскербеков**

КМҚК «Құрылыс колледжі» Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Д. Болатқызы, тарих пәнінің оқытушысы

### **ШӘКӘРІМ ШЕЖІРЕЛЕРІ – ТАРИХЫ ҚҰНДЫ ЕҢБЕК**

Жаһандану дендеген қазіргі таңда ұлттық құндылықтарға айрықша басымдықтар берілуде. Ғасырлар бойы жиналған бай рухани мұраларды, ізгі дәстүрлерді ой өрісінен өткізіп, өнегесіне сусындай білген талант иесі ғана табиғат берген дарыны мен қажырлы еңбегінің жемісін көреді. Өмірге өлмес туындылар әкеледі.

Абай даналығын бойына терең сіңірген ұлы ақынның дара шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ руханиятына сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Қай еңбегін алып қарасаң да халық жүрегіне нұр, санасына сәуле түсіретін ой биігінен үн қатады. Ар-ұждан философиясын қалыптастырушы ойшылымыз дін тақырыбын ұлттық ұғыммен байланыстырып, ғылыми негізде еңбек жазған алғашқы қазақ. Ол сонымен бірге қазақтың шежіре-тарихын да алғаш зерттеп-



зерделеген бірінші тұлға. Бұл бағытта Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі еш теңдесі жоқ шығарма. Оны ауызекі тілде жұрт «Шәкәрім шежіресі» деп атап кеткен.

Тереңдей айтсақ, Шәкәрімнің сол шежіресі қазақ тарихын түгендеудің басы іспетті. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы өзі тындырып үлгермеген, келешекке үміт арта көксеген дүниесінің бірі – еліміздің түп-тамырын тарихи құжаттармен бекітіп, бір ізбен қағазға түсіру болса керек. Соның алғашқы сатысы – хакім Абайдың Шәкәрімге «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегін жазуға бағыт бергендігі. Арғы-бергі тарихымызды түгендеп, танымдық жүйеге енгізудің басы осылай басталған. Шығармашылықтың шытырманға толы ізденістерінде жас ізденушінің бағытын айқындап беру үшін аға тарапынан нақты нұсқау мен келелі кеңес те айтылған. Мәселен: «Афин-Грек білімі Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі: Меккеде, бірақ, Меккеден гөрі Мединадан көбірек табылуы керек. Және Мысырдағы Александр атындағы кітапханаға барасың – деген екен.

Асылы, Абайдың өзі де кезінде «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деп қалам тербегені бар. Сондықтан, қазақ даласында пайда болған Шәкәрім қажының баламасыз ғылыми еңбегі – «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» ұлы Абайдың мақаласының заңды жалғасы деуге толық негіз бар. Мұндай тамыры терең туындыны дүниеге әкелу тумысынан дарынды жандардың ғана қолынан келмек. Жеке әулеттің емес, бүтін бір елдің шежіре-тарихын жазуға тәуекел жасау – қаншалықты ізденісті, машақатты талап ететіні о баста белгілі еді. Соны толық сезіне отырып бел буды. Сонымен бірге, Шәкәрім мойнында тағы бір үлкен жауапкершілік тұрған. Ол – Абай аманты, асыл ағаның арманға толы тапсырмасы, ұстаз алдындағы уәдені орындау болатын.

Шәкәрім кітабінің алғы сөзінде: «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғу-муми», «Тарих антшар алаسلام», Нәжиб Ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және әр түрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным – Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Кошочи-дам» деген кітаптардың сөздері және кытайдың Юән-шау-Ми-ши деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтаң жаңылыс айтқан өтірік аталары – бәрі сол кітапта бар. Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жаздым» деп, Шәкәрім қажы айтулы еңбектің дайындалу барысынан біраз мағлұмат береді. 19 жасар Шәкәрім аталмыш еңбекті еңсеруге 20-30 жылын арнағанға ұқсайды. «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінің» 1911 жылы Орынборда жарық көргенін ескерсек, қажы бұл кезде 51 жаста.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің осы еңбегін аяқтауға қатысты:

Бір алла бергеніңе сансыз шүкір,  
Қалған жоқ залал болып қылған пікір.  
Бітірдім түрік, қазақ шежіресін,

Болса да кемшілікті, қисық-бүкір, – депті. Бұл жерде Шәкәрімнің «Болса да кемшілікті, қисық-бүкір» дегенін тура мағынасында емес, автордың әлі де ізденіп, толықтыруға одан ары мүмкіндіктің болмағанын жеткізіп тұр деп қабылдауымыз қажет.

Өзі солай десе де Шәкәрім қажының бұл шежіресі тарих таразысы мен уақыт сынына жауап бере алатын құжаттық еңбек. Сонысымен де еліміздің тарихы мен руханиятындағы орыны ерекше. Шәкәрімнің бұл кітабының пайдасы – қазақтардың шығу тегі бойынша өз аталарын білгісі келгендер осы кітаптан табады. Егер кімде-кім ата-бабаларының шежіресі жайлы жазғысы келсе алдымен Шәкәрімнің еңбегін оқып алуы қажет» десе, Жүсіпбек Аймауытов: – «Қадірлі Шәкәрім «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін» терең оқып, ойлап және салыстырып барып, жазғанда өте жауапкершілікпен қарады. Осыған байланысты оны қазақтың «Карамзині» десем, артық айтпаған болармын. Түркілердің тарихымен танысқысы келгендер бұл кітапты оқымай кете алмайды» деп жазған.

Ендігі кезекте осы еңбектің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деп аталуының себептеріне тоқталып көрсек. Сол замандарда қазақтың шығу тегіне, елдік құрылымына қатысты сырттан таңылған түрлі пікірлердің белең алуы ұлт ойшылдарын ойландырмай қоймаған. Бірінші кезекте қазақтың арғы тегін арабқа жақындату, екінші кезекте қазақты «қырғыз» деп атау үрдісі белең алғаны тарихтан мәлім. Ұлы даламызды кезген саналуан саяхатшылар мен дін миссионерлері тарапынан да елді екіұдай күй кештірген үгіттер аз болмаған. Осы және өзге де жымысқы жайттардан туындаған ала-құла түсініктер қазақ қоғамының ішін ыдыратуға ықпал ететін қауып екені мәлім бола бастаған. Сол тұрғыдан келгенде Шәкәрім шежіресінің атауы қазақтың кім және қайдан шыққан деушілерге толыққанды жауап ретінде қарастырылғандай. Шежіре атауының нақтылығы түп-төркінімізге қатысты өзгенің де, өзіміздің де ұғымымызды бір ізге түсіріп берді. Яғни, түбіміз – түрік, затымыз қырғыз емес қазақ һәм хандар құрылымында болған елміз. Хандар шежіресін бірге таратудағы мақсат – қазақ көк түріктерден бері кең байтақ даланы билеп келе жатқан хандықтар құрамындағы ұлыстар екенін паш ету деп білген жөн.

### **Әдебиеттер**

1. Қ. Мұқаметқанов «Шәкәрім шежіресі» // қазақ әдебиеті.
2. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі, Алматы, 1991 ж.
3. Сыдықов Е. Мәдени-тарихи мұра – ұлттық игілігіміз // Абай, 2003.
4. Ш.Құдайбердиев «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» Аудио нұсқасы.
5. Шәкәрім шығармалары // Семей таңы 1989ж.

### **М.Н. Ирсалиева**

Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының Дүйсенбі Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны  
Ғылыми жетекшісі – А.С. Есентаева тарих пәнінің мұғалімі

### **БАСПА ІСТЕРІ**

ШҚО Семей қаласында көптеген баспа істеріне үлес қосып жатқан газет, журналдар, кітапханалар атап өтетін болсақ ТВК-6, Спектр, Семей таңы тб газеттері Абай кітапханасы, Орталық кітапхана, Мемлекеттік медицина университетінің кітапханаларынан бөлек басқа кітапханаларды жатқызуға болады. Сонымен қатар ұлы Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов сынды ақын жазушылардың ізін қуып келе жатқан жазушылар, абайтанушылар, тарихшылар қаламызда жетерлік.

Абай кітапхана қорында 274 дана кітап болып, 130 оқырманға қызмет көрсеткен. 130 оқырманның 30-ы жоғары білімді, оның ішінде 3-еуі әйел адам; 38-і орта білімді, оның ішінде 13-і әйел, әйел адам болған көрінеді. 130 оқырманның 111-і орыс, 9-ы поляк, 1-еуі неміс, 5-еуі еврей, 4-еуі қазақ ұлтынан екен. Күні бүгінге дейін бұл кітапханаға 135 жылдан артық уақыт өтті. Қазіргі күнде кітапхана құрылымы оқырмандарына жақсы жағдай жасап қойған [1].

Семей қаласы мемлекеттік медицина университетінің кітапхана қоры 330 000 аса әдебиеттер көшірмелерінен тұрады, медициналық диссертациялар түйіндемелері, журналдар, осы заманғы мерзімдік шығарылымдардың 2000 аса атаулары кіреді. Кітапхана ҚР-ның Солтүстік және Шығыс облыстарындағы медициналық әдебиеттердің ең үлкен қоймасын көрсетеді. Университетте өзінің баспа басылымдық орталығы және кішікөлемді типографиясы бар, онда қызметкерлердің ғылыми жұмыстары, монографиялар, студенттердің конференцияларынан басылған материалдар жиналған. Сол сияқты «Наука и медицинские услуги» және «Медицина для всех» журналдары да осында басылады [2].

«Семей таңы» газеті еліміздегі ең көне баспа басылымдарының біріне – «Семей таңы» газетіне 95 жыл толады. Ол XX ғасырдың басында шығып жатқан көптеген газеттердің мұрагері болып табылады. Газеттердің авторлары «Семей таңы» ұжымының алғашқы мүшелері болып,

олардың арасында Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мыржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов бар. Олардың басты мақсаты: тәуелсіздік – қазақтың сан ғасырлық арманы. Бастапқыда «Сарыарқа» газетінің жалғасы ретінде «Семей таңы» басылымы пайда болды [3].

«Дидар» газеті биыл 88 жыл толып отыр. 1931 жылдың 24 қазанында Кенді Алтайдың етегіндегі кеншілер шаһары – Риддерде «Жұмысшы» деген атпен өмірге келген. «Кешегі алмағайып заманда «Қазақ активін» ұйымдастырушылардың бірі болған, редактор Мақсұт Тайшыбаев болған. Одан бергі кезеңдерде «Социалистік Алтай», «Алтай большевигі», «Коммунизм туы» деген атпен жарияланған. 88 жылдық тарихында өңір журналистикасының ұстаханасына айналған басылымнан белгілі академик Шериаздан Елеукенов, ғылым докторы Жұмағали Ысмағұлов, Оралхан Бөкей, Ұлықбек Есдәулетов, Дидахмет Әшімханов, Мүсілім Құмарбеков, Кеңес Юсупов тб үлес қосқан. 2006 жылы Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын Жұлдызын» иеленсе, 2007 жылы Президент Грантына қол жеткізген [4].

Қазіргі Семей өңірінің жазушыларынан Абай кітапханасына кітаптарын өткізіп, кейде сыйға тартып жататын 20 жуық жазушылар бар Олар Асан Омаров, Мұратбек Оспанов Бекен Теміров сынды жазушылар [5].

### Әдебиеттер

1. semeilib.kz
2. Қазез Аружан Асқарқызы (Мемлекеттік медицина университетінің кітапханашысы )
3. e-history.kz
4. “Спектр” газеті
5. Замзагүл Төлтайқызы Мұқанова (Абай атындағы кітапханада библиограф қызметін атқарады)

### Т.С. Кадырова

КГКП «Педагогический колледж им. М.О.Ауэзова»

Научный руководитель – А.А.Жумагулова, преподаватель общественных дисциплин

### КУЛЬТУРА КОЧЕВНИКОВ В МАТЕРИАЛЬНОМ ДИЗАЙНЕ XXI ВЕКА

**Цель работы:** показать отражение материальной истории нашей Родины в настоящее время, а также выделить аспекты использования элементов кочевой культуры в современном потоке архитектурного строя и дизайна.

**Актуальность:** соединить эстетические направления нескольких эпох в современном мире. Развить тему «Возрождение особенностей казахского народа».

**Практическая значимость:** нижеуказанные материалы можно использовать в учебных заведениях (на уроках, факультативных занятиях), при написаниях статей, а также как дополнительный материал (работа в открытом доступе в сети Интернет).

Кочевой народ оставил вечный след в истории мира. Они организовывали освоения малодоступных территорий. В результате кочевого образа жизни установились множество торговых связей между крупными цивилизациями. Кочевники внесли свой вклад в сокровищницу мировой культуры и этническую историю мира. Особенностью кочевого мира была особая динамичность происходящих в нем движений, то есть неустойчивость и нестабильность кочевнического образа жизни. После ряда миграций в степях Евразии менялись культура, население, формировались новые политические объединения, которые оказывали воздействие на жизнь не только на окружающих оседлых народов, но и на жизнь государств и империй.

Найденные в захоронениях изделия были изготовленные на очень высоком уровне, и порой даже мировые учебные сомневались в том, что они были сделаны руками степных жителей. Особое развитие получили предметы, сделанные из металла, тканей, образцов кожи, так же было развито накладывание узоров на кости. На замену всем известному «звериному стилю» пришли изрядно развивающиеся узоры растений и нечетких геометрических форм.

После бронзового века уже существовало представление о системе знаков, и именно в это период развилась практика «тамгопользования» у степной Европы.

До наших дней дошли результаты самых лучших достижений мира искусства кочевников. Искусство создаёт окружающую среду человека, оно удовлетворяет духовные и физические потребности человека. Перейдя подробно к теме о связи многовековой истории и современного мира искусства, можно выделить, что на данный момент на территории нашей Родины идёт активное развитие переработки кожи, точнее она обогащается новым содержанием и иными формами. Развилось направление «биолакрика», это изготовление кожаных панно. В сфере панно используются традиционные виды обработки кожи: выжигание, аппликация, драпировка и плетение. На данный момент в мире мировой моды можно отметить, что казахстанские работы обладают определенной самобытностью и узнаваемостью. Такие мотивы обеспечивают казахскому производству этническую ценность. Сегодня, в мире суеты мегаполисов, такие элементы придают древнюю экзотику казахстанскому обиходу в глазах других континентов. Народная одежда помогает создавать свою внутреннюю атмосферу, что несомненно дает шанс «прикоснуться к истокам истории».

Наша забота о традициях и сохранениях нашей культуры должна быть равна и заботе использования их в практике в будущем, которое принадлежит следующим поколениям нашей Родины. Применение этно-мотивов в современном дизайне формирует интерес к культуре и искусству когда-то кочевого казахского народа, способствует формированию международного диалога. В настоящие дни сложно представить Культурное наследие любого народа без этнических мотивов как и в одежде, так и в изделиях обихода. Использование фольклорных ресурсов в современном мире, помогает становится традициям нашей нации более известными. Государственная программа «Культурное наследие» является прямым проводником, той самой тонкой нитью, которая соединяет моменты современного мира и исторические аспекты. Так же благодаря этой программе, наше общество должно лучше понять свое предназначение в современном мире. Мы должны впитать лучшие достижения истории и шагать в ногу со временем.

### **Литература**

1. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. 3-е изд. Алматы: Дайк-Пресс, 2000. 604 с
2. Ракип Насыров, «По Древним торговым путям». Издательство, «Балауса» Алматы 1998
3. Каракозова Ж.К. «Казахская культура и символ» Алматы. 1997
4. <https://articlekz.com>

### **А.С. Садвакасова**

Педагогический колледж имени М.О. Ауэзов г. Семей  
Научный руководитель – М.Б. Гельмендинова, преподаватель истории

### **АЛЕКСАНДР ЗАТАЕВИЧ – ЗНАТОК КАЗАХСКОГО МУЗЫКАЛЬНОГО ФОЛЬКЛОРА**

Александр Викторович Затаевич (8 марта 1869 – 6 декабря 1936 гг.) – русский и советский музыкант-этнограф, композитор, народный артист Казахской ССР [2].

Имя Александра Викторовича Затаевича известно каждому культурному человеку Казахстана. Старанием и любовью он сберег от забвения яркую самобытную музыкальную культуру казахского народа. Народ полюбил его, оценил, доверил ему свои песни, а значит, и душу. Прикоснувшись к нашей истории, Затаевич нашел свое призвание и обрел известность.

Александр Викторович Затаевич является одним из основателей казахской профессиональной фортепианной музыки, автором сборников «Казахские песни в форме миниатюр для фортепиано» (1925-1928), «Песни казахстанских татар» (1932), «Песни Казахстана» (1932), «250 киргизских инструментальных пьес и напевов» (1934), «Песни разных народов» (издана в 1971), «Киргизские инструментальные пьесы и напевы» (издана в 1971) [5].

С 1920 года проживал в Оренбурге, где в основном его творческая деятельность выражалась в сборе, записи и систематизации казахской народной музыки [2]. Оренбург в 1920-е годы был столицей Казахской республики. Сюда приезжали люди со всего Казахстана. Затаевич узнавал и записывал от них любые сведения о народной музыке. Обладая исключительным человеческим обаянием, тактом и тонким умением находить общий язык с людьми разных возрастов и профессий, он за короткий срок записал около 1500 песен и кюев, которые вскоре вошли в его первый сборник «1000 песен казахского народа». После он записал более 2300 произведений музыкального фольклора [5]. Александр Викторович собирал и записывал на ноты мелодии степных акынов, которые из поколения в поколение в поэтической форме повествовали о жизни народа и его героях, создавая собственные импровизации, исполняемые в сопровождении домбры и кобыза. Его «Заметки собирателя казахской музыки» стали заветом и напутствием ученым-музыковедам [6].

Труды А.В. Затаевича представляют собой огромную ценность, так как в них были собраны не только музыкальные произведения, но и сведения об укладе жизни народа, о традициях, характере, быте казахов. В его трудах в Казахстане впервые появились характеристики творчества таких видных народных композиторов, как Абай Кунанбаев, Курмангазы Сагырбаев, Биржан Кожажулов, Жаяу Муса Байжанов, Даулеткерей, Балуан Шолак, Мухит, Ибрай, а также видных народных исполнителей Амре Кашаубаева, Габбаса Айтпаева, Кали Байжанова и другие [1-2].

Он прославил искусство Казахстана и был удостоен второго приза и серебряной медали. Труд его называли колоссальным, поистине эпическим, определяли как явление мировой музыкальной этнографии [2].

В статье Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи» сказано, что «фольклор и мелодии Великой степи должны обрести *«новое дыхание»* в современном цифровом формате. Основные сюжеты, персонажи и мотивы нашей культуры не имеют границ и должны системно исследоваться и продвигаться на всем пространстве Центральной Евразии и в мире целом» [3].

Наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды, – одним словом, национальный дух, должны вечно оставаться с нами [4].

### Литература

1. Затаевич Александр Викторович. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2006. – С.280. – 672с.
2. Казахская ССР: краткая энциклопедия. Алма-Ата. 1991.Т.4., с. 254
3. Назарбаев Н. «Семь граней Великой степи». Статья. 21 ноября 2018 года
4. Назарбаев Н. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» 12 апреля 2017 года
5. Перцева Н. Собиратель жемчужин степи. «Наше дело». 3 марта 2015 года
6. <http://tarih-begalinka.kz/ru/history/modern/figures/zataevitch/>

### Г. Серікжанқызы, Д. Исюмбаева

«№ 47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қ.  
Ғылыми жетекшілері – Н.Н. Жадренова, тарих пәнінің мұғалімі  
А.Ж. Каримова, тарих пәнінің мұғалімі

### АЛАШТЫҢ АСТАНАСЫ – СЕМЕЙ ШАҒАРЫ

Еліміз тәуелсіздік алып, бостандық самалы ескелі бері төл тарихымызда да жабық тақырыптарға жол ашылып, бұрынғы тоталитарлық жүйенің кейде айлашарғысымен, кейде күштеп таңуымен мызғымастай орнығып келген қасаң тарихи әдіснаманың көбесі сөгілді. Қиғаш пікір, оғаш ойлардың бұрыстығы дәлелденіп, бір саусағын ішіне бүккен зымиян саясаттың бет пердесі сыпырылды. Тарихшыларымыз бір ауыз сөз айтуға батылы бармайтын бүкіл бір кезең, дәуір тарихы қайта қаралып, бірте-бірте ақтандақтардың да орны толтырылуда. Соның ішінде әлі де болса шынайы баға беріліп, тың деректердің негізінде қайта объективті зерттеуді талап

етіп отырған нәрсе Алашорда үкіметі мен Алаш партиясының қызметі және ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі мен қайғылы тағдыры. Алаш үкіметінің астанасы болып - Семей қаласы жарияланады. Жалпы Әлихан Бөкейханов мақаласында Алаш астанасы ретінде үш қаланы атаған: Семей, Орынбор, Троицк. Орынбор қаласында қазақтар көп, алайда көпшілігі студенттер, жастар. Троицк қаласы шағында, ал Семей қаласы оқыған Абай сынды ғұламалар мекені болғандықтан астана ретінде лайықты көрді. Қарт Ертістің оң жағалауындағы бұрышыннан орыстары басым тұратын көне Семей қаласының халқы сонау ерте кезден бастап сол жағалаудағы негізінен қазақтар жиі қоныстанған жерді «Заречная слободка» деп атап кеткен. Ал енді оның «Заречная слободка» деп аталатын бір басты себебі, мұнда ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясында «Тінібай махалласы», «Жоламан махалласы» деп айшықтап айтатын шағын елді мекендер болған. 1917 жылғы ақпан төңкерілісінен кейін алаш қайраткері Райымжан Мәрсековтың басшылығымен құрылған Семей облыстық қаза комитеті өзінің алғашқы 7 наурыздығы шешімімен Семей қаласының «Заречная слободка» деп аталатын бөлігін Алаш қаласы етіп жарялады. Содан 1927 жылға дейін он жылға жуық уақыт бойы көне Семейдің сол жақ бөлігі, яғни Ертіс өзенінің сол жағалауы ресми түрде Алаш қаласы болып аталып келді. Мәселен, көрнекті публицист, жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың 1927 жылы жазған. Бүгінде Семей қаласындағы қазіргі заман тарихының құжаттама орталығы қорында сонау 1916 жылы сызылып жасалған Алаш қаласының бас жоспары сақталғанын айтып өткен жөн. Әрине, мұндай құнды деректер Алаш қаласы тарихына байланысты танымды барынша кеңейтіп, тереңдете түсетіні сөзсіз. Осы орайда Алаш қозғалысы үшін маңызды Семейдегі бірқатар тарихи орындар туралы айтып өткен жөн. 2008 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен елімізде Алаш қозғалысының 90 жылдық мерейтойы аталып өткені белгілі. Осыған орай республикамыздың Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Орал, Жымпиты тәрізді қалаларында үлкен салтанатты жиындар өткізіліп, Алаш арыстарына арналған ескерткіштер ашылды. Өз кезегінде Семей қаласында «Алаш идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы, тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция өткізілді. Ең бастысы сол кезде мемлекет қаржысына Алашорда үкіметінің, соның ішінде Шығыс және Батыс Алашорда үкіметтерінің орталықтары Семей және Жымпиты қалаларында Алаш арыстарына арналып алып ескерткіш монументтер орнатылғаны туралы айтылған болатын. Ал енді Семейде салынатын сол болашақ ескерткіште Алаштың алғашқы алғашқы құрбаны болған Алашорда милициясының 22 жасар командирі Қазы Нұрмұхамедұлының мүсіні бейнеленеді деген мәселе көтерілген еді. Бұл қанды оқиға негізінен 1918 жылдың көктемінде қазіргі «Семей» қонақ үйіне қарама қарсы «Жеңіс» гүлзарлары орналасқан жерде болды. Кейбұреулер оны Алаш қаласында болды деген пікір айтады. Қалай десек те бұл Омбыдан келген қызылдар командирі Звездов басқарған қарулы отряды Семейде большевиктер үкіметін орнатумен байланысты болатын қайғылы оқиға. Алашорда бұл уақытта ақ гвардияшылдардың офицерлерінің көмегімен Алаш милициясын соғыс өнеріне үйретіп жатқан. Осы арада сол сәтте өтіп бара жатқан қызылдардың атты әскерінің бірі винтовкамен оқ атып, содан Қазы Нұрмұхамедұлы қаза болды. Алаш милициясының бастығының қазасын байланысты Алаш қаласында митинг өткізілді. Алашорда ақсақалы Шәкәрімнен бастап Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсеков, Мұстақым Малдыбаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды тағы басқа ұлт зиялыларының қайғырып сөз сөйлегені туралы «Қазақ» газетінің 1918 жылғы санындағы «Алаш құрбаны» атты мақалада жан жақты айтылады.

Ерлік-елге мұра, ұрпаққа-өнеге. Енді қазір араға бір ғасыр уақыт салып, халқы үшін құрбан болған сол Алаш арыстарына арнайы ескерткіш салу іртідеп жүзеге асып жатыр. Тәуелсіз мемлекет болып жариялануымызға жасалған маңызды алғашқы қадамдар бастау алатын Семей шаһарының тарихта алатын орны ерекше. Міне, қаламызды Қазақстанның рухани астанасы деп атауға толық негіз бар.

### Әдебиеттер

1. Абылқасымов Е. Абайдың аманаты // Ертіс өңірі, 10 қаңтар, 2003 жыл, 2 бет.
2. Абайділдин Т. Қайым Мұқамедханов // Семей таңы, 10 қаңтар, 2003 жыл, 3 бет.
3. Мұқанов С. Абайдың шәкіртері туралы // Абай, № 4, 1992 жыл, 14 бет.

4. Қ. Мұқаметханов Мұқтар кешкен қилы заман // Абай, №3, 1992 жыл, 8 бет.
5. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері, Алматы, 1997 жыл, 67 бет.
6. Жұртбаев Т. Қайымның қағидалары // Қазақ әдебиеті, № 3, 16 қаңтар 2006 жыл, 5 бет.
7. Мұқамедханов Қ. Жамбыл // Екпінді, мамыр, 1938 жыл, 3 бет.

### **Ш.Ш. Серікқалиева**

М.Әуезов атындағы орта мектебі, Абай ауданы, Қасқабұлақ ауылы  
Ғылыми жетекшісі – К.Н.Ермекбаева, тарих пәнінің мұғалімі

### **ҚАСҚАБҰЛАҚ АУЫЛЫНДАҒЫ ТАСТАҒЫ ТАҢБАЛАР СЫРЫ**

- Погнаться за двумя зайцами ~- екі кеме құйрығын ұстау (держаться за кормы двух кораблей).
- 1) Өз орнын білу – знать свое место;
- 2) Жылайын ба, күлейін бе – то ли плакать, то ли смеяться;
- 3) Көзді ашып жұмғанша – не успеешь глазом моргнуть.

Сравнивая фразеологизмы, мы можем отметить, что в них чаще всего высмеивались какие-то человеческие пороки или, наоборот, прославлялись лучшие стороны души человека. Возникшие в древности, эти сочетания до сих пор живут в современном языке. Почему? Наверное, потому, что они как нельзя ярче отражают мысли и чувства народа и основаны на его мировоззрении...

Фразеологизмы важны в жизни каждого народа, поскольку используются во всех сферах деятельности человека. Вследствие этого появляется необходимость в изучении фразеологизмов, перевода их на другие языки и в определении их национально-культурной специфики.

Проведенное исследование показывает, что многие учащиеся нашей школы стали больше знать значение фразеологических оборотов на казахском и русском языках и будут применять их в речи.

Выводы: фразеологизмы отражают национальную самобытность языка. Во фразеологии запечатлен богатый исторический опыт народа. Изучение фразеологии повышает культуру речи и общую культуру человека. Правильное и уместное использование фразеологизмов придает речи особую выразительность, меткость, образность.

### Литература

1. Х.К. Кожаметова. Казахско-русский фразеологический словарь. – А: Издательство «Мектеп»
2. В.П. Жуков. Фразеологический словарь русского языка. – М: Издательство «Русский язык»
3. Бабкин А.М. Русская фразеология, её развитие и источники. – М., Л.: Наука

## Н. Қалибаева

«Семей қаласының Д.Қалматаев атындағы жоғары мемлекеттік мемедицина колледжі»  
ШЖҚ КМК

Ғылыми жетекші – А.Е. Мендекина, ағылшын пәнінің мұғалімі

### МЕДИЦИНАДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ

Шет тілдердің арасында ағылшын тілі баяғыда-ақ алғашқы орынды иеленді. Бұл әлемдік тілде миллиондаған адамдар сөйлейді. Ағылшын тілі қазірде кез келген салада қолданылады.

Ағылшын тілін меңгеру медицина саласындағы қызметкерлерге үйрену өте маңызды деп ойлаймын. Медицина қызметкерлеріне шет тілін білу қосымша мүмкіндіктер ашады:

- Еңбек нарығындағы "бағаңыздың" өсуі.
- Ағылшын тілдегі әдебиет оқу.
- Қосымша мүмкіндіктер.
- Ағылшын тілін оқудағы латын тілінің тиімділігі

#### **Еңбек нарығындағы "бағаңыздың" өсуі.**

Бәсекеге қабілетті болуы. Ерекше құрметпен қарайды. Жақсы жұмысқа ие болу.

#### **Ағылшын тілдегі әдебиет оқу.**

Қазіргі заман талабына сай медицина мамандары үнемі ізденіс үстінде болып, шеберлігін арттырып отыруға міндетті. Медицина қызметкерлері білімдерің жетілдіру үшін еліміздегі әдебиеттер мен ондағы ақпараттар аздық етеді. Арнайы бір салаға маманданған сайттар да көбінде ағылшынша. Демек ағылшын тілін білу арқылы қажет ақпаратты ала алады және түп нұсқада оқи алады.

#### **Қосымша мүмкіндіктер**

- Шет елдермен қарым-қатынас жасай алады
- Тәжірибе алмасады
- Шет елдерде ашылып жатқан жаңалықтардан хабардар болады

Мысалы: Семей қаласының онкология ауруханасы шет елдерімен үнемі байланыста. Өр бөлімде қызмет ететін қызметкерлер шет елдерге шығып, тәжірибеден өтіп келіп, өз салаларында тәжірибелерін іске асыруда.

Біздің Д. Қалматаев атындағы медицина колледжде шетелермен тығыз қарым қатынаста.

Мысалға: Медициналық білім мен ғылымды жаңғырту жобасы бойынша бізге Германиядан Петра Фоскуль келіп, студенттермен және ұстаздармен тәжірибе алмасты.

#### **Ағылшын тілін оқудағы латын тілінің тиімділігі**

Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін Елбасымыз атап өтті.

Бүгінгі таңдағы ағылшын тілін меңгерген медицина мамандары үшін, латын тілін әріптерін үйрену еш қиындық тудырмайды сөзсіз.

Өйткені: ағылшын мен латын тілдердің ұқсастықтары мен айрмашылықтары өте көп.

- ✓ Латын сөздерімен ағылшын сөздерінің айтылу дыбысталу жағынан ұқсас сөздері
- ✓ Фанетикалық дыбыстардың ұқсастықтары

Қорытындылай келе, Қазіргі замандағы ағылшын тілінің рөлі жайлы ұзақ уақыт айта беруге болады. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі әсіресе медицинада маңызы зор. Себебі медицина саласында жаңа ашылулар, технологиялар ағылшын тілінде шығып жатыр. Және де күн сайын ашылып жатқан сандаған жаңалықтардан хабардар болу үшін, шетел мамандармен озық тәжірибе алмасу үшін маманның тілдік біліктілігі жоғары болуы, яғни, оның шет тілдерін, халықаралық тілдерді еркін меңгеруі шарт.

Бұл тілді білу әрбір адамның өмірде табысқа жетуі үшін көмектеседі. Ол сондай-халықаралық тілді білетін білікті қызметкерлер әрдайым әр кәсіпорында жоғары бағаланады.

**Д.А.Оразбекова**

КГКП «Электротехнический колледж» г.Семей  
Научный руководитель – Г.А. Жукенова, преподаватель иностранных языков

## **НЕОЛОГИЗМЫ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ**

Прогресс не стоит на месте, политика, экономика, социальная и техническая сферы претерпевают постоянные изменения, что приводит к появлению всё новых и новых слов в языке. Каждая эпоха откладывает свои отпечатки: оставляет новые слова, уносит старые, которые уже не нужны в употреблении.

В нашей жизни появляются новые предметы, возникают новые понятия, и это влечет потребность в их назывании. Так рождаются новые слова. Их принято называть неологизмами. Термин «неологизм» впервые появился в 1755 году во французском языке, откуда после 1800 года он был заимствован в английский язык в значении «употребление новых слов, инновации в языке, а также новое слово или выражение».

Неологизм (др. греч. *neos* – новый, *logos* – речь, слово) – слово, значение слова или словосочетание, недавно появившееся в языке. Бывает, что неологизмы создает конкретный человек, когда испытывает необходимость назвать какую-то реалию. Как правило, новые слова придумывают писатели и ученые.

Любой язык является непрестанно изменяющейся и развивающейся системой. И английский язык не исключение. В наше время английский язык переживает неологический бум. В нем появляется огромное количество новых лексических единиц, около 800 слов в год.

Словарный состав языка постоянно изменяется, так как языку свойственно отражать все изменения в жизни людей.

В современном английском языке развитие словарного состава происходит, как никогда прежде, очень бурно. Причиной этого является, прежде всего, научно-техническая революция, в результате которой возникают новые понятия в науке и технике, происходят изменения в культуре и общественных отношениях между людьми.

Мы считаем данную тему актуальной, так как неологизмы связаны практически со всеми областями жизни современного общества.

**Целью** данной работы является изучение лингвистических изменений в лексическом составе английского языка.

**Задача** данной работы: проанализировать существующие виды и способы образования неологизмов.

По способу образования неологизмы подразделяются на фонологические, заимствования и морфологические.

Неологизмы охватывают практически все сферы жизни. Пополнение лексического состава английского языка происходит как с помощью заимствований из других языков, так и внутриязыковыми средствами, что вновь и вновь доказывает, что язык – это живая система, в которой как в зеркале отражаются все изменения, которые имеют место быть в нашей повседневной жизни.

Тема неологизмов всегда была актуальна. Процесс образования неологизмов и пополнения ими современного языка – процесс постоянный и, следовательно, представляет довольно обширное поле для дальнейших исследований.

### **Литература**

1. Дубенец Э.М. Лингвистические изменения в современном английском языке. – М.: Глосса-пресс, 2003.
2. Вендина Т.И. Введение в языкознание. – М.: Высшая школа, 2003.
3. Реформатский А.А.; под ред. Виноградов В.А. Введение в языкознание. – М.: Аспект, 2003.
4. Бабкин А.М., Шендецов В.В. Словарь иноязычных выражений и слов. – Ленинград.: Наука, 1981.
5. Мюллер В.К. Новый англо-русский словарь. – М.: Русский язык медиа, 2006.
6. Мюллер В.К., Боянус С.К. Англо-русский словарь. – М.: Локид, 2000.
7. Локетт Б. Фразеологизмы и неологизмы. // Иностранные языки в школе. 2005. – № 2 – С. 74-78.
8. Dictionary of Contemporary English – Longman, 2008.
9. Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. – М.: Высшая школа., 2003

## **М.Б. Еркинбеков**

КММ «Дарынды балаларға арналған Ш.Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан»  
арнайы ерлер мектеп-лицей-интернаты» Семей қ.

Ғылыми жетекшілері – Г.Б. Байтемирова, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі  
Б.Е. Калиолдина, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

### **ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СӨЙЛЕУІНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІННЕН ЕНГЕН КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ӘСЕРІ**

Басқа тілдерден келген кірме сөздер-табиғи және тұрақты үдеріс.

Халықтар, елдер, мемлекеттер әрқашан бір-бірімен байланыста болғандықтан басқа тілдерден кірме сөздердің келуі заман талабы.

Ақпараттық тасқынның күшейюі-ғаламдық интернет желісінің пайда болуы, дүниежүзілік экономикалық нарықтың дамуы, халықаралық туризм, мәдениет байланыстары, ақпараттық технологиялар, халықаралық олимпиадалар, фестивальдер – осының барлығы ағылшын тілінен енген кірме сөздерінің келуіне себеп болды [1].

Мысалы: ноутбук, сканер, интернет, сайт т.б.

Біздің еліміз ертеден басқа елдермен саяси, сауда, ғылыми және мәдени байланыста болғандықтан тіліміз басқа тілдермен байытылып отырған.

Бұндай сөздер біздің халыққа жаңа заттар, дәстүрлер мен түсініктерге жаңа атаулар берді. Гипертілдердің пайда болуы көптеген мәселелер туғызады. Бұл мәселелерді шешу эколлингвистика – тілдердің бір-бірімен байланысын зерттейтін 21 ғасырдың өзекті ғылым саласының тұғырында. Әлемнің ағылшын тілді емес елдерінің халқы мәдениаралық қарым-қатынасқа дағдылану қажет, сонымен қатар өз тілінің тазалығын, ұлттық мәдениетін сақтап қала білу керек. Тәжірибе көрсеткендей, уақыт өте тілдегі артық және қажетсіз сөздер өздігінен түсіп қалады [2].

Англицизмдерді қолданудың кейбір артықшылығын да айтып кету қажет:

- біріншіден, кейде англицизмдерді қолдану ыңғайлы, өйткені олар қысқа да нұсқа айтылады;
- екіншіден, ұзақ аудармалардан гөрі, англицизмдер бәріне түсініктірек.
- үшіншіден, бұл сөздер біздің күнделікті тілімізге енген, әсіресе жастар мен Бұқаралық ақпараттар құралдарына ;
- төртіншіден, кірме сөздер нормативті лексикаға жатады.

Әр елдің өз туған тілінің құндылығы бар. Өз тіліміздің мәртебесін де әрқашан жоғары ұстауымыз керек. Бірақ заманның ағынынан қалмай, экономика, саясат, мәдениет салаларын әрі қарай дамыту үшін біз халықаралық тілді де меңгеруіміз керек [3].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай Қазақстанда «Үш тілде білім беру» идеясын ұсынуының негізі: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек екендігі. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі [4].

Негізі «үштілді білім» өзінен өзі туындаған әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай [5].

#### **Әдебиеттер**

1. Современный словарь иностранных слов – 1992
2. Брейтер М.А. Ағылшын тілінен келген кірме сөздерінің тарихы. Владивосток, 2004.
3. Ваулина Е.Ю., Скляревская Г.Н. «Көп пайдаланатын ағылшын тілінен келген кірме сөздер» – М. 2005.
4. Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» (атты 2007 ж.) Жолдауында ұсынылған «үштұғырлы тіл» мәдени жобасы.
5. <https://infourok.ru>. <http://gramotey.com>. <http://kaz2.docdat.com>

## СЕКЦИЯ № 6: ҚАЗАҚ ТІЛІ, ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

### СЕКЦИЯ: КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК, ЛИТЕРАТУРА И ЖУРНАЛИСТИКА

Г. Кулжабаева

№39 жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – Д.Ж. Ережепова, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

#### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘДЕБИ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ МИФОПОЭТИКА

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазақ әдебиетінде миф пен мифопоэтикалық ерекшеліктер туралы зерттеулердің пайда болғанына 20-30 жылдың ғана жүзі болды десек артық айтпаймыз. Жалпы миф туралы зерттеулер фольклор ғылымының негізгі саласы болып қаралғаны белгілі. Ал көркем шығарманың поэтикалық ерекшелігі мифтік танымдар мен архетип тұрғысынан терең қарастырыла бастауы да кейінгі зерттеу еңбектердің нәтижесі.

Мифология – біздің санамыз бен түйсігіміздегі кеңістікті қайтадан танып білуге жол ашып беретін кілттердің ішіндегі негізгісі. Қазіргімізді, өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды еске түсіруге мүмкіндік беретін әдіс те – осы мифология» деп жазады өзінің зерттеулерінде көрнекті мифолог С.Қондыбай [7].

Қазақ әдебиетінде мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің генетикалық тұрғыдан сабақтастығы үзілмеген, ол дәстүр А. Иассауи (12 ғ.), Асан қайғы (15 ғ.) шығармаларынан қоса алғанда ХХ ғасырдың басына дейін жалғасқан. Мифологиялық желі ХХ ғасыр басындағы әдебиетте жақсы көріне бастады да, 1930-60 жылдар аралығында әдебиетте үстемдік еткен большевиктік идеология себептерінен салдарынан үзіліп қалды, кейіннен 1970 жылдардан бастап қазақ прозасындағы осы эстетикалық сабақтастық қайта жалғасты. Мифтік шығармашылықтың көркем әдебиетте тамырын тереңге жібере бастауы 1980 жылдардағы әдеби сында көп айтылып, қызу талқылау нысанына айналды. Бүгінгі күнге дейін бұл мәселе әлі жан-жақты зерттеліп біткен жоқ деп айта аламыз. Әсіресе, 1970-80 жылдары мифтердің қолданылу ерекшеліктеріне байланысты сыни-теориялық мақалаларда бұл мәселе пікірлер айтысын тудырды.

Зерттеу нысанына алып отырған қазақ және ағылшын әдеби ертегілеріндегі мифопоэтика мәселесінің өзектілігі салыстырмалы әдебиеттануда әлі де бұл мәселенің зерттелмей жатуында. Ағылшын әдеби ертегілері мен қазақ әдеби ертегілеріндегі сюжеттік желі, оқиғаның басталуы мен кейіпкерлер жүйесінің берілуі, образдардағы бейнелік ерекшелік мәселесі зерттеудің өзектілігін айқындайды.

**Мақсаты.** Қазақ әдеби ертегілері мен ағылшын әдеби ертегілеріндегі мифопоэтикалық ерекшелікті салыстыра отырып талдау, көркемдік жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау.

**Міндеттері берілген мақсатты саралап, талдауға құрылды:**

- Миф пен мифопоэтикалық ғылыми ұғымдарына саралау жасау;
- Қазақ әдеби ертегілеріндегі мифопоэтикалық ұстанымның ұлттық дүниетанымдық сипатын ашу;
- Қазақ және ағылшын әдеби ертегілеріндегі кейіпкерлер жүйесі мен сюжеттік желі мәселесін салыстыра талдау.

**Зерттеу нысаны.** Қазақ және ағылшын әдеби ертегілеріндегі кейіпкерлер мен ертегі мифопоэтика мәселесі негізгі зерттеу нысаны болады.

**Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі.** Мифология туралы Шоқан Уәлихановтан бастап, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, А.Машанов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, Т.Әсемқұловты, Ә.Сарай, Б.Ыбыраев, Б. Серікбайұлы – Қошым Ноғай, Ә.Балқыбек, С.Қондыбай, З.Наурызбаева, М.Сембин, Г.Ақселеуов, Н.Шаханова, Г.Қаракөзова, Н.Оспанов, т.б. көптеген орыс және шетел зерттеушілерінің еңбектері басшылыққа алынды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

- Миф пен мифопоэтикалық ғылыми ұғымдарына саралау жасалды;
- Қазақ әдеби ертегілеріндегі мифопоэтикалық ұстанымның ұлттық дүниетанымдық сипатын ашуға талпыныс жасалды;
- Қазақ және ағылшын әдеби ертегілеріндегі кейіпкерлер жүйесі мен сюжеттік желі мәселесін салыстыра талданды.
- Балалар оқуына ұсынылатын әдеби ертегілерді саралап, талдаулар жасалды.

Мұхтар Әуезовтың кез-келген туындасында сатиралық, юморлық кейіпкерлер, ащы әжуаға негізделген тіл өткірлігі шеберліктің анық үлгісіндей болып, әдебиет тұғырының жарқын белгісін танытты. Мұхтар Әуезов шығармаларындағы сатира мәселесін қозғағанда ұлт тәрбиесінің басты құралы болған, жамандықтан жиренудің әдіс-тәсілдері зор ауқымды көрініс беріп, тұтас бір ұлттың мінезін танытады.

Сатираның қазақ әдебиетіндегі кесек те керемет қолданыс үлгісін Абайдан алған Мұхтар Әуезов бар сипатымен прозаға енгізе білді. Қазақ халқының ұлы классигі, данышпан ақыны Абайды тануды анық мақсат етіп алған Мұхтар Әуезов оның сатирадағы үлгілерін жазушылық шеберлігіне үлкен машық еткен. Үлкен-кіші ұтымды, шешен жауап беріп, дау, талас, тартыс-егесте қауып айтуды үлкен машық еткен Абай екені әдебиет сүйер қауымға аян.

Мұхтар Әуезов шығармаларындағы сатираны танып білу, оның барлық көркем туындыларының құндылығын өз деңгейінде сараптап, барынша сан қырынан танылуына жәрдем етіп, оның поэтикалық әсері мен терең тәлім-тәрбие беретін рухани күш-қуат ретінде саралау, болашақ ұрпақтың кемелденуіне аса керекті дүние болмақ.

Зерттеуші, сатиратанушы Т. Қожакеев: «Бір күрсіну, бір өксу, қабақтың бір ғана шытылуы сияқты болып, тез көрініп, тез басылатын лирика сыршылдықта мәлім жайларды ұзақ қиырламай, жүрек күйін тақылдатып ым қағып қана тоқтаса, ерекше дәмді, аса сәтті болады. Мұхтар Әуезов мақаласында: «Сөздің сырт пішіні сұлу болғанға қанағаттанбай, сырт пішіні күлкілі болғанға қанағаттан, нағыз күлкіні алу керек. Нағыз күлкі сөзде емес, күлкі қылатын халде болады. Күлкі сөздің шатасынан тумайды. Сырт пішіні дарақы, оспадарлау келген сөзден шын күлкі шықпайды. Онымен бірен-сараңды болмаса, көпті күлдіре алмайсың. Құр сөздің өрескелдігімен күлкі тудырамын деу қате. М.Әуезов шындығында қазақ сатирасының теориялық негізін салушылардың бірі екенін осы мақаласы растайды. «Ел тірлігіндегі кейбір сорақылық, өрескелдікті күлкі етіп жазу-асыл өнер, ардақты өнер» деп сатираның өнердегі, өмірдегі орнына ерекше ден қойған.

Әдебиет білімпазы «Қазақ-өзі күлдіргі, күлкісі мол, мысқыл, мазақшыл ел. Күлкі оған жат емес» деп түйген. Сатира, юмордың жалынды ұшқындарын ескі замандардағы әдебиет нұсқаларынан дәл байқаған. Үйлену-салт, ғашықтық, батырлық жырларындағы, ертегі, аңыз, әңгімелердегі қазақ халқының күлкі мен ысқақтың тамырын дөп басып талдай көрсеткен. Мысалы: «Діндарлықты, сараңдық пен қараулықты, ақымақтық пен аярлықты әжуа ететін халықтық юмор Алдар көсе жайындағы ертегілерде, әсіресе, мол болып келеді. Оның «Шық бермес Шығайбайды» алдап, сайқымазақ етуі-сараң, жеміт Сасықбай атаулыға арналған тантық, қоғамдық мысқылдың айқын үлгісі. Мұнда дүниеқоңыз шірік байдың сұм құлқынын, көзі тоймас озбырлығын көпшілік Алдардың іс әрекеті арқылы өлтіре мазақ етеді... Халық санасын улап ақыл-ой арбаушыларды, бақсы, балгерлерді, құшынаштарды да алдар ащы күлкісімен масқаралап, ақымақ етіп кетеді. Оның юморының уыты, ащы күлкісінің өткір жүзі халықтың қас жауы болған элементтерге қарсы бағытталған» [1]. Сол сияқты сатира, юмормен халықтың Қобыланды жырындағы Қараманның сараң, болымсыз бейне екенін, «Айман-Шолпан» жырында Көтібардың ақымақтығын күлкі, мазақ қылып әшкерелейді.

Сыртқы өмір жазушының ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне еріксіз көндіріп, кеңестік шаблонға тарта берген соң, Мұхтар өмірдегі, күнделікті тірліктегі жан арманымен үйлеспейтін қайшылықтар сатиралық бояу алып, шығармаларында көрініс тапқан. Нақтылы айтқанда, Мұхтар Әуезовтің туындыларындағы сатира әдісінің өзгешелігі-оның жазушылық жолының даму ретін, шығармашылық эволюциясын дамытуында. Мұхтар жолы-таза жүрудің, қуатты қиялға ілесудің, ақ, адал бейнет шегудің жолы.



### Әдебиеттер

1. Нұрқатов А.М. Әуезов Монографиялық очерк. – Алматы: ҚМКӘБ.-1957
2. Қабдолов З. М. Әуезов және оның әсемдік әлемі. – Алматы: Қаз ССР Білім қоғамы, 1986
3. Қаратаев М. Мұхтар Әуезов. – Алматы: 1967
4. Нұрғалиев Р. Трагедия табиғаты. – Алматы: Жазушы, 1968
5. Сыздықов Қ.М. Әуезов әдебиет сыншысы. – Алматы: Ғылым, 1973
6. М. Әуезов және Абай.-Алматы: Қазақстан 1996 – 272 б
7. Молдаханов Ә. Ә. М. Әуезов-фольклортанушы – Алматы: Ғылым, 1997 – 152 б
8. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан(әдеби сын зерттеу) – Алматы: Жазушы,1993 – 222 б
9. Бердібаев Р. М. Әуезов шың. – Алматы: Ғылым, 1997 – 208 б

### Қ.З. Сләмова

№ 47 жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшілері – Б.Н. Жумабаева, Д.У. Буханова

### М.О. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САТИРА ЖАНРЫ

Мұхтар Әуезовтың кез-келген туындасында сатиралық, юморлық кейіпкерлер, ащы әжуаға негізделген тіл өткірлігі шеберліктің анық үлгісіндей болып, әдебиет тұғырының жарқын белгісін танытты. Мұхтар Әуезов шығармаларындағы сатира мәселесін қозғағанда ұлт тәрбиесінің басты құралы болған, жамандықтан жиренудің әдіс-тәсілдері зор ауқымды көрініс беріп, тұтас бір ұлттың мінезін танытады.

Сатираның қазақ әдебиетіндегі кесек те керемет қолданыс үлгісін Абайдан алған Мұхтар Әуезов бар сипатымен прозаға енгізе білді. Қазақ халқының ұлы классигі, данышпан ақыны Абайды тануды анық мақсат етіп алған Мұхтар Әуезов оның сатирадағы үлгілерін жазушылық шеберлігіне үлкен машық еткен. Үлкен-кіші ұтымды, шешен жауап беріп, дау, талас, тартыс-егесте қауып айтуды үлкен машық еткен Абай екені әдебиет сүйер қауымға аян.

Мұхтар Әуезов шығармаларындағы сатираны танып білу, оның барлық көркем туындыларының құндылығын өз деңгейінде сараптап, барынша сан қырынан танылуына жәрдем етіп, оның поэтикалық әсері мен терең тәлім-тәрбие беретін рухани күш-қуат ретінде саралау, болашақ ұрпақтың кемелденуіне аса керекті дүние болмақ.

Зерттеуші, сатиратанушы Т. Қожакеев: «Бір күрсіну, бір өксу, қабақтың бір ғана шытылуы сияқты болып, тез көрініп, тез басылатын лирика сыршылдықта мәлім жайларды ұзақ қиырламай, жүрек күйін тақылдатып ым қағып қана тоқтаса, ерекше дәмді, аса сәтті болады. Мұхтар Әуезов мақаласында: «Сөздің сырт пішіні сұлу болғанға қанағаттанбай, сырт пішіні күлкілі болғанға қанағаттан, нағыз күлкіні алу керек. Нағыз күлкі сөзде емес, күлкі қылатын халде болады. Күлкі сөздің шатасынан тумайды. Сырт пішіні дарақы, оспадарлау келген сөзден шын күлкі шықпайды. Онымен бірен-сараңды болмаса, көпті күлдіре алмайсың. Құр сөздің ерескелдігімен күлкі тудырамын деу қате. М. Әуезов шындығында қазақ сатирасының теориялық негізін салушылардың бірі екенін осы мақаласы растайды. «Ел тірлігіндегі кейбір сорақылық, ерескелдікті күлкі етіп жазу-асыл өнер, ардақты өнер» деп сатираның өнердегі, өмірдегі орнына ерекше ден қойған.

Әдебиет білімпазы «Қазақ-өзі күлдіргі, күлкісі мол, мысқыл, мазақшыл ел. Күлкі оған жат емес» деп түйген. Сатира, юмордың жалынды ұшқындарын ескі замандардағы әдебиет нұсқаларынан дәл байқаған. Үйлену-салт, ғашықтық, батырлық жырларындағы, ертегі, аңыз, әңгімелердегі қазақ халқының күлкі мен ысқақтың тамырын дөп басып талдай көрсеткен. Мысалы: «Діндарлықты, сараңдық пен қараулықты, ақымақтық пен аярлықты әжуа ететін халықтық юмор Алдар көсе жайындағы ертегілерде, әсіресе, мол болып келеді... Оның «Шық бермес Шығайбайды» алдап, сайқымазақ етуі-сараң, жеміт Сасықбай атаулыға арналған тантық, қоғамдық мысқылдың айқын үлгісі. Мұнда дүниеқоңыз шірік байдың сұм құлқынын, көзі тоймас озбырлығын көпшілік Алдардың іс әрекеті арқылы өлтіре мазақ етеді... Халық санасын улап ақыл-ой арбаушыларды, бақсы, балгерлерді, құшынаштарды да алдар ащы күлкісімен масқаралап, ақымақ етіп кетеді. Оның юморының уыты, ащы күлкісінің өткір жүзі халықтың қас

жауы болған элементтерге қарсы бағытталған»[1.57]. Сол сияқты сатира, юмормен халықтың Қобыланды жырындағы Қараманның сараң, болымсыз бейне екенін, «Айман-Шолпан» жырында Көтібардың ақымақтығын күлкі, мазақ қылып әшкерелейді.

Сыртқы өмір жазушының ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне еріксіз көндіріп, кеңестік шаблонға тарта берген соң, Мұхтар өмірдегі, күнделікті тірліктегі жан арманымен үйлеспейтін қайшылықтар сатиралық бояу алып, шығармаларында көрініс тапқан. Нақтылы айтқанда, Мұхтар Әуезовтің туындыларындағы сатира әдісінің өзгешелігі-оның жазушылық жолының даму ретін, шығармашылық эволюциясын дамытуында. Мұхтар жолы-таза жүрудің, қуатты қиялға ілесудің, ақ, адал бейнет шегудің жолы.

### **Әдебиеттер**

1. Нұрқатов А. М. Әуезов Монографиялық очерк. – Алматы: ҚМКӘБ. – 1957
2. Қабдолов З. М. Әуезов және оның әсемдік әлемі. – Алматы: Қаз ССР Білім қоғамы, 1986
3. Қаратаев М. Мұхтар Әуезов. – Алматы: 1967
4. Нұрғалиев Р. Трагедия табиғаты. – Алматы: Жазушы, 1968
5. Сыздықов Қ. М. Әуезов әдебиет сыншысы. – Алматы: Ғылым, 1973
6. М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан 1996 – 272 б
7. Молдаханов Ә.Ә. М. Әуезов-фольклортанушы – Алматы: Ғылым, 1997 – 152 б
8. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан(әдеби сын зерттеу)-Алматы: Жазушы, 1993 – 222 б
9. Бердібаев Р. М. Әуезов шың. – Алматы: Ғылым, 1997 – 208 б

### **Н. Жакупова**

«№ 15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ  
Ғылыми жетекшісі – С.К. Балыкбаева, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАСТЫ ТАҚЫРЫБЫ – ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ**

Ы. Алтынсарин – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, демократ тәлімгер, публицист жазушы, өз заманының қоғам қайраткері. Еңбек тақырыбы қазақ жазба әдебиетінде ХІХ ғасырдың аяғында Ы.Алтынсарин шығармалары арқылы келді. Дене мен еңбек тәрбиесін ол адамгершілік тәрбиесінің аса күрделі мәселелері ретінде таныды.

Еңбек тәрбиесі Ы. Алтынсаринның хрестоматиясында, көркем шығармаларында негізгі орын алады. Ол өзінің еңбек тәрбиесіне байланысты ойларын терең және айқын көрсетіп өтті. Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды.

Жастарды еңбекке баулу - қай кезде де азаматтық тәрбиенің елеулі шарттарының бірі. Балаларға арналған хрестоматияға енгізген мақалалары мен әңгімелерінде автор еңбектің аса зор маңызын көрсетіп, еңбекті қадірлеуге және сүйуге тәрбиелеу мақсатын көздейді. Автор хрестоматиясын оқушыларды еңбектің мақсатқа жеткізетіндігіне, еңбек арқылы табылған табыстың берекелі болатындығына сендіре отырып, еңбек ету үшін “тұрақтылық пен табандылық” қажет екендігін уағыздайды. Оған дәлел оның хрестоматиясындағы көптеген еңбекке байланысты мақалдар мен мәтелдер. Мысалы, “Бейнетсіз рахат жоқ”, “Жалқау текке жатар, оның ырысы қашар”, “Жігіттің ерінгені, көрінің көрінгені”, т.б. дәлел болады.

“Бай баласы мен жарлы баласы” әңгімесінде Алтынсарин бүкіл ағартушылық еңбегінің негізгі сырын, әлеуметтік тенденциясын айқын ашып береді. Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді. Асан бейнесінен мұндай қасиет байқалмайды. Үсен бейнесінен тек еңбек сүйгіштіктен басқа дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сомдай түседі.

«Әке мен бала» әңгімесінде де жалқау баланың күйін сипаттайды. Осындай әңгімелері арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге дағдылайды.

Аз жұмысты қиынсысаң, көп жұмысқа тап боларсың: ағза қанағат ете білмесең, көптен құр қаларсың.

“Қыпшақ Сейтқұл” әңгімесінде Сейтқұл арқылы қарапайым халықтың толысқан өкілін бейнелейді, оның жақсы істерін көрсетеді. Сөйтіп, жазушы бұл әңгімелерінде қазақ шаруаларының екі ұрпағын суреттейді, сол арқылы жалпы халықтың тіршілік ету, өмір тану, табиғатты меңгеру әрекеттерін баяндады. “Бай мен жарлы баласы”, “Қыпшақ Сейтқұл” әңгімелерінің бір-біріне байланысты шығармалар ретінде қаралуы осы себепті.

“Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш” деген әңгімесінде бұл үшеуі әрқайсысы өздеріне тамақ іздеп, еңбек етеді, күн көру үшін күреседі. Бұл әңгімеде әкесі жас баласымен сөйлесіп, одан бірнеше сауал сұрағаннан кейін әкесі құс, жәндіктердің еңбектену арқасында өздеріне қорек тауып жүргенін айтып, “Сен де ертеден кешке дейін босқа жүріп уақытыңды босқа жіберме, еңбек етуге әдеттен, еңбек етсең – емерсің” дейді.

Ы.Алтынсаринның “Сәтемір хан” әңгімесінде кішкентай ғана ақсақ құмырсқаның қайта-қайта құлағанына қарамастан қабырға арқылы үйдің төбесіне шыққанын көріп отырған Сәтемірге мынандай ой келеді: “Өзі ақсақ құмырсқа еңбектеніп отырып өзінің мақсатына жетті, ал мен болсам түк бітірмей өмір сүріп жүрмін. Маған мына құмырсқадан өнеге алу керек екен” деп, ақырында өз елінің ақылы толған патшасы болыпты”.

Бұл әңгімеден еңбек үлкен мұратқа жеткізіп қуаныштар әкелетінін, ол қуаныш қажеттіліктен туған мақсатқа жету идеясын көрсетеді.

Ы.Алтынсаринның көптеген шығармалары өмірдің мәні және мағынасы еңбекте екендігін дәлелдейді, ол адам өмірін еңбек әрекетінсіз мәнсіз деп есептейді.

Еңбек әрекетінің біткені – өмірдің біткені. Ал біреудің еңбектерімен күн көру арамтамақтың және ақымақтың, яғни адалдық қасиеттің жоқтығы. Бір кездегі Ы.Алтынсаринның ойлаған арманы, еңбек идеялары қазіргі заманда адам өмірінде орнын тапты.

Қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесінің ғылым негізін қалаған да Ы.Алтынсарин. Ол қазақ халқының экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән берді, қолөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ашуға күш жұмсады.

Ы.Алтынсаринның еңбек туралы пікірлері, идеялары қазіргі біздің экономикалық жағдайда қойылатын талаптармен сәйкес келеді.

Еңбек тәрбиесі тақырыбында жазылған Ыбырай әңгімелері бір-біріне еш ұқсамайтын, қайталанбайтын туындылар. Әрқайсысының өзіндік қызықты әрі тәрбиелік жақтары бар. Мұны оқыған оқырман әрқашан пайдалы, өнегелі істерге ұмтылары сөзсіз.

Ыбырайдың өзі айтқандай, бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң өзің ғана тілейсің дегендей, бала жүрегіне нұр құюшы мамандардың жол бұлтарысы мол, бейнеті мен мұраты бірдей, бірақ бақыт құшағы кең екенін мақұлдай келе, ұстазға да үлкен ескерту, сын мен пайымшылық қажеттігін еңбек, шаттық, қуаныш, бақыт әкелетінін, еңбек – табыс көзі екендігін, еңбек – өмірді көркейтетіндігін, адамды абырой атаққа жетелейтінін түсіндіреді.

Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі.

Қорыта айтқанда, Ы.Алтынсаринның өз халқын оқуға, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеуі, проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды.

### Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы «Санат» 2006 ж.
2. Ыбырай Алтынсарин «Әңгімелер» Алматы «Мектеп», 1980 ж

**А.К. Жакиянова; А.Р. Жумабаева**

Семей қаласы, №12 ЖОББМ КММ, 10 сынып

Ғылыми жетекшісі – А.С. Алтынбекова; Ж.Х. Камбарова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## **АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРҰЙҒЫ МЕН «МӘҢГІЛІК ЕЛ» КОНЦЕПЦИЯСЫ**

Ғылыми жоба тақырыбы: Жерұйық фильмінің өскелең ұрпаққа берер әсері

Жобаның негізгі мақсаты: Қазіргі жас ұрпақ оқулықтан білсе, біледі, әйтпесе біздегі «халықтар достығы» ұғымының неден шыққанын, тонның ішкі бауындай араласып, күнде қатар жүрген корей, шешен, неміс достарының қазақ топырағына әу баста қалай келгенін ойлап, әрідегіні қазбалап жатпайды да. Осы тұрғыда, «Жерұйық» фильмін көрсету арқылы жас көрерменге ой салу.

Зерттеудің өзектілігі- осындай фильмдерді оқушыларға жиі көрсетілуі тиіс.

Зерттеудің болжамы-егер осындай фильмдерді туралы көп білсе, оқушылардың бойына ұлтжандылық, қамқорлық, жаңашырлық, татулық секілді толып жатқан қасиеттерді бойына сіңіре еді.

Зерттеу әдістері

- ғылыми әдебиеттердегі анықтамалармен танысу;
- бақылау;
- зерттелген нәтижеге талдау жүргізу

«Жерұйық»: жер жанаты – деген мағынаны білдіреді. ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлттық бірегейлік туралы» сөз қозғағанда «халықтың рухының жерұйығы» туралы ой тастайды. Жалпы «Жерұйық» ұғымының концептілік этимологиясын, мифологиялық тұғырнамасын анықтау маңызды мәселе. «Жерұйық» дегенде біріншіден, құтты мекен ойға оралады, ол қазақ халқының тарихында Асан қайғының философиясымен тығыз байланысты. Себебі, Асан қайғы жел маясына мініп халқына Жерұйық іздейді. Сонда «жерұйық» дегеніміз қандай жер және бүгінгі заманда қазақ халқы өз жерұйығын тапты ма деген сауалдарға жауап іздеу кезек күттірмес мәселе. Орхон-Енисей руникалық жазбаларын негізге ала отырып және оларды археологиялық, этнографиялық, мифологиялық деректермен толықтыра отырып, көне түркілердің дүниетаным түсінігін және олардың космогониялық танымын анықтауға негіз бар. ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді тайпаларының ежелгі ақсүйек әулиетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты – Мәңгілік Ел бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан арғы мыңжылдықта ғұндардың арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинаған» [1, 3], – деп атап көрсетуі Қазақ даласының ұлы түркі елінің қара шаңырағы екендігін айқындай түседі.

«Қазақ елінің мәңгілігі» деген түсінік – мұраттар негізінде құрылған пафостық түрде перспективтіліктің шынайы болашақ қуаттылық деңгейін ашады. Яғни, бұнда шабыт пен жігердің, белсенділік пен ұмтылыстың стратегиясы жатыр. Бұл параллелизмнен: «Жерұйықты» (өз Отанын) қастерлеу – Қазақ елінің мәңгілігінің сақталуының кепілі» деген тұжырымдама алынады.

Жалпыадамзаттық оптимистік философия мен ұлттық рухты бітістірген Асан қайғы идеалына өзінің жеке басының оған сенгендігінде немесе сенбегендігінде емес, осы идеалдың жалпы алгоритмін (логикалық құрылымын) жасап бергендігінде болып отыр. Неге десеніз, «бес ғасыр өтсе де, коммунистер дәл осындай үлгіні неге таңдап алады» деген сұрақтың жауабы бұған дәлел. Демек, Мәңгілік Ел идеясы да осындай шабыт пен сенім туғызатын оптимистік философиядан тамыр тартады деген сөз.

Ал, тікелей тақырыбымызға оралсақ, «Жерұйық» көркем фильмінің көтерер жүгі ауыр секілді көрінді. Біріншіден, бұл тарихи фильм ретінде еліміздің өткен бір зобалаңды кезеңіне

үңілдіріп, сол заманалар шындығын көркем тәсілдер арқылы ашуымен құнды. Екіншіден, онда жер аударылып келген халықтар тағдыры, қазақ халқының қонақжай, сонымен бірге намысын бермейтін мәрт мінезі ширеңісті драмалық оқиғалар үдесінде көрініс табады.

### **А.М. Қасымжанова**

«№30 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – Д.Е. Кайрашова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

### **ЛАТЫН ӘРПІНЕ КӨШУ-УАҚЫТ ТАЛАБЫ**

Жазу – адамзат ақыл-ойының үлкен жетістігі. Кез-келген халықтың тарихы жазба тілмен тікелей байланысты қалыптасып, барлық рухани және материалдық құндылықтар деңгейі жазба мәдениетінен көрінетіндіктен жазу тарихы жалпы адамзат тарихының бір саласы ретінде қарастырылады. Әлемдегі бүкіл халықтар секілді қазақ халқы да өзінің тарихи өрлеуі барысында саяси, қоғамдық әлеуметтік жағдайларға байланысты әр түрлі жазу үлгілерін қолданды.

Қазақ мәдениеті тарихында алфавит, емле мәселесінің өз орны бар. Өйткені жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Жалпы жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс, адамның рухани байлығының үлкен жетістігі. Жазусыз мәдениет те, әдебиет те, ғылым да дамымас еді. Оның адамзат өміріндегі маңызын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде атап айтқан. XX ғасыр басында тікелей оқу-ағарту ісімен немесе әдебиетпен айналысқандарды ғана емес, бүкіл қазақ қоғамын алаңдатқан үлкен проблема болды. Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. Көпшілікке мәлім, қазақ жазуын (араб графикасы негізіндегі) басқа графикаға көшіру мәселесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген болатын. Сол уақыттағы баспасөз беттерінде араб жазуының кемшілік жақтарын, оның түркі тілдеріне жарамсыздығын айтып сынаған мақалалар көптеп кездеседі. Кей мақаланың авторлары араб жазуының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтындығын, бас әріптердің, тыныс белгілерінің жоқтығы оқуда қиындық туғызатынын көрсете келіп, қазақ жазуын жетілдіру керек не басқа алфавит алу керек деген пікір айтады. Қазақ оқығандары, оның ішінде Ы.Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа алфавит қабылдауды, не осы жазуды біраз жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Міне, осы пікір ағымын өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын қызу уағыздады. Араб жазуын жетілдіру не басқа графикамен алмастыру мәселесі XIX ғасырдың екінші жартысында көтерілгенімен, бірақ өз шешімін таба алмай аяқталды. Бұған неңдей себеп болғанын шығыстанушы Н.Яковлев былай деп көрсетеді: “Орыс графикасы миссионерлер мектебі арқылы таратылғандықтан кейбір халықтардың ұлттық сезіміне жағымсыз әсер етті. Бұл орыстандыру және зорлықпен ұлттық ерекшеліктерді жою үшін істелінген іс деп есептелінді”. XX ғасыр басында туған шытырман заманның түрлі қоғамдық-саяси оқиғаларына қазақтың көзі ашық ұлтжанды зиялы тобының өкілдері бейтарап қарап отыра алмады. Олар қоғамдық дамудың алғы шарттарының бірі – халыққа білім беру деп танып, қалың бұқараның сауатын тез ашу үшін оқыту жүйесіне реформа жасаудан бастау керектігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Мектептер мен медреселерде діни сабақтармен қоса әр түрлі ғылым салаларынан алғашқы мәліметтер берілетін болды. Жаңа әдіспен оқытудың пайдалы екендігін түсінген Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Исен Бейсенбаласы т.б. хақты ана тілінде тез сауаттандыру үшін төте жазумен жазылған жаңа оқу құралдарын құрастырып, жаңа әдіспен оқытуға арналған әліппе, емле ережелерін құрастырумен айналысты. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ даласында жәдид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ алфавитін түрленген жаңа жүйеге келтіруге, ежелеусіз оқу мен төте оқуды қалыптастыруға жол салды. Бұрынғы әліппе бойынша, ескі араб әрпімен (хадимше) түсініксіз сөздерді жаттаудың орнына, тура өз тілімізде оқып-жазатын жаңа әдіс ұлт мәдениетінің тарихында орасан зор маңызды оқиға болды. Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың бас кезінде араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп өзгерістер енгізді

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
2. Городкова Ю.И. Латинский язык. Учебник-6-е изд,
3. Боровский Я.М , Болдырев А. Учебник латинского языка изд-4
4. Ақпараттық көздер.

## Н. Болатқазин

Шәкәрім университетінің Жоғары Агротехникалық колледжі, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – А.М Қайырбаева, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

### «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Қазақ әдебиеті – ұлттық мәдениетіміз бен рухани өміріміздің бөлінбес бір бұтағы, ажырамас арнасы. Әдебиет тарихына «Еңлік-Кебек» деген атпен енген туындылар жайлы көптеп айтылуда. Еңлік пен Кебек хикаясын сөз еткенде, тарих пен таным, салт пен сана, ұлттық діл, қоғам мен заман тынысы сияқты тамыры тұтас мәселелер айқын көрініс табады. Дастан өткенге өктем сөйлеген Мағауия поэмасынан кейін Шәкәрім қаламында жалғасты. Ғасырлар бір-біріне мұраға қалдырып, сан ұрпақ көкейінде әлпештеп жеткізген халық қазынасы, әдемі аңыз Шәкәрімнің қаламына қонып, қиял қанатын тербейді.

«Еңлік-Кебек» дастанында жер дауы үшін бір-бірінің жағасына қол салған екі ру – Матай мен Тобықтыдан шыққан қыз бен жігіттің ғашықтық оқиғасы бір кесапатты кезеңнің тұсында өрбіп, халық тарихының жоңғармен соғыстан есеңгіреп, ес жия алмай жатқан қатал тұстарына сәйкес келді. Оқиға XVIII ғасыр кеңістігінде өткен. Яғни, ескілік заңдары әлі де күшінде болған кезең. «Жеті жарғы» шығып қойған кез. Бұл ереже бойынша, «айттырып қойған қыз, өз сүйгенімен қашып кетсе, бұрынғы айттырған күйеуіне қыздың туыстары қалыңмалын қайтарумен бірге, бір қызды айып ретінде береді немесе қыз орнына қалың мөлшерін төлейді» [2]. Ендеше, Еңлік пен Кебек дауын құн төлеп, мал беріп бітіруге де болар еді. Бірақ осы жерде ортаға екі ел арасындағы жаулық килігеді. Дастанда басқа нұсқаларда кездеспейтін көп мәселелер қозғалған: Кебектің Еңлікке дейін алған әйелі және одан қалған ұрпағы бар; Еңліктің айттырып қойған жері басқа шығармалардағыдай сыбандар емес, керей елі; Кебек қыздың ағасымен «тамыр болады»; Тоқтамыс Кебекті рулар арасындағы екі жылға созылған тайталастың өртіне шалдырмай қорғаштайды. Басқа нұсқалардағыдай, Кебек қызды айдалаға алып қашып кетпей, өз еліне әкеліп түсірген. Еңлік пен Кебектің жолыққан жері де жай «жартас» қана емес, тұтас бір пейзаждық сурет ретінде беріледі: «биік жартас, қалың орман ағаш һәм сарқырап ағып жатқан бұлақ» [2].

Прозалық нұсқада Еңлік – сұлу, Кебек – батыр. Оларға сюжеттің әр жерінде автордың «бейшаралар» деп бүйрегі бұрып тұрғанын байқаймыз. Әңгімеде Кебектің Еңлікке дейін алған әйелі бар дедік. Ендеше, Кебектің өз некелісіне қарамай, біреудің некелісін алып қашқаны қалай? Автор бұған да қарсы уәж табады – ол әйелін жас күнінде айттырып, 18 жасқа келгенше көре де алмады. Яғни, өз еркімен ұнатып, көңілі қош көріп қосылмаған. Оған да кінәлі әдет-салт деген емеурін бар. Оның үстіне, қызды алып қашқан соң, шарифаттың жолымен молдаға барып, батасын алады да.

Бір қарағанда, әңгімеде мұратымызға жеттік қой деп қызықты дәурен көруге ынтыққан Еңлік пен Кебектің өліміне кінәлі жалғыз Кеңгірбай би сияқты. Айыптыларды матай жаққа беруді қалаған да, Тоқтамыстың елде жоғын пайдаланып «қылықты қылған» да, өз қолымен өлтірмесе де, «жазықтыларды» ұстап, матап берген де осы Кеңгірбай. Бірақ мұның астарында сол заманның ауыр демі жатқан жоқ па?

Осы жерде, ел билеушілері арасындағы мансапқорлық, өзара бақталастық сызы байқалады. Кеңгірбай Кебектің ел арасында көтеріліп келе жатқан беделінен сескенеді. Екіншіден, би қыз бен жігітті бірден өлімге қия салған жоқ. Жүз тобықты мен жүз матайдың талқысына салды.

Өңгімедегі Еңлік пен Кебектің, үш рулы елдің ортасына түскен от, кісі өлген қанды оқиға. Автордың хикаяның басында қазақтың ерлі-зайыптыларға байланысты хатқа түспеген қатал салт-жораларын айтып өтуінде де үлкен мән бар. Еңлік пен Кебек дәл осы салтқа бағынбай отыр. Ендеше, «бағзы әдет-рәсімдерге» қарсы Кеңгірбай не істей алсын?

Өңгімеде ру мен ру арасындағы кикілжің Еңлік-Кебек оқиғасынан кейін ғана өрбиді. Яғни, сол ел ішіндегі кекті жаугершілікке ұласқан алауыздықты тудырып отырған және үш адамның қанының төгілуіне әкелген себеп – ынтық көңілдерін қапаста ұстай алмаған екі жастың ескі салтқа бағынғылары келмеген өжет қылықтары екенін айтып, идеялық қазықты оқиғаның өн бойына өреді.

Еңлік пен Кебек дастанындағы бір жұмбақ кейіпкер ол – сюжетті басынан-ақ біліп, бәрін алдын ала болжап, негізгі түйіннің шешімін әуел баста-ақ айтып қойған шешуші тұлға, Нысан абыз. Дастанда ел бірлігі, салт пен сананың тайталасы, жауыздық пен ізгілік сияқты мәселелер махаббат сүзгісі арқылы жеткізіледі.

Еңлік-Кебек туралы туындылар сюжеті тарихи дәуір шындығы. «Еңлік-Кебек» – жалаң махаббат трагедиясы емес, бүкіл қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік трагедиясының айнасы. Еңлік пен Кебек оқиғасының түйіні – түптің түбіне келгенде Матай мен Тобықты руларының арасындағы бітіспес тартысы. Еңлік пен Кебектің жарқ етіп өткен өмірі мен өлімі жайлы шығармалар–халқымыздың өткен ғасырлардағы өмір сүру салтына, қаһарлы билері мен қайратты батырларына, сол батырларды қалтқысыз сүйе білген ару қыздарына мұра.

### Әдебиеттер

1. Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар. Құрастырған және ғылыми түсініктерін жазған Ү. Сұбханбердина. – Алматы: Жазушы, 1970.
2. Жұртбай Т. «Еңлік-Кебек» пьесасының тарихи негіздері // Мұхтар мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1997.
3. Абайдың ақын шәкірттері. Дайындаған Қ.Мұхамедханұлы. – Алматы: РГЖИ Дәуір, 1993.1-кітап.
4. Мұқаметханов Қ. «Еңлік-Кебек» солай туған // Семей таңы. – 1987, 16 сентябрь.
5. Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар(1888-1894). Құрастырушы Сұбханбердина Ү. – Алматы: Ғылым, 1989.
6. Қарамендин С. «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» хақында. – Қазақ әдебиеті. – 1989, 23 июнь
7. Шәкәрім. Қазақ айнасы: Өлеңдер мен поэмалар. –Алматы: Атамұра, 2003.
8. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. –Алматы: Білім, 1995.

### Ж.А. Мухтаров

«Құрылыс колледжі» КМҚК, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Ж.М. Қалиасқарова, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

### ШӘКӘРІМНІҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСЫ МЕН МҰРАЛАРЫ

Әр елдің өз әдебиеті, өз мәдениеті, өзіндік ұлттық құндылықтары болады. Сонымен қатар, әр ұлттың салт-дәстүріне, дініне, өмірге деген көзқарасына орай туған өлең жазудағы өзіндік ерекшеліктері болатындығы айқын. Ол дегеніміз – рухани құндылықтар. Шәкәрім шығармалары рухани құндылықтардың шоғырланған көрінісі деп білемін. Шәкәрім – қажылық парызын орындаған, халқына Ислам парыздары мен шарттарын түсіндірген ғұлама. Шәкәрімнің діни философиялық ой-пікірлері халықтың бүгінгі дүниетанымына да ағатсыз ықпал бере алады.

Философ ғалым Ғарифолла Есім Шәкәрімнің дінге қатысты көзқарастары туралы былай дейді: **«Шәкәрім Құдайға сенген, тақуа адам болған»** дейді. Шәкәрім ұлттық өркениетте қалдырған шығармашылығы мақтан тұтарлық мұрамыз. **Біріншіден**, ол өз дүниетанымын заман

талаптарына сай тарихты не кемсітпей не асқақтатпай, асырмай, сол бұлақтай таза қалпындай халық көкейіне жеткізе білген. **Екіншіден**, адам мәселесі жөнінде ол біріншілік өлшемдер тұрғысынан айтқан: білім, мейірімділік, махаббат, ар-ұждан, әділдік сияқты құндылықтарды ала отырып, себептерін аша алған. **Үшіншіден**, әлемдік діндердің басты түйінін және негізгі мақсатын көрсете білген [1-3].

Шәкәрімнің **«Мұсылмандық шарттары»** еңбегінде түбегейлі діни мәселелер Құранның аяттарынан дәлел таба алып, бүгінгі күннің өзінде де еш сын жасалмайтын маңдайлы діни еңбек. **«Бұл кездегі діндердің бәрі нашар»**, – дейді Шәкәрім. Бұған қарап Шәкәрім жалпы дінді терістеп отыр деп ойламау керек. Ол белгілі бір кезеңдегі тарап отырған діннің нашар екендігін ғана айтып отыр. Яғни бұдан сол діндерге қарап Шәкәрімнің оларға айтар өз ойының бар екендігін ұғынуға болады.

Бұл кездегі діндердің бәрі – нашар,

Ешбірі түзу емес, көңіл ашар.

Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,

Тексерсең ойың түгіл жаның сасар.

Әлемдегі діндердің түп мақсұты

Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:

Құдай – бар, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,

Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар [1-2].

Шәкәрім кез келген діннің негізгі іргетасын құраушы, діңгегі осы **үш нәрсе**, бұдан асып кетер діннің мақсұты жоқ дейді. Әрі барлық діндердің мақсұты осы үш негізгі түсінікте бірігеді. Олай болса, Шәкәрімнің ойынша, дін жаратушының бар екенін мойындап, істеген ісіне қарай не бір сауап немесе жазаның болатынын қаперде ұстап, ұжданға сай өмір сүру дейді. Бұдан асып кететін ешбір дін жоқ. Шәкәрімнің ойынша, осы үш діңгекті негіз етуі тиіс дін атаулы адамдарды адамшылыққа жеткізудің орнына бір-бірімен дау сабасып, тартысқа түсіп, қоғамда адамдарды қиянатқа баруға итермелеп отыр. Діннің ақиқатына жетуге ең керегі Шәкәрім үшін ол – **таза ақыл**. Таза ақыл – бұл адамның жанының қасиеті. Ол жан жаратылғанда оған қасиет ретінде берілгенін қайтадан еске саламыз. Таза ақылды жан тән үшін жұмсап жібермей, ол одан азат болса, өзгермелі дүниенің сырын танып, оның мәңгіліктің алдындағы өлшемін жасайды. Сөйтіп таза ақыл түп иесіне өзі әкеледі [3].

Сонымен менің ойымша, дін мәселесінде ең негізгісі – адамның жүрегін тазарту, жүректі дерттен емдеу, қиянатсыз болу керектігінде. Әйтпесе Шәкәрім айтқан «шатақ иманға» түсіп кету қауіпті. Шәкәрімнің дін турасындағы ой-толғамдары бізге бұл мәселені тереңірек түсінуге көмектесіп, шынайы имандылыққа жол ашады. Оның бар құндылығы да осында деп білемін.

### Әдебиеттер

1. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты // Жол табалық ақылмен. Халықаралық Абай клубы, 2006
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы, 1988. – 264-б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық // Әлем альманахы. – Алматы, 1991. – 44-б.

### А. Айдарханова

«Пригород жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшілері – А.Е. Улықбекова, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі  
Г.С. Журсумбаева, ағылшын тілі пәні мұғалімі

### КӨШЕ ЖАРНАМАЛАРЫН ЛАТЫН ҚАРПІМЕН ЖАЗЫП КӨРСЕК ҚАЛАЙ БОЛАДЫ?

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен



интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп 2012ж.Жолдауында жариялаған болатын [1].

Тілші ғалымдар латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарын жан-жақты дәлелдеп берген болатын. Солардың басты-бастыларын атап көрсетейік:

- шет елдердегі қазақтармен мәдени, рухани байланысты нығайту үшін қажет;
- қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалауда ұтымды мүмкіндіктер туады, ол өз кезегінде тіл үйренушілерге жеңілдіктер береді;

- қазақ тілінің әуезділігі, орфоэпиялық заңдылығы қалпына келеді;
- ағылшын тілін меңгеру оңтайлана түседі;
- Кеңес заманында жазылған, қазіргі заманға қажетсіз дүниелерден арылу үшін, қажетті рухани жәдігерлерді елеп-екшеп алуға мүмкіндік туады [3].

Бүгінгі күні көкейкесті мәселеге айналып, ұлтжанды азаматтардың орынды алаңдауын тудырып отырған жай: қазақ тілінің көрнекі ақпарат пен жарнама тілі ретінде қолданылуы [2].

2003 жылы елімізде «Жарнама туралы» заң қабылданып, аталған заңда жарнамалық өнімдер мен қызметтің барлық түріне қатысты негізгі түсініктер мен нормалар көрсетілген.

Көше жарнамаларын жаңа латын әліпбиінің жобасымен жазу арқылы латын әліпбиіне көшудің алғашқы қадамдарын жасау арқылы көз үйрете берсе, оны қолдану соғұрлым оңайырақ болар еді.

Латын әліпбиін қолдану озық техника мен компьютер тілін меңгеруге жол ашады дегеннен бөлек, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтеді, шет елде жүрген қандастарымыз осы жазу арқылы қазақ жерінде болып жатқан барлық жаңалықтан хабардар болады деген ойлар да айтылып жүр. Ортақ мақсат біріктіре түседі [4].

Қазір қоғам да, адамдар да соған санасын үйрету керек. Бірақ, алып-қашпа әңгіме, дүрбелең туғызудың керегі жоқ. Ең бастысы, бұл – ел болашағы үшін жасалып жатқан нәрсе. Басқасын айтпағанда, түркі халықтарына ортақ әріп. Сонымен қатар, әріп қолданысы қазақ тілінің фонетикасына үйлесімдірек [2].

Латын әліпбиіне көшу-ол, өз әліпбиімізге оралу, нақтырақ айтқанда түрік әлеміне, тіліне оралу деп түсінемін, сондықтан тез арада көшуіміз қажет деген пікірдемін.

### **Әдебиеттер**

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы (2017 жылғы 12 сәуір), ғаламтор материалдары.
2. Латын әліпбиі: Жаңғыру – жазудан басталады Талас Омарбек, Жаңабек Шағатай, Дандай Ысқақ; 3.05.2017ж, ғаламтор материалдары
3. Балақаев М, Жанпейісов Е, Томанов М, Манасбаев Б. «Қазақ тілінің стилистикасы» Алматы 1990ж.
4. Жұмазия Әбдірахманова, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті көптілді білім беру факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты

### **А. Ғазизова**

«№ 18 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – Д.С. Балыкбаева, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЫН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ**

1. Сын есім әдетте сөйлемде анықтауыш болып тұрады. Мысалы: Сұр бұлт түсі суық, қаптайды аспан (А) деген сөйлемде сұр және (түсі) суық деген сын есімдер (қандай?) бұлт деген зат есімді анықтап тұр. Сөйлемде анықтауыш болу – сын есімнің негізгі қызметі. Өйткені сын есім заттың әр түрлі сыр-сипатын, сапалық, қатыстық белгілерін білдіреді.

Сын есім ілік септікте тұрып заттанып келіп, те анықтауыш болады. Мысалы: жақсының жақсылығынайт, нұрытасысын (мақал) дегенде жақсының (яғни жақсы адамның) кімнің? (жақсылығын) деген сұраққа жауап беріп анықтауыш болып тұр [1].

2. Сын есім жіктік тұлғада тұрып сөйлемнің баяндауышы да болады. Мысалы: Сен бір артық көркемсің (Ж). Әлсіз адам сүріншек (мақал). Бұл сөйлемдерде көркемсің (II жақ), сүріншек (IIIжақ) сөздері жіктік тұлғада баяндауыш қызметін атқарып тұр.

3. Сын есімсөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің сынын білдіріп, қалай? Деген сұраққа жауап беріп пысықтауыш та болады. Мысалы: Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан (Ж). Гүлнар бөлмесін таза ұстайды деген сөйлемдерде желдей, (қалай құйындатқан?) таза (қалай ұстайды?) деген сын есімдер пысықтауыш қызметін атқарып тұр [2].

4. Сын есім әдетте көптелмейді, тәуелденбейді, септелмейді. Егер сын есімге көптік, тәуелдік, септік жалғауы жалғанса, онда сын есім зат есімнің орнына жүреді. Осындай сын есімнің сөйлемде зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметін атқаруын сын есімнің заттануы дейді. Мысалы: Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат (мақал) деген сөйлемде жақсыдан, жаманнан деген сын есімдер шығыс септік жалғауында тұрып, зат есімнің орнына яғни адамнан дегеннің орнына (жақсы адамнан, жаман адамнан) заттанып қолданылған. Заттанған сын есім атау септік тұлғасында тұрып бастауыш болады. Мысалы: Ұялшак, сыбағасынан құрқалар (мәтел). Баланың жақсысы – кызық, жаманы – күйік (А.) деген сөйлемдерде ұялшак, (адамкім?), жақсысы (бала кімі?), жаманы (бала кімі?) атау септікте тұрып, заттанып, бастауыш қызметін атқарып тұр.

5. Сын есім табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп, заттанып, толықтауыш та болады. Мысалы: Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез (А.) деген сөйлемде білімдіден (кімнен шыққан?), талаптыға (кім болсын кез?) деген сын есімдер заттанып келіп (адамға деген мәнде) толықтауыш қызметін атқарып тұр [3].

Сын есім **көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді**. Бұл жалғауларды жалғаған жағдайда сын есім зат есімнің орнына жүреді. Сын есімнің зат есім орнына жұмсалуын *сын есімнің* заттануы – субстантивтенуі дейді. *Ақылды (кім?) байқап сөйлейді, ақымақ (кім?) шайқап сөйлейді. Ақылды, ақымақ (адам) – бастауыш. Еріншектің (кімнің?) ертеңі бітпес. Еріншектің (адамның?) – анықтауыш.*

## Әдебиеттер

1. <https://referattar.kazaksha.info>
2. <https://infourok.ru/aza-tili-sabai-sin-esimni-sylemdegi-izmeti-sinip-683543.html>
3. <https://www.tarbie.kz/26745>

## Д.С. Нұрмағамбет

3 курс, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы

М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж, Семей қаласы

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының магистрі, Калиева Сара Сырымовна

«Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімі

## М.ӘУЕЗОВТІ ЗЕРТТЕУШІЛЕР ТАҚЫРЫБЫНА PISA ТАПСЫРМАЛАРЫ ҮЛГІЛЕРІ

**Ғылыми жұмыстың өзектілігі:** Қазақ әдебиетін, өлкетану тарихын танып-білудегі М.О.Әуезов еңбегін және оқу орнындағы Әуезов есімімен байланысты тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау. Соған орай халықаралық тексеру – PISAжүйесіндегі тапсырмаларды дайындау.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеті:** М.О.Әуезовті зерттеушілердің ғылыми еңбектері арқылы сын-зерттеу жұмыстарымен танысып, тарихты тану. М. Әуезов жайлы жазылған еңбектерді, зерттеушілер туралы деректерді жинастыру; Әдебиет сабақтарында PISAжүйесіндегі тапсырмаларды пайдалану арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту жолдарын ғылыми тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау.

**Материалдар мен зерттеу әдістері:** М.О.Әуезов туралы зерттеу деректерінің тарихи-танымдық құндылығы.Тарихи деректерді оқу, зерделеу, көркем әдеби шығармаларға талдау жасау, тақырыпқа байланысты психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттермен

танысып, әдістемелік тұрғыдан талдау; алдыңғы қатарлы мұғалімдердің іс-тәжірибелерімен танысу; бақылау, ізденушілік және зерттеушілік жұмыстар. Зерттеу нысаны – мектептегі әдебиет пәнін оқыту үрдісі. Зерттеу пәні әдебиет сабағында таратпа материалдарды пайдалану арқылы оқушылардың ой – өрісін дамыту жолдары мен әдістері.

**Нәтижелер және оларды талқылау:** Болашақ ұрпақ үшін тарихи құнды деректерді зерделеу арқылы рухани жаңғыруға ықпал ету. Жас ұрпақтың М.Әуезов шығармашылығы бойынша тарихи деректерді танып-білуге қызықтыру. Күтілетін нәтиже – PISA тапсырмалары үлгілері жасалады. Зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттермен танысып, оларға ғылыми – әдістемелік тұрғыдан талдау жасау; мектепте әдебиет пәнін оқытуда; студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесінде және әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінен лабораториялық, іс-тәжірибелік немесе сыныптан тыс сабақтарда пайдалануға болады.

Нұрсұлтан Назарбаев: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай – ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деген болатын.

Осы орайда, сөз өнері – әдебиет қуатты құрал аса маңызды роль атқарады. М.Әуезовтің атындағы оқу ордасында оқи жүріп әдебиет ғылымының оқушылар үшін қажетті жағы – әдебиет сынын басты назарға ала отырып М.Әуезовті зерттеушілер тақырыбына PISA тапсырмалары үлгілерін жасауды қолға алдым. Бұл оқушы қабілетін мектепте оқып жүрген кезінде алған білімін пайдалануға, пәнаралық және практикалы-бағытталған мазмұнды түрлі тапсырмалардың жауабын табуға, келешекте әрі қарай оқуға және қоғамда табысты әлеуметтену үшін математикалық және жаратылыстану ғылыми сауаттылығы мен қоса оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған.

#### **Қорытынды**

Білім берудегі нәтижеге бағытталған қазіргі амалдар оқушылардың оқу дайындығына өзгерістер енгізуді талап етеді. Халықаралық зерттеулер кезінде алынған тәжірибені пайдалану қажет. Мақсаттарының талдауы мен өлшеуіштер ерекшеліктері, халықаралық зерттеулер өткізу барысында оқушылармен оқу жұмыстарын жүргізу де ерекше көңіл аударуға қажетті, қазақстандық оқушыларға қиындық туғызатын тапсырмаларды анықтайды.

**Э.Н. Нуркушев, Д.Б. Ильясов**

«Жас Ұлан» арнайы ерлер мектеп-лицей-интернаты»

Ғылыми жетекшілері – Б.Е. Калиолдина, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Г. Байтемирова, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

### **ҚАЗАҚ ТІЛІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА БЕЙІМДЕУДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Латын әліпбиіне көшу деген бүгінгі күннің сауалы – ел келешегін ойлаған әрбір азаматтың көкейкесті мәселесі болып отыр. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді [1]. Тілші ғалымдар латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарын жан-жақты дәлелдеп берген болатын. Солардың бастыларына тоқталсақ:

- шет елдердегі (Қытай, Монғолия, Түркия т.б.) қазақтармен мәдени, рухани байланысты нығайту үшін қажет;
- қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалауда ұтымды мүмкіндіктер туады, ол өз кезегінде тіл үйренушілерге жеңілдіктер береді;
- қазақ тілінің әуезділігі, орфоэпиялық заңдылығы қалпына келеді;
- түркі тектес мемлекеттердің интеграциялану үрдісіне оң ықпал етеді;

- ағылшын тілін меңгеру оңтайлана түседі;
- Кеңес заманында жазылған, қазіргі заманға қажетсіз дүниелерден арылу үшін, қажетті рухани жәдігерлерді елеп-екшеп алуға мүмкіндік туады.

Латын әліпбиіне көшудің мақсаты – «балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызу екенін» естен шығармауымыз керек

Шыны керек, қазіргі кезде көп адам латын әліпбиіне ағылшын тілі ретінде қарайды. Сонымен салыстырады. Алайда тіл мен әліпбиі – ол екі бөлек нәрсе. Тіл мен әліпбиді шатастырмау қажет. Ағылшын тілі бар, ал олардың әліпбиі латын графикасына негізделген. Француз тілі де солай. Қазақ тілі де өз алдына бөлек тіл. Ол да латын әліпбиіне негізделетін болады», – дейді Ербол Ерденбекұлы [5].

Латын әліпбиіне көшкен жағдайда дүниеге кең қанатын жайған ағылшын тілін меңгеру де оңайға соғады. “Үштілділік” саясатына сәйкес ағылшын тілін білу – заман талабы. Латын әліпбиіне көшу арқылы біз өз тілімізді жаңғыртамыз, арыла алмай келе жатқан жат әріптерден арыламыз. латын әліпбиіне көшу жоба жұмысында зерттеу тақырыбы етіп алып отырған ағылшын тілі үшін маңызы өте зор. Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Осындай тамаша кезеңде латын әліпбиіне көшсек, ешқандай қиындық туындамайды деп ойлаймын. Оған дәлел өзім сауалнама жүргізген лицей тәрбиеленушілерінің, ағылшын тілі мұғалімдерінің көзқарасы мен тәжірибесі.

Осы тұрғыдан алғанда латын әліпбиіне көшуден қорқудың еш негізі жоқ деп санаймыз. Бұл қадамға бару болашақ үшін маңызды екеніне сенемін. Себебі, бүгінде кириллицаның аясы өзінен өзі тарылып келеді. Оның орнын ағылшын тілі басуда. Өйткені, ол өзінің қажеттілігін мойындата білді. Сол сияқты латын әліпбиінің де болашағы зор болатынына сенімдімін.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
2. Городкова Ю.И. Латинский язык. Учебник-6-е изд,
3. Боровский Я.М , Болдырев А. Учебник латинского языка изд-4
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
6. О языках народов СССР. – Научно-популярная серия. – М.: Наука, 1978.

### Д.О. Оразбекова

«Семеновка орта мектебі» КММ, Бесқарағай ауданы, Қарабас а.

Ғылыми жетекшісі – З.К. Досымханова, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

### ҚАРАБАС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ТҰРҒЫНДАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ӨЗГЕРУ ПРОЦЕСІ

Таңдалып отырған ғылыми жұмыстың тақырыбы «Қарабас ауылыдық округ бойынша тұрғындардың сөйлеу тілінің өзгеру процестері». **Тақырыбымыздың өзектілігі** – Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарына сәйкес, тіл құрылысын талдауды жүзеге асыру болып табылады. Қоғамдық өмірдің барлық саласында тілдерді дамыту мен қолдану және мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауға байланысты өзекті проблемаларды шешуге негіз бола алады. Тілдік ортаның дұрыс қалыптасуының арқасында мемлекеттік тілдің қолдану, даму аясын кеңейту. Мемлекеттік тілде таза әрі сауатты сөйлей алатын жас ұрпақтың өсіп-өнуіне жағдай туғыза отырып, тілдің таралу деңгейін жетіліру және жас ұрпаққа үндеу таста **Жұмыстың ғылыми жаңалығы**. Көрші отырған

екі ауыл тұрғындарының сөйлеу ерекшеліктеріндегі өзгеру процестерін бақылай отырып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды қалыптасуына, тіл өмір сүре алатын ортаның дұрыс қалыптасуы қажеттілігі жайлы дәйектерді келтіру арқылы мемлекеттік тіліміздің дамуына үлесімізді қосу. Тәуелсіздік алғаннан бері өткен 27 жыл ішінде тілдік норманың сақталу ерекшеліктерін айқындау. **Жұмыстың практикалық маңызы**

1. Қарабас ауылдық округінің жетекші мамандарымен кездесіп, тілге байланысты ақпараттарды жинау, саралау;
2. Оқушылар арасында «Мен неге қазақша таза сөйлей алмаймын?» атты тақырыпта эссе жазғызу;
3. Семеновка орта мектебінде қазақ тілінен орыс сыныптарына және қазақ сыныптарына сабақ беретін мұғалімдермен сұхбаттасу;
4. Семеновка орта мектебінің, Өндіріс орта мектебінің мұғалімдерімен, тұрғындарымен сұхбаттасу;
5. Екі ауылдың жауаптары мен тұжырымдамаларын салыстыру, талдау;
6. Екі мектептің оқушыларынан сауалнама алу, диагностика жасау;
7. Айтылған ұсыныстар мен пікірлердің тәжірибелік маңызы болса, баспасөз бетіне жариялауға, басқа да қажетті құжаттарға пайдалануға болады.

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе, ұлттық құндылықтарды қайтадан жандандырып, ортақ жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыру, тілімізді өз тұғырына қондырып, елімізде тұратын барлық ұлттар сөйлейтін тілге айналдыру. Мен үшін бұл ғылыми жұмыс өте қызықты, себебі, өз басым қара домалақ қазақтың балалары қазақ тілінде білім алып жүрсе де үнемі орысша қарым-қатынаста болатынын түсінгеім келеді. Ең алдымен әдебиетке шолу жасап, көптеген ақпараттарға қанық болған соң, *Қарабас ауылдық округінің жетекші мамандарымен кездесіп, тілге байланысты ақпараттарды жинау барысында мындай қызықты ақпараттар алдық. Соңғы 3 жылдық кіріс-шығыс құжаттарды тіркеу журналында қазақ тілінің өсу динамикасынан қарағанда, кему деңгейін байқауға болады. Іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру әлі де болса, ақсап тұрғаны байқалады. Сонымен қатар әкімшіліктегі қызметкерлердің басым бөлігі орыс тілінде қарым-қатынас жасайды.*

Қазақстан Республикасындағы тілдердің ерекшелігі, мұнда көптілділік тән болып келеді. Себебі Қазақстан көпұлтты мемлекет болып табылады. Әлеуметтік тіл білімі саласындағы қостілділік және көптілділік ұғымдарының өзі мемлекет аумағындағы халықтардың сөйлеу тілінің санына байланысты туындайды. Яғни нақтылап айтатын болсақ, елдегі сан түрлі ұлттық, этникалық мәдени топтар өздерінің менталитеттіне, ұлттық ерекшеліктеріне қарай белгілі бір сәйкестілікке ие болады. Бұл құбылыс Қазақстанда тәуелсіздік алмай тұрып соншалықты зерттелген емес. Өйткені тәуелсіздіктен алдыңғы кезеңдерде тек орыс тілінің ғана мүддесі көзделді, орыс тілін басқа ұлттарға ана тілі етіп тағайындау көзделді. Сол кездегі аға буын өкілдеріне мұның әсері тимей қалған жоқ. Олардың көбісі қазіргі кезде тілдік сәйкестіліктерін ауыстырып алған. Соған мысал ретінде өзіміздің Қарабас ауылын алуға болады. Тұрғындардың басым көпшілігі орыс тілінде сөйлегендіктен қазіргі жастардың тілі де сауатты қостілділікке қарағанда шұбалаң тілге айналаған сияқты. Оқушылардың «Мен неге таза қазақша сөйлей алмаймын?» атты тақырыпта жазған ойтолғауларын оқып, талдау барысында, әркім тілдегі кемшілікті тікелей өзінен емес, басқа да факторлардың әсерінен деген пікірлер жазылды. Мысалыға: Отабсында қазақша сөйлемей; Аралас тілде қырым-қатыныста болуы; Қазақ тілінде таза сөйлемей; Мемлекет тарапынан қатаң қадағалаудың болмауы; Әркімнің бойында отансүйгіштік қасиеттің болмауы;

Аралас мектепте білім алуы сияқты тағы басқа себептер көрсетілген.

Көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде таза сөйлей алмайтын ұлты қазақ азаматтардың бірқатары қазақ тілін ана тілі ретінде қабылдамауында болып отыр. Ал аталмыш мәселе төңірегінде айтылатын даулы пікірлер өте көп. Бұл жерде аға буын жастар арасындағы тілге байланысты сәйкестілік бір жақты болмай тұрғанның қасы. Осыларды қарап отырып, тілдік сана-сезімнің қалыптасуы әрбір оқушының сана-сезіміне байланысты деген тұжырым жасауға болады.

Семеновка орта мектебінің мұғалімдерімен сұхбаттасу. Қазіргі уақытта Қазақстанда бір тілде сабақ жүргізілетін мектептердің пайыздық үлесі 75,8% құрап отыр, қазақ тілді мектептер

36, 6%, ал орыс тілді мектептер 38,2%, қалғандары 1,05% – ұлттық тілдерде сабақ жүргізіледі. Бір уақытта қазақ тілінде де, орыс тілінде де сабақтар жүргізілетін аралас мектептер 24,2% пайызды құрап отыр. Соның ішінде Семеновка орта мектебі аралас мектептердің бірі болса, Өндіріс ауылында тек қазақ тілінде оқытылуда. Осы мектептің мұғалімдерімен сұхбаттасу кезінде жер мен көкті салыстырғандай күйде болдым. Ең алдымен өзіміздің Семеновка орта мектебіндегі жағдайға келетін болсақ, оқушылардың басым көпшілігі қазақ тілінде білім алып жүрсе де үзіліс арасында бір-бірімен орысша сөйлейтінін сонымен қатар өз ойларын қазақ тілінде қажетті деңгейде жеткізе алмайтын фактілер туралы айтылды. Мұның себептері әр түрлі болғанымен, көз алдымыздағы шындық біреу ғана-ол мемлекеттік тілде таза сөйлемейтін өскелең ұрпақтың пайда болуы. Яғни тілдің өсіп-дамуына қажетті ортаның тар болуы. Ал Өндіріс орта мектебінде кеңестік заманнан бері қазақ тілінде білім берілгендіктен мұндай мәселелер тіпті де көтерілмейді. Бірақ бұл жерде мұғалімдердің басым көпшілігі оқушылардың қазақ тілінде сөйлегенімен тілдерінің көркем еместігі деген сияқты мәселелерді алғы тартып отыр. Оның өзі өз алдына қарастыратын бір мәселе болып тұр. Сонымен аға буынның орыс тілде сөйлеуіне байланысты Семеновка орта мектебінде де жастардың орыс тіліне ден қоятыны тайға таңба басқандай анық болды. Отбасының басталған қарым-қатыныс өз ортасын мектепте де тауып отыр деген сөз. Қарабас ауыл тұрғындарының сөйлеу тілінің өзгеру процесіндегі ерекшеліктер: тарихи жағдайларға байланысты қостілділік орын алған; Халықтың 80% орыс тілінде сөйлеп, қарым-қатыныс жасайды.

Өндіріс ауыл тұрғындарының сөйлеу тілінің өзгеру процесіндегі ерекшеліктер: Кеңестік кезеңде өмір сүргенімін, тілдік ортаны сақтап қалған; Халықтың 100% қазақ тілінде сөйлеп, қарым-қатыныс жасайды. Сөзімді қорыта келе айтатын болсам, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ пен қазақ тек қана қазақ тілінде сөйлессін» деген ұранды желеу ете отыра, бұрынғы өткен тарихымыздан кінә іздегенше, өзімізді санамызды тазалаған әлдеқайда дұрыс деген шешім айтқым келеді Мемлекеттік тілдің қолдану мәртебесін арттыруды өзімізден бастау; Мемлекеттік тілді өзге ұлттар үйрену арқылы мәртебесін жоғарлату; БАҚ-ты жұмылдыру; Мемлекеттік тілді отбасы құндылығы ретінде қабылдау; Мемлекеттік тілдің көпшіліктің кеңінен қолдану үшін, қажеттілігін тудыру; Бір-бірімізге үлгі болу арқылы тілдің толераттылығын сақтап қалу.

### **Ж. Борашбаева**

Шәкәрім университетінің Жоғары Агротехникалық колледжі, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – Қайырбаева А.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

### **ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ БЕЙНЕ**

Шәкәрім өзіндік қолтаңбасын көрсететін, ой тереңдігін, өлең өлшемінің өзгешелігін танытатын дара да, тұлғалы ақын. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдері оның ойлау жүйесін және рухани биік дүниетанымын ашық аңғартатын туындылар. Айтылар ойдың барлығы сан алуан тақырыпта өлеңдерінде тұжырым тапқан. Өлеңдеріндегі негізгі тақырып–адам, қоғам, заман проблемасы, осылардың астарында елді әділеттілік пен адалдыққа, қайырымдылық пен ынтымаққа үндеу сарынымен құнды.

«Адамдық борышың» өлеңінде ақын халқыңа адал еңбек етуге үндесе, «Кел, жастар, біз біртүрлі жолтабалық» өлеңінде жастарды тәлім-тәрбие, білім, алуға шақырды. «Бір білімді данышпан жан табалық» деген жолдарда Абай бойындағы данышпандықты айта келе, үлгі алу керектігін, сонымен қатар «Адам үшін еңбегім, өмірден барлық тергенім. қалағаның қарап ал, мұрам сол, жастар, бергенім», - деп өмірлік мұраларын қалдырды.

Қазақ өлеңінің ерекшелігін, оның ертеден келе жатқан мазмұндық желісімен өрнегіне бейнеліде, суретті оралымдармен жаңаша мазмұн мен танымдық жүйе жасаған ақын өлеңдері үнемі ойшылдығымен дара көрінеді. Шәкәрім ақын өлеңге жоғары алап қоя білген. Ақын өзінің өлеңдерінде, әсіресе бір ғана «Ақындарға» деген өлеңінде-ақ өлең табиғатын, ақынға қоятын талаппен дарындылықтың, оқырман жүрегіне өлең сөзінің жетуінің маңыздылығын айрықша атайды. Шәкәрім адамдарға өлең сөзінің құндылығын, әдемілігімен ұйқасына, мазмұнына

жоғары талаптар қоя отыра, өзінде тамаша сөз қолданыстарын пайдаланып өлең сөзінің бейнелі оралымдарымен әсем ұйқастарына терең мән беруде. Көптеген өлеңдерін философиялық лирика ретінде бағалауға болады. Себебі, ақынның ойшыл, терең әлеуметтік мәселелерді қозғайтын поэзиясы оқырманды тәрбиелейді және парасаттылығын қалыптастырады.

Шәкәрім өлеңдерінде, дастандарында әлеуметтік шындыққа адекватты сол кезеңдегі тарихи дәуірге, саяси өзгерістерге сәйкес келетін терең психологизм де бар. Шәкәрім кейіпкерлері әлеуметтік шындықтың көрінісі. Шығыс, Батыс, орыс әдебиетінің озық үлгілерімен таныс болған ақын, қазақ өлеңіне жаңа мазмұн мен жаңа өрнек әкелді.

Өзінің жаңашылдығымен қоса, ізденімпаздығының арқасында, поэзияға үлкен талаптар қоя білді.

Қазақ өлеңінің құрылысы мен өлшемін жаңаша түр мен мазмұн әкелуімен ақын өлеңдері өміршең.

“Сырлы сөзім сырды ашты” – деген ақынның сонау шығыстан желісін тартқан адамгершілік, имандылық, ізгілік әлемін бізге қасиетті құран аяттарының мағыналарымен үндесіп жатқан үлкен танымдық дүние сырын жеткізуші рухани ұстаз. Оның қаламынан шыққан “Шын асықтың әрбірі”, “Шын сырым”, “Шам жардан жарықпын деп...”, “Әбден толып жарық ай”, “Тәңірі мен жан”, “Өртейін деп отқа көмдім”, “Таза арақты әкел шырақ” т.б. өлеңдері адамгершілік қасиеттер мен руханилықты, толыққанды адам бейнесі, жаратушы құдіретін және терең астарлы сопылық сырды аңғартатын өлеңдер.

Бұнда сопылық мақам арқылы жаратушыны тану, оған деген зор махаббат, хаққа жету, адами ізгілік, имандылық мәселелері астарлы баламалар мен әдемі метафоралармен жеткізген. Жалпы сопылық туындылар астарлы, мазмұны-мәні көп, небір сырлы дүниелер құпиясын аңғартатын өзіндік сөз қолданыстары бар дүние.

Ғұлама ақын өлеңін философиялық толғамдар мен байытып, адамның ішкі психологизмін көрсетуімен ерекшеленеді. Яғни қазақ поэзиясы мен философиясына өлең өрнегімен-ақ, тың ойларымен, терең дүниетанымымен жаңаша бір үрдіс әкелді. Сонымен қоса, адамның ішкі әлемінің күрделілігін және құндылығын ішкі сапа мәселелерімен бірлестіре көрсетті.

Мазмұны мен көркемдік тәсілді бірлестіре шебер қолдану арқылы, қазақ өлеңінің деңгейін, сапасын арттырып, түрлендірді. Әсіресе шығыс шайырларының көтерген тақырыптарының, қазақ поэзиясына қазақи қолданыспен адам болмысын, мінезін жөндеудің тәрбиелік жүйелерін де қоса танытты.

Шәкәрім шығармашылығындағы адамгершілік, ізгілік мәселелерінің жырлануына мән беріп қарасақ, халқымыздың ғасырлар бойынан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызбен тамырластықты байқатады.

### **Әдебиеттер**

1. Шәкәрім шығармалары. Алматы, Жазушы, 1988.
2. Шәкәрім. Тұлғалық энциклопедиясы. 2008.
3. Ш. Құдайбердиев. Жолсыз жаза. Алматы, 1988
4. Ш. Құдайбердіұлы. Аманат. Өңгімелер. Алматы, 1989
5. Ш. Құдайбердіұлы. Үш анық. Алматы, 1991
6. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. Алматы, 1992

### **Т. Келгентайұлы**

Шәкәрім университетінің Жоғары Агротехникалық колледжі, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – Қайырбаева А.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

### **ШӘКӘРІМ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЫ**

Ғұлама ақын Шәкәрім поэмалары жанры жағынан қазақ әдебиетін ілгері көтерген туындылар. Шәкәрім көтерген тақырыптар өте маңызды:

Біріншіден, жеке адамның өзіндік жетілу жолдарына, бөгет болатын жағдайларды таныту мәселелерін көтерді.

Екіншіден, қазақ қоғамының даму жүйесіне кедергі келетін тұстарды көрсету болатын.

Үшіншіден, махаббат проблемасын сөз ете отыра, оның астарында бүкіл қазақ қоғамының, ортаның кемшілігін талқыға салу, сол арқылы шындықты көрсету. Ақынның поэмаларында көздеген мақсаты қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдаймен адамдардың махаббат сезімі, жандүние, кейіпкерлердің ішкі адами сезімдері арқылы қоғам мен адами өмір, тіршілік мәнін ашу болатын. Поэмаларындағы сюжет желісі айқын, қозғаған тақырыптарды ұқсас болып, көрінгенімен, ақын қоғамдағы адам дамуына кедергі болатын тұстарды ашық суреттейді. Шәкәрім поэмаларында кейіпкерлерінің рухани әлемін, оның жан күйзелісін, психологиясын, терең сезімдерін, қоғамдық құбылыстармен салыстырып көрсете білген. Адамның даму, жетілу, рухани әлемі, өзін-өзі тану деңгейінде ақын поэма сюжетінде жатық берген. Себебі, ақын адамның күрделіде, құбылмалы жан әлемінде махаббаттың, ізгіліктің рухани тазалықтың, қоғам, заман ауқымынан биіктігін дәлелдей көрсеткен. Шығыс поэзиясында асқақ рухты дәріптейтін, махаббаттың биікте, құдіретті сезім екенін бейнелейтін тамаша бір поэзияның үлгісін Шәкәрім ақын қазақ топырағына, қазақи таным мен түсінікке ыңғайлап, әдемі бір поэтикалық көркем бейнелі сөздермен нақыштайды. Шәкәрімнің “Ләйлі-Мәжнүн” дастанындағы адам сезімінің азалығы, ізгілігі бейнеленуіде ерекше бір ақынның дара талантын танытады. Шәкәрім жырларында “Ләйлі-Мәжнүн” тың, аса көркем, ұлттық поэзия тарихын байытқан ірі туынды. Шәкәрім дастандарында екі жастың махаббаты трагедиямен аяқталады. Ғашықтық отына жанған Қайыстау – тасты аралап елден безеді. Мұңын күнге, айға, тау-тасқа, жан-жануарға шағады. Тілсіз табиғатпен Мәжнүн арасында да байланыс бар. Өйткені табиғат таза, адамға пана. Мәжнүннің махаббатымен табиғат арасында осындай байланыс бар, ол арқылы психологиялық параллелизм беріледі. Ақын адаматаулыға ортақ дүниелерді өзекжарды етіп көтереді. Махаббат, әділет, тазажүрек, бостандық, терең ғылымды уағыздайды. Бұлар мәңгілік проблемалар ақынның шығармашылық қуатын айшықтай түседі. Дастанда адам сезімін жеткізуде табиғат маңызды орын алады. Кейіпкерлердің ішкі иірімдерін көркем игерудің тетігі ретінде табиғат пен тілдестіру ерекше қызмет атқарып тұр. Табиғат пен кейіпкерлердің жан толқыныстары арасында ерекше байланыс бар. Бұнд атабиғат қос кейіпкердің махаббатына дәнекер іспеттес.

Қорытындылай айтқанда, “Ләйлі-Мәжнүн” дастаны он бір буынды, астарлы, поэтикалық сөз қолданыстар мен бейнелі оралымдарға бай туынды екендігіне күмән жоқ. Сонымен қатар “Нартайлақ пен Айсұлу” заман өзгерісін адамның рухани дамуын, өзін-өзі жетілдіру мәселелерін шығармашылығында негізгі діңгек етіп алған Шәкәрім ақын, поэмаларында да ескіше өмір сүрудің адам дамуына кедергі келтіретін тұсын, жаңашылдық, рухани өрлеу адам болмысын жақсартудың жолдарын кейіпкерлері арқылы бейнелейді. Адам жан-дүниесінің қалтарыстарын, қат-қабат адам мінездерінің қайшылықты кездерін, қоғам мен заман шындығын бірлестіріп, сан алуан түрлі салыстырулар мен пайымдаулар арқылы шындық картинасын түзеді. “Нартайлақ пен Айсұлу” дастанында залымдық, күндестік, араздық, мейірімсіздік, өгейлік, рахымсыздық, бақталастық бар жерде, ақ жүрекке, әділетке, махаббатқа бөгет екендігін, барлығыда адамның өзінің ішкі әлеміндегі, адам жанында деген ойды насихат етеді. Зұлымдықтың құрбаны болған Айсұлу бейнесі дастанда биікте, өрлікті, қайсарлықты, сүйгеніне адал, мойымайтын кесек тұлға ретінде суреттеледі. Нартайлақ Айсұлуды сүйгенімен, өмірдің, қоршаға нортаның тауқыметін жеңуге келгенде әлсіздік көрсетеді. Айсұлудың сіңілісі де Күнсұлудың да апайына қарағанда әлсіздікпен қорқақтық көрсететін тұстары кездеседі. Шәкәрім кейіпкерлер бейнесін өмір шындығымен байланыста суреттейді. Зұлымдықпен әділеттіңтай-таласы қатыгездік пен адалдық, зорлықшыл, күншілдік пен жантаразылығы айқасы дастанда қым-қиғаш оқиғалар желісінде өрбіп, көрініп отырады. Дастанда ақниетті, адамшылығы мол Томан бейнесі тамаша суреттеледі. Осы зұлымдық, зорлықшыл, күншілдік, қатыгездіктің қоршаған ортаның әділетсіздігі адам бойындағы имандылықты жоя алмағандығын Томан бейнесінен көруге болады. Томанды зорлық пен зомбылық, қара ниетті іс-әрекеттерде жаншылта алмайды. Айсұлудың аманат қылған баласын Нартайлаққа тапсырады. Шәкәрім Томан арқылы адал ниетті, бойында ізгілігі



мол жан бейнесін суреттейді. Тарихи жағдайлармен көркем туынды жұптаса келіп ақын қиялымен танымынан тамаша бір адамдар өмірімен тағдыры жайлы сюжетті поэма туындаған.

Шәкәрім шығармашылығындағы адам, қоғам, Жар, Жаратушы мәселелерінің поэзиялық бейленелуін, шешімін табуын дара зерттеу қазақ әдебиеті үшін кезек күттірмейтін қажеттілік деп білеміз.

### **Әдебиеттер**

1. Шәкәрім. Тұлғалық энциклопедиясы. 2008.
2. Ш.Құдайбердиев. Жолсыз жаза. Алматы, 1988
3. Ш.Құдайбердіұлы. Аманат. Өңгімелер. Алматы, 1989
4. Шәкәрім шығармалары. Алматы, Жазушы, 1988.

### **М. Баймұратұлы**

Шәкәрім университетінің Жоғары Агротехникалық колледжі, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – А.М. Қайырбаева, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

## **ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ДУБРОВСКИЙ**

Абайдың тікелей қатысумен бірсыпыра деңгейге көтеріліп қалған қазақ-орыс әдеби байланысының одан әрмен дамуына зор үлес қосқан алаш арыстарының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болатын. Ол Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой сынды алыптардың өмір жолын, басты-басты шығармаларын үлкен білімдарлықпен, ерен талант қуатымен зерделей келіп, аттары аталған ойшылдардың ту етіп көтерген эстетикалық-философиялық концепциялары жекелеген ұлттың дара жетістігі емес, бүкіл адамзаттың мүддесіне ортақ қызмет ететін бірегей рухани байлық деп таныды. Туған халқының осындай озық кәусардан барынша мол сусындауын игілікті іс деп білген Шәкәрім дүние жүзі, орыс классиктерінің таңдаулы деген шығармаларын ана тілінде сөйлете бастады. Соның ең елеулілерінің бірі – А.С. Пушкиннің “Дубровский” романы.

Шәкәрімнің Пушкин соқпағынан табан аудармауды жалаң мақсатқа айналдырмағанын азды-көпті кейбір еркіндіктерге бару арқылы шығарманың жұртшылыққа түсініктірек болуы жағын негізгі нысана еткенін атап айтуымыз керек.

Пушкинде романның сюжеті бірден: “Несколько лет тому назад в одном из своих поместий жил старинный русский барин, Кирила Петрович Троекуров” деп басталса, Шәкәрімнің “Дубровский” 124 жолдан тұратын прологтан кейін барып желі тартады [2]. Пушкиннің ой-өрісін, қалам ұстау өзгешелігін, азаматтық позициясын толық та терең зерделей білген дала ақыны әр дәуірдегі адамның, қоғамның болмысын шола келіп, жеке мен жекенің, жеке мен көптің арасындағы үйлестіктің не қайшылықтың әрқилы себептерге байланысты бір қалыпта тұрмайтынын тілге тиек етеді. Бүгінгі бардың ертең жоқ болуының, бүгінгі достың ертең жауласып шыға келуінің әлеуметтік, психологиялық астарына үңілуге талпынады. Түптеп келгенде бұл – романда айтылатын ойдың негізгі қазығын, идеялық нысанасын меңзейді:

Жазған жоқ Пушкин мұны ермек үшін,

Мақсұты: бізге ғибрат бермек үшін.

Қиянатшыл, зорлықшыл, парақордың,

Мінезінің суретін көрмек үшін – деп ақын Пушкин шығармашылығының деніне қалай келіп отырғанын өзі-ақ айтады. Шынында Шәкәрім көп дүниені, кез келген дастанын, күрделі дүниетанымға құрылған пәлсапалық өлеңдерінде де ақын үнемі өзі жауабын беріп, түсіндіріп отырады. «Дубровский» дастанында ақынның көркемдік шеберлігін тануға болады. Ұлттық дүниемізге сәйкес баламалармен әдіс-тәсілдер арқылы өзіндік жаңашылдық, жаңаша сөз қолданыстарын танытады.

Салыстырарлық тағы бір эпизодта суреттелген Мария Кириловна мен Дубровскийдің ең соңғы жолығуы екі авторда түп-түгел бірдей шықпаған. Жат адамның тұтқынынан құтқарғалы келіп тұрғанын білдірген Владимирге қыз ол күтпеген, мүлде тосын жағдайды хабарлайды. Яғни,

кейінгі күндердің оқиғаларына орай бұрынғы берген уәдеден тайғанын, шариғат заңын бұза алмайтынын, некелескен адамымен тұрмыс құруға бел буғанын, қояр ақырғы өтініші – қасындағы жол серіктерін қиянат-залалсыз жөндеріне босатып жіберуі екенін айтады. Пушкинде Владимирдің мұны естігендегі көңіл-күйі былайша суреттелген: “Он (Дубровский. – З.Ж.) упал у колеса, разбойники окружили его. Он успел сказать им несколько слов, они посадили его верхом, двое из них его поддерживали, третий взял лошадь под уздцы, и все поехали в сторону, оставил карету посреди дороги, людей связанных, лошадей отпряженных, но не разграбя ничего и не пролив ни единной капли крови в отомщение за кровь своего атамана” [3]. Аудармашы екі жастың бір-бірін қатесіз танып, құлай ұнатқанын, олардың қашан да, қайда жүрсе де сол ардақты, аруақты сезімге қылау жолатпайтынын, негізінен табиғаты қатал, кесек әрекеттің иесі Владимирдің мүмкіндіктері бола тұра ата жауы Троекуровқа, сондай-ақ дүниедегі қимасын жүрегінен суырып алып бара жатқан Верейскийге ешбір қиянат жасамауына махаббаттың құдіреті себепкер деген ұғымды оқырмандардың зердесіне тереңірек сіңіру мақсатында тағы бір ептеген еркіндікке барған ба дейміз. Романның қазақша нұсқасының:

Залым кім, парақор кім, жазықсыз кім,

Қайсысы ақ жүректі, қайсысы сұм?

Кекті кім, кекті жеңіп кешірген кім?

Білдің бе күшті екенін махаббаттың? – деген риторикалық сұрақтармен аяқталуы сол айтылған ойға жетелейді.

Мақалада Шәкәрімнің “Дубровскийді” ана тілімізде сөйлету ісін қолға алғанда нендей мақсат-міндет қойғаны және оның жүзеге қалай асқаны туралы мысалдармен келтірілді.

### **Әдебиеттер**

1. Шәкәрім шығармалары. Алматы, Жазушы, 1988.
2. Шәкәрім. Тұлғалық энциклопедиясы. 2008.
3. Ш.Құдайбердіұлы. Үш анық. Алматы, 1991
4. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. Алматы, 1992

### **А. Амангельдина**

Шәкәрім университетінің Жоғары Агротехникалық колледжі, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – А.М. Қайырбаева, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

### **ОРЫС ЖАЗУШЫЛАРЫ ШӘКӘРІМ АУДАРМАЛАРЫНДА**

Шәкәрім Құдайбердіұлы нәзіралық дәстүрді кең арнада дамыта отырып, орыстың прогрессивті әдебиеті менде кең сусындады. Өзі ғана танып қоймай, бүкіл қазақ халқына паш етіп, солардан үлгі алуға шақырғаны белгілі. Шәкәрім орыс әдебиетінің ірі тұлғалары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой туралы жыр өрнектер жасады. Ғұмыр бойы ұстазы санап өткен Толстойға жыр өрнектерін арнап, оларды халыққа үлгі-өнеге ретінде ұсынды. Олардың шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған.

Пушкин шығармашылығының сюжетін қазақ топырағына, қазақиландырып, қарапайым түрде еркін жеткізген. Шәкәрім Пушкиннің 1908-1912 жылдарда «Дубровский» мен «Боран» әңгімесін өлеңмен аударған. Семейде 1924 жылы «Дубровский» басылып шыққан. «Метельді» «Боран» деген атпен «Әдебиет майданы» журналының 1936 жылғы 2-санында шығады.

Шәкәрім Пушкин шығармашылығын аударғанда өте сақ және әрбір сөздің байыбына барып, әрбір жолына айрықша мән береді. «Дубровский» дастанында ақынның көркемдік шеберлігін тануға болады. Ұлттық дүниемізге сәйкес баламалармен әдіс-тәсілдер арқылы өзіндік жаңашылдық, жаңаша сөз қолданыстарын танытады. Мәселен Пушкиннің «Дубровский» романымен «Боран» повесі стильдік, жанрлық тұрғыда айрықша бағаланады.

Пушкиннің көтерген мәселесіне, шығармаларының идеясына, ішкі қалпына терең түсінікпен қарайды. Ал екі ақынның шығармашылық тақырыбында, ойларындада ұқсастықпен үндестік бар. Бұдан өзге Толстой өлеңдерінен «Үшсауал», «Ассихардон патша» сынды

аудармалар жасаған. Қазақ әдебиетінен көрнекті орын алатын Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымына орыстың классикалық әдебиетінің әсер еткендігі белгілі. Ол қазақ әдебиетінің орыс әдебиеті мен байланыста дамуына үлкен ықпал жасаған. Ол қазақ халқын рухани надандықтан арылтып, қараңғылығын сейілтуді көздей отырып, ағартушылық бағытты ұсынды. Яғни осылай дін қалдығына шырмалып, ескі салт-дәстүрге оралып қалуына себеп халықтың надандығы деп есептеген. Осы жолда алдағы озық елдермен иық теңестіруге шақыра отырып, оқу-білімге үндейді. Толстойды ұстазы санап «Танбаймын шәкіртімін Толстойдың» деп баршаға жар салуы тегін болмаса керек. Шәкәрім ақынның аудармаларының тағылымдық мәні зор. Өмірлік талаптарымен алдына қойған шығармашылық мақсаттары Пушкинмен ұқсастық тапқан. Өйткені рухани әлем, рухани құндылықтар адамның ішкі қалпын айқындауда байқалады. Екі ақынның да көздеген шығармашылық міндеттерімен мақсаттары – адамтану, адам жанының тереңде, ізгі әлемін суреттеу. Сондықтан екі ақынды да шығармашылық ортақтастықтың болуы айғақ дүние. Шәкәрім орыс әдебиеті, орыс мәдениетінің озық үлгілерін Пушкин шығармашылығы арқылы қазақ даласына қазақ жұртының рухани әлемін, қазақ халқының поэзиясын дамытып, жаңа арнаға түсірді. Шәкәрімнің мұрасы Пушкиннен аударған: «Онегиннің сипаты», «Татьяна сөзі», «Ленский сөзі», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» т. б. Санамалай берсек жиыны, біршама.

Абай Пушкиннен аударғандарын қазақи нақышқа салып, мазмұнынада еркіндік беріп, асқан бір көркемдік бояумен өрнектеген. Шәкәрім ақынның шығармашылығының бір қыры-орыс әдебиетінің озық үлгілерін қазақ жұртшылығына, қазақ ортасына, әдебиетіне әкелуі арқылы танылады. Түпнұсқадан дәлме-дәл аударма, шығармашылығында еркін аудармаға жол береді ақын. Абай салған соқпақтың ізі өзінен кейінгілерден айқын көрінді. Пушкин, Абай, Шәкәрімдерде ой ортақтастығы, дүниетаным үндестігі шығармашылық бірлестікте көрініс береді. Шәкәрім поэма жанрында үнемі «әңгіме алдында аз сөз»–бұл «Еңлік – Кебек» поэмасында, «Әңгіменің сыры», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Сөз алдынан», «Дубровский» поэмаларында бір пәлсапалық толғаммен бастайды. Адам жайында, өмір жайында, қоғам жайындағы ақынның дүниетанымдық толғамы берілген. Шәкәрім түпнұсқадан алшақ кетпей, ұлттық сипатқа, ұлттық ұғымға сай еркін аударған. Сонымен қоса ақын, Пушкин еңбегін өзжүрегінен, өзталғамынан өткізе білген. Пушкин туындысын қазақ поэзиясына тән, шынайыда, шыншыл түрде, төл туынды етіп, сенімді сөйлетеді. Поэтикалық шығарманы ақын сөзбе сөз аудармаған, негізгі дүниені тұтастай жеткізген.

Шәкәрім ақынның Пушкин шығармашылығына өлеңмен өрнек салып, поэтикалық бейнеліде әдемі қазақи нақышпен еркінде, жатық туынды жасауы сөз жоқ қазақ поэзиясының тақырыптық, мазмұндық жағынан да жаңаша бір белеске көтерді. Өзге елдің әдебиетінің бай үлгісін төл әдебиетіміздің жаңаша түрленуіне, тар көлемде қалмай, кеңеюіне, әдебиеттің көркемдік әлемінің үлеуінің бір көрінісі болмақ.

Ал поэманың басты кейіпкері Андрей Дубровский мінез-құлқы, қайырымдылығы бірте-бірте ашылатын болса, Шәкәрім ұйқасында алғашқы шумақтардан-ақ үйіліп-төгіліп, жиынтық түрде айтылады [6].

Шәкәрім орыс әдебиеті, орыс мәдениетінің озық үлгілерін Пушкин шығармашылығы арқылы қазақ даласына қазақ жұртының рухани әлеміне, қазақ халқының поэзиясын дамытып, жаңа арнаға түсірді.

### Әдебиеттер

1. Шәкәрім шығармалары. Алматы, Жазушы, 1988.
2. Шәкәрім. Тұлғалық энциклопедиясы. 2008.
3. Ш. Құдайбердиев. Жолсыз жаза. Алматы, 1988
4. Ш. Құдайбердіұлы. Аманат. Әңгімелер. Алматы, 1989
5. Ш. Құдайбердіұлы. Үш анық. Алматы, 1991
6. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. Алматы, 1992

## СЕКЦИЯ № 7: ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

### СЕКЦИЯ: ИНФОРМАТИКА И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

**А.А.Тұрарбеков**

Абай ауданы, «М.Әуезов атындағы орта мектебі» КММ  
Ғылыми жетекшісі – Л.М.Мухатова физика-информатика пәнінің мұғалімі

#### КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА ЖӘНЕ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Менің бұл тақырыпты таңдау себебім, мені компьютерлік графика және анимациямен жұмыс істеу қызықтырады. Компьютерлік графика мынадай түрлерге бөлінеді:

I. Екі өлшемді (2D)

1. Растрлық 2. Векторлық 3. Фракталдық

II. Үш өлшемді (3D)

1. Растрлық графикада кескіндер түрлі-түсті нүктелердің жиынтығынан тұрады. Растрлық графика дәл мозайка сияқты. Тек шыны немесе пластмасса кесектерінің орнына пиксель алынады. Растрлық кескіннің сапасы сол кескіннің өлшеміне (тігінен және көлденең орналасқан пиксельдердің саны) және әр пиксельді бояуға қажетті түстердің санына тәуелді болады. Мұндай типті кескіндер Adobe Photoshop, Corel Photo, Photofinish секілді қуатты графикалық редакторларда өңделеді. Растрлық кескіндер векторлық кескіндерге қарағанда сапасы жоғары, әсерлі болады. Қарапайым фотосуреттердің өзі компьютерде растрлық кескін түрінде сақталады. Растрлық кескіндерде Paint, Adobe Image Ready секілді программаларды қолданып қолдан жасауға да болады.

Артықшылығы: растрлық кескінді түзетуге, әдемілей түсуге, кез-келген бөлігін өзгертуге болады; нүктелерді қажет болмаса алып тастауға немесе қоюлатуға, сондай-ақ кескіннің әр нүктесін ақ-қара немесе басқа кез келген түске өзгертуге болады.

Кемшілігі: растрлық кескін өлшемінің масштабын өзгерткенде (бір немесе бірнеше бағытта созу немесе сығу) кескін сапасын жоғалтады.

2. Векторлық кескіндер – бұл сызық, доға, шеңбер және төртбұрыш сияқты геометриялық объектілер жинағынан тұратын кескіндер. Бұл жерде вектор дегеніміз – осы объектілерді сипаттайтын мәліметтер жиынтығы. Векторлық графика сызба бейнелер мен безендірулерді құруға негізделген. Кез келген графиктік редакторда сурет салып, оны WMF форматында сақтай алсақ, онда масштабты өзгерту барысында ешбір сапасын төмендетпей бейнелей аламыз.

Артықшылығы: кескін сапасын жоғалтпай өзгеріс енгізуге, оңай кішірейтуге және үлкейтуге болады; ақпараттық көлемі растрлық кескіндермен салыстырғанда аз болады.

Векторлық графикамен жұмыс жасауға арналған программалар: – StartOfficeDraw, – MicrosoftWord, – CorelDraw, – AdobeIllustrator, – FractalDesignExpression, – MacromediaFreehand, – AutoCAD.

3. Фрактал деп масштабының кішірейуі нәтижесінде әрбір бөлігі қайталанатын шексіз өзіне ұқсас фигураларды айтады. Нейрондар, адамның тамыр жүйесі, теңіз бен көл жағасының иреңері, ағаш контурлары бұлардың бәрі- фракталдар. Фракталдарды бір жасушалы мембрана сияқты өте кішкентай және жұлдызды галактикалар сияқты өте үлкен жерлерден де табуға немесе кездестіруге болады.

Бағдарламалар: – Фракталды ғалам4.0; – Fracplanet; – TheFractory.

II. Үш өлшемді графика – бұл ені, бойы, ұзындығы бойынша жасалған компьютерлік графика.

Қоғамның әр түрлі саласында біз үш өлшемді графикамен кездесеміз. Графиканың бұл түрін математиктер мен суретшілер қолданады. Үш өлшемді графиканың бағдарламалық құралдары. Үш өлшемді графиканы дербес компьютерде өңдейтін бағдарламалық құралды үш пакет құрайды. Олар Windows операциялық жүйесімен басқарылатын машиналар нәтижесінде жұмыс жасайды.

1. Kinetix фирмасының 3D Studio Max бағдарламасы.
2. Microsoft компаниясының Softimage 3D бағдарламасы.
3. Мүмкіндіктер және интерфейс тұрғысынан әйгілі компаниялардың (Alias, Wavefront, TDI) консорциумымен жасалған Maya бағдарламасы.

Адам өз өмірінде компьютерлік графиканың маңызы зор. Қазіргі кез-келген мекемеде кей уақытта газеттер мен журналдарға жарнамаларға тапсырыс беру немесе жарнамалық парақшалар мен буклеттер басып шығару қажеттілігі туындайды. Олардың кейбіреулері осындай жұмыстарды арнайы дизайнерлік бюролар мен жарнамалық агенттіктерге тапсырса, кейбіреулері қолда бар программалық құралдарын пайдаланып, өз күштерімен жасауға тырысады. Дербес компьютерді пайдаланушылардың қатарында компьютерлік графикамен айналысатындардың саны күн санап артып келеді.

Қорыта келе компьютерлік графика саласындағы бастапқы білім адамның әр салада еңбектенуіне кәсіп ашуына маңызы өте зор. Компьютерлік графикамен жұмыс істей білу әр азаматтың ақпараттық сауаттылығының бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Қазіргі танымал программалардың ешқайсысы компьютерлік графикасыз жұмыс істемейді. Статистикаға сүйенсек, жаппай қолданыста жүрген программаларды жасап шығарушы программистік ұжымның қызметкерлері өз жұмыстарының 90% уақытын осы графикамен шұғылдануға жұмсайды екен.

#### **Әдебиеттер**

1. Е.Қ.Балапанов, Б.Бөрібаев, А.Дәулетқұлов Информатикадан 30 сабақ.
2. Журнал «Информатика негіздері» 2002 жыл
3. Журнал «Информатика және физика»

#### **Р. Аринов, А. Есенов**

КГКП «Семипалатинский финансово-экономический колледж имени Рымбека Байсеитова»  
Научный руководитель – А.Н. Искаков

### **ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА**

Информационные системы вошли во все сферы жизни. Развитие цифровых технологий открывает огромный спектр возможностей. Прогресс во всех отраслях науки и промышленности идет с огромной скоростью, не прекращая удивлять и восхищать.

Что такое искусственный интеллект?

**Интеллект** (от лат. intellectus – ощущение, восприятие, разумение, понимание, понятие, рассудок), или ум – качество психики, состоящее из способности приспосабливаться к новым ситуациям, способности к обучению и запоминанию на основе опыта, пониманию и применению абстрактных концепций и использованию своих знаний для управления окружающей средой.

Вначале 1980-х гг. ученые в области теории вычислений Барр и Файгенбаум предложили следующее определение искусственного интеллекта (ИИ):

Искусственный интеллект – это область информатики, которая занимается разработкой интеллектуальных компьютерных систем, то есть систем, обладающих возможностями, которые мы традиционно связываем с человеческим разумом, – понимание языка, обучение, способность рассуждать, решать проблемы и т. д.

Основные свойства ИИ – это понимание языка, обучение и способность мыслить и, что немаловажно, действовать. ИИ – комплекс родственных технологий и процессов, развивающихся качественно и стремительно, например: обработка текста на естественном

языке машинное обучение экспертные системы виртуальные агенты (чат-боты и виртуальные помощники) системы рекомендаций.

### **Сферы применения ИИ**

Сферы применения ИИ достаточно широки и охватывают как привычные слуху технологии, так и появляющиеся новые направления, далекие от массового применения, иначе говоря, это весь спектр решений, от пылесосов до космических станций. Можно разделить все их разнообразие по критерию ключевых точек развития.

ИИ – это не монолитная предметная область. Более того, некоторые технологические направления ИИ фигурируют как новые подотрасли экономики и обособленные сущности, одновременно обслуживая большинство сфер в экономике.

Развитие применения использования ИИ ведет к адаптации технологий в классических отраслях экономики по всей цепочке создания ценности и преобразует их, приводя к алгоритмизированию практически всего функционала, от логистики до управления компанией.

### **Заключение**

В заключении можно сказать. Использование ИИ поможет автоматизировать многие системы. Или же спасти чью-то жизнь. Но не исключено что в будущем ИИ может быть угрозой для человека. Но в любом случае ИИ в современных реалиях очень интенсивно развивается.

### **Литература**

1. [https://ru.wikipedia.org/wiki/искусственный\\_интеллект](https://ru.wikipedia.org/wiki/искусственный_интеллект)
2. Искусственный интеллект: Этапы. Угрозы. Стратегии Ник бостром

### **Т.Е. Мұхаметқанов**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы  
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК  
Ғылыми жетекшісі – М.Ж. Мукажанова, информатика пәнінің мұғалімі

## **АШЫҚ ТАУ-КЕН ЖҰМЫСТАРЫНДА «DATAMINE SIROVISON» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

### **Мақсаты:**

Түсірілімнің осы түрінің мақсаты жер асты тау-кен жұмыстарын, жарықшақтардың жату элементтерін, тектоникалық бұзылыстарды және тау-кен массивінің жарықшақтылық қарқындылығын сапалы және жедел анықтау үшін геомеханикалық сүйемелдеу болып табылады.

Қай салада қолданылады: Тау-кен жұмыстарында.







Программа мүмкіндіктері:



Ашық және жер асты қазбаларында орындалған фотосуреттерден тау жыныстарын жарықшақтылығын, геотехникалық карталау және бағытталған 3D үлгілерін жасайды.

**Программа интерфейсі:**



- Бейненің көлемі – басып, тінтуірдің батырмасымен басқару;
- “+” жақындату, “-” алыстату;
- Модельді айналдыру – тінтуірдің сол жақ батырмасы арқылы;

- Бейнені біріктіру - Shift + тінтіурдің сол жақ батырмасы;
- Бейненің орталық бөлімі - тінтіурдің сол жақ батырмасын екі рет басу;
- Бейненің бастапқы қалыпқа келтіру – , немесе пробел басу;  бүкіл экранға ашу –  ;
- Бейнені жабу –  немесе тінтіурдің оң жақ батырмасымен 3D бейненің үстінен «Close» жабу батырмасын басу;
- горизонтальды ось бойынша айналдыру – 
- вертикальді ось бойынша айналдыру – 
- берілген нүкте бойынша айналдыру – 

Керек аймақты үлкейту – . Тінтіурдің сол жақ батырмасын басып, бейненің тіктөртбұрышты аймағын беру. Белгіленген аймақ бүкіл көріну аймағын алып тұру керек.  батырмасын басып, алғашқы күйге оралыңыз.

Жұмыс істеу барысы:

1. Стереокамераны дайындау.
2. Стереоскопиялық суретке түсіруді баптау және орындау.
3. "Sirovision" арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуде түсіру нәтижелерін өңдеу.

Бағдарламаның негізгі көмегі: Жарықтар жатқан элементтерді өлшеу бойынша далалық жұмыстардың мерзімдерін айтарлықтай азайтуға және жалаңаштауға тікелей қол жетімсіз учаскелерде деректерді алуға мүмкіндік береді.

Нәтиже: Карьер бортының құлау ықтималдығын анықтау. Құлау жағдайында арнайы жұмыс комплекстерін жүргізіп, жұмысшылардың қауіпсізділігі үшін тау кен жұмыстарын уақытша тоқтату.

### Әдебиеттер

1. Sirovision кешенімен жұмыс бойынша оқу курсы.
2. Ефимова О., Морозов В., Шафрин Ю. Курс компьютерной технологии. Учебное пособие для старших классов по курсу «Информатика и ВТ». М.: Издательство «АБФ», 1998
3. «Геоинформатика». А.Д.Иванников, В.П.Кулагин, А.Н.Тихонов, В.Я.Цветков-М.: МАКС Пресс, 2001

### А.Ш. Сагидолла

«№49 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, 9«А» сынып оқушысы  
Ғылыми жетекшісі – А.Б. Каршикенова информатика пәні мұғалімі, жаратылыстану магистрі

### ИНТЕРЕНЕТТЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Интернетте мыңдаған Internet Relay Chat (IRC) серверлері бар. Олар нақты уақыт режимінде интернетте мәтіндік хабарламалармен алмасуға мүмкіндік береді. Сөйтіп интерактивті қарым-қатынас іске асырылады. Кез келген пайдаланушы осындай серверлердің біріне қосылып осы серверге келушілердің біреуімен хабарласа алады.

Егер сіздің компьютеріңіздің және сіз сөйлесіп отырған кісінің компьютері дыбыстық картамен, микрофонмен, құлаққап (наушники) немесе акустикалық колонкалармен жабдықталған болса, онда сіздер дыбыстық хабарламалармен алмаса аласыздар. Бірақ тікелей сөйлесу екі адам арасында ғана мүмкін.

Сіздер бір-бірлеріңізді көріп отыру үшін, яғни бейне жазбамен алмасу үшін компьютерлерге бейнекамера қосылуы қажет. Әдеттегі аналогты бейнекамералар арнайы бейнеплатаға, ал сандық камералар – компьютердің параллель портына қосылады.

Ақырғы кезде ICQ сервері көмегімен іске асырылатын интерактивті қарым-қатынас жиі пайдаланып жүр. «I seek you» – «Мен сізді іздеймін» (ICQ-дың дыбыстық аббревиатурасы) ICQ программасы интернетті пайдаланудың жұмыс столында орналастырылады. Интернетке қосылғаннан кейін кез келген ICQ жүйесінде тіркелген және дәл осы сәтте интернетке қосылып отырған пайдаланушымен хабарласа алады. Ал жұмыс столындағы программа осы сәтте

интернетке қосылып отырған пайдаланушылар туралы (My Contact List) мәлімет береді және солармен хабарласу мүмкіндігін туғызады.

ICQ интерактивті қарым-қатынас жүйесі қатынастың әр түрлі формаларын ұсынады:

Электронды почта;

Интернет-телефония;

Файлдарды беру;

Желідегі адамдарды іздеу және тағы басқа.

Интернет-телефония (IP-телефония) – INTERNET-те дыбыстық сигналдарды беруге пайдаланатын технология. Сөйлесу кезіндегі біздің айтқан сөзіміз қысылған мәліметтер пакетіне айналады. Содан кейін ол пакеттер INTERNET арқылы жіберіледі. Пакеттер қажетті адреске жеткеннен кейін автоматты түрде (декодировка) кодтарынан ажыратылып дыбыстық сигналдардың оригинал түріне айналады.

Интернет-телефонияның телефон сұраныстарының базалық типтері бар:

Компьютер – компьютер – интернет желісі көмегімен бір дербес компьютерден екінші дербес компьютерге хабарласуға мүмкіндік береді.

Компьютер-телефон- «INTERNET – телефон түріндегі арнайы программалар көмегімен дербес компьютерден кез келген телефонға қоңырау соғуға болады.

Компьютер-факс – дербес компьютерден INTERNET желісі көмегімен әлемдегі кез келген факс жіберуге көмектеседі.

Телефон-телефон кез келген қарапайым немесе ұялы телефоннан әлемдегі кез келген қарапайым немесе ұялы телефонмен байланысуға мүмкіндік береді. Бұл қосылудың ең қымбат түрі.

«Ұялы интернет» түсінігін пайдаланушылар әртүрлі ұғады. Сондықтан біраз нақтылау айтып өтейік.

Біраз уақыт бұрын техникалық жағынан болмағанда пайдаланушы ақыл-ойында коммуналдық технология мен интернет ену» екі бөлек болатын. Бірақ қазір бәрі өзгерді. Мысалы, SMS хабарламаны Web формамен немесе ICQ құралымен жіберуге болады

Бірақ SMS интернет-сервис емес, сондықтан пайдаланушы шлюздерге жүгінуіне тура келеді.

MMS SMS – технологияның кеңейтілген түрі, онда мәтіндік хабарламамен қоса мультимедиялық ақпараттармен де, яғни қарапайым суреттен бастап шақыру әуендеріне дейін алмасуға болады.

Бірақ MMS-те интернет сервис емес.

WAP – бірінші толық мәнді интернет-сервис. Оның аналогы i-mode де интернет сервис.

i-mode WAP – пен салыстырғанда техникалық жағынан дамыған. Оны көпшілік айтады, бірақ ешкім пайдаланбайды. Себебі, i-mode тек Жапонияда тараған. Жақын арада ғана Еуропаға келді (әзірше тек Германияда және Голландияда). Бірақ әдеттегі пайдаланушы үшін теория қызық емес. Ол ұялы интернеттің нақты мүмкін белгісі келеді. Бұл жерде интернет ұялығын мобильді пайдалану үшін екі нәрсе қажет екенін еске алайық:

1) коммуникациялық канал (сандық контентті жеткізу қабілеттілігі бар

2) абоненттік құрылғы (контентті пайдалануға түсінікті) түрде көрсетіп, интернет ресурстарымен кері байланысты қамтамасыздандыру үшін

Мобильді интернет үшін бүгінгі күннің өзінде коммуникациялық канал ретінде GPRS-ті пайдалануға болады. GPRS- әдеттегі GSM – желілерінің құрылымы болып табылады. Ол абоненттік құрылғы ретінде: ноутбук, ұялы телефон (Wap қолдауы бар) және қалталық компьютерді қарастыруға болады.

#### Әдебиеттер

1. Пузырев Владислав "Интернет-телефония: как это использовать". М: Издательский дом "ВБВ", Издательство "Познавательная книга плюс" 2016г.

2. Артем Денисов, Илья Вихарев, Антон Белов "Самоучитель Интернет". С-П, Москва-Харьков-Минск, 2015 г.



3. Якушина Е.В. "INTERNET для школьников и начинающихпользователей". Аквариум, ГИППВ, 2017 г.

**Б.Ғ. Әлібекова, М.Е. Елубаева**

№22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицей, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – А.Н.Омарова, информатика пәні мұғалімі

## **ADOBE FLASH CS5 ПРОГРАММАСЫНДА ЖАСАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ ЛОГИКАНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

Қазіргі кезде жалпы компьютерлік ойындарға және оның ішіндегі компьютерлік анимацияланған ойындарға балалар үлкен қызығушылық тудырады. Егер компьютерлік ойындарды алатын болсақ, ол баланың логикалық ойлау қабілетін дамытатын болса, онда компьютерлік ойындардың ешқандай зияндығы жоқ деп айтуға болады. Әрине, баланың ағзасына кері әсер ететін ойындар да бар, ол ешкімге таңсық емес.

### **Зерттеу мақсатымыз:**

Adobe Flash программасын қолдана отырып, балалардың ойлау қабілетін, логикасын дамытуға ықпал жасайтын, қызықты компьютерлік ойын тапсырмаларынан тұратын шағын бағдарлама жасау.

### **Ол үшін алдымызға қойған міндеттеріміз:**

- ✓ Adobe Flash программасын меңгере отырып, шағын бағдарлама құру.
- ✓ Жобаның мазмұны талапқа сай болуын қарастырып, зерттеп алу.
- ✓ Құрастырған бағдарламаны орындату арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, логикасын дамытуға ықпал жасау.
- ✓ Жасалған шағын бағдарламаны желіге тарату.

Балалардың логикасын дамытуға арналған қазақша компьютерлік бағдарламалар қазіргі таңда өте аз, біздің бағдарлама қазақ тілде жасалған, ұлттық нақышта алынған тарсырмалары бар, бірнеше логикалық ойындарды да қамтиды. Бағдарламаны программалауда ғылыми жетекшісінің көмегі болды.

### **Adobe Flash CS5 программасында жасалған ойын-тапсырмалар**

Жоба Adobe Flash CS5 инструменталды ортада әзірлендік. Алдын ала логикалық тапсырмалар жинақтадық. Осы тапсырмаларға сәйкес арнайы интернет желісінен графикалық суреттер іздедік. Суреттер қосымшалар кітапханасына (команда File / Import) көшіріліп, кейіннен тиісті кадрларға орналастырылды.

Жоба екі сахнадан (сцена) тұрады. Бірінші сахна анимациялық командаларды шығару терезесін жүктейді.

Нәтижесінде графикасы түрлі-түсті, анимацияланған шағын электронды бағдарлама жасай алдық. Ол біз үшін үлкен жетістік. Бағдарламада әртүрлі дәрежедегі тапсырмаларды ала отырып, оларды мектеп оқушыларына орындаттық. көзіміз жеткен жер, ол зиянды компьютерлік ойындардан гөрі, оқушылар дамытатын ойынға көбірек көңіл бөлу керектігін түсіне білді.

Біз жасаған бағдарлама келешекте оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізері анық. Балаларды ізденімпаздыққа, шығармашылдыққа баулиды, ойлау қабілеттерін дамытады. Бағдарламаны қосымша оқу құралы ретінде қолдануға болады. Қысқаша айтқанда ол оқушының логикасын дамытуға ықпал жасайтын құрал. Қазіргі білім саласындағы өзгерістерге байланысты ол оқушыларды математикалық сауаттылыққа бағыттаушы.

Болашақта осы компьютерлік шағын бағдарламамызды дамытып, әр түрлі ғаламтор сайттарына жүктеу іске асырылады деген ойдамыз.

### **Әдебиеттер**

1. Стив Д. Flash CS5. Руководство разработчика. Москва, 2012.
2. Бубнов А.Е. Компьютерный дизайн. Основы, Мн: Знание, 2008.
3. Кричалов А.А. Компьютерный дизайн. Учебное пособие, Мн.: СТУ МГМУ, 2008.

4. Джоб Макап. Macromedia Flash MX Game Design Demystified. Издательство: КУДИЦ-Образ Год: 2004.
5. Дронов В.А. Macromedia Flash Professional 8: графика и анимация. Петербург, 2006.
6. Бекетов Д.Е. қызықты математика есептер жинағы, 2014.

### **С. Тургумбаева**

КГКП «Семейский финансово-экономический колледж им. Рымбека Байсеитова»  
Научный руководитель – А.Н. Искаков

## **ЭВОЛЮЦИЯ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ**

В интернете, социальная сеть – это программный сервис, площадка для взаимодействия людей в группе или в группах. Применительно к интернету, это виртуальная сеть, являющаяся средством обеспечения сервисов, связанных с установлением связей между его пользователями, а также разными пользователями и соответствующими их интересам информационными ресурсами, установленными на сайтах глобальной сети

Стремительный прогресс и постоянное обновление в области информационных технологий дает возможность использовать возможности интернет технологий в качестве эффективного средства обучения. При использовании глобальной интернет сети происходит формирование информационно-образовательной среды, которая позволяет в полной мере реализовать современные технологии обучения. В этих условиях тема использования социальных сетей как педагогического инструмента становится крайне актуальной.

Сегодня, наиболее популярными социальными сетями являются “Facebook”, “Twitter”, “YouTube”, “Google+”, “Linkeldn”, «ВКонтакте», «Одноклассники», «Мой мир».

Влияние социальных сетей на жизнь людей огромное, многие даже не осознают до конца масштабы этого явления, а ведь социальные сети – это уже самое популярное занятие в Интернете. Сегодня из 100 самых посещаемых сайтов в мире 20 – это классические социальные сети и еще 60 – в той или иной степени социализированы. Более 80% компаний по всему миру используют социальные сети в работе. Около 78% людей доверяют информации из социальных сетей. Через них даже устраиваются целые революции. Социальные сети стали самым центром современного Интернета.

Безусловно, это только вершина айсберга, о социальных сетях уже можно писать целые энциклопедии. Сети уже очень глубоко проникли в нашу жизнь и продолжают набирать популярность, влияние их на людей до сих пор недооценивается. Сейчас развиты в основном сети общего типа, однако в ближайшем будущем будут развиваться и новые проекты, как по тематике, так и по функционалу. Как и в любом быстрорастущем сегменте, есть ряд ощутимых проблем, но все они вполне решаемы. В скором времени социальные сети в Интернете довольно сильно изменят мир, они уже стали влиятельным инструментом власти

### **Литература**

1. Данилина В. К народу через Facebook / Вероника Данилина // Советник, – 2010. – № 7. – С. 22-23.
2. Социальная сеть. Википедия [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Социальная\\_сеть\\_\(Интернет\)](http://ru.wikipedia.org/wiki/Социальная_сеть_(Интернет)).
3. Хуторской А.В. Дистанционное образование школьников и современные интернет-технологии. Интервью на «Радио Свобода», 2005 [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: <http://www.khutorskoy.ru/be/2005/1116/index.htm>

## **AUTOCAD БАҒДАРЛАМАСЫН ӨНДІРІСТЕ ҚОЛДАНУ**

Менің жобамның тақырыбы «AutoCad» бағдарламасы және оның мүмкіншіліктерін пайдалана отырып геологиялық карталар құрастыру. Қазіргі кезде компьютерлік техниканы пайдаланбай жұмыс жасайтын сала жоқ деуге болады. Ал, компьютерді пайдалану технологиясының жұмыс жасауға өзіне тән талаптар қоятыны белгілі, сондай талаптардың бірі жұмыс жасауға қажетті «AutoCad» бағдарламасын пайдалану. AutoCad бағдарламасымен жұмыс жасай білу бүгінгі таңда компьютермен жұмыс істеудегі маңызды дағдылардың біріне айналды. Сондай-ақ бұл саладағы мамандарға барлық уақытта жұмыс табылады деп айтуға болады.

AutoCad бағдарламасы – сызбалармен жұмыс істеуге арналған программа. Бұл программаның бірнеше нұсқалары бар. Алайда олардың бір-бірінен айырмашылығы ас үлкен емес.

AutoCad бағдарламасын пайдаланатындар көбіне сәулетшілер, техникалармен жұмыс жасайтын, бірақ программалаумен айналыспайтын адамдар. Мұндай қолданушыларды бұл программаның оқып үйрену жеңілдігі көптеген мәселерді өздері программаламай-ақ шешу мүмкіндігін, сондай-ақ AutoCad бағдарламасындағы қажетті объектілердің мүмкіндігі жасайтын құралдары бар болғандығы қызықтырады. AutoCad бағдарламасының бір артықшылығы, осы бағдарламаны пайдалана отырып көптеген жұмыстарды атқаруға болады.

AutoCad бағдарламасы жеңіл көрінуі мүмкін, бірақ бұл программаның қиын жерлері бар. AutoCad өте үлкен программа болғандықтан, оны қысқа уақыт ішінде толығымен ашу мүмкін емес. Ол мақсатта бұл программа туралы жүздеген-мыңдаған бетті кітаптар шығарылып жатыр. AutoCad бағдарламасы жөнінде әдебиеттер жеткілікті, алайда, олар негізінде, орыс және ағылшын тілдерінде, ал қазақ тілінде жоқтың қасы. Ұсынылып отырған жобамның басты мақсаты осы кемшіліктерді толықтыру. Қолданушыға AutoCad бағдарламасының мүмкіндіктерімен және басқа бағдарламалар арасындағы байланыстар мен ерекшеліктерін көрсету арқылы AutoCad бағдарламасымен нақты жұмыс жасауды үйренуге қол қабыс жасау.

Бүгінгі күндерде AutoCad 2014 – автоматты проекциялау жүйелері арасында ең мықтысы болып табылады. Техникалық проекциялаудың әртүрлі аймағында керек болған, кез-келген сызба жұмыстарын орындай алады. Программаның ішкі компоненттерінің жетілдіруінен басқа көп жаңа функция пайда болды. Бұл функциялар қолданушының уақытын қысқартып сызба сызуды біршама жеңілдетеді.

AutoCad программасы түрлі техника облыстарында, ерекшеленген АПРЖ-де қолданылады:

- Архитектуралық АПРЖ-де;
- Машина жасау АПРЖ-де;
- Географиялық ақпараттық жүйелерде;
- Ресурстарды бақылау автоматты жүйелерде;
- Электротехникада және электроникада;
- Геологиялық карталарды өңдеуде.

AutoCAD – Autodesk әзірлеген автоматтандырылған жобалау және сызудың екі және үш өлшемді жүйесі. Жүйенің бірінші нұсқасы 1982 жылы шығарылды. AutoCAD және оған негізделген арнайы қосымшалар инженерлік, құрылыс, архитектура және басқа да салаларда кең қолданысқа ие болды. Бағдарлама 18 тілде қол жетімді. Локализация деңгейі тек анықтамалық құжаттаманы аударуға толық бейімделуден өзгереді. Орыс нұсқасы толығымен локализацияланған, оның ішінде командалық жол интерфейсі және бағдарламалау нұсқаулығын қоспағанда барлық құжаттама. AutoCAD ерте нұсқалары шағын мұндай топтардың, сызықтар ретінде қарапайым объектілерді, санын, доғаның, және қиын астам болып табылатын мәтінді жұмыс. Сондықтан бұл бағдарлама өндірісте кеңінен қолданылады.

**А. Макашев, А. Макеев**

КГКП «Семейский финансово-экономический колледж. Рымбека Байсеитова»  
Научный руководитель – А.Н. Искаков

### **«ВЕБ-КВЕСТ» ТЕХНОЛОГИИ**

Перед современным образованием стоит задача поиска новых видов и форм организации учебной деятельности. Обучение должно быть развивающим в плане развития самостоятельного критического и творческого мышления. С этой целью многие учителя уже давно используют проектную технологию, привлекая ресурсы сети Интернет. Но обилие информации в сети и ее качество не только не упрощают процесс работы над проектом, но и усложняют его. Одно из возможных решений данной проблемы это технология веб-квест [1].

Веб-квест (webquest) в педагогике – проблемное задание с элементами ролевой игры, для выполнения которого используются информационные ресурсы Интернета [2].

Это означает, что учитель, составляя задания, подбирает информацию в Интернете, где можно найти необходимые материалы, давая учащимся соответствующие гиперссылки. Все это сохраняется на каком-либо веб-ресурсе, оформленном и структурированном как веб-квест. Учащиеся в группах или индивидуально выполняют предложенные задания веб-квеста, по завершении которого представляют собственные веб-страницы по данной теме, либо какие-то другие творческие работы в электронной, печатной или устной форме [2]. Преимущество данной технологии состоит в том, что она применима к любому школьному предмету [3]. В настоящее время в различных сферах деятельности ощущается нехватка специалистов, способных самостоятельно и в команде решать возникающие проблемы, делать это с помощью Интернета. Поэтому нашей целью является проектная деятельность, как веб-квест, т.е. разнообразить учебный процесс, сделать его живым и интересным. А полученный опыт принесет свои плоды в будущем, потому что при работе над этим проектом развивается ряд компетенций:

- использование ИТ для решения профессиональных задач (в т.ч. для поиска необходимой информации, оформления результатов работы в виде компьютерных презентаций, веб-сайтов, флеш-роликов, баз данных и т.д.);
- самообучение и самоорганизация;
- работа в команде (планирование, распределение функций, взаимопомощь, взаимоконтроль);
- умение находить несколько способов решений проблемной ситуации, определять наиболее рациональный вариант, обосновывать свой выбор;
- навык публичных выступлений (обязательно проведение предзащит и защит проектов с выступлениями авторов, с вопросами, дискуссиями).

### **Литература**

1. <https://itteachers.jimdo.com>
2. <https://sites.google.com/site/webquestmiory/resursy/cto-takoe-veb-kvest>
3. Книга «Веб-квест и его роль в обучении иностранному языку» Издательство LAP Lambert Academic Publishing

**А.А. Кушербек**

«Курчатов қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Камбарова, информатика пәні мұғалімі

### **«BLENDER» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖОБА ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ**

**Blender** – бағдарламасының көмегімен 3D модельдеу анимация жасауға, видеоүзінділерді өңдеуге, түрлі ойындарға логикалық объектілерді енгізуге мүмкіндік береді. Ең

маңыздысы, ол бағдарламаның азғантай көлемі (шамамен 10-20 мегабайт). Blender әртүрлі операциялық жүйелермен (Linux, Windows, MacOS) жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3D модельдеу соңғы жылдары тез қарқынмен дамып, кең ауқымды қолданысқа ие. Өнердің жаңа саласы кино, мультипликация, рекламалық роликтер дайындау, ойын жасау және түрлі презентациялар жасаудан бастап, сәулет өнері мен инженерияда және көптеген тағы басқа салаларда қолданылады. 3 қатпарлы моделдеу мен анимацияны түрлі этаптарға бөліп қарастыратын болсақ. 3 қатпарлы моделдеу мектеп бағдарламасындағы геометриямен байланыстырылғанын көрсетеді. Декарттық координаттар жүйесіндегі X, Y және Z осьтері қолданылады. Функцияларды және олардың графиктері, сызықтық функция, квадрат функция тағы сол сияқты парабола, гиперболалар тығыз байланыста. 3D анимацияның не екенін түсіну үшін көзіңіздің алдында тұрған барлық заттарды кеңістікке декарттық X, Y, Z жайғастырсаңыз. Сонда әрбір заттың белгілі бір координатасы бар нүктелерден және түрлі өзінен кіші фигуралардан сызық, эллипс, куб тағы басқа фигуралар қолданылатыны байқалады. 3D модельдеу және оны анимациялау негізінде осы принципке жасалған, яғни «аса күрделі заттарды қарапайым нүктелер немесе фигуралар көмегімен кеңістікте құрастыру». Мысалы: компьютер мониторының өзі бірнеше сызықтар мен төртбұрыштардан құралған. Белгілі координаталарда орналасқан нүктелерге түс беру арқылы, кеңістікте кез-келген фигураны жасап шығуға болады.

3D модельдеу және оны анимациялау негізінде осы принципке жасалған, яғни «аса күрделі заттарды қарапайым нүктелерде фигуралар көмегімен кеңістікте құрастырады. 3D модельдеу үшін түрлі бағдарламалар пайдаланылады. Олар біздің жұмысымызды жеңілдету үшін, майда жұмыстарды автоматты түрде жасайды, тіпті кейбір бағдарламалар аса қиын функцияларды да іске асыра алады. Оның ішіндегі біздің қарастырғанымыз:

- ✓ CINEMA4D
- ✓ 3D MAX
- ✓ Model Builder
- ✓ CREO 5.0
- ✓ BLENDER

3 қатпарлы модельдеуді үйренуді Blender 3D бағдарламасында бастау тиімді. Себебі бұл бағдарлама тегін және өзінің мүмкіндіктерінде ақылы бағдарламалардан кем түспейтін жалғыз бағдарлама.

Блендер интерфейсінің кем дегенде екі ерекшелігін атауға болады. Біріншіден, онда бір-бірін жауып тұратын терезелер пайдаланылмайды. Яғни, бірнәрсені жеке терезеде ашсаңыз да, ол терезе басқа терезелердің жұмысын бұғаттамайды. Екіншіден, негізінен пернелер комбинациясын пайдалануға иек артылған. Егер басқа қосымшаларда барлық пәрмендердің жедел пернесі бар деп айта алмасақ, Блендер интерфейсінде, керісінше, әрбір пернелер комбинациясына сәйкес келетін элемент бола бермейді, әдетте пернелермен қатар NumLock жиі қолданылады. Сондықтан қысқартылған емес, қалыпты пернетақта болғаны дұрыс. Қысқартылғандарда сандық пернетақтаға ауысуға болғанымен, бұл ретте қалыпты пернелердің біраз бөлігі бұғатталып қалады.

Блендердің бас терезесін ұйымдастыру қағидатын есте сақтаған дұрыс:

1. Бас терезе **облыстарға** (areas) бөлінген. Облыстар саны мен олардың көлемін ауыстыруға болады.
2. Әр облыста бір **редактор** (editor) бар. Облыстағы редакторларды ауыстыруға болады.
3. Редактор **аймақтардан** (regions) тұрады. Олардың көпшілігін жасыруға болады. Аймақтар көлемі мен орналасқан орнын ауыстыруға болады.
4. Аймақтарға **қойындылар** (tabs) кіреді. Бір уақытта аймақтың бір қойындысының мазмұны ғана көрсетіледі.
5. Аймақтың қойындысында **үстелдер** (panels) болады. Оларды жиыруға, жаюға, орындарын ауыстыруға болады.
6. Үстелдерде немесе аймақтардың өзінде әртүрлі басқару элементтері (батырмалар, өрістер, қозғалтқыштар, тізімдер және т.б.) болады.

**И.Ф. Фархадов**

КГКП «Колледж транспорта» г. Семей

Научный руководитель – С.К. Социалова, преподаватель по прикладной информатики

## **ПРОГРАММИРУЙ СВОЕ БУДУЩЕЕ**

Согласно многочисленным определениям, программирование – это процесс создания компьютерных программ. Расшифровать это определение можно следующим образом. Программирование есть ничто иное, как объяснение машине что, в каком виде и как нужно получить пользователю. Это объяснение называется «язык программирование»

10 октября в Послании народу президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев уделил особое внимание развитию IT-технологий в образовательных учреждениях страны. По словам президента, «развитие IT и инжиниринговых услуг имеет особое значение. В 2018 году необходимо начать разработку третьей пятилетки индустриализации, посвященной становлению промышленности «цифровой эпохи».

Мы не только слушаем Послание народу Казахстана, но и реализуем его. Партия «НұрОтан» также активно подключилась к этому процессу, инициировав 22 новых проекта. Они направлены на развитие информационных технологий, повышение цифровой грамотности населения, поддержку малого и среднего бизнеса, сферы образования, а также реализацию программы «Руханижаңғыру».

Уже в этом году «НұрОтан» совместно с государственными и местными исполнительными органами планируют открыть порядка 1000 бесплатных IT-классов по всей стране для углубленного изучения основ программирования и робототехники. Это позволит обучить ежегодно 150 тыс. детей от 8 до 16 лет.

Первый такой класс открылся в Экибастузе. Классы программирования есть в Кокшетау, Семей, Жезказгане.

Я не зря выбрал этот доклад. Потому что в этом IT-классе я учусь уже 1 год.

Сейчас компьютерная грамотность среди молодежи становится такой же обязательной, как чтение, грамотное письмо и математика.

Далее программу обучения планируется расширить. Дети будут изучать новые аспекты языка программирования и учиться разрабатывать игры на мобильные устройства и компьютеры. Длительность одного этапа – 2-3 месяца. После первого урока дети смогут создать анимацию, а по завершении третьего этапа разработают собственный сайт. Все обучение проходит на бесплатной основе. Оснащением классов и их обеспечением занимаются спонсоры, – рассказала член правления ассоциации.

Школа юных программистов открылась в колледже «Кайнар», поддержавшем предложение Общественного фонда «Лига юных программистов YBYRAI», запустившем социальный проект «Программируй свое будущее», который одобрили многие предприниматели и крупные IT-специалисты в Казахстане. Вот и в Семей под свое крыло первый открывшийся класс школы юных программистов помог оснастить компьютерами председатель правления АО «Казахтелеком», член попечительского совета ОФ «Лига юных программистов YBYRAI» Куанышбек Есекеев.

Первый – изучение языка программирования (Scratch). Обучение проходит в веселой игровой форме. Ребенка увлекают анимированные персонажи, которых с помощью готовых фрагментов кода он может заставить двигаться и придумывать им задания. Squeak Основными компонентами Скретч-программы являются спрайты-объекты. Спрайт состоит из графического представления — комплект кадров-костюмы и сценарий-скрипт. Графический редактор для обработки костюмов спрайтов на Скретч (англ. Paint Editor). Если посмотреть на внешний вид программы, это как игра для детей, но с этой программы начинали известные программисты и бизнесмены такие как:

**Дрю Хьюстон** – американский интернет-предприниматель, известный как основатель и генеральный директор Dropbox. По данным журнала Forbes его состояние оценивается в 1,2 миллиарда долларов США.

**Елена Силенок** является создателем популярного в мире интернет-магазина Clothia.

Вторая программа: CodeMonkey – это ведущая образовательная игровая среда, где миллионы студентов научились программировать на языке конкретного программирования.

Третья программа прохождения: ThimbleMozilla является редактором кода, который работает непосредственно в браузере. Он разработан, чтобы помочь создать свой собственный веб-сайт и программу с помощью HTML, CSS и JavaScript.

## СЕКЦИЯ № 8: ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

### СЕКЦИЯ: ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ

**Д.М. Амангельдинов**

№4 жалпы орта білім беретін мектеп Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – Ж.Ф. Кожаметова, математика пәнінің мұғалімі

#### АЛГЕБРАЛЫҚ ӨРНЕКТЕР

Алгебралық өрнектерді теңбе-тең түрлендірулер мектеп математика курсындағы ең басты мазмұнды-әдістемелік бағыттардың бірі болып табылады. Олардың негізінде оқушыларда математиканы оқытудағы аналитикалық тәсілдер қалыптасады. Әдетте, әрбір математикалық есепті аналитикалық тәсілмен шешу қандай да бір теңбе-тең түрлендіруді қажет етеді. Теңбе-тең түрлендірулер мектеп математикасының жеке тақырыбы емес, олар алгебра мен математикалық анализ курсы бастамаларының бүкіл өн бойында оқытылады.

Тақырып алгебра курсының маңызды тақырыптарының бірі. Алгебра курсына қарастырылатын алгебралық өрнектер және олардың түрлерінің шешу жолдарының әр түрлі әдістеріне негізделіп отыр.

Алгебралық өрнектер теңбе-тең түрлендіруге оқытудың әдістемесі тақырыбы көп ізденісті талап етеді. Себебі, ол кең көлемді оқытудың әдістемесінен бұрын, математикалық өрнектердің өзіне тоқталған, ауқымды тақырыптардың бірі. Содан кейін математикалық құрылымдарды теңбе-тең түрлендіруге оқытудың әдістемесін қолданған.

Тақырыптың басты мақсаты алгебралық өрнектердің әр түрлі тәсілдерін айқындап, бір жүйеге келтіру. Алгебралық өрнектерді жеке дара бөліп алып қарастырмай, оларды белгілі бір сандық жиында қарастыру, сандық өрнектердің жазылуының жалпылануын оқушы теңбе-тең түрлендірулерді саналы түрде меңгере алатының негіздеген.

Теңбе-тең түрлендіру – бір аналитикалық өрнекті оған теңбе-тең, бірақ сырт түрі өзгеше болып келген өрнекпен ауыстыру. Теңбе-тең түрлендірудің мақсаты өрнекке сандық есептеулерді жүзеге асыруа ыңғайлы ету үшін немесе логарифмдеу, потенцирлеу, дифференциалдау, интегралдау, теңдеулер шешу т.б. амалдарды оңайлату үшін әрі қарай түрлендірулер жасау болып табылады. Ұқсас мүшелерді біріктіру, жақшаларды ашу, көбейткіштерге жіктеу, алгебралық бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру және оларды қарапайым бөлшектерге жіктеу, тригонометриялық функциялардың қосындыларын логарифмдеуге ыңғайлы түрге келтіру(яғни оларды көбейтіндіге түрлендіру) теңбе-тең түрлендіруге жатады.

Алгебралық өрнектерді теңбе-тең түрлендіруге оқытудың әдістемесі тақырыбы көп ізденісті талап етеді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру теңбе-тең түрлендіруді оқыту кезінде оқушылардың ынтасын арттыру олардың ойлау қызметін белсенділендіру, байқағыштығын, тапқырлығын дамыту басты назарында болуы керек.

Оқушылардың ынтасын арттырудың тиімді тәсілдерінің бір есепті шығарудың әртүрлі тәсілдерін табу болып табылады. Мысалы: екімүшенің  $n$ -ші дәрежеге формуласын қарастырсақ. Ол үшін  $(x + a)^n = a_0x^n + a_1x^{n-1} + a_2x^{n-2} + a_3x^{n-3} + \dots + a_{n-1}x + a_n$  Көпмүшесін алып, ондағы  $a_0, a_1, a_2, \dots, a_{n-1}, a_n$  коэффициенттерін анықтау үшін «Паскаль үшбұрышын» пайдалануға болады, кез келген бұрыштың тригонометриялық функцияларын табу үшін «Бес саусақ» әдісі т.б.

Бұл тәсіл теңбе-тең түрлендіруді оқыту кезінде де кең түрде қолданылады.

«Оқушылармен қалай жұмыс жасау керек, өрнектерді қандай тиімді тәсілмен түрлендіруге болады?» секілді сауалдарға жауап таптым.

Мен осы тақырып бойынша математикадан өте көп мағлұматтар, терең білім және тиімді әдістер жинақтадым. Тақырыбым жоба болғандықтан, өрнектерді теңбе-тең түрлендірудің түрлі



әдісін меңгердім. Болашақта осы тақырып бойынша алған білімім мен жинаған әдістерім өз жемісін береді деп сенемін.

### **Әдебиеттер**

- 1.Рахымбек Д., Бейсеков Ж., Шарипов Т. Математиканы оқыту әдістемесі. Шымкент, 2006 – 259 с.
- 2.Айдос Е.Ж., Балықбаев Т.О. Математика. Алматы, 2006 – 320 с.
- 3.Алдамұратова Т.А. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2002 –368 с.
- 4.Баймұханов Б. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2003 –208 с.
- 5.Макарычев Ю.Н. Алгебра: Орта мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2001 –240 с.
- 6.Макарычев Ю.Н. Алгебра: Орта мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Рауан, 1991 –304 с.
7. Колмогоров А.Н. Алгебра және анализ бастамалары: Орта мектептің 10-11-сыныптарына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2001 –352 с.
8. Биляров Т.Н. «Элементар математика есептер жинағы» Алматы, 1992
9. Сканаби М.И. «Математикадан конкурстық есептер жинағы». Аударғандар: Меңдіғарина З., Ыдырысова Р. Алматы, «Мектеп» 1985
10. Башмаков М.И. «Математика в кармане кенгуру» ООО «Дрофа», 2010

### **А.Қ. Құсаин**

№ 39 ЖОББМ КММ, Семей қ.

Ғылыми жетекшілері – А.А.Қапышова, физика пәнінің мұғалімі

Г.З.Тасқынбаева, математика пәнінің мұғалімі

## **ГЕОМЕТРИЯ ТЕОРЕМАЛАРЫН ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ШЕШУДЕ ҚОЛДАНУ**

Математиканың физикада, атап айтқанда, механикадағы қолданылысы адамдардың өмірдегі қажеттіліктерін дұрыс шешіп, тиімді пайдалануға мол мүмкіндік береді. Механикалық процестерді дұрыс түсініп, іс-тәжірибеде пайдалану үшін әр түрлі эксперименттердің алатын орны үлкен. Механиканың жоғарғы бөлімдері математиканың күрделі аппараттарын (дифференциал, интеграл, векторлық анализ, математикалық модельдеу, т.с.с.) қолдануды талап етеді.

### **Потенциалдық энергияның минимумдық принципі**

Жанама туралы есепті шешкенде потенциалдық энергияның минимумдық принципіне жүгінудің қажеті жоқ, барлық мүмкін жағдайлардың ішінде жүктің ең төменгі қалпы тепе теңдік қалпы екені айқын. Бірақ, жүйеде бір емес өзара байланысты бірнеше жүкті қарастырсақ, жүктің әрқайсысы мүмкін жағдайлардың ішінде ең төменгі жағдайда тепе теңдік қалыпта болады деген тұжырым дұрыс болмайды. Мұндай жағдайда барлық жүктің тепе теңдік жағдайын табу керек, ал ол үшін потенциалдық энергия ұғымын пайдалану өте тиімді.

**Мынандай мысал қарастырайық.** Үш ауылға ортақ бір мектеп салу қажет. Бірінші ауылда 50, екінші ауылда 70, үшінші ауылда 90 оқушы бар. Барлық балалардың мектепке келу уақытының қосындысы минимальды болатындай етіп, мектептің орнын қалай таңдап алу керек? [6]

Бұл есепті шешу үшін столдың үстіне жергілікті жердің жоспарын жасау керек. Сонан соң столда ауылдардың орналасқан жерінен тесіктер жасаймыз да, бір түйіншекке байланған үш жіпті осы саңылаулардан өткіземіз. Жіптің екінші ұшына салмақтары 50, 70, 90 бірлікке сәйкес келетін жүк (мысалы, 500гр., 700гр., 900гр.) ілеміз. Түйіншек қай жерде болса, мектеп сол жерге салынуы тиіс. Неге? Осы сұраққа жауап беру үшін үш жүктен тұратын жүйенің потенциалдық

энергиясын есептейміз. Егер жүктердің салмақтары сәйкес  $q_1, q_2, q_3$ , ал бірінші жүк  $h_1$ , екіншісі  $h_2$ , үшіншісі  $h_3$  биіктікте болса, онда жүйенің потенциалдық энергиясы әрбір жүктің потенциалдық энергияларының қосындысына тең болады:  $E = q_1 h_1 + q_2 h_2 + q_3 h_3$

Енді түйіншектен ауылдарға дейінгі қашықтық сәйкес  $r_1, r_2, r_3$ , жіптердің ұзындықтары сәйкес  $l_1, l_2, l_3$  және столдың биіктігі  $h$  болсын. Түйіншек қай нүктеде болса да және жүктер кез келген  $h_1, h_2, h_3$  биіктікте болса да мына арақатынас орындалады.  $l_1 = r_1 + (h - h_1); l_2 = r_2 + (h - h_2); l_3 = r_3 + (h - h_3)$  немесе  $h_1 = r_1 + h - l_1; h_2 = r_2 + h - l_2; h_3 = r_3 + h - l_3$  Сонда (1) теңдікті былай жазуға болады.  $E = q_1 r_1 + q_2 r_2 + q_3 r_3 + c$ , мұндағы  $c = (q_1 + q_2 + q_3)h - q_1 l_1 - q_2 l_2 - q_3 l_3$

Жүктердің орнына тәуелсіз болатын тұрақты шама.

Потенциалдық энергияның минимумдық принципіне байланысты егер  $E$  ең аз мән қабылдаса, онда жүйе тепе теңдік қалыпта болады. Бұдан тепе теңдік қалыптың жалғыздығына байланысты тепе теңдік жағдайында  $E$ -нің мәні минимальды болатыны шығады. Егер  $E$  шамасы минимальды болса, онда  $T = q_1 r_1 + q_2 r_2 + q_3 r_3 = E - c$  шамасы да минимальды болады. Бұл теңдіктегі  $T$  балалардың өз ауылдарынан түйіншек тұрған жерге салынған мектепке дейін жүруге кететін уақыттарының қосындысы. Сонда түйіншектің орны осы жүйенің тепе тең қалпын анықтайды. Осы уақыттардың қосындысы шынында да өзінің ең кіші мәніне ие болады.

Геометрия мен алгебраның әдістерін қолдану көптеген күрделі механикалық есептерді шешуге, механикалық процестерді аналитикалық түрде өрнектеуге, күрделі процестердің математикалық модельдерін жасауға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

1. Абуталипова Ш., Туканаев Т. Алгебра және геометрия пәнінен оқуәдістемелік. – А.: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2007. – 75 б
2. Ақанова Р.А., Ермекова Ж.К., Балабеков Қ.Н. Физиканы оқыту әдістемесі бойынша зертханалық жұмыстар: әдістемелік оқулық. – Астана, 2006. – 103 б
3. Аубакир Б., Туканаев Т. Дифференциальная геометрия кривых. – Астана, 2005. – 49 с.
4. Ахметжанова К., Тукунаев Т. Учебно-методический комплекс по дисциплине, Алгебра и геометрия,. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2007. – 91с.
5. Әубәкір Б., Туканаев Т. Қисықтың дифференциалдық геометриясы. – Астана, 2006. – 49 б.
6. Аубакир Б., Туканаев Т., Уатай Ж. Геометрические и механические приложения определенного интеграла: учебно.-метод. пособие.-Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2005. – 42 с.
7. Әубәкір Б., Туканаев Т., Уатай Ж. Анықталған интегралдың геометрияда және механикада қолданылулары: учеб. пособие.-А.: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2007. – 44 б.

**Е. Архат, А. Мухамедиярова**

№39 ЖОББМ КММ, Семей қ.

Ғылыми жетекшілері – Л.К. Тилеубекова, физика пәнінің мұғалімі

К.М. Жаканова, математика пәнінің мұғалімі

### АДАМ РЕАКЦИЯСЫНЫҢ УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР СТАТИСТИКАСЫ

Физикалық құбылыстарды дұрыс түсініп, іс-тәжірибеде пайдалану үшін әр түрлі эксперименттердің алатын орны үлкен. Адамның реакция уақытына әсер ететін субъективті және объективті факторларды жүргізушінің мысалында қарастырайық.

Жүргізушінің реакциясына әсер ететін субъективті және объективті факторлар.

Құрғақ асфальт жолының бойында жеңіл автомобильдің тоқтау жолы қозғалыс жылдамдығы 60 км/ сағ болғанда және көрсетілген реакция уақыты сәйкесінше 36,73;43,4; және

50,06 м құрайды. Егер жүргізуші 45 м қашықтықта пайда болса, онда бірінші және екінші оқиғаларда ол жүргіншіні басып кетуін болдырмауына болады, себебі: 36,73 және 43,4 м 45 метрден кіші, үшінші оқиғада мұндай мүмкіндік жоқ (50,06 м 45 м-ден көп) Автомобильдің тоқтау жолын жүргіншіге дейінгі ара қашықтықпен салыстыра отырып жүргізушінің кінәлі не кінәсіз екенін табады. Автомобильдің тоқтау жолының өлшемінің әртүрлілігіне әкеп соғатын жағдайлар, әр жүргізушінің қауіпке реакция уақытының өзгеруін ескере отырып, тергеуші эксперттің алдына мынадай сұрақтар қоюы тиіс. (біздің мысалда – 36.29 % дейін). Ол оқиғаны болдырмау мүмкіндігі болғанын не болмағанын анықтау. Мысалы, транспорт құралының жүргіншіні басып кетуі екі вариантта- қауіпке реакция уақыты 0,4 және 1,2 сек. Егер екі вариантта да оқиғаны болдырмау мүмкіндігі туралы бірдей шешім шықса, онда оны ары қарай тергеуде қолдану керек. Егер шешімдер қарама-қайшы болса, онда тергеуші комплексті инженерлік-психофизиологиялық экспертиза тағайындауы керек ол, жүргізушінің қауіпке реакция уақытының нақты шегін анықтау. Қылмыс ісін тоқтатудың дұрыстығын, не айыптау қорытындысы бекітілуін тексеруде прокурор көрсетілген экспертизаны жалғастыруды талап етуі қажет. Әрине, бұны тексерудің ең аяғында емес, басында қолға алғаны дұрыс болар еді. Тіпті мұндай жағдайда керек болса экспертизаны соттың өзі де тағайындайды[8].

Өзіндік психологиялық сипаттауын дененің еркін түсуінің білімі негізінде таптым. Өзіме өте бір қарапайым құрал жасауым және онымен эксперименталды зерттеуін жүргіздім, ол үшін, адамның реакция уақытын тура өлшеу секундтың мыңнан бір бөлігіне дәлме-дәл екендігіне көзімді жеткіздім.

Осы зерттеуімде дененің еркін түсу үдеуін теориялық білімімен адам реакциясының уақытын әр-түрлі тәжірибелерді қолданып, өткен ғасырдың ұлы ғалымдарының ілімдерін терең зерттеп, олардың ашқан жаңалықтарын өзімнің зерттеуімде қолдандым. Қандай да бір биіктіктен бос тұрған дененің жерге құлайтыны бәрімізге белгілі. Жоғары лақтырылған дене қайтадан жерге түседі. Мұның бәрі Жердің тартуы әсерінен болады дейміз. Бұл жалпылама құбылыс, сол себепті де денелердің тек Жердің тартуы әсерінен еркін түсу заңдарын қарастыру ерекше қызықты. Алайда күнделікті бақылау денелердің қалыпты жағдайда түрліше құлайтынын көрдік. Өзінің тәжірибесінде Галилей ауасыз кеңістікте барлық денелер бірдей уақытта түседі деп ұйғарғанын білдік. Галилей ашқан бұл заңның маңызы өте зор болды. Ол заң материяның аса маңызды қасиеттерінің бірін белгілейді, Біздің Ғалам құрылымының көптеген ерекшеліктерін ұғынуға және оны түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге Галилей идеялары Ньютон механикасының негізі болатын іргетас іспеттес. Нәтижесінде адам реакциясы уақытын өлшейтін қарапайым құрал жасадым. Бұл құралмен адам реакциясының уақытын тәжірибе жасап, өлшедім және адамдардың реакция уақыты әр-түрлі болатынына көзімді жеткіздім. Математикалық статистиканың сипаттамаларын пайдалана отырып, адамның реакция уақытының арифметикалық ортасын және модасын, абсалюттік шамасын есептеуге болатынын көрдік. Және зерттеу кезіндегі шамалардың ең үлкен және ең кіші мәндерінің айырмашылын табуға болатынына көзім жетті. Мұнда мен статистиканы есептеудің әдістерінің ішіндегі таблицаны пайдаланып, оны құрып, зерттедім. Зерттеудің нәтижесінде адам реакциясының оның жасына, оның ауа-райы, күннің мезгіліне байланысты екенін білдік және де адамның шыныққандығына, жаттыққандығына байланысты екеніне көзім жетті. Бұл әдісті қоғамда әр түрлі жағдайда да қолдануға болатынын білдік. Мысалы жол қауіпсіздігі жағдайларында маңызы өте зор. Өзімнің зерттеуімде мысалы жүргізушінің кінәлі немесе кінәсі жоқ екенін дәлелдеуге болатынын білдім. Оны сот істері кезінде қолдануға пайдасы өте зор екенін анықтадым. Өкінішке орай бұл әдісті өздерінің істерінде ешқандай сот қызметкерлері әлі қолданып көрмеген [9].

Біздің технологиялық ғасырда жоғары білімді және білікті мамандар қажет. Белгілі бір мамандықтардың өкілдері мамандығын терең игеруімен қатар, сыртқы тітіркендіргіштерге жылдам жауап беруі қажет. Жүргізуші, оператор, ұшқыш болу үшін, оған адамның дабылға жауап беру реакциясы уақытын білу қажет. Адам реакциясының уақыты – дабылды қабылдағаннан бастап адам ағзасының дабылға жауап беру уақыт аралығы. Реакция уақыты – адамның, менеджер, жүргізуші, ғарышкер сияқты мамандықтарға жарамдылығын білу үшін ең маңызды критерийлерінің бірі болып табылады. Сондықтан физика пәнінен денелердің еркін

түсу үдеуін және математикадан статистика элементтерін қолдана отырып, адам реакция уақытын өмірде қажетті жағдайларда қолдануды білдім. Адамның реакция уақыты автоматикалық басқару жүйелерін есептеуде де ескеріледі. Ол адамның жасына, жаттыққанына және әл – ауқатына, мысалы, есту дабылына реакция уақыты 0,12-0,14 секунд, ал, көру дабылына – шамамен 0,13-0,15 секунд екенін есептедім.

### Әдебиеттер

1. Детская энциклопедия по физике. Москва, 2007
- 10, 11 классы. Дрофа, 2008
2. Б. Кронграт, В. Кем, Н. Қойшыбаев. Физика. Жалпы білім беретін
3. Т.И. Трофимова, А.В. Фирсов. Механика. Молекулярная физика.
4. Физика және астрономия, Жалпы білім беретін мектеп 9 сынып, Р.Башарұлы
5. Физика. Механика. А. Аққошқаров
6. Е.А. Бунимович, С.Б. Суворова «Методические указания к теме: «Статистические исследования»». «Математика в школе» №3, 2003г.
7. М.В.Ткачева, Н.Е.Федорова. «Элементы статистики и вероятности» Просвещение, 2004 г.
8. <http://cad.narod.ru/methods/cadsystems/software/kvadrat.html>
9. <http://www.krugosvet.ru/articles/15/1001543a1.htm>
10. Мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2014
11. Ғ.Қ.Жүсіпқалиева, А.А.Джумашева, Б.С.Құбаева «Мектепте физика курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі»

### А. Бахтынова

«№15 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік мекеме, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – Шиндалинова Нұржамал Қуанышқызы

### АНЫҚТАЛМАҒАН ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ

Теңдеу – бұл құрамында бір немесе бірнеше айнымалысы бар теңдік таңбасымен байланысқан екі өрнектің теңдігі, бұл өрнектерге белгісіздер деп аталатын бір немесе бірнеше айнымалы енеді.

Теңдеулер саны белгісіздер санынан аз болатын анықталмаған теңдеулер.

Оларды шешуді іріктеу әдісі қолданылады. Мына қарапайым есепті қарастырайық. Сатып алған заттарға 1700 теңге төлеу керек. Сатып алушыда 200 теңге және 500 теңгелік купюрлер ғана бар. Ол қандай тәсілдермен төлей алады? Бұл сұраққа жауап беру үшін  $2x+5y=17$  түріндегі екі белгісізі  $x$  және  $y$  бар теңдеуді шешу жеткілікті. Мұндай теңдеулердің шексіз көп шешімдер жиыны бар. Дербес жағдайда, алынған теңдеуге  $(x, \frac{17-2x}{5})$  түріндегі кез келген сандар жұбы жауап бере алады. Бірақ біздің есепке  $x$  және  $y$ -тің бүтін теріс емес мәндері ғана жарайды. Сонда жауапқа сандардың екі жұбы ғана алынады (1,3) және (6,1).

Іріктеу тәсілі шешу кезінде әртүрлі нұсқаларды қарастыру керек болатын есептерде қолданылады. Іріктеу дұрыс жүргізілуі керек, яғни оны қолданғанда барлық мүмкін жағдайлар қарастырылуы керек, ал қажетсіздігі айқын нұсқалар алынып тасталу керек, ол жұмыс көмегімен әжептәуір қысқартады. Бұл әдіс көбінесе ізделінді шаманың мәндері бүтін болған жағдайда қолданылады.

Бұл әдісті ғалымдар әртүрлі маңызды есептерді шешуде қолданылады. Айта кетерлік жайт, көбінесе мүмкіндіктер мөлшері өте көп болады да, іріктеуді электронды есептеуіш машинаға тапсыруға тура келеді. Мысалы, ЭЕМ көмегімен жасалған іріктеу нәтижесінде төрт бояу туралы атақты есеп оң жауабын алады: «Кез келген географиялық картаны төрт түсті бояумен бірдей түске боялған елдер ортақ шекараға ие болмайтындай етіп бояуға бола ма?»

Іріктеу санын қысқарту үшін арнаулы әдістер құрылды. Ол математиканы жаңа облысы – бүтін санды бағдарламалауды құрады.

Біз мұнда іріктеу әдісін қолданып шешуге болатын күрделі емес есептерді қарастырамыз, бұл әдіссіз бұларды шешу қиын болар еді немесе тіпті мүмкін болмас еді. Мұндай есептерді шешуде басқа да ой-пікірлерді қолданамыз, мысалы бүтін сандардың бөлінгіштік қасиеттері, ал іріктеу әдісі шешімнің құрамдас бөлігі болады.

Іріктеу пайдалы болатын тағы мына бір жағдайды қарастыра кетейік, мысалы, бүтін сандардың қандай да бір қасиетке ие болатын натурал сандар жиынын табу керек болсын, ал барлық нұсқаларды қарастырып шығу жиынның ақырсыз не ақырлы болғанда элементтердің саны тым көп болуына байланысты мүмкін емес. Онда оның біраз элементтерін қарастырып жалпы заңдылықты табуға тырысу керек. Одан кейін оның ақиқаттығына дәлелдеу керек не жалған екендігін көрсету керек.

Іріктеу әдісін сандарға қолданылатын амалдардың жазылуын қалпына келтіруде қолдануға болады.

*Есептер:*

### №1

\*\*.\*\* $\ast=1\ast1$  көбейтуге берілген мысалда жұлдызша мен берілген цифрларды қалпына келтіру керек. Барлық шешімдерін табу керек.

*Шешуі:* Көбейткіштердің бірінші цифрлары 1 екендігі айқын. Екінші цифрларды табамыз. Екі цифрдың көбейтіндісі бірмен аяқталатын жағдайлар:

$1\ast1, 3\ast7, 9\ast9$

Үш жағдайды жеке-жеке қарастырайық:

$11\ast11=121$  – жарамды

$13\ast17=221$  – жарамайды

$19\ast19=361$  – жарамсыз

Жауабы:  $11\ast11=121$

### №3

$22x+13y=1000$  теңдеуін натурал сандар жиынында шешу керек.

*Шешуі:* Теңдеуден  $y$  жұп болу керек екендігі көрінеді. Сонымен бірге,  $22x+13y>$

$13y$  болғандықтан  $1000> 13y, y < \frac{1000}{13} = 76\frac{12}{13}$ , Демек  $2\leq y \leq 76$ .

2-ден 76-ға дейінгі барлық жұп сандарды тексермес үшін 11-ге бөлінгіштік белгісін пайдаланайық. Теңдеуді төмендегідей түрлендірейік:

$22x+11y+2y=1001-1$

$22x+11y+(2y+1)=1001$

$22x, 11y, 1001$  сандары 11-ге бөлінетіндіктен  $(2y+1)$  саны 11-ге бөлінеді.  $2y+1$  саны 11-ге еселі болатындай  $y$ -тің алғашқы мәні 5, бірақ ол тақ.  $y$ -тің келесі мәні 16,  $2\ast16+1=33$  саны 11-ге бөлінеді.  $y$ -тің келесі мәні 16-дан 11-ге 22-ге артық, демек 38 тең, келесі және соңғы мән  $38+22=60, y=16, 38, 60$  мәндерінің әрқайсысы үшін сәйкес  $x$ -тің мәндерін есептейміз.

Жауабы:  $(16:60), (23:38), (36:16)$

### Әдебиеттер

1. За страницами учебника математики. Н.Я. Виленкин, Л.П. Шибасова
2. Решение нестандартных задач. Ф.К. Вильданова, Н.Кабыл
3. Как научиться решать задачи. Л.М. Фридман

## А.Б. Масалимова

«№49 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, 9 «Ә» сынып оқушысы  
Ғылыми жетекшісі – Э.Б.Токсанбаева, физика пәнінің мұғалімі

### ШУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Шу – қатты, сұйық және газ-тәрізді орталарда пайда болатын механикалық тербелістер кезіндегі әртүрлі жиіліктер мен қарқындылықты (күшті) дыбыстардың ретсіз тіркесуі. Ұзақ шуылдың әсері құлақтың есітуін және көздің көруін төмендетеді, қан қысымын көтереді, орта жүйке және жүрек-сауыт жүйелерін шаршатады, нәтижесінде жұмысшының жұмысында қателер саны көбейеді, еңбек өнімділігі төмендейді. Адамның есту органдары 16...20 000 Гц жиілікті дыбыс толқындарын қабылдайды. 20 Гц-тен төмен (инфрадыбыс) және 20 000Гц-тен жоғары (ультрадыбыс) тербелістер құлаққа әсер етпейді, бірақ толық ағзаға биологиялық әсерін тигізеді.

Шу деңгейінің өлшем бірлігі – децибел. Децибел 1847-1922 жылдары өмір сүрген, телефонды ойлап тапқан американдық өнертапқыш А.Бельдің құрметіне бел (Б) деп аталған қаттылық бірлігінің ондық үлесі, яғни 1 бел 10децибелге тең. Шу деңгейі 20-30 децибел (дБ) адам өміріне зиянсыз қалыпты шу болып табылады. Қатты дыбыстардың шегі 80 децибелге дейін, ал 130 децибелдегі дыбыс адамда ауыр түйсік тудырады, 150 децибел қауіпті болады.

Шуды өлшеу үшін микрофонның орнына орнатылатын қосымша аспап – күшейткіші бар шуылөлшегіштер мен виброметрлер пайдаланылады. Шуыл мен дірілді өлшейтіндер – ВШВ – МММ2 аспаптары кеңінен таралды.



**Қажетті құралдар:** механикалық сағат, сызғыш.

**Тексерілді:** Құлақ ішіндегі дабыл жарғағының дыбысты сезу қабілеттілігі жастың ұлғаюымен кеми түседі, яғни есту диапазонының төменгі шегі жоғарлап, жоғарғысы кемиді

Адамдар	Саны	Қалыпты жағдай 10-15 см	10-5 см	5-0 см	Бір құлақпен естиді
9-сыныптар					
Оқушылар	20	Барлығы	-	-	-
35-42 жас					
Мұғалімдер	8	4	2	-	2
45-60 жас					
Мұғалімдер	17	2	5	7	3

Шудың нәтижесіндегі есту ағзасының зақымданулары алғашында есту қадамының 4000 Гц жиілікке жоғарлауымен сипатталады. Бұл өзгерістер алғашында естуді қабылдауға әсер етпейді, сондықтан жұмысшылар есту қабілеттерінің төмендегенін байқамайды. Естудің төмендеулерінің субъективті көріністері дыбысты қабылдау аймақтарының 500, 1000, 2000 Гц жиілікке дейін төмендеулерімен сипатталады, ол баяу дамып, осы мамандық бойынша жұмыс істеу стажына байланысты ақырындап өседі.

Шумен күресудегі ең негізгі шаралары бұл – үш негізгі бағытта жүзеге асырылатын техникалық шаралар:

- шудың пайда болу себебін немесе оның көзінің шуын азайту шаралары;
- беру жолдарының шуын азайту;
- цехтағы жұмысшыларды қорғау.

Шуды азайтудың негізгі құралы бұл – шуды көп шығаратын технологиялық құбылыстарды аз шулы немесе мүлде шу шығармайтын құбылыстарға ауыстыру.

Шуға қарсы қолданылатын заттарға қойылатын бірқатар талаптар бар, олар шудың әсерін төмендетіп, қолдануға ыңғайлы болу керек. «Шудан жеке қорғаныс заттары. Гигиеналық талаптар» ГОСТ 1576270 олардың нәтижелігін бағалау, шуға қарсы заттар немесе әдістерді таңдау, талаптар жазылған.

Шу деңгейінің жоғары болуы құлақтың дыбыс қабылдауын нашарлатады және оның организмнің жүйке психологиялық әрекетіне тигізетін зияны өте зор. Санитарлық нормаларға сәйкес тұрғын үйлерде шу деңгейі күндіз 40 дБ, ал түнде 30 дБ-ден аспауы тиіс.

Бүгінгі күнгі зерттеулер бойынша шудың жоғарғы қысымы көптеген аурулардың – жүрек тамыр, асқазан жүйке жүйесі ауруларын қоздырушы болып табылады.

Ойымды қорыта келе, шудың адам ағзасына зиянын біле тұра біз немқұрайлық танытпауымыз керек. Ол үшін мен төменгі ұсыныстарды жасаймын:

- Бұл проблема мемлекет тарапынан қолдау табу қажет, ол үшін бірқатар заңнамалар қабылдану керек.
- Жалпы халық, жастар арасында семинар, лекторий, дөңгелек үстелдерді өткізуді дәстүрге айналдыру.
- Ғимараттарда шудың санитарлық нормасы сақталуын қадағалау.
- Теледидар, газет-журнал беттерінде зияндылығы жөнінде антижарнамалар, бейнеклиптер көрсету керек.

### **Әдебиеттер**

1. «Денсаулық» журналы. Алматы қаласы. 2008 жыл.
2. «Физика және астрономия» 9-сыныпқа арналған оқулық. Алматы – мектеп, 2009жыл.
3. Электрондық энциклопедия. <http://www.wikipedia.kz> .
4. «Денсаулық» энциклопедиясы ru Ш. Байкенова. Алматы қаласы.
5. «Физика» журналы. Алматы қаласы. 2011жыл

### **А.Б. Мубарак, М.Б. Есимханов**

Геологиялық барлау колледжі, Семей қ.  
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ. Маманов, физика пәнінің мұғалімі

### **АҚЫЛДЫ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ӨТПЕСІ**

Қазіргі ХХІ ғасырдағы бүкіл дүниежүзілік басты проблемаларының бірі – жолдағы апаттар.

Қазақстан Республикасының 2018 жылдың алты айында 6 743 жол-көлік оқиғасы орын алды, онда 9,4 мың адам зардап шекті, 783 адам қаза болды, делінген ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде. Жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі Алматыда – 2 277, Алматы облысында-917, Оңтүстік Қазақстан облысында – 649 және Жамбыл облысында – 543 болған. Авариялардың ең аз саны Солтүстік Қазақстан облысында-80, Атырау облысында – 102, Маңғыстау облысында – 121 және Батыс Қазақстан облысында – 124 болды.

Жоғарыда айтылған фактілер апат деңгейінде алаңдатарлық жағдайды көрсетеді. Күнделікті өмірде барлық азаматтар – жүргіншілер, жүргізушілер мен жолаушылар және де осы жолдардағы апаттардың басты себепкерлері де солар. Соңғы 5 жылдағы жол-көлік апаттарының жағдайын талдау негізінде біздің қалаларымыздың жолдарында жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің қауіпсіз қозғалысы ретінде «ақылды жаяу жүргіншілер өтпесі» жобасын енгізу қажет деп айтуға болады.

Энергия ресурстарын үнемдеу маңызды. Соңғы жылдары елімізде электр энергиясына сұраныстың тұрақты өсуі байқалды. Бірқатар өңірлерде бұл өсім қыс мезгілінде тұтынылатын қуаттың жетіспеушілігіне алып келді.«Ақылды жаяу жүргіншілер өтпесі» жобасы Қазақстан Республикасында теңдесі жоқ жобалардың бірі. Бұл жобамыз жүргіншілердің жүріс бөлігін кесіп өткен кезде автоматты түрде жарықтандыруды білдіреді және біздің өндірген «Ақылды жаяу жүргіншілерге арналған жолдың» ең басты жақсы жақтарының бірі - бұл жүргізушілер үшін тоқтау сигналын автоматты түрде қосу және қараңғы уақыт ішінде жолдың жарықтандыруы – қазіргі уақытта қол жетімді елдердегі өнім түрінен асып түседі.

## Н. Бауыржанқызы

Абай ауданы, «М.Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме  
Ғылыми жетекшісі – Д.К. Мажиева, Жоғары бірінші санатты математика пәнінің мұғалімі

### ПИФАГОР ТЕНДЕУІНІҢ БҮТІН ШЕШІМДЕРІ

Өте ертеден жан-жақты зерттеліп келе жатқан, өзінің қасиеттері мол геометриялық фигура – тікбұрышты үшбұрыш. Оның ең үлкен қабырғасын гипотенуза, ал қалған қабырғаларын катеттер деп атау қалыптасқан. Пифагор (б.з.д. 570-500 ж.ж.) теоремасында оның гипотенузасының ұзындығын өрнектейтін санның квадраты катеттерін өрнектейтін сандардың квадраттарының қосындысына тең болатыны тұжырымдалады. Осындағы гипотенузаның ұзындығын  $c$ , ал катеттерінің ұзындығын  $a$  және  $b$  деп белгілісік, Пифагор теоремасы  $a^2 + b^2 = c^2$  (1) теңдігіне келеді. Бұл теңдікті Пифагор теңдеуі деп те атайды. Пифагор теңдеуі – анықталмаған теңдеу.

Практикада қабырғаларының ұзындықтары бүтін сандармен өлшенетін тікбұрышты үшбұрыштардың орны ерекше. Бұндай үшбұрыштар Пифагор үшбұрыштары деп аталады. Үшбұрыштарды шешу дегеніміз оның белгілі элементтері бойынша қалған белгісіз элементтерін табуды айтады. Мысалы, тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 17, бір катеті 8 болса, оның екінші катетінің 15-ке тең екені Пифагор теоремасы бойынша табылады. Осы (8,15,17) үштігі Пифагор теңдеуінің шешімі болады. Оны Пифагор сандары деп атайды және оны  $(a,b,c)$  деп белгілейді.

Ең алғаш 4200 жылдай бұрын египеттіктер тапқан (3,4,5) түріндегі Пифагор саныны айтылған. Сондықтан да қабырғаларының ұзындықтары 3,4,5 сандарымен өлшенетін тікбұрышты үшбұрыш египет (мысыр) үшбұрышы деп аталып жүр.

Пифагор сандарын табу ережесінің бірі Пифагор мектебінде анықталды және ол тәсіл де Пифагордың есімімен аталады. Осы тәсілмен табылатын пифагор сандары (1) теңдеудің бүтін шешімдері болғандықтан олардың сәйкес мүшелерін былайшы байланыстырып жазады:  $a=p$ ,  $b=(p^2-1)/2$ ,  $c=(p^2+1)/2$  (2), мұндағы  $p>1$  – тақ натурал сан.

Пифагор теңдеуінің бүтін шешімдерін табатын тәсілдің бірі ежелгі грек философы Платонның (б.д.д 427-347 ж.ж) еңбектерінде кездеседі:  $a=n$ ,  $b=(n^2-1)$ ,  $c=(n^2+1)$  (3), мұндағы  $n>2$  – жұп натурал сан.

Ежелгі үнділердің пифагор сандарын  $a=m^2-n^2$ ,  $b=2mn$ ,  $c=m^2+n^2$  (4), мұндағы  $m>n>0$  – бүтін сандар, өрнектерімен есептегені айтылады. Белгілі болған осы тәсілдер арқылы (1) теңдеудің шексіз көп бүтін шешімдерін, яғни, пифагор сандарын табуға болады. Еркін алынған (48,90,102) үштігінің пифагор саны екенінде дау жоқ. Себебі, (4) формуладағы  $m=7, n=1$ ;  $m=8, n=11$  болғанда  $a=48$ , болғанымен,  $m$  мен  $n$ -нің осы жұптарында  $b=2mn$ -нің мәні 90-ға,  $c=m^2+n^2$ -нің мәні 102-ге тең бола алмайды. Яғни, бұл фактінің өзі Пифагор теңдеуінің мүмкін болатын барлық бүтін шешімдерін табу мәселесінің әлі де толық шешілмегені білдіреді. Оған дәлірек көз жеткізу үшін тағы да мысалдар келтіруге болады.

**1-есеп.** Бірінші катеті 21-ге тең пифагор сандарын тап. Ондай Пифагор үшбұрыштары нешеу.

**Шешуі:** Пифагор тәсілімен есеп шартын қанағаттандыратын (21,220,221) үштігі ғана табылады.

Платон тәсілінде бірінші катет үшін ұдайы жұп сан алынатындықтан, есеп шартын қанағаттандыратын пифагор саны бұл тәсілмен табылмайды.

Үнділер тәсілімен  $m=5, n=2$  болғанда (21,20,29), ал  $m=11, n=10$  болғанда (21,220,221) үштіктері табылады.

Пифагор тәсілімен табылатын шешімдердің барлығында гипотенуза мен екінші катеттің мәндерінің айырмасы 1-ге тең, ал Платон тәсілімен табылатын шешімдердің барлығында бұл айырма 2-ге тең болатыны байқалады. Үнділер тәсілімен табылған пифагор сандары кестесіне талдау жасағанда мұндағы бірінші катет тақ сан болса, гипотенуза мен екінші катеттің айырмасы тақ сан, ал бірінші катет жұп сан болғанда ол айырма жұп сан болатыны белгілі болды.



Қорыта айтқанда, Пифагор сандарының осы және басқа да қасиеттерін негізге ала отырып (1) теңдеудің бүтін шешімдерін табудың жолдарын қарастырдық. Пифагор теңдеуінің шешімі осы тәсілдердің бұрынғы тәсілдерден артықшылығы болса, екінші ыңғайлылығы геометриялық есептерді шешу барысында байқалады. Өйткені Пифагор теоремасы бір ғана катеті белгілі тікбұрышты үшбұрышты шеше алмайды.

### Әдебиеттер

1. Ізтілеуұлы Қ. Пифагор сандары. «Математика және физика» журналы. Алматы. №6. 2014ж.
2. Ізтілеуұлы Қ Трапецияны шешуде пифагор сандарының қасиеттерін пайдалану. «Математика және физика» журналы. Алматы. №5 2016 ж.

### Р. Төлеугазинов

«№15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – А.М. Төлеубай, Б.Т. Сапышева математика пәні мұғалімі


### МАТЕМАТИКА ҰШТАҒАНЫН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДА ҚОЛДАНУ

Алғашқы қауымдық синкретизм теориясы Еуропа ғалымдарын ертеден толғандырып келеді. Үш сала арасындағы байланыс түрлеріне бағдарлап қарайтын болсақ, олардың ұзын саны он екіге жетеді:

- ырғақ; вариация; бейнелену; пропорция; кезектестік; параллельдік; қарама-қарсылық; реттілік; қайталау; салыстыру дәрежесі; тепе-теңдік; құрылым.

Математика – ғылым, музыка – өнер түрі болса, тіл – белгілі бір этностың өзара түрлі қоғамдық өмір саласында қарым-қатынас жасау құралы.

Осыны қарапайым кестемен көрсетер болсақ төмендегідей болып келеді [1].



1-сурет

#### Қарама-қарсылық

Мәшһүр-Жүсіптің мына өлеңінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ тұрмысының күнделікті өміріндегі қарама-қарсылығын « Мәшһүрдің өлер шағындағы сөзінде»:

Өлмегенге – бір дәурен кезек тимек,

Пенде асығып, аптығып, пісіп күймек

Ұрған Құдай пендесін қан қақсатып

Құшырланып, құшақтап аяп сүймек.[3, II, 81] – деп, өзінің сол кездегі жалпы ел қабылдаған коммунистік тұрмысқа қарсы шығып, «Бүгінгіні» жазғырып, «Келешекті» қоштайды. Бұл екі өлең үзігінен көреріміз: құйрық пен жалдың бары мен жоғы арасындағы; аяқ-қолдың бары мен жоғы арасындағы; Бүгін мен Келешек арасындағы қарама-қарсылықтар болып табылады.

Дәл осындай қарама-қарсылық музыкалық туындылар арасында бар ма?

Қазақ халық өлеңдері не жыр, не қара өлең үлгісіне салып айтылады. Алғашқысы – 7-8 буындық болса, соңғысы – 11-12 буынды болып келеді. Әрі екеуінің бунақ санына орай айтылу мәнері әр қилы, демек бір-біріне қарама-қарсы.

Үшінші сыныпқа арналған музыка пәнінен мектепке арналған оқулықтың 94-ші бетіндегі «Ана тілін сүйеміз» әннің сөзін келтіре кетелік.

Бабамыздың тілі деп,  
 Даламыздың үні деп,  
 Ана тілін,  
 Ана тілін,  
 Ана тілін сүйеміз.

Ондағы буын саны төмендегідей болып келеді: 7, 7, 4, 4, 7. Осы әннің ырғақтық суреті төмендегідей болып келеді:



Біз осы арқылы ән жолдарындағы бунақтардың ұзын және шолақтығын (келтелігін) аңғара аламыз. Белгілі математикалық сандық өлшемге бағынатын музыкалық ән шығару үрдісінен жақсы хабардар етеді. Біз мысалға алған «Ана тілін сүйеміз» әніндегідей дұрыс және бұрыс ырғақтардың математикада кездесетіндігін сөз етелік. Енді осы кестеде жасырынған ырғақтарды іздестіріп көрелік.

Біз тізбектеген сандардан екі ерекшелікті аңғарамыз.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	Көлденең жолдардың бірінші цифр-
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	лары өзара дәл келетін болса, тіке жол-
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	дардың екінші цифрлары өзара сәйкеседі.
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	Жоғарыда берілген кестеде жасыр-
51	52	53	54	55	56	57	58	59	60	ынған заңдылықты аңғару оңай емес. Бұл
61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	кестелер өздігінен пифогордың квадрат-
71	72	73	74	75	76	77	78	79	80	ын танытатын барша сандар ұшырасады.
81	82	83	84	85	86	87	88	89	90	2,3,4,5,6 және 7-нің еселіктері кездеседі.
91	92	93	94	95	96	97	98	99	100	

Ең алдымен кестені тереңдей байқақтауға жіті назар бөліп, еселік сандардың кейбірі қандай ырғақтық қасиетке ие екендігін анықтауға көшелік. Мысалға, нольден бастап, әр жолы бір бірліктен арттырып отырар болсақ, онда барлық санды 3-ке еселеп отырамыз. Онда мынандай нәтижеге қол жеткіземіз: 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және т.с.с. (еске салмағымыз: 0 3-ке еселік болып табылады).

**Қайталау**

Әжей базарға өзінің жұмыртқасын сатуға алып келді. Бірінші алушыға ол өзінің әкелгенінің тең жарымы мен жарты жұмыртқасын сатты. Екінші алушыға – қалған жұмыртқаның тең жарымы мен жарты жұмыртқаны, ал үшіншіге – қалған жұмыртқаның тең жарымы мен жарты жұмыртқаны сатқан кезде әжейде бар болғаны 2 жұмыртқа ғана қалды. Сонда әжей базарға қанша жұмыртқа әкелген еді?

**Шешуі:**

Әу баста әжейдің сатуға әкелгені 23 жұмыртқа болатын. Бұл есепті төмендегідей жолмен шешеміз. Үшінші сатып алушы келгенде әжейде 5 жұмыртқа қалған болатын. Яғни  $2\frac{1}{2}$

жұмыртқа. Бұдан ұғынатынымыз екінші сатып алушы келгенде  $2 \cdot \left(5 + \frac{1}{2}\right) = 11$  жұмыртқа болған

еді. Ал бірінші келген кезде  $2 \cdot \left(11 + \frac{1}{2}\right) = 23$  жұмыртқа.

Есептің шарты бойынша бірінші алушы әкелгенінің тең жарымы мен жарты жұмыртқа алды, яғни  $\frac{23}{2} + \frac{1}{2} = 12$  жұмыртқа. Сонымен, әжейдің қолында әлі сатылмаған 11 жұмыртқасы

қалды. Ал екінші сатып алушы қалған жарымы мен жарты жұмыртқаны алды, яғни  $\frac{11}{2} + \frac{1}{2} = 6$ .

Осылайша, әжейдің қолында 5 жұмыртқа қалды. Соңғы сатып алушы  $\frac{5}{2} + \frac{1}{2} = 3$  сатып алғанда әжеміздің қолында 2 жұмыртқа қалатын болады.

Сонымен, осындай есептерді шығара отырып біз өз еліміздің тарихын терең меңгеріп, салт-дәстүрді сақтай білетін ұрпақ тәрбиелейміз.

### Әдебиеттер

1. Варга., Димень Ю., Лопариц Э. Язык, музыка, математика: пер. С венгр. / Перевод Данилова Ю.А. – М.: Мир, 1981. – 248 с.
2. «Бес ғасыр жырлайды» М. Өтемісұлы: «Жазушы» 1989 ж., 187 б.
3. М. Көпейұлы, Шығармалары – 2 том. Павлодар. қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003 ж. 81 б.

### А. Смағұлова

Абай ауданы, «М.Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме  
Ғылыми жетекшісі – М.Г. Мейрамбекқызы, Жоғары бірінші санатты физика пәнінің мұғалімі

### «ЖАРЫҚ СӘУЛЕНІҢ ЖАРАЛУЫ». ТҮР ДЕ, ТҮС ТЕ ТҮСІНІК, КӨРЕЛІКШІ ТҮСІНІП

Я, түр де, түс те түсінік, түсінік болғанда оптикалық түсінік... Осы түсінікті түсіндіретін табиғаттың тап өзінде дайын нәрсе бар екен. Ол – табиғи таңсық көріністерінің бірі кемпірқосақ. Кемпірқосақ табиғаттағы тамаша құбылыстың бірі ғана болып қоймай, ол оптиканы оңайлатқан тәрізді. Шынындада түр-түс туралы ту заманнан ойланған адамға кемпірқосақ кейбір керемет жайларды жариялап, жайып салып тұрғандай. Ол түрлі түсті алмастырып айрықша ажарланып, аспаннан асыла қарайды. Ондағы алуан түстің алмасып орналасуы белгілі бір заңдылықтың нышаны тәрізді. Кемпірқосақ-су тамшыларындағы сәуленің сынуының, шағылысуының, дифракциялануының нәтижесінде пайда болатын құбылыс. Бұл бұлттың күнге қарама-қарсы жағында пайда болатын әр түсті бояулы доға, кейде ол екі немесе бірнеше қосақталған доғалардан тұрады. Кемпірқосақтың сыртқы иіні қызыл түске, ішкі иіні күлгін түске боялған, ал олардың аралығында спектрдің басқа түсті бояулары орналасады.

Халыққа қанық бұл құбылыс ғалымдарды да қызықтырды. Солардың бірі Декарт болды. Бірақ Декарт қаншалықты теория түйемін деп тырысқанымен, ақырына дейін апара алмады. Ол тек үстірт, сәтті қадамдар ғана жасады. Бұл салада бүкіл физиканың құдіретті «құдайы», классикалық механиканы жасаған алыптардың алыбы, ағылшынның данышпан перзенті Исаак Ньютон

(1643-1727) үлкен жеміске ие болды. Әрине, оған дейін де заттардың жалпы түр – түсі туралы шындыққа жақын едәуір теориялар жасалғанды. Мысалы, 1663 жылы шыққан «Оптика және түс туралы түсінік» деген еңбегінде әйгілі ирландиялық ғалым Роберт Бойль (1627-1691) заттың түсі дегеніміз ол сол заттың тек өзіне тән қасиет емес. Ол сәуленің сол заттың сыртын «сырлауы» деп түсіндіреді. Мысалы, зат неғұрлым сәулені қайыра күшті шағылыстыратын

болса, соғұрлым ол ақ болып ажар алады. Ал , зат неғұрлым сәулені көп жұтса, қап-қара боп көрінеді. Сөйтіп, заттың түсі оған келіп, заттың сыртын сырлап тұрған сәуленің шамасымен анықталады дейді.

Сөйтіп оптикаға түр-түс туралы түсінік берген данышпан ғалымдардың бірі тағы да Исаак Ньютон болды. 1666 жылы Ньютон Англиядағы ғылыми ұйым – Корольдік қоғамға өзінің оптикада анықтаған жағалығын хабарлады. Корольдік қоғам жас Ньютонның жаға еңбектерін жан-жақты қарап шығуды, құрамында сол кездегі Англияның көрнекі ғалымдары Сета Уард, Бойль, Гук бар комиссияға тапсырды. Комиссия Ньютонның жұмысын жаңалық тауып, оны ғылыми журналда жариялады. Бұл кезде Гук ғылыми қоғамның секретары болатын. Гуктың Ньютонды қолдауы ұзаққа бармады. Өйткені Гук та белгілі бір уақыт бойы жұқа пластинкалардың түрлі түстенуін зерттеген болатын. Ал Ньютон бұл салаға Гуктан әлдеқайда алға кетті. Оның үстіне Ньютонның көзқарасы Гуктің көзқарасына қайшы келді. Ньютонның жарықты-жарық көзінен тасқындап шығып жатқан бөтенше бөлшектер деп есептеді. Ал Гук жарық – дыбыс тәрізді толқын деп жорамалдады. Ньютон 1675 жылы өзінің жұқа пластинкалардың түрлі түстенуі туралы жасаған жан-жақты зерттеулерін жариялады. Міне сол кезден бастап Гук пен Ньютонның арасында келісімге келмейтін қайшы көзқарас болды. 1702 жылы Гук дүниеден салды. И.Ньютон 1704 жылы өзінің осы уақытқа дейін оптикада жүргізген зерттеулерін жинастырып, жариялады. Рас Ньютон бұған дейін де, 1675 жылы Гук дифракция туралы өз трактатын жариялағаннан кейін, 1676 жылы заттардың табиғи түсі туралы жүргізілген жұмыстарын жария еткен болатын. Оптика саласындағы Ньютонның экспериментті еңбектері 1666 жылы аяқталып қалған-ды. Ньютонның оптикалық еңбегі 3 кітаптан тұрады. Бірінші кітабында Ньютон сәуленің шағылысуы, сынуы, дисперсия туралы әңгімелейді. Екінші кітабында жұқа пластинкалардың түрлі түстенуі, заттардың табиғи түсі туралы және қалың қабаттардың көрінісі туралы сөз етеді. Үшінші кітабын дифракцияға, кейбір кенжелеп шешілмей қалған проблемаларға, тамамдалмаған тәжірибелерге арнайды.

Ньютон 1666 жылдың өзінде-ақ ғылым қарылғаштарының бірі болып сәуленің әйнектен әр алуан боп сынып шығуын бақылайды. Міне ертедегі Ньютонның оптика туралы көзқарасы осындай еді.

### Әдебиеттер

1. А.Қалығұлов. Жарық сәуленің жаралуы.
2. Ш.Қ.Биболов. Оқушы анықтамасы.

**М.А. Нуралдинова, Д.С. Шакенова**

№37 гимназия, Семей қаласы

Ғылыми жетекші – Ж.К. Сағатбекова, математика пәнінің мұғалімі

### **МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА МЕН ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІН ЛИНГВИСТИКАДА ҚОЛДАНУ**

Математикалық лингвистика дегеніміз – *тіл білімінің математикалық тәсілдермен* тілді зерттейтін саласы. Математикалық лингвистика әдістері мен математикалық аппараттың көмегі арқылы тілдің әр түрлі заңдылықтарын ашуға болады. Ал біздің жұмысымызда үш бірдей, яғни әрқайсысында 62 сөзден тұратын қазақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың (1931-1976) «Маған ыстық», орыс ақыны Иван Сергеевич Тургеневтің (1793-1834) «Что тебя я не люблю» және ағылшын ақыны William Blake – тың (1757-1827) «Love's Secret» өлеңдерінің мәтінінің статистикалық заңдылықтарын анықтаймыз.

*Өзектілігі:* математикалық лингвистика синтаксистік құрылымды сипаттау тәсілдерінің теориясы және формальды грамматика теориясы деген салаларға бөлінеді. Формалды грамматиканың кеңірек қолданылып жүрген түрі – "Туынды грамматика" немесе Н. Хомский грамматикасы. Қазақстанда бұл сала бойынша Ұлттық Ғылым Академиясы Тіл білімі институтында электрондық есептегіш машинасының көмегімен қазақ мәтіндерінен сөз, сөз тұлға,

сөз тіркесінің әр түрлі жиілік сөздіктері түзіліп, лексика, фонетика, синтаксис салаларындағы сандық заңдылықтар анықталуда.

Математикалық статистиканың негізгі мақсаты – статистикалық бас жиынды зерттеу, яғни жиынның ықтималдық қасиеттерін, оның ішінде үлестірімдік заңдылықтарын, сандық сипаттамаларын және т.б. анықтау. Ал біздің зерттеу жұмысымызда мәтінінің статистикалық заңдылықтарын анықтаймыз. Сараптау барысында, оқиғаның ықтималдығы, вариациялық қатар, математикалық күтім, ықтималдықтың үлестіру заңы, дисперсия терминдерін қолданамыз.

*Зерттеудің мақсаты:* тілтану мен математика арасындағы байланыс жайлы, математикалық тіл табиғи тіл сияқты ақпаратты жеткізудің таңбалы (семиотикалық) жүйесі болып табылатындығын қарастыру.

Екі тілдің арасындағы басты айырмашылық тіл белгілері мен математиканың құрылымдарының әртүрлілігін дәлелдеу.

*Зерттеудің маңыздылығы:* тіл біліміндегі, соның ішінде әртүрлі тілдерде жазылған өлеңдердің айырмашылықтарын математика көмегімен есептеуді көрсету. Сараптау барысында, оқиғаның ықтималдығы, вариациялық қатар, математикалық күтім, ықтималдықтың үлестіру заңы, дисперсия терминдерін қолданамыз. Ең бірінші кезекте өлеңдерге сараптама жүргіземіз.

*Зерттеудің жаңашылдығы:* ғылым мен техниканың даму заманында математикаландыру бүкіл адамзат қызметін, сонымен қатар тілтануды да жаулап алды. Математикалық әдістерді тілтануда қолдану, әдетте диффузиялық, интуициялық сипатталған және толық шешімі жоқ лингвистикалық есептерді бір немесе бірнеше қарапайым, қисынды сипатталған және алгоритмді шешімдері бар математикалық есептермен алмастыру ретінде қарастырылады. Мұндай қиын лингвистикалық мәселелерді қарапайым алгоритмді есептерге жіктеуді біз – лингвистикалық объектінің немесе оқиғаның математикалық экспликациясы деп атаймыз. Зерттеу барысында «Сандық емес» математикалық аппаратты қолдану негізінде теориялық тілтануда шартты түрде комбинаторлық лингвистика деп аталатын бағыт қалыптасты, мұнда математикалық статистиканың, ықтималдықтар теориясының, ақпарат теориясының, математикалық анализдің әдістері қолданылады.

*Қорытынды:* Бұл қаралған жұмыс математикалық статистика мен ықтималдықтар теориясының математикалық лингвистикада қаншалықты маңызды екендігін айқын көрсетеді. Қандай да болмасын өлеңді жай ғана естіп тыңдай салу жеткіліксіз, оған ерекше бір көзқарас, түсінік керек. Сондықтан қандай да болмасын өлеңді оқығанда оның мән-мағынасын толық түсіну керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар жоғарыда атап өткендей біз қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі өлеңдердің фонемдік сипаттамасын, қайталану жиілігі мен математикалық күтімді, дисперсиясын анықтай отырып біз қазақ тілі мен орыс тіліндегі, яғни, М. Мақатаевтың «Маған ыстық» өлеңі мен С.Н. Тургеневтың өлеңі У.Блейктың «Love's Secret» өлеңіне қарағанда күрделі екенін анықтадық. Яғни зерттеуге сүйене отыра біз балаларға қазақтың өлеңі мен орыс өлеңі ағылшын өлеңіне қарағанда қабылдауға және еске сақтауға күрделірек екенін айта аламыз. Зерттеу жұмысымыздың маңызы зор өйткені бұл тақырып туралы мағлұматтар мектеп оқулықтарында өте аз кездеседі. Сондықтан қарастырылған мәселелерді сабақтан тыс іс-шараларда қолдана алады.

#### **А. Жармұхамбетова**

М.Төлебаев атындағы музыка училищесі, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Касымжанова А.А, математика пәнінің оқытушысы

#### **МУЗЫКАДАҒЫ ФРАКТАЛ**

«Фрактал» сөзі (латынның fractus – бөлшектік, белгілі бір бөлшектерден құрылады) деген терминмен геометриялық тұрпатты (фигураны) белгілейді, ол өзіндік қасиетке ие болып келеді яғни геометриялық фигураға маңызы зор бірнеше бөлшектерден тұрады. Бұл терминді 1975 жылы француздық математик Бенуа Мандельброттың ашқан болатын. 1975 жылдары оның «Табиғаттағы фрактальды геометрия» атты еңбегі кең өріс ала бастады. Қазіргі кезде

фрактальды графика ғылымда және технекада, медицинада, астрономияда, биологияда, экономика, музыкада, телекоммуникациялық технологияларда маңызы артып келеді. Өздеріңіз білетіндей, қазіргі уақытта фракталдар жиі кездеседі, әсіресе фракталдық графика көркемдік қызметте қолданылады. Шығармашылық қызметтің басқа аспектілері туралы не деуге болады? Мысалы, музыка? Фракталдар өздері математикалық объектілер болып табылады [1].

Жалпы фракталдың, математиканың музыкаға қатынасы бар ма? Осы жайында сіздерге айтқым келеді.

"Фракталды әуендер" музыка мен әдебиет үшін де тән. Музыкамен математиканың одағы ешкімді таң қалдырмауы керек. Мысалы, Пифагор екі көрші ноталар жиіліктерінің қатынасы әрқашанда ерекшеленеді, ал екі нота жиіліктерінің қатынасы төрт позицияға қашық, керісінше, үнемі және  $3/2$  құрайды. Мұндай үнсіздік Квинта деп аталады. Квинттаны негізге ала отырып, Пифагор есептеу жүргізілетін негізгі нотаның жиілігінің және берілген нотаның реттік нөмірінің негізінде келесі нотаның жиілігінің іздеп, мәнін алуға мүмкіндік беретін музыкалық формуланы шығарды. Тізбекті қолдану нәтижесінде формулалар бір-бірінен квинтаға тұратын дыбыстар алынады. Бұл қатарда дыбыс тәртібінің барлық ноталары бар. Олар әртүрлі октаваларға жатса да, қажетті дыбыстың жиілігінекіге бөле немесе көбейте отырып, оны көрші октаваға ауыстыруға болады. Бөлу (немесе көбейту) операциясын бірнеше рет қайталай отырып, құралдың барлық ауқымын толтыруға болады. Осылай музыка аспаптада математиканың рөлі айқындап береді [2].

Неміс композиторы Андреас Веркмейстер математиканың көмегі арқылы табиғи дыбыстың негізіне үш постулатын құрды:

- көрші октавалардағы бірдей ноталардың жиіліктерінің қатынасы екіге тең болуы тиіс;
- осы жиіліктер арасында октавадағы жартылай тондар саны бойынша дәл, он екі нота жатуы тиіс;
- барлық жартылай тондар тең болуы керек [3].

Ричард Восс теориясында кез келген дыбыстың фракталды қасиеттері бар екенін анықтады. Зерттеуші математикалық элементтерге негізделген үш дыбыс санатын анықтады:

- 1) ақ шу (кездейсоқ шу – тыңдаушының мазасын алатын шу);
- 2) қызғылт шу (ақ қарағанда құрылымдалған аралық орын алады-тыңдаушыны қабылдау үшін ең жағымды шу)
- 3) қоңыр шу (құрылымдалған шу – тыңдаушы үшін механикалық шу ретінде анықталады [4].

Сонымен, музыкадағы фракталдарды пайдаланудың біз қарастырған тәсілдері қазіргі заманғы ғылым табиғат құбылыстарын ғана емес, сонымен қатар өнерді зерттеудің жаңа әдістерін ұсынатынын көрсетеді. Заманауи зерттеушілер ұсынылған әдістер негізінде музыканы абстрактілі өнер ретінде түсінуге, сондай-ақ музыкалық туындыны жасаудың әмбебап заңдарын анықтауға тырысады. Музыкалық шығармашылық пен ғылымның бұл мәселелері көптеген ғасырлар бойы ғалымдар мен музыканттарды толғандырды және ХХІ ғасыр объективті математикалық тілге сүйене отырып өз үлесін қосты.

### Әділеттер

- 1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет.
- 2 <https://propianino.ru/kto-pridumal-noty>
- 3 <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 4 <https://m-rush.ru/theory/item/162-fraktaly-i-muzyka.html>

**СЕКЦИЯ № 9: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
(ЭКОНОМИКА, МЕНЕДЖМЕНТ, ЗАҢТАНУ)**

**СЕКЦИЯ: ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
(ЭКОНОМИКА, МЕНЕДЖМЕНТ, ЮРИСПРУДЕНЦИЯ)**

**А. Гимадиева**

«Innovative College» мекемесі

Ғылыми жетекшісі – В.Д. Туkenова, экономикалық пәндер оқытушысы

**ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Елде отандық шағын және орта кәсіпкерлік үшін кәсіпкерліктің тиімді дамуы үшін қызметі инновацияны енгізумен, өнім экспортымен байланысты, ШОБ субъектілері жеңілдетілген несиелеу сияқты қолдау түрін әрі қарай тарату және кейбір жағдайларды іске асыру механизмін құру қажет, франчайзинг, венчурлік бизнесті субмердігерлік және лизингті белсенді қолдану үшін жағдайлар жасау керек. Осындай қолдаудың нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік үшін ұлттық экономикада елеулі рөл атқара бастайды.

Шағын кәсіпкерлік үлгі экономикалық даму үшін негізгі фактор және экономикалық өсудің шегі болып табылады. Бұл шағын өндірістік кәсіпкерлікті былайша түсіндіреді:

- бәсекелі ортаны қалыптастыру;
- нарықтарды отандық тауарлар және қызмет көрсетулермен толық қамтамасыз етуге қабілеттенеді;
- салық салынатын базаны кеңейтудің нәтижесінде бюджетті толықтыруға ықпал етеді;
- тұрақты қоғамның негізі ретінде орта класты қалыптастырудың көзі болып табылады;
- жұмыспен қамтылу және басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуге бейімделеді.

Жоғарыда аталған шағын өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктеріне сәйкес мемлекет кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырудың жеткілікті тиімді және икемді әдістерін табуы қажет. Белсенді мемлекеттік қолдау ауылдық кәсіпкерліктің тұрақты дамуына ынталандырады.

Қазақстанда соңғы кездері шағын кәсіпкерлікті дамыту мынадай негізгі себептер бойынша көкейтесті қажеттіліктерден тұрады:

– біріншіден, қала және ауылдық баламасыз алмасуы және еңбекке ақының төмен болуынан ауыл тұрғындары жеке шаруашылықтарды дамытуға белсенді араласты. Елді жеке қосалқы және шаруа қожалықтары ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінің жартысын өндіреді. Бірақта жеке сектор өзінің өнімдерін өткізуде қажетті тәжірибелерді білмейді.

– екіншіден, ауылда ауыл шаруашылық өнімдердің қысқаруынан жұмыссыздар саны артуда. Жұмыссыздықтың саны бюджеттік мекемелерден қысқарғандармен және ауылды жерлерге қоныстанған алыс шетелден келген оралмандармен артып отыр.

– үшіншіден, жеке кәсіпкерліктің ең негізгі бағытының бірі, ауылдық қолөнерді ояту болып табылады, ал мемлекет дамытуды өз қолына алуы қажет. Қолөнерді дамыту әлеуметтік-экономикалық кедейліктің орнын толтыруға, экономиканы қайта құруға негізделеді.

– төртіншіден, ауылда тұрмыстық қызмет көрсетудің қалыс қалуы, ауылда тұтыну кооперативтерінің дүкендері жабылды, мәдени және коммуналдық қызмет көрсету салалары өздерінің қызметтерін тоқтатты. Кәсіпкерлікті қолдауда мемлекеттік қызметтердің алғашқы бағыттары – қаржы-несиелік және инвестициялық саясат. Бұл бағыт бастапқы сипаттама болып саналады. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық шарттарын жетілдіруде кәсіпкерліктің құқын қорғау жөніндегі заңдарды түсіндіретін аймақтарда арнайы семинарлар жүргізу, кәсіпкерлер арасында анкета жүргізу, фермерлер, шағын және орта кәсіпкерлік бизнес өкілдері, шаруашылық субъектілерінің басшылары үшін еңбек туралы, монополияға қарсы заңдар жөнінде түсініктемелер беруді ұйымдастыру қажет. Кәсіпкерлікті ақпараттармен және мамандармен қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлік негізін жастарға үйрету, ақпараттық-түсіндірме және әдіснамалық көмек көрсету, шағын кәсіпкерлікті тіркеу, қаржыландыру және салық салу курстарын бизнес-инкубаторларда ұйымдастыруда өз жалғасын табуы керек.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуда өнеркәсіпте, саудада, құрылыста, көлік шаруашылығында, жалпы алғанда экономиканың барлық секторларын жандандыру, халықтың қолөнері, туризмді дамыту шараларын әзірлеу және жүзеге асыру маңызды орында болуы тиіс.

### **Әдебиеттер**

1. Абирбекова.С., Кембаева.С. «Қазіргі кезеңдегі шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері». Алматы: КазНТУ-2018.
2. Арзаева М.Ж. «Шағын және орта бизнестің қаржылық несиелік белсенділіктің объективтік қажеттілігі». КазНТУ-2018

### **Е.М. Кемешов**

КМҚК «Көлік Колледжі», Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Жилқайдарова, экономика пәнінің оқытушысы

## **ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ**

ҚР сыртқы және ішкі экономикасы жыл сайын күрделі түрде өзгеруде. Сондықтан экономиканың құлдырамау үшін жаңа реформалар қажет, оның бірнеше себептері бар, олар:

- экспорттың төмендеуі, импорттың күшеюі;
- мемлекеттің ауыл шаруашылығына қарап қалуы;
- табиғи ресурстардың тиімді пайдаланбауы;
- зауыттар мен цехтардың ескіруі;
- оңтүстік-батыс, солтүстік-батыс аумақтардың газбен және электроэнергиямен қамтамасыз етілуінің төмендігі;
- шет елдік инвестицияның дамымауы;
- сыртқы қарыздың жыл сайын өсуі;
- инвесторлардың қызығушылығының төмендігі және т.с.с;

Бұл көрсеткіш мемлекеттің экономикасын нық емес, төмендеуін көрсетеді. ҚР аумағында 100-ге жуық өндірістік кәсіпорындар бар, соның ішінде 50% мемлекет иелігінде, ал 40% шет елдің қарамағында болса, ал 10% жеке кәсіпкерлердің иелігінде.

Бұл статистиканы 1990 жылдарымен салыстырса, өндірістік кәсіпорындары 10 есеге төмендеген, мысалы 1987 жылдың зауыттар мен өндірістік орындары 2000-ға жуық болса, қазіргі таңда соның 5 % ғана ісін жалғастыруда. Нәтижесінде жұмыссыздықтың күрт өсуі байқалады.

Нақтырақ 20 ғасырдың статистикасына шолысақ, Қазақстан аумағында көптеген өндірістік орындар әлемнің 30 еліне өндірістік өнімімен қамтамасыз етіп отырған және де шикізат тасымалдануынан алдыңғы орында болғанын көруге болады. 1985 жылы экспорттық статистикасында Қазақстан аумағынан, алшақ дистанциялық ракетасы, ауыр ракеталарын 35 елге тасымалдаған екен. 1987 жылы жеңіл өнеркәсіпте Қазақстан аумағы бүкіл КСРО аумағында киім-кешек және арнайы киімдерімен қамтамасыз еткен. Ал, 1970-1990 жылдары ауыл шаруашылығында қара малдың саны 56 миллион болған, жыл сайын малдың саны 23%-ке өсіп отырған. ҚР егерде бұл статистикасымен қазіргі таңда болса, мемлекет 30 ел, тіпті 10 елдің қатарына кіруі мүмкіншілігі үлкен болады деп белгілеймін.

ҚР Тәуелсіздіктің алғаннан соң мемлекет өз күшін жылдан жылға, реформадан реформаға, капитализм дәуірінде жоғалта берген. ҚР өндірістік саласында тек мұнай, газ, метал ресурстарымен күн кешуде.

Индустрия – халық шаруашылығының маңызды саласы. Индустрия біздің елдің дамуына және әлемдік аренаның бәсекелесуіне алып келетін Қазақстанның аса маңызды саласы. Әлемдік экономикада көшбасшы болу үшін елдің мүдделерін көздеу үшін пікірлестер қажет болады. Ел экономиканы көтеру үшін қаражат іздеп, сонымен бірге халықтың өмір сүру сапасын



жақсартуы тиіс. Индустрия дамуының арқасында бізге экономиканың барлық бағыттары бойынша көшбасшы орынын беретін жүздеген есік ашылады.

Менің ғылыми жобамда индустрияның экономикалық прогреске қадамы туралы айтылады, сонымен қатар табиғи ресурстары қалай тиімді және оны мемлекет ішінде сатылымы туралы мәлімдейді. Біздің еліміз табиғи ресурстарды қалай дұрыс пайдаланбайтыны және біздің байлықтарымызды қандай компаниялар игергенін баяндайтын боламын. Мемлекет өзінің бұрынғы кеңес одағындадағы қуатын ұмытпау керек, сол қуатын қайтару үшін бюджеттік негізде мемлекеттің күш-жігері мен тәуекелдерден қорықпауы керек. Индустрияландырудан кейін ел өз азаматтарын тұрғын үймен, әділетті еңбекақымен және өмір сүру деңгейінің көтерілуімен қамтамасыз ете алады. Менің жобамның мақсаты Қазақстанның барлық өңірін отандық өніммен қамтамасыз ету, сондай-ақ экономиканың ішкі циклін енгізу. Сонымен қатар, Қазақстан отандық өндірістің популяциясын көтеру үшін әлемдік нарықта өз өнімдерін ұсынуға тиіс.

### **Әдебиеттер**

1. Рыбалкина В.Е., Щербанин Ю.А., Балдин Л.В. Учебник/ «Международные экономические отношения» 1998
2. <https://365info.ru>
3. <https://azattyq.org>

### **Ж. Кенжинова**

«Innovative College» мекемесі

Ғылыми жетекшісі – В.Д. Туkenова, экономикалық пәндер оқытушысы

## **ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қолына дипломын алып, бір-бір мамандықтың иесі атанған жастар міндетті түрде жұмысқа орналасуы тиіс. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның алдына қойған басты міндеттерінің бірі. Осы орайда, көптеген мемлекеттік бағдарламалар да қолға алынды. Десе де, жастардың көпшілігі бұл жөнінде біле бермейді. Сондықтан, бүгінгі күні ақпараттық-түсіндірме жұмыстарына баса назар аударған жөн.

Жұмыспен қамту орталығы мамандарының айтуынша, жас мамандарды жұмысқа тартуға арналған көптеген мемлекеттік бағдарламалар табысты жүзеге асуда. Оның ең бастысы – «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» жобасы. Ол арқылы дипломын қолына жаңа алған түлектер өздерінің мамандықтары бойынша алты ай бойы іс-тәжірибеден өтуге жіберіледі. Сол жерде кәсібінің қыр-сырын меңгеріп, әрі қарай жұмысқа орналасуға да мүмкіндік алады. Бұл – жастарды жұмыспен қамтудың бүгінгі күні бірден-бір тиімді жолы.

ШҚО жастар ресурстық орталығы да оқу орнын бітірген түлектерді жұмыспен қамту бағытында ауқымды шараларды қолға алған. Олар «В контакте» әлеуметтік желісінде арнайы парақша ашып, онда ШҚО облысындағы бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді жариялап келеді. Бүгінгі күні оны қолданушылардың саны 14 мыңға дейін жеткен. Ал, «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері болса, қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамтуға арналған «Сәтті қадам», «Жастардың кадрлық резерві» атты жобалардың бар екенін атап өтті.

«Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы» - ҚР халқын тұрақты және өнімді жұмыспен қамтуға бағытталған, оқытуды, жұмысқа орналастыруды, өзінің жеке ісін ашуға және кеңейтуге жәрдемдесуі, елдегі еңбек ресурстарының бөлінуін оңтайландыруды қамтамасыз ету бағдарламасы.

Қазіргі кезде Қазақстанда, ресми статистикаға сүйенсек, экономикалық белсенді халық санын 8,8 млн адам құрайды. Оның ішінде жұмыспен қамтылған 8,4 млн адамның 2,1 миллионы өзін жұмыспен қамтыған және 296 мыңын өзін өнімсіз жұмыспен қамтыған саналады. Тарқата түссек, өзін жұмыспен қамтығандарға әдеттерге жеке кәсіпкерлер кіріп, өнімсіз қамтылғандарға тұрақты табысы жоқтар жатады. Жаңа жұмыспен қамту бағдарламасының алғашқы кезекте бағдарлағаны да осы, соңғы санат. Бірден ескертетіні, мемлекет қомақты қаржы бөліп отырған

тың құжатта құрғақ сөз пен бос дақпырттан гөрі, нақты шаралар кешеніне басымдық берілген. Тек 2017 жылы тиісті түйткілдерді тарқатуға 85,3 млрд теңге қарастырылған. Бұл қаражат сомасы адамдардың оқу шығынын жабуға, несиелеуге және де көші-қонға септесуге жұмсалмақ. Бұл жерде ешқандай мамандық меңгермеген, білімі мектеп қабырғасынан әрі аспаған адамдарға назар аударылмақ. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтпеген және оқу орындарына түспеген мектеп түлектері үшін тегін кәсіби және техникалық білім қамтамасыз етілетін болады. Қажетті ережелер қабылданып, ҰБТ-дан өтпеген оқушылардың тізімдері анықталған. 320-ға жуық білім беру ұйымдары мен колледждердің және оқу орталықтарының тізбесі бекітілген. 21 мыңға жуық жас толқын өкілі Бағдарлама есебінен 2,5 жылға, оқуын және шәкіртақысын төлей отырып, сондай-ақ, жол шығынын өтеу, біржолғы ыстық тамақпен қамтамасыз ету арқылы техникалық-кәсіби оқуға жолданады. Оқуын түгескен және жұмысшы мамандығын иеленген жас азаматтарға оқып жатқанның кездің өзінде тұрақты жұмыс табу мүмкіндігі бар. Себебі, елімізде енгізілудегі дуальдық оқу жүйесін ұтымды қолдана алған және өзін үздік қырынан танытқан студенттер үшін тәжірибеде шындалған жерінде жұмыста қалып қоюы ғажап емес.

### **Әдебиеттер**

1. Семизбеков А.А. «Жастарды жұмыспен қамтумәселелері». Алматы: КазНТУ – 2017.
2. Муратханова А.С. «Жол картасы-2020 бағдарламасы». Егемен Қазақстан – 2017.

### **Д. Мансуров**

КГКП «Семейский финансово-экономический колледж им. Рымбека Байсеитова»  
Научный руководитель – А.Н. Искаков

### **КОНЦЕПЦИЯ «ИСКУССТВЕННЫЙ СУДЬЯ»**

XXI век, век цифровизации, сейчас именно то время, когда человечество все больше и больше погружается в освоение новых аспектов автоматизации различных процессов, однако с этим происходит и обострение социальных связей среди общества и явную часть конфликтов стало принято решать с помощью судебных органов нашей страны. Что же такое суд? Суд – государственный орган, ведающий разрешением гражданских споров и рассмотрением уголовных дел. Подкупные судьи, подделка фактов, недобросовестное предварительное расследование является злободневной темой не только для государства, но и простых обывателей... Именно для решения этой проблемы с помощью внедрения искусственного интеллекта и нейронных сетей и создана концепция «искусственный судья».

За годы внедрения в Казахстане цифровизации судов в электронной базе данных «скопилось» 6,5 млн. судебных актов. Ежедневно на ресурсе «Судебный кабинет» регистрируется больше тысячи поисковых запросов. При этом «оцифровывается» 91% гражданских исков, и лишь 12% уголовных дел оформляются в электронном виде[1].

Проблема «проплаченных» судебных процессов создала некий камень преткновения, что и вынудило создать вышестоящие органы SMART суд, подразумевающей под собой внедрение ИИ, в рамках программы «Семь камней правосудия». Данная концепция являет собой систему на базе искусственного интеллекта способную предсказывать исход судебного процесса на основе 16 параметров: области права, времени, сведениях о конкретном судье и др. В расчёт принимаются и дополнительные факторы – например, состоялись ли устные прения сторон [4].

Исследования по эффективности данной концепции показали: и правильно предсказывает исход 70,2% дел из 28 тысяч, а решения отдельных судей система предсказала верно в 71,9% случаев из 240 тысяч. Для сравнения, эксперты-юристы верно предсказывают решение Верховного суда только в 66% случаев. Сам по себе концепт использует базу данных и статистическую модель, также обработку машинного обучения, которую система использует для поиска закономерностей между характеристиками дела и вердиктом суда.

Во всемирном сообществе бурно обсуждают данный концепт и Европейская комиссия по эффективности правосудия (CEPEJ) Совета Европы приняла первый европейский акт, в котором излагаются этические принципы, касающиеся использования искусственного интеллекта (ИИ) в судебных системах. Хартия закрепляет основные принципы, которые могут служить руководством для разработчиков, законодателей и специалистов по вопросам правосудия, когда они сталкиваются с быстрым развитием ИИ в национальных судебных процессах. В нее входят 5 основных принципов («прозрачности, беспристрастности и справедливости», «под контролем пользователя», «качества и безопасности», «недискриминации» «уважения основных прав»)

В результате должна произойти настоящая революция судебного делопроизводства – рассмотрение дел в суде станет максимально прозрачным.

### **Литература**

1. <http://www.kp.kz/>
2. Искусственный интеллект. Современный подход Стюарт Рассел, Питер Норвиг (2006)
3. Верховный алгоритм Педро Домингос (2015)
4. <https://www.popmech.ru/technologies/362972-iskusstvennyu-intellekt-nauchilsya-vynosit-prigovory/>

### **К. Талгатбекова, М. Шәменов**

Геологиялық барлау колледжі, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Т.Г.Уалихановна, экономика пәнінің мұғалімі

### **ӨЗГЕ, ӨЗГЕ ЖЕРДЕ ЖҮРГЕНІҢ ЕСКЕРСІН**

